

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК КАЗАХСКОГО  
ГОСУДАРСТВЕННОГО ЖЕНСКОГО  
ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА**

**BULLETIN OF THE KAZAKH STATE WOMEN'S  
TEACHER TRAINING UNIVERSITY**

**№6 (48) 2013**

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ХАБАРШЫ  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ  
ВЕСТНИК

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY  
BULLETIN  
SCIENTIFIC JOURNAL

№6 (48)

2006 жылдан бастап шығады, шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) Ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы №13965-Ж куәлігі бойынша тіркелген

**Бас редактор**

Нөкетаева Д.Ж. - п.ғ.к.

**Бас редактордың орынбасары**

Алиев Б.Ә. – ф.-м.ғ.д., профессор

Редакциялық алқа

Бакибаев А. - х.ғ.д., профессор (Ресей)

Абилев С. К. - б.ғ.д., профессор (Ресей)

Щепеткин И.А. - б.ғ.к., профессор (АҚШ Монтана университеті)

Бутин Б.М. - х.ғ.д., профессор

Сәтімбеков Р.С. - профессор

Құрманбаева М.С. - б.ғ.д., профессор м.а.

Дейв Чан – PhD Geotechnical Engineering, профессор (Канада, Альберта университеті).

Лазерев В.А. – п .ғ.д, профессор (Ресей, Центр современного образования и НМС по математике МО и Н РФ).

Обозов А.Дж. – техн.ғ.д., профессор (Қырғызстан, И.Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті).

Жамалов А. – техн.ғ.д., профессор

Құлбек М.Қ. – ф.-м. ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ).

Баймахан Р.Б. – техн.ғ.д., профессор

Есқалиев М.Е.– техн.ғ.д., профессор

Роже Бастриос – PhD., профессор, гуманитарлық ғылымдар докторы (Франция)

Фарух Чолах – PhD., профессор (Түркия)

Семенов П.А. – ф.ғ.д. (Ресей)

Сүлейменова Ж.Н.– п.ғ.д., профессор

Қансейітова Ұ.Р. – п.ғ.к.

Әбді Уақап Қара – профессор, PhD (Түркия)

Ахмет Ташағыл – профессор, PhD (Түркия)

Махмудов Б. Л. – PhD (Абай атындағы ҚазҰПУ)

Сүлейменова Ж.Д. – PhD (Астана қаласы)

Смағұлова С.Ә. – т.ғ.д., профессор (Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты)

Гогоберидзе А.Г. – п.ғ.д., профессор (Ресей)  
Джуринский А.Н. – п.ғ.д., профессор (Ресей)  
Артамонова Е.И. – п.ғ.д., профессор (Ресей)  
Аймағамбетова Қ.А. – п.ғ.д., профессор  
Бапаева М.К. – п.с.ғ.к., доцент  
Сұлтанова Р. – Азияттық музыка орталығының директоры (Кембридж университеті)  
Бағдат Естемесұлы – музыка институтының профессоры (Қытай Халық Республикасы Шыңжаң педагогикалық университеті)  
Құлманова Ш.Б. – п.ғ.д., профессор  
Халитова И.Р. – п.ғ.д., (Абай атындағы ҚазҰПУ).

**Редакциялық кеңес**

Кішібаев Қ.О. - х.ғ.к.

Мырзахметова Н.О. - х.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.

Мамырова К. Н. - п.ғ.к., доцент

Мухамединова Н. А. - п.ғ.к., доцент

Жексембиев Р.Қ. - б.ғ.к., доцент

Мырзалиев Ж. – ф.-м.ғ.д., профессор

Тұңғатарова Ә.Б.– ф.-м.ғ.д., профессор (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ).

Исаев С.Ә. – ф. - м.ғ.к, профессор

Мұқашов Қ.М. – ф.-м. ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ).

Заурбеков Н.С. – техн.ғ.д., профессор (Алматы технологиялық Университеті).

Файзуллаев А.А. – п.ғ.д., қауым.профессор

Ершина А.Қ. – ф.-м.ғ.д., профессор

Салғараева Г.И. – техн.ғ.к., профессор Сатбекова А.А. – п.ғ.д., профессор Ержанова С.Б. – ф.ғ.д., профессор м.а. Ермекова Т.Н. – ф.ғ.д., доцент Базылова Б.Қ. – ф.ғ.к., доцент

Рысбаева Г.Қ. – ф.ғ.к., доцент

Нұрланбекова Е.Қ. – п.ғ.к.

Аширбекова Ж.Б. – т.ғ.к., доцент

Қожакеева Л.Т. – т.ғ.д., профессор

Иманбекова Б.И. – саяси ғ.д., доцент

Заманбеков Ш.З. – э.ғ.к., доцент

Баданов А.И. – э.ғ.к., доцент

Қайпбаева А.Т. – т.ғ.к.

Жиенбаева С.Н.–п.ғ.д., профессор

Шаталина В.В.-п.с.ғ.к., доктор PhD, (Ресей)

Шерьязданова Х.Т. – п.ғ.д., профессор

Мұратбаева Г.А. – п.ғ.д., доцент

Абаева Г.А. – п.ғ.к., доцент

Бейсенова Ж.Ж.– п.с.ғ.к., аға оқытушы

Өмірбаева Г.Ш. – п.ғ.к., доцент

Қоңыратбай Т.Ә. – ф.ғ.д., профессор

Бисембаева Б.Ә. – п.ғ.к., доцент (Астана қаласы)

Какимова Л.Ш. – п.ғ.к., доцент

**Жауапты редактор**-Сәндібаева Н.Ә. - п.ғ.к.

**Редакторлар** Ж.Қ. Қуанышева, С.Авдарсолқызы, Қ.Ж.Тұрсынбаева, Р.Т.Айтбаева, А.Текесбаева, М.А.Оразалиева.

**Корректор** Маханбетова С.Е.

## ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ – NATURAL SCIENCES

<i>Қожантаева Ж.Ж., Маселбаева К.Д.</i> Өсімдіктер шырыны – сергектік көзі	5
<i>Оразбаев К.И., Дигарбаева А.М., Қ.Қалыбаева М.</i> Продуктивность суданки как подсевной и подпокровной культуры в предгорных орошаемых условиях Зайлийского Алатау	9
<i>Жайлыбай К.Н., Сынабекқызы Г., Қоңырова Ж., Ережетова У.</i> Емен, арша, акация өсірудің арзан әдістемесінің қазақстан экологиясын жақсарту проблемаларын шешудегі тәрбиелік мәні	13
<i>Шыныбекова Г.С., Абильмажинова Д.З., Абдукадинова Ж.А.</i> Халықаралық және қазақстандық үкіметтік емес табиғатты қорғау ұйымдарының рөлі	18
<b>ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА –PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTER SCIENCE</b>	
<i>Сыдыков А.А., Утембаева Г.Б.</i> Бір дербес шешімі белгілі екінші ретті сызықты біртекті дифференциалдық тендеулердің екінші дербес шешімін анықтаудың бір тәсілі	23
<i>Ханжарова Б.С., Таганова Ж.К.</i> Об использовании информационных технологий на уроках математики	26
<i>Ашимова Ж.Б.</i> Білім берудің басты факторы - ақпараттық және коммуникациялық технологиялар	30
<i>Қожамқұлова Ж.Ж.</i> Visual basic ортасында мәліметтер қорын жобалау принциптері	34
<b>ФИЛОЛОГИЯ– PHILOLOGY</b>	
<i>Ақынова Ж.М.</i> Шет тілі сабағында интерактивті әдістердің қолданылуы	39
<i>Пиева Кн.</i> Improving english language teaching through the project work	43
<i>Умирбекова А.А.</i> Жоғары оқу орындарында шетел тілін оқытудағы ақпараттық технологиялардың тиімділігі	47
<i>Сарбасов Б.С.</i> Ақан Қорамсаұлы өлеңдерінің көркемдік кестелері	50
<b>ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ– ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО HISTORY, ECONOMY AND LAW</b>	
<i>Қусайнова Р.Т.</i> Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық – педагогикалық мұрасы	57
<i>Абдиханова А. Е.</i> Ислам өркениеті – Орта Азия және Қазақстан контексінде	61
<i>Ахметжанов Д.Ғ.</i> ХХІ ғ. басында Қазақстандағы этноконфессиялық үрдістердің көріністері	65
<i>Есмұрзанова Г.</i> Қазақстан мен Шанхай ынтымақтастық ұйымының қарым-қатынасы	70
<i>Шымырқұлова А.А.</i> Тәуелсіз Қазақстан және алаш идеяларының сабақтастығы	74
<i>Құлмағанбетова А.Б., Оспанбек Т.К.</i> Жоғары оқу орнында кредиттік оқу жүйесін модульдік технологиямен оқыту мәселелері	79
<i>Мамирова К.Н., Каримбай А.</i> Алматы облысының шағын және орта кәсіпорындарын әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан бағалау	82
<i>Урисбаев Е.</i> Сақтандыру нарығының мәні және әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету	86
<i>Оспанов С.И.</i> Гумбольдтық және болондық оқыту тәсімдерінің танымдық және тарихи-идеологиялық негіздері	90
<i>Сыздықова С.М.</i> Қазақстандағы орта тапты қалыптастырудағы әлеуметтік саясаттың өзекті мәселелері	97
<b>ПЕДАГОГИКА – ПСИХОЛОГИЯ, PEDAGOGY – PSYCHOLOGY</b>	
<i>Қылышпай Б.С.</i> Шағын жинақталған мектептерде білім беру сапасын жетілдірудің педагогикалық шарттары	102
<i>Маханбетова С.Е., Бизараева Г.</i> Қазіргі білім беру жүйесіндегі физикалық эксперименттерді жүргізу әдістемесі	105
<i>Медеубаева К.Т.</i> Шағын жинақталған мектептердегі сыныпаралық байланыс	108
<i>Сабырова З.Қ., Сәндібаева Н.Ә.</i> Тәрбие үдерісінде болашақ пән мұғалімдерінің жаңа технологияларды жүзеге асыру құзыреттілігі	113
<i>Бексултанова Г.О.</i> Колледж оқушыларының шығармашылық қабілетін жетілдіру мәселелері	116
<i>Семенкова Л.Б., Оразбекова Н.Т.</i> Способы повышения профессионального мастерства учителя физической культуры	121
<i>Уакасова М.Б.</i> Қазіргі білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістердің бала психологиясына әсері	127
<i>Чистов В.В., Абсаламова Р.</i> Компьютерно-игровая деятельность подростков	133
<i>Шерьязданова Х.Т.</i> Развитие идей л.с.выготского в модернизации дошкольного образования в Республике Казахстан	138
<b>ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ – ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА-ART AND CULTURE</b>	
<i>Рысбаева А.К.</i> Роль музыки в духовно-нравственном воспитании детей	143

## ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ – NATURAL SCIENCES

ӘОЖ ББК 28.08 И 18

### ӨСІМДІКТЕР ШЫРЫНЫ – СЕРГЕКТІК КӨЗІ

**Ж.Ж.Қожантаева, б.ғ.д., профессор,**  
**К.Д.Маселбаева, ізденуші**  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)

**Аңдатпа:** Мақалада жемістердің құрамындағы минералдық заттар, дәрумендер, ферменттерге сипаттама берілген. Олардың адам организміне жағымды әсері, зиянды жақтары да баяндалған. Әр түрлі елдердегі және Қазақстанда шығарылатын сусындар, олардың құрамы туралы нақтылы мәліметтер көрсетілген. Шырындарды жемістер мен көкөністерден қосып дайындалған жағдайдағы маңызы нақтыланған. Аңыздарға сүйенсек шикі шырындарды алып батырлар ішкен. Орыс әлқисаларында үлкен очиток (қоянсүйек орамжапырақ) шырыны Илья Муромец батырға күш беріп, оны көпжылдық сал ауруынан емдеген. Шырындар өндірісі туралы заманауи мамандардың пікірі мынадай: «Шырындарды жай ғана деликатестік өнім ретінде, өз кезегінде қолдануға немесе қолданбаса да болатын, десерттік тағам ретінде қолданылатын уақыттар өтті.

**Түйін сөздер:** Мақалада жемістердің және көкөністердің шырынының құрамы, маңызы, шырынды бөліп алу әдістері көрсетілген.


Өлемнің ғылыми мекемелерінде көп жылдар бойы жүргізілген, кең және терең зерттеулер ғалымдарға жемістер және көкөністермен тамақтанудың мағызды және жоғары бағалы саналатынын, ал олардан алынатын шырындар құрамында балғын жемістер мен көкөністердің дерлік барлық компоненттері сақталатынын сенімді түрде жариялауға мүмкіндік берді». Әсіресе бұл жұмсақ жемісті шырындарға қатысты, кейде оларды «сұйық жемістер» деп те атайды [1].

Көптеген зерттеушілер өсімдік шырынының жұмысқа қабілеттілікке жағымды әсер ететінін атап көрсетеді. Осы уақытқа дейін бұл әсердің механизмі аяғына дейін анықталмаған. Жалпыланған әртүрлі мәліметтер сызба түрінде көрсетілген. Шырындарға арнайы емес және арнайы әсерлер тән деп жорамалдауға болады. Біріншілері «тірі судың» барлық түріне қатысты және шырын көзі болатын өсімдіктің ерекшеліктеріне тәуелділігі аз. Арнайы әсері шырынға ететін өсімдіктердегі белгілі бір физиологиялық активті затқа (ФАЗ) тәуелді. Әсерлер энергетикалық және биостимулдеуші болуы мүмкін [1, 3].

Арнайы емес энергетикалық әсерлер әмбебап стимуляциялық энергия алмасумен байланысты. Арнайы емес биостимулдеуші әсер түрі бойынша ол да әмбебап. Сондықтан олар шырынның сергектік эффектілігі бойынша түсіндіріледі. Органикалық қышқылдар мен басқа да заттардың болуы, ауыз қуысында оның құрғақтығын кетіруші, сөлбөлуші рефлексті тудырады. Шырындардың бұл қасиетін тұрғындар жылдың ыстық мерзімінде, сонымен қатар ыстық цехтардағы жұмысшылар қолданады. Сонымен қатар барлық өсімдік шырындары ауыр физиологиялық жұмыстардан бұзылатын қанның қышқылды-сілтілік тепе-теңдігін, сілтілік тұнбаларды тудыра отырып реттейді. «Тірі су» ферменттер мен зат алмасу белсенділігін, шаршау токсиндерін залалсыздандырып, олардың ағзадан шығуын арттырады. («қаназартқыш» әсер).

Өзіне тән және жалпы күшейткіш әсерлері бар шырындар, асты қорыту мен сіңіруге деген әрекетімен байланысты. Осылайша Әзербайжанда «Наршараб» деген атпен шығатын анар шырыны әсер етеді. Сонымен қатар Академик В.П.Филатовтың әдісі бойынша өсімдіктерден алынған биогенді стимуляторлар арнайы емес әсер етеді. Мысалы, алоэ шырыны, үлкен очиток шырыны және т.б. шырындар құрамындағы бұл

заттар толығымен анықталмаған және оның әртүрлі өсімдіктердегі құрамы әр түрлі. Сондықтан ғалымдар олардың әсерін арнайы емес және арнайы әсерлер шекарасының арасына орналастырды.



*Жұмысқа қабілеттіліктің жоғарылауы.* Арнайы энергетикалық әсер шырындарда энергетикалық заттардың, әсіресе көмірсулардың болуымен байланысты. Көбінесе олар жемістер мен жидектердің шырындары. Глюкоза мен фруктозаның минералды тұздармен қолайлы сай келуі қанттардың сіңу мүмкіндігін жоғарылатады. Арнайы биостимулдеуші әсер белгілі бір ФАЗ-дың болуына негізделген. Адаптогенді өсімдіктердің шырындарының әсері осындай, мысалы, қытай лимонының жемісі, шырыны. Табиғи антиоксиданттарға байлары: облепиха мен сәбіздің шырындары, янтар типті органикалық қышқылдар, зат алмасуды стимулдеушілер: жүзім мен қарлығаның шырындары. Жалаңаш мияда фитогармондар бар, ал сәбіз, алма және қызылша шырындарында пектиндер бар. Соңғылары ішекте шіру мен ашу, іру өнімдерін байланыстырып, жұмысқа қабілеттілікті арттырады. Көптеген зерттеушілердің ойы бойынша шырындар ағзадан улы зиянды заттарды шығаруға арналған «қорғаныс» сусындары бола алады.

Кенес одағы кезінде шырын негізіндегі «Новинка», «Яблочно-пектиновый», «Айвово-вишневый» сусындарын шығарған. «Яблочно-пектиновый» сусынының 350 мл көлемі пектиннің (9,1г) күндік профилактикалық нормасын құрайды. Көптеген шырындардағы фитонцидтер де осыған ұқсас әсер етеді. Олар ішектердегі микробты флораны азайтады, әсіресе дисбактериоз кезінде. Жалған биостимуляторларға дәрумендер, макро және микроэлементтер жатады. Олар ағзада дефицит болған жағдайда ғана шырындар жұмысқа қабілеттілікті арттырады. Кез келген бұлшық ет қызметі кезінде тек калория ғана жұмсалмайды, сонымен қатар дәрумендер, минералдар мен макроэлементтер де жұмсалады. Сондықтан дәрумендер тыныш уақытқа қарағанда бірнеше есе тез бұзылады [1].

Азықтық заттарды сіңіру үшін ағзада өткізуші, ерекше тасымалдаушы ферменттер бар, мысалы, минералдар мен дәрумендерді асқазаннан қанға тасымалдайтын. Бұл үдеріс қосымша энергия жұмсауды қажет етпейді. Өсімдіктердің табиғи фармацевтикалық фабрикасында бұл заттар ферменттер мен ақуыздардың кешенді қосылыстарында болады. Қазақстанның тамақтану институтының соңғы мәліметтері бойынша ақуыздардың айтарлықтай мөлшері асқазан қабырғасында жарықшақтанбай сіңіріледі. Оның мысалы шикі шырындар арқылы ағзаға табиғи дәрумендер, макро және микроэлементтер келіп түседі. Шикі шырындар ол өсімдіктердің «тірі суы». Ол энергетикалық шығынды қажет етпейді, катализаторлық және биохимиялық, физиологиялық процестерді жылдамдата отырып, зат айналымға бірден түседі. Құрушы және ағзаны қалпына келтірушілер болып

табылады. Қажетті заттардың көзі ретінде шырындарды жарыстағы шаршаудан кейінгі спорттық қабілеттілікті қайта қалпына келтіруге қолданған. Бұл кезеңде ағзаның дәрумендер, макро және микро элементтерге қанығуы үлкен рөл ойнайтыны анық. Көптеген әлемнің дамыған елдерінде қалыпқа келтіруші сусындар шырынды негізде жасалған. Дами бастаған елдерде «Атлант», «Летний», «Солнечный» (алма шырынымен), «Букет Грузии» және «Салют» (шие шырынымен), «Дружба» (клюква шырынымен), «Андреиш» (жүзім шырынымен), «Лейла» (қой бүлдірген шырынымен), «Регата» (айва шырынымен), «Свайя» немесе «Мечта» (сәбіз шырынымен), Қазақстанда алма, сәбіз, қара өрік және т.б. шырындары өндіріледі [2].

Шырындардың эрогенді әсер ету механизмінің классификасының сипаты бірнеше түрлі. Ол кез келген шаршаған адамның жұмысқа қабілеттілігін қалпына тиімді келтіру үшін организмге қажеттісін тез таңдауға көмектеседі. Мысалы, жазғы ыстыққа жасанды боялған және ароматталған газдалған суға қарағанда балғын жеміс жидектер немесе көкөніс шырындарын ішкен пайдалы.

*Алма шырыны.* Бауыр, бүйрек, зәр шығару жолдарындағы сырқаттар және атеросклерозда көмегі зор. Сондай-ақ, асқазан жұмысын жақсартады, зат айналымы қалдықтарының сыртқа шығуына көмектеседі.

*Сәбіз шырыны.* Шырынның бұл түрінде А, В, С, D, Е, К дәрумендері болады. Бұл шырын ас қорытуды жақсартады, асқазан жараларын емдейді. Сондай-ақ, иммунитетті арттырып, тәбетті ашады. Тістердің қатаюына көмектесіп, көздің көруін жақсартады. Бірақ, мұны тым көп қолдануға да болмайды. Өйткені, оның құрамында А дәрумені көп болғандықтан, гипervитаминозға шалдықтыруы мүмкін.

*Көк шәй.* Бір шыны көк шәй ішсеңіз, 80 калория жоғалтады екенсіз. Майлы тағамдарды жегеннен кейін көк шәй ішсеңіз, ағзадағы артық майды жоғалтасыз [2, 3].

Көкөністе және жеміс шырындары сусындарын келесі негізгі топтарға бөледі: табиғи (бір түрлі өсімдіктен және қоспасыз), аралас көкөніс жемісті (көкөніс басымдырақ), жемісті-көкөністі (жеміс басымырақ). Тәттілік пен органикалық қышқылдарды қоса отырып консервіленген көкөністі шырындарды өндіру өндірісі тоқтаған. Шет елдерде көкөніс шырындарын 5-15 компонентті биологиялық құндылығы жоғарыларын (пияз, сарымсақ, және т.б.) ерекше көкөністі коктейлдерге араластырады. Соңғы жылдары дәрілік шөптерден жасалған консервіленген шырындарды шығаруға рұқсат етілді (жол желкен, тас шөп, жебір, итмұрын және т.б.).

Ең көп тарағаны көкөністі және жеміс шырындары. Олардың айырмашылығы көкөністі шырындарда органикалық қышқылдар аз, сондықтан оларда тұщы дәм бар, бірақ олар минералды заттарға бай (калий, натрий, кальций, темір және т.б.). Ережеге сай жемісті шырындардың калориялылығы жоғары өйткені оларда қанттың мөлшері айтарлықтай көп. Бұл шырындарды көкөніс шырындарымен араластырады. Олардың арасындағы жеңімпазы қара қарақаттың шырыны мен жүзім шырыны болып табылады. Олар шабдалы, мандарин немесе алма шырынына қарағанда екі есе, малина мен қой бүлдірген шырынына қарағанда үш есе артық калория береді. Халықтың арасында көбірек таралып қолданылатыны балғын шикі өсімдік шырындары. Бәріне белгілі сәбіз бен қызылша, салат пен шпинат шырын түрінде шаршайтын жұмыстардан соң күш көзі болып, тез табылатындар [2].

Шырындардың бағалылығы оның тез сіңірілуінде: оны қабылдағаннан кейінгі жарты сағатта ол үдеріс аяқталады. Көкөністі тағамдардың толық қорытылу мен сіңірілуі үшін бірнеше сағат қажет. Шырындарды қолдана отырып біз ағзаның асқорытуын тездетеміз. Шырындарды жекелеген тағам ретінде ішуге болады немесе кез келген тағамға дейін 30-40 мин бұрын ішуге болады.

Шырындардың құрамындағы гербицидтер ағзаға келіп түспейтіні туралы мәліметтер бар. Олар негізінен клеткада қабығымен байланыста болып қалады. Бұл шырындардың тағы бір басты артықшылығы. Шырындарды қалай ішу керек? Бұл жағдайда әр түрлі авторлардың ұсыныстары өзгеше. Шырындарды басқа тағамдармен, сонымен қатар

минералды сумен бірге диеталық тамақ ретінде ішуге берілген кеңестерді тиімді деп санауға болмайды. Егер сізде асқорыту ағзаларында созылмалы ауру болса, онда тамақтану кезінде және одан кейін шырындарды ішу (әсіресе көмірсуларға бай) қауіпті. Бұл асқазандағы ашыту процесін күшейтеді және патологиялық процестің асқынуын тудырады. Асқазандағы қышқылдылық төмен немесе орташа болса өсімдіктер шырынын тамаққа дейін 30-40 мин бұрын ішу керек. Асқазанда тұз қышылының түзілуі артық болса шырындарды тамақтан кейін жарты сағаттан соң қабылдайды.

Кейбір зерттеушілердің пікірі бойынша, қысқа уақыт аралығында шырындардың өте көп мөлшерін қолданудың жалпы жағымсыз әсері жоқ. Практикалық тәжірибе негізінде бұл жерде белгілі бір норманың қажет екенін айта кеткен жөн. Әдетте шырындарды қолданудың екі режимі пайдаланылады: шырынмен қанығу (күніне 1,5- 2 л шырын) және күнделікті профилактикалық қолдану. Шырындар салмақты тез түсіреді және ағзаны тазартады. Үш күннен көп тек шырындарды қабылдау дәрігердің қадағалауында болуы қажет. Шырынды профилактика ретінде жүйелі түрде, ретпен аптасына 1-2 рет ішуге болады. Әдетте, шырындардың әсерінің нәтижесі көрінуі үшін 2-5 тәулік қажет [1,2].

Шырындарды үй жағдайында қалай дайындау керек? Оларды тек балғын, бұзылмаған көкөністер, жемістер мен жидектерден жасау керек және бірден ішу қажет. Соңғы жылдары Н.В.Уокердің шырындарды престау арқылы шырынсыққышта дайындау әдісі классикалық ұсыныс болып табылады. Кеңес одағы ғалымдары центрифуга мен шырынсыққышта дайындалған шырындардың қасиетін анықтады (мысалы, СВА-1типі). Центрифугалық шырын сығылғанға қарағанда 3-4 есе тез дайындалады, сондықтан физиологиялық активті заттар аз қышқылданады. Центрифугалық алма шырынында сығылғанға қарағанда флавоноидтердің мөлшері 3 есе, лейкоантоционидтер (баяғыш заттар) 10 есе көп. Сонымен қатар центрифугалық шырын 10% жұмсағы бар нектар болып табылады. Оған ФАЗ-дың көп мөлшері түседі, сондықтан да ол ағзаға биологиялық тұрғыдан бағалы. Шырынды дайындағаннан соң бірден қабылдау қажет. Оны тоназытқышта аз уақыт сақтаудың өзінде дәмі өзгермесе де, ашуы мен бұзылуын тудырады. Консервіленген шырындар балғынға қарағанда аз белсенді әсер етеді. [3,4]

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қожантаева Ж.Ж. Экология және сыртқы ортаның тұрақты дамуы. – Алматы, 2011.
2. Флора Казахстана. Алматы, 1956-1966. I – IX т.
3. Көкенов М.К., Әдекенов С.Н., Рақымов Қ.Д., Исанбаев Ә.И., Сауранбаев Б.Н. Қазақстанның дәрілік өсімдіктері және оның қолданылуы. – Алматы: Ғылым, 1998.
4. Польза соков - / bezdietu.ru/soki.php.

### Резюме

**Ж.Ж.Кожантаева, д.б.н., профессор, К.Д.Маселбаева, соискатель**  
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

### Сок растения - источник бодрости

В статье приведены данные о составе сока выделенных из плодов и из вегетативных органов овощных культур и его значение для здоровья человека. Регулярное употребление соков благоприятно действует на активизацию обмена веществ; в организм поступают полезные витамины и минералы в натуральном виде; улучшается работа ЖКТ благодаря содержанию клетчатки в мякоти соков; повышается иммунитет и даже снижается холестерин крови; происходит выведение лишней жидкости из организма. :

### Summary

**Zh.Zh.Kozhantaeva, Doctor of Biological sciences, Professor, K.D.Maselbaeva,**  
*aspirant*

(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

### **The juice of the plant source of vitality**

The article deals with composition of garden-stuffs juice and the vegetative organs of vegetable cultures and its value for the man's health. Regular consumption of juice has a favorable effect on the activation of the metabolism; the body receives useful vitamins and minerals in natural form; It improves the function of the digestive tract due to the content of fiber in the pulp juices; increases immunity and even reduces blood cholesterol; It is happening removing excess fluid from the body.

**УДК 631.01.**

### **ПРОДУКТИВНОСТЬ СУДАНКИ КАК ПОДСЕВНОЙ И ПОДПОКРОВОЙ КУЛЬТУРЫ В ПРЕДГОРНЫХ ОРОШАЕМЫХ УСЛОВИЯХ ЗАЙИЛИЙСКОГО АЛАТАУ**

**К.И.Оразбаев**, *и.о.доцента*  
**А.М.Дигарбаева**, *магистрант*  
**М.К.Калыбаева**, *магистрант*  
(г. Алматы, Казахский государственный  
женский педагогический университет)

**Аннотация:** в статье рассматриваются данные экспериментальных исследований по вопросу обеспечения животных фермерского и частного хозяйства зеленым, сочным и высококачественным кормом в ранневесенний период, когда зимний запас кормов на исходе, а других свежих источников практически нет. В связи с этим в экспериментальные исследования были включены наиболее продуктивные и качественные однолетние кормовые культуры, таких как суданка, рапс, а из многолетних трав люцерна. Цель исследования - повысить продуктивность орошаемого гектара, путем уплотненного посева суданки способом подсева и подпокрова в другие однолетние и многолетние культуры. Полученные результаты свидетельствуют о высокой продуктивности суданки при подсеве к рапсу и люцерне, где получены высокая урожайность кормовой массы наилучшего качества.

**Ключевые слова.** Суданка, рапс, люцерна подсев, подпокров, урожай, зеленая масса, крестоцветные, яровые зерновые, корм, вегетация, кормопроизводство, укос, культура, период, всходы, биомасса, лето, осень, выращивание, свет, вода, укосная спелость, продолжительность безморозного периода, продуктивность, гумус, гидролизуемый азот, фосфор, калий, крестоцветная блошка, рапсовый пилильщик, посеvy, опудривание, дустом ГХЦГ, способ посева, сроки посева, реакция почвенного раствора, среднегодовое количество осадков, светло-каштановая почва, осенние заморозки и т.д.

Подсевные или подпокровные посеvy суданки под однолетние культуры являются дополнительным источником кормов в интенсивном кормопроизводстве. Обычно, подсевают ее под озимые и яровые зерновые культуры, кукурузу, крестоцветные. Урожай суданка формирует после уборки этих культур и дает корм в зависимости от длины второго периода вегетации, обеспечивая 2-3 укоса кормовой массы вегетации покровной культуры, летом и осенью. Всходы, в начальный период роста и развития при подпокровном посеве суданки происходит под покровом основных культур, а после их уборки суданка начинает быстро накапливать биомассу, формируя урожай. Суданка отвечает требованиям, предъявляемым к подсевным культурам. В первый период жизни она медленно растет, устойчива к подпокровному выращиванию (недостатку света и воды), быстро восстанавливает поврежденные органы при уборке основной культуры,

имеет быстрый темп роста во второй период вегетации, обеспечивая 2-3 укоса кормовой массы. Поэтому в орошаемых условиях суданка считается наилучшей подсевной культурой. По данным Ставропольского СХИ, при орошении получают по 2 укоса суданки с суммарным урожаем зеленой массы до 300 ц/га. Положительные результаты выращивания суданки как подсевной культуры получены в Нижнем Поволжье, на Северном Кавказе, в республиках Средней Азии и в Казахстане [3,4].

На юго-востоке Казахстана при возделывании суданки как покровной и совместной культуры для многолетних трав укосная спелость их наступает в середине лета, что всегда устраивает животноводство, так как зеленые корма нужны с ранней весны до поздней осени. Этот недостаток можно восполнить, если суданку возделывать не как покровную культуру, а как подпокровную. Для этой цели надо подобрать покровную культуру с коротким вегетационным периодом, ранним ростом и развитием растений, высокой продуктивностью и меньшим пагубным влиянием на всходы растений. Так возможно в ранний период получить корм за счет покровной культуры, а в середине лета и осенью за счет подпокровной, т.е. за счет многоукосного использования суданки [1,2].

В целях увеличения продуктивности кормов с единицы площади на поливных землях и получения зеленого корма в более ранний период отделом кормопроизводства КазНИИ земледелия и растениеводства в период 2007-2010 годы проведены экспериментальные исследования, в которых суданка выращивалась в качестве покровной и подпокровной культуры.

Эксперименты проведены на поливных участках юго-востока Казахстана, Алматинской области, Карасайского района, п. Алмалыбак.

Проводимые опыты закладывались на орошаемых светло-каштановых почвах предгорной зоны Заилийского Алатау со среднесуглинистым механическим составом с содержанием гумуса в пахотном горизонте 2,3%. Обеспеченность почвы подвижным калием 350-400, подвижным фосфором – 20-25 и гидролизуемым азотом -50-60 мг на 1 кг почвы. Реакция почвенного раствора слабощелочная  $pH = 7,3-7,5$ . Грунтовые воды в данном участке залегают на уровне 7-9 м. По данным метеорологической станции селекционного отделения КазНИИ земледелия и растениеводства расположенной в зоне светло-каштановых почв на высоте 730 м над уровнем моря, сумма эффективных температур выше  $+10^{\circ}C$  составляет 3100-3300 $^{\circ}C$ . Устойчивый переход температуры выше  $+5^{\circ}C$  приходится на конец марта – начало апреля.

Дата наступления первых осенних заморозков находится в пределах первого сентября – десятого октября. Продолжительность безморозного периода в зависимости от условий года составляет 169-184 суток. Среднегодовое количество осадков по многолетним данным – 432 мм, из них 209,8 мм выпадает за вегетационный период. Снежный покров ложится в конце октября, а сходит во второй половине марта. В программу наших исследований входило изучение особенностей роста и развития суданки как подпокровной культуры при возделывании в смеси с рапсом. Основная обработка почвы под посев рапса и суданки состояла из отвальной вспашки на глубину 20-22 см. После вспашки проведен полив, затем после подсыхания почвы – дискование с последующим выравниванием поверхности почвы длиннобазисным планировщиком.

В ранневесенний период на зяби проведено закрытие влаги бороной БИГ-3, затем внесение минеральных удобрений из расчета  $N_{30}P_{60}K_{30}$  д.в. с последующей предпосевной культивацией РВК – 3,6.

В первой половине апреля посеяли кормовые культуры. В начале посеяли рапс, затем в поперечном направлении рядков рапса – суданку. Способ посева обычный рядовой. Глубина посева рапса 2-3 см, суданки 4-5 см. Норма высева рапса 3 млн. всхожих семян на га, суданки 2 млн. семян. В период посева влажность почвы была достаточной, после посева почвенной корки не было, что благоприятно сказалось на появлении дружных всходов. За вегетации рапса и суданки проведено 3 полива, с поливной нормой

250-300 м<sup>3</sup>/га. Против крестоцветной блошки и рапсового пилильщика посе́вы опудривали дустом ГХЦГ из расчета 12 кг/га.

При посеве ярового рапса в начале первой декады апреля всходы его появились 12 апреля, образование первого листа 18 апреля, второго 22 апреля, третьего 25 – апреля, стебля 22 мая. Бутонизация отмечена 27 мая, цветение 3 июня. При посеве суданки в этот срок всходы ее появились 14 апреля. А в фазу кущения она вступила 22 мая. Рапс в начале вегетации медленно развивается до фазы образования 7-8 листьев, затем начинает быстро расти и к концу мая достигает укосной спелости. Следовательно, сильное затенение от рапса суданка испытывает тогда, когда рапс вступает в фазу образования стебля и до его укосной спелости, т.е. в течение трех недель. В этот период преимущество межвидовой борьбы между рапсом и суданкой остается на стороне рапса и настолько сильно, что суданка, находясь под покровом рапса прекращает свой рост и развитие, сильно истощается. Поэтому период образования стебля рапса до его уборки должен быть по мере возможности короче. Это возможно если рапс убирается на зеленый корм. Если же он убирается на зерно, то период пребывания суданки под покровом рапса находится в пределах 70 суток, чего суданка не выдерживает и зачастую, даже в условиях полива сильно изреживается или гибнет. Следовательно, если суданку высевать под покров рапса, то его надо убирать на зеленый корм. В этом случае, суданка выйдя из под покрова рапса, начинает быстрый рост и развитие и за оставшийся период теплого времени (120 суток) может дать 2-3 укоса. В нашем примере из-за отсутствия в сентябре поливной воды получено лишь 2 укоса суданки. Однако и в этом случае урожайность зеленой массы рапса с суданкой выше чем при одновидовом посеве этих культур (Таблица 1).

Таблица 1 - *Количество всходов, высота растений и урожайность зеленой массы однолетних культур (среднее за 2007-2010 гг.)*

№№ п\п	Варианты	Всходов шт/м <sup>2</sup>	Высота растений, см	Зеленой массы, ц/га
1.	Рапс	281	128	276,3
2.	Суданка	119	61	327,9
3.	Рапс + Суданка	242	138	412,9

Из таблицы 1 видно, что количество всходов как в одновидовых посевах, так и в смеси сравнительно высокое, это свидетельствует что рапс как покровная культура не оказал пагубного влияния на всходы суданки. Наибольший выход кормов с единицы площади получен на посевах рапса в смеси с суданкой, посеянной под покров рапса и наименьший на посевах чистого рапса. В третьем варианте рапс является не только покровной культурой, но и промежуточной, где рано используется рапс на корм скоту, а после его уборки поле занимается подсевной культурой в течении всего теплого периода. Рапс посеянный в чистом виде, без последующего использования поливных земель не выгоден, т.к. его один урожай намного уступает двум, которые возможно получить при повторных посевах или при посеве многоукосных культур под покров рапса. Установив возможность выращивания суданки под покровом ярового рапса, позднее мы решили, еще более интенсифицировать выращивание кормовых культур на единице площади, добавив к суданке люцерну, т.е. выращивать суданку под покровом рапса не в одновидовом посеве, а в смеси ее с люцерной.

Технология возделывания люцерно – суданковой смеси аналогично технологии возделывания суданки в одновидовом посеве. Сорты, выращиваемые в опыте: яровой рапс Кубанский, люцерна синяя Семиреченская, суданка Одесская 25. Норма высева суданки 2 млн. всхожих семян на га, люцерны – 8, рапса – 3. Глубина посева люцерны и рапса составили 2 – 3 см, суданки 4 – 5 см.

Погодные условия в период сева и всей вегетации кормовых культур были благоприятные. Поэтому густота травостоя и урожай зеленой массы были сравнительно высокими. Как в совместных посевах, так и одновидовых всходы люцерны и рапса появились через 11 суток, суданки через 19 суток. На начальные фазы вегетации люцерны и суданки растения рапса существенно не оказали отрицательного влияния. Дело в том, что начальные фазы вегетации у люцерны, суданки и рапса имеют одинаково замедленный темп роста и развития, поэтому посеянные в смеси они не оказывают сильного угнетающего действия друг на друга. В это время трудно судить о силе межвидовой борьбы рапса с люцерной и суданкой. Здесь в начальных фазах вегетации каждый вид растений растет самостоятельно, не угнетая друг друга.

Рапс сильно затеняет растения люцерны и суданки начиная с фазы начала образования стебля и до его уборки на зеленую массу или зерно. В этот период преимущество межвидовой борьбы между рапсом, люцерной и суданкой остается за рапсом и настолько сильно, что люцерна и суданка находясь под покровом рапса, прекращают свой рост, развитие и сильно истощаются. Поэтому как было отмечено выше период от фазы образования стебля рапса до его уборки должен быть по мере возможности короче. Это возможно если рапс убирается на зеленый корм, тогда период от образования стебля до уборки рапса длится 20 – 25 суток, что в условиях достаточного увлажнения для люцерны и суданки не является губительным.

Таким образом, результаты экспериментальных исследований показали, что возделывания суданки, рапса и люцерны в качестве зеленых кормовых культур в условиях предгорной орошаемой светло-каштановой почве способны обеспечивать высокую урожайность зеленой массы наилучшего качества при совместном посеве, механизм которых изложен выше. Кроме того, при уборке рапса на зеленый корм в качестве промежуточной культуры он обеспечивает животных зеленым кормом в критический период т.е. когда естественные травы на полях еще не отрасли, а многолетние сеяные травы не формировали должного количества травостоя.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Алдамжарова М. Агротехника суданской травы на бурых почвах низовой реки Урала. // Автореферат диссертации на соискание ученой степени к.с.-х.н. – Алмалыбак, 1982.
2. Асанов К.А. Кормовая база южного Казахстана. – Алматы: «Кайнар», 1981.
3. Бабичев Г.З. Вопросы агротехники суданской травы в условиях необеспеченной богары пустынно-степной зоны Алматинской области. // Автореферат на соискание ученой степени к.с.-х.н. – Алматы, 1960.
4. Евлахов И.Н. Агротехника суданской травы в подзоне засушливой степи Северного Казахстана. // Автореферат на диссертации. На соискание ученой степени к. с.-х.н. – Алмалыбак, 1981.

#### Түйіндеме

**К.И.Оразбаев, и.о.доцента., А.М.Дигарбаева, магистрант, М.К.Калыбаева, магистрант**

*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

#### **Продуктивность суданки в условиях Зайлийского Алатау**

Мақалада судан және рапс біржылдық малазықтық дақылдары бүркемелі, қосымша себілінді және аралық дақылдар ретінде қарастырылып, олардың өнімділігі мен сапасын арттыратын және суармалы жерді тиімді пайдаланудың тәсілдері шешілген.

**Кілт сөздер:** суданка, рапс, жоңышқа, астық, жасыл желек.

#### **Summary**

**K.I.Orazbaev, performing the duties of assistant professor.,**

**A.M.Digarbaeva, undergraduate, M.K.Kalybaeva, undergraduate**  
(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

### **Sudanese productivity in conditions Trans-Ili Alatau**

This article deals with the methods of effective usage of irrigaton area and improvement of the one year feeding cultures productivity in the way of deepening crops such as watering culture as a rape. Cultivation of Sudan grass, canola and alfalfa as green forage crops in the conditions of a foothill irrigated light-brown soils are capable of providing a high yield of green mass of the best quality at the joint planting, the mechanism of which is set out above.

**Keywords:** Sudan grass, canola, alfalfa reseeding, podpokrov, yield, green mass

## **ӘОЖ 581.5**

### **ЕМЕН, АРША, АКАЦИЯ ӨСІРУДІҢ АРЗАН ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ҚАЗАҚСТАН ЭКОЛОГИЯСЫН ЖАҚСARTУ ПРОБЛЕМАЛАРЫН ШЕШУДЕГІ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ**

**К.Н.Жайлыбай, б.ғ.д., профессор**  
**Г.Сыпабекқызы, Ж.Қоңырова,**  
**У.Ережетова, экология мамандығының**  
**4-курс студенттері**  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)

**Аңдатпа:** мақалада Қазақстандағы бүгінгі және болашақ экологиялық проблемалар қарастырылған. Экологиялық жағдайларды жақсарту үшін күшті фотосинтездеуші ағашты өсімдіктерді (емен, арша, акация т.б.) көптеп өсіру керек. Аталған ағаштарды өсірудің ең арзан әдістемесі тұжырымдалған. Қазіргі ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша, атмосферадағы оттегі түгелімен өсімдіктер фотосинтезі нәтижесінде жинақталған. Мысалы, құрлықтағы өсімдіктер жамылғысының фотосинтезі нәтижесінде атмосфераға жылына 280-320 млрд. тонна оттегі қосылады.

**Түйін сөздер:** емен, арша, акация, оларды өсірудің ең арзан әдістемесі, экология, ғасыр ішілік табиғи циклдар, Қазақстанда болатын қуаңшылық жағдай.

Оттегінің 80-85% мөлшері биосферадағы тірі организмдердің, соның ішінде адамдардың тыныс алуына жұмсалады екен, ал 10%-ы, яғни 28-32 млрд. тонна оттегі өндірісте, транспорттың барлық түрлерінде жағылады. Ал, өндіріс, транспорт, ауыл шаруашылығы қазіргі кездегідей қарқынмен дамиды болса, ХХІ-ғасырда жылына 58-64 млрд. тонна және одан да көп мөлшерде оттегі жағылып, пайдаланылады деген болжам бар. Нәтижесінде құрлықтағы өсімдіктердің фотосинтезі процесінде шығарылған оттегі адамзаттың энергия алуы үшін жағылған оттегі мөлшерін қайтадан толтырып, қалпына келтіре алмайды, аталған газ (оттегі) мөлшері жылдан жылға азая береді. Егер аталған салаларда энергия алу үшін жанармайды жағу шектелмесе оттегінің мөлшері 21%-8% дейін азаяуы мүмкін. Бұл сүтқоректі жануарларға өте зиянды құбылыс, олар жаппай қырылуы мүмкін.

Атмосферадағы оттегі мөлшері 12% болғанда адам есінен танып құлайды. Яғни, бұл жағдай адамзат тіршілігіне де аса қауіпті. Адам баласына нан, ет, сүт, тағы басқа азық-түлік қаншалықты қажет болса, оттегі де өте керекті фактор. Бірақ, атмосферада оттегі әзірге жеткілікті болғандықтан оны дефицит, шектеуші фактор деп есептемейміз. Осындайда «алтынның қолда барда қадірі жоқ» деп қазақ айтқан ғой.

Биосферадағы және Қазақстандағы ауа бассейнін жақсартып тазалау үшін адам баласының әліде *40-45 жыл уақыты бар*. Гренландиядағы, Антарктидадағы, биік таулар басындағы мұздықтар жылдам ерігендіктен жоғарыда аталған 40-45 жылдың *әдепкі 20-25 жылы ішінде* көктем, жаз, күз айларында жауын, ал қыс айларында қар көп жауып, тасқын су проблемалары туындайды. Кейінгі 2-3 жыл ішінде мұндай жағдайлар Европада, Австралияда, Индияда, Қытайда, Жапонияда, Ресейде, Тынық мұхит аралдарында және Қазақстанда қыс кезіндегі қар өте көп мөлшерде жауғандықтан, көктемдегі, жаздағы нөсер жаңбыр әсерінен көптеген елді мекендерді тасқын су басып қалды.

Мысалы, Ресейдің Краснодар (Кубань) өңірінде 2012 жылдың 5-6 шілдесі күндері нөсер жаңбыр (аз уақыт ішінде 121-300 мм жауын жауған) әсерінен көптеген елді мекендерді тасқын су басып қалды, 171 адам қайтыс болды, мыңдаған адамдар (30 мыңдай) зардап шегіп, баспанасыз қалды. Жапонияның оңтүстігінде нөсер жаңбырлар әсерінен туындаған су тасқынынан 240 мың адам қоныс аударуға мәжбүр болуда. Ал Қытайда тасқын судан 7 млн-дай адамдар зардап шегуде.

Осы кезеңдерде (2012 жылғы шілде айында) АҚШ-та екі аптаға созылған аптап ыстықтан 77 адам қайтыс болды, техника істен шыға бастады. Канзас штатында қатты қуаңшылық болып, егіс алқаптары қурап жатыр. Қазақстандағы Қызылорда облысында 40-45°C ыстық болып тұр. Ақтөбе, Қостанай, Ақмола, Маңғыстау облыстарында 35-39°C ыстық сақталуда.

Ғалымдардың болжамы бойынша, *ғасыр ішілік табиғи циклдардың ұзақтығына* (интервалына) байланысты Жер ғаламшарының солтүстік бөлігінде климаттың *ылғалды-салқын фазасы* 1978-1979 жылдардан басталып, 2010-2011 жылдары аяқталды. Енді, 2012-2013 жылдардан бастап климаттың *жылы-құрғақ кезеңі* басталып, ұзақ жылдарға созылады. Ал, ең қатал, жауын-шашыны аз, ыстық, қуаңшылық жағдайдың максималды әсерлі кезеңі 2018-2021 жылдары байқалады және 2026-2035 жылдарға дейін созылады, сосын кезең аяқталады. Бұл табиғи циклдық құбылыстың зиянды әсері әлемдік «*жылу эффектісі*» әсерінен күшейе түседі және уақыт бойынша ұзарады деп күтілуде. Осындай циклді құбылыстардың зиянды әсерінен 2012 жылы Қазақстанда 1 млн. гектар егістік өте төмен өнім берді.

Жоғарыда аталған 40-45 жылдың *кейінгі 20-25 жылында* құрлық ортасындағы жерлерде, әсіресе Қазақстанда өте күшті қуаңшылық жағдай қалыптасып, тұщы су проблемасы туындауы мүмкін. Бұл жағдайларды болдырмау үшін Қазақстан территориясында күшті фотосинтездеуші, СО<sub>2</sub>-ні сіңіріп, көп мөлшерде оттегіні шығаратын және ұзақ жыл өмір сүретін емен, арша, акация т.б. ағашты өсімдіктерді жылда-жылда көптеп егіп, өсіру керек. Нәтижесінде, өте күшті қуаңшылық және қатал континентальды климатты жағдайды болдырмай, экологиялық жағдайды жақсартуға, *әлеуметтік шығындарды (жануарлар, адам өлімін болдырмауға)* болады деп күтілуде. Осыған сәйкес, аталған студенттердің тікелей қатысуымен және профессор К.Н.Жайлыбайдың жетекшілігімен Экология кафедрасында арша, емен, акация, сирень ағашты өсімдіктерді өсірудің ең арзан әдістемесі тұжырымдалып, өндіріске енгізілуде. Соған қысқаша тоқталамыз.

*Арша.* (Juniperus-можевельник) – кипарис тұқымдасына жататын мәңгі жасыл жапырақты ағашты немесе бұталы өсімдік. Қазақстанда оның жабайы 10 түрі бар, олар: Түркістан аршасы (Juniperus turkestanica), Талас аршасы (Juniperus talassica), Сібір аршасы (Juniperus communis), Виргинский аршасы (Juniperus virginiana), т.б.

Арша ағашы жұмсақ, одан қарындаш, домбыра, бесік жасалады. Бұрын қазақтар айран, қымыз пісетін күбіні, ас табақтарын арша ағашынан ойып жасаған. Арша ағашының иісі қымыз иісіне ұқсас және мұндай табақтарда микробтар өсіп дамымайды. Арша биіктігі 10-15 м болатын, 300-800 жыл өмір сүретін ағашты өсімдік. Жетілген бір аршаның шығарған оттегі мөлшері 25-30 адамның бір жыл тыныс алуына жетеді екен. Сонымен қатар арша бір жыл ішінде 20-25 тонна шаң-тозаңды залалсыздандырады екен.

*Емен* (*Quercus-дуб*) – шамшат тұқымдасына жататын, күз, қыс айларында жапырақ тастайтын ағашты өсімдік. Дүние жүзінде оның 450-дей түрі бар. Қазақстанда бір түрі – кәдімгі емен (*Quercus rober*) өседі. Емен биіктігі 30-40 м болатын, 1000-1500 жыл өмір сүретін ағашты өсімдік. Жетілген бір емен өсімдігінің фотосинтез процесінде бір жылда шығарған оттегі мөлшері 40-45 адамның жаз бойы тыныс алуына жетеді екен. Сонымен қатар емен ағашы бір жылда 30-40 тонна шаң-тозаңды залалсыздандырады және көктемнен күзге дейін микробтарды жояды екен.

Ұнтақталған емен ағашы қабығын медицинада іш ауруына қарсы қолданады. Арал өңіріндегі аптап ыстықта іші өтіп ауырған көптеген балаларды емен қабығының қайнатылған суы аман алып қалды. Еменнің тұқымы *жаңғақ* жабайы шошқалардың, тиындардың, тағы басқа жануарлардың қорегі. Егер емен жаңғағын сыртқы қабығынан аршып, ұнтақтап, малға берсе құнарлы жем болады. *Тұқымдарын жинау*. *Аршаның* жеміс бүрі жидек пішіндес немесе шар тәріздес, 4-6 жапырақша бірігіп өскен, әрбір жапырақша түбінде бір дән бар. Ішіндегі дәні (тұқымы) қыркүйек айында піседі. Жеміс бүрі әдепкіде көкшілдеу болады. Тұқым піскен кезде жапырақшалар қоңыр түсті болады да, жапырақшалар ашылып, дәндер (4-5 тұқым) жерге түсіп шашылады. Сосын оны жинап алу өте қиын, өйткені, дәндердің түсі топырақ тәріздес әрі майда. Сондықтан жеміс бүрі жапырақшалары ашылмай тұрғанда, шамалы қоңырқай түсті болғанда, қыркүйек, қазан айларында жинайды. Жиналған тұқым жетіліп піскенше 10 күн *«жатып сақталуы»* керек, сосын егуге болады.

*Емен* негізінен тұқымы арқылы көбейеді. Сәуір-мамыр айларында гүлдеп, қыркүйек-қазан айларында жеміс береді. Тұқымы *жаңғақ*, оны қыркүйек айында, жауын-шашын аз болып, ауа, топырақ құрғақ болған кезде жинаған дұрыс. Емен жаңғағын жинағанда оның қабығының шытынамағаны жақсы. Шытынаған жағдайда ол жерлерге микробтар түсіп, ылғал болған жағдайда тұқымдарды шірітеді. Жиналған жаңғақ тұқымы 10-15 күн *«жатып сақталуы»* керек, сосын егуге болады.

*Акацияның* тұқымы ұзын бұршақ (боб) түрінде, ішінде 4-10 тұқым болады. Қыркүйек айында бұршақ ішінде дән (тұқым) піскенімен бұршақтың көпшілігі ағашта салбырап тұрады. Оларды қыркүйек-қазан айларында жинау керек.

*Тұқымдарды егу*. Бұл үшін бір рет пайдаланатын стакандар алынып, біреуінің түбін шприцтік инемен немесе бізбен теседі (3-5 рет), ал екіншісі тесілмейді. Тесілген стаканды тесілмеген стакан ішіне кигізеді, сосын көң араластырылған топырақпен, дұрысы гүлдер өсіруге арналған қара топырақпен толтырады, шамалы нығыздайды. (Гүлдер өсіруге арналған қара топырақ магазиндерде (базарларда) сатылады, және ол арзан). Әрбір стаканға арша тұқымы 3-5 тен себіледі; емен жаңғағы 3-ден, акация тұқымы 10-нан (өйткені олардың шығымдылығы төмен), сирень тұқымы 5-ден себіледі. Беті топырақпен жабылады, бірақ тұқым тереңге түспеуі керек, беті жабылса болды, тереңдігі 0,8-1 см, сосын жаймен су құйылады. Топырақ тұрақты түрде ылғалды болуы керек, сонымен бірге тұқымның өнуі үшін оттегіде қажет. Ол үшін 2-3 күн өтіп, 3-ші немесе 4-ші күні әрбір стакандар суарылады, бірақ су көп құйылмауы керек. Нәтижесінде стакандағы топырақ ылғалды болады, әрі арасына ауа кіріп, бөрткен тұқымдар оттегімен қамтамасыз етіледі. Егілген арша, сирень, тұқымы 40-45 күннен кейін екі ұрық жапырақты болып шығады.

Ауылдық жерлерде және ондағы мектептер айналасына арша, емен, акация т.б. ағашты және декоративті өсімдіктер өсіру үшін он мыңдаған өскін көшеті қажет. Олардың әрбіреуін 10-15 мың теңгеден сатып алу үшін ауылдық әкімдікте және мектептерде қомақты қаржы жоқ. Ал, біздің осы әдістемеміз бойынша аталған ағашты және декоративтік өсімдіктер өскіні көшеттерін дайындау өте арзанға түседі. Аталған әдістемені мектептердегі биология және экология пәні мұғалімдеріне және оқушыларға үйретсек, олар өздері өте көп мөлшерде арша, емен, акация, сирень өскіндері көшетін дайындай алады. Егер оқушылар өздері осы өсімдіктер көшетін өсіріп дайындаса, сосын мектеп айналасына, ауылдарының көшелеріне және маңына отырғызып, өздері күтіп-баптаса, онда олардың табиғатқа, оның экологиялық жағдайына көзқарасы түбегейлі

өзгереді. Мұның *тәрбиелік мәні зор* және мектептің өзінде оқушылар кәсіби мамандық алуға бейімделеді. *Өскіндерді күтіп-баптау*. Әрбір стаканға егілген аршаның 3-5 тұқымын, еменнің 3 жаңғақ тұқымын, акацияның 10 тұқымының, сиреннің (жұпаргүл) 5 тұқымының барлығы түгел шыға бермейді. Өйткені аталған тұқымдардың табиғи жағдайдағы физиологиялық қасиеті, шығымдылығы әртүрлі. Сондықтан тұқым себілген стакандардың кейбіреулерінде бір өскіннен, көпшілігінде екеуден, аз бөлігінде 3-5-ден шыққан. Өскіндер шыққан стакандар терезеге жақын, күн сәулесі түсетін жерде үстелге орналастырып, қыс бойы күтіліп бапталады. Күтіп-баптау шаралары – *негізінен суару*. Екі-үш күн өтіп, 3-ші күні стакандағы өскіндер аздап суарылады. Егер стакандарға су көбірек құйылса арша, емен, акация, сирень тамырларына ауа жетіспегендіктен әлсіреп ауруға шалдығады, сосын өледі. Осы әдістеме арқылы өте көп мөлшерде арша, емен, акация, сирень өскіндерін өсіріп дайындауға болады және бұл өте арзанға түседі. Жеке кәсіпкерлер немесе қаланы гүлдендіру мекемесінің дайындаған аталған ағашты өсімдіктер өскіндерінің (4-5 жылдық) әрбіреуі 10-15 мың теңге тұрады.

Көктемде наурыз, сәуір айларында ауа температурасы  $+10^{\circ}\text{C}$ ,  $+15^{\circ}\text{C}$  градус болғанда топыраққа, яғни тұрақты орнына арша, емен, акация, сирень өскіндері отырғызылады. Ол үшін аталған өсімдіктер өскіні мен стакандағы топырағы сиятындай шұңқыр қазылады, сосын су құйылады. Осы шұңқырға өсімдіктер өскіні топырағымен отырғызылып, ал қазылғанда шыққан топырағымен шұңқырды қайтадан толтырады да, топырақ шамалы нығыздалады. Сосын асты және үсті кесілген *пластикалық бөтелкені* (халық арасында оны «баклашка» деп атайды) арша, емен өскініне кигізеді де, оны (пластикалық бөтелке) топыраққа нығыздап орналастырады. Пластикалық бөтелкенің айналасын қоршап ойықша (арықша) қазылады. Бұл арша, емен өскінін суару үшін керек. Әдепкіде әлсіздеу арша, емен өскініне орнатылған пластикалық бөтелке жақсы микроклимат қалыптастырып, транспирация қарқындылығын азайтады, тамырларының өсіп нығаюына оптимальды жағдай жасайды.

*Астана маңында орман жасатқан Елбасы өнегесін, идеясын жүзеге асыру (тәжірибе нәтижелерін өндіріске енгізу)*. Біздің болашағымыз – жастар, ал оларға таза, оттегісі мол ауа керек. Алдағы 40-50 жылда ғалымдар болжаған – атмосферадағы оттегінің азаюын, құрлық ортасындағы Қазақстанда келешекте болатын қатал континентальды климатты, яғни жазы өте ыстық, қысы өте суық, тұщы суы тапшы, қуаңшылық жағдайды болдырмаудың негізгі шаралардың бірі ормандарды сақтап, арша, емен, акация, т.б. күшті фотосинтездеуші ағашты өсімдіктерді өте көп мөлшерде өсіру керек. Биыл 2012 жылы Қазақстандағы 6960 мектепте 2,5 млн. оқушылар оқиды. Осы оқушылардың 40-50% -ның әрқайсысы он-оннан ағашты өсімдіктер өсірсе, бір жылдың өзінде 12,5 млн. түп арша, сондай мөлшерде емен, акация, сирень өсіріледі екен. Бұл үдеріс (процесс) 40-50 жыл бойы жүргізілсе Елімізде орман алқаптары көбейеді. Яғни, жастар (оқушылар) үлкен әлеуметтік күш және де өздері өмір сүретін экологиялық ортаны жақсартады. Сондықтан, ағашты өсімдіктер көп болса фотосинтез процесі күшейіп,  $\text{CO}_2$ -ні көбірек сіңіреді, оттегі шығарады, ауа тазарады, жауын-шашын өзі келеді, континентальды климат жұмсарады. Бірақ, мұны жүзеге асыру өте күрделі проблема, оған бүкіл халық, әсіресе жастар жұмылуы керек. Қазақстандағы әрбір мектептердегі биология, экология мамандығы мұғалімдері мен оқушылары жұмыла кірісіп, өздері тұрған елді мекендер көшелерінде және ауылдарды қоршап, жылда-жылда көп мөлшерде арша, емен, акация, т.б. ағашты өсімдіктерді 40-45 жыл бойы біздің әдістемеміз бойынша үздіксіз өсіре берсе, бүкіл Қазақстандағы қуаңшылық жағдай өзгеріп, экология жақсартады деп ойлаймыз. Мұның тәрбиелік және әлеуметтік мәні орасан зор.

Біздің әдістемеміз бойынша ауылдық жерлерде арша, емен, акация ағаштарын көп мөлшерде өсіруге болады. Осыған сәйкес, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Сұраншы батыр ауылындағы Аманкелді орта мектебінде арша өскіні отырғызылды. Қазір олар жақсы өсіп тұр. Бұл *Елбасы Н.А.Назарбаевтың өнегесін, идеясын ауылдық жерлерде жүзеге асырудың алғашқы бастамасы және ең арзан жолы*. Аталған әдістеме Қазақ

мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің экология және биология мамандығының 400-ден аса студенттеріне үйретілді және келесі толқын студенттеріне үйретіле береді. Әрбір студент өзі жұмыс істеген мекемесінде, елді мекендерде емен, арша, акация, сирень, т.б. ағашты өсімдіктерді өсірсе және осы іс-шара жылда өткізіліп, үздіксіз жүзеге асырылса, алдағы 40-45 жылда Еліміздегі экологиялық жағдай өзгеріп жақсарады деген болжам бар. 2011 жылы 17 мамыр және 27 шілдесінде Алматы қаласы маңындағы Медеу шатқалында, Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің (МҰТП) аумағында күшті жел әсерінен көптеген ағаштар құлап қалған. Медеу шатқалында құлап қалған ағаштар орнына Университетке бөлінген участкада бүгінгі таңда біздің әдістемеміз бойынша 600 түп емен көшетін (бір жылдық), 300-дей арша көшетін, 60 түп сирень (жұпаргүл) көшеттерін (бір жылдық) отырғызды. 2012 жылдың 11 қараша күні 2,3 курс студенттерінің және біздің қатысуымызбен көп мөлшерде (2 қап) емен тұқымы егілді. Студенттер бұл жұмыстарды әрбір жексенбі күндері жасады және де алдағы 10-15 жыл бойы аталған ағаштар көшеттерін отырғызып, күтіп-баптау жұмыстары жүргізіледі.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кривенко В.Г. Природная циклика нашей планеты //Вестник РАЕН. 2010. – № 3.
2. Жайлыбай К.Н., Мұхамединова Н.А. Қазақстан экологиясын жақсарту мәселелері және емен, арша, акация, сирень өсірудің ең арзан әдістемесі (Ұсыныстар). – Алматы, 2012.
3. Жайлыбай К.Н.Емен, арша, акация, үйеңкі, бозарша, сирень өсірудің ең арзан әдістемесі және жастарды экологиялық патриотизмге тәрбиелеу//Алматы ақшамы. 2011
4. Бурко Р. А., Терёшина Т. В. Экологические проблемы современного общества и их пути решения // Молодой ученый. — 2013. — №11. — С. 237-238.

### Резюме

**К.Н.Жайлыбай, д.б.н., профессор, Г.Сыпабекқызы, Ж.Конырова, У.Ережетова,**  
*студенты 4-курса*

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### Воспитательная сущность решения экологических проблем Казахстана

В статье рассматриваются экологические проблемы Казахстана, которые могут возникнуть в ближайшее время и будущем. Зеленый лес является актуальнейшей проблемой современного мира. И человек является виновником многих экологических проблем. Он же жертва, ведь от загрязнения водных ресурсов, атмосферного воздуха и почвенного покрова в мире гибнет порядка 40% людей (данные из источника). С целью улучшения экологических условий необходимо выращивать сильно фотосинтезирующие древесные растения - дуб, можжевельник, акацию и др. Разработан дешевый способ выращивания этих растений.

**Ключевые слова:** дуб, акация, экология, природные циклы, Казахстан.

### Summary

**K.N.Zhaylybay, Doctor of Biological sciences, Professor, G.Sypabekkyzy, Zh.Konyrova,**  
**U.Erezhetova, 4-course students**

*(c.Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University).*

### The educational nature of the solution of environmental problems of Kazakhstan

The article deals with the ecological problems of Kazakhstan. To improve ecological conditions we need to grow a very photosynthetic tree plants- Quercus, Juniperus, Acacia and a very cheap method of growing tree plants was developed. Green Forest is the most urgent problem of the modern world. And man is the culprit of many environmental problems. He is a victim, because of water pollution, air and soil in the world dies around 40% of people (data from the source).

Keywords: Global warming, climatic cycles, ecology of Kazakhstan, maple, oak, acacia

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ РӨЛІ

**Г.С.Шыныбекова**, магистр, оқытушы  
**Д.З.Абильмажинова**, магистр, оқытушы  
**Ж.А.Абдукадирова**, магистр, оқытушы  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)

**Аңдатпа:** мақалада Халықаралық табиғатты қорғау ұйымдары мен экологиялық үкіметтік емес ұйымдардың қоғамның қазіргі даму кезеңінде алатын орны мен маңызы сипатталған. Халықаралық табиғатты қорғау ұйымдарының қоғамның қазіргі даму кезеңінде алатын рөлі өте үлкен. Оларды ұйымдастыру қажеттілігі қоршаған ортадағы апатты өзгерістерден туындап отыр. Олар табиғатты қорғауға және ең алдымен, адамзаттың өзін қорғауға негізделген.

**Түйін сөздер:** экология, мониторинг, биосфера, тұрақты даму, экологиялық сараптама.

Барлық осы халықаралық табиғатты қорғау ұйымдарының көмегімен адам біріншіден өзін өзінің іс-әрекетінің нәтижелерінен қорғайды. Егер біз тірі қаламыз десек біріншіден, бізді қоршаған әлемді сақтауымыз керек, ал ол үшін біз жұмыла бірігуіміз керек. Осы бағыттағы алғашқы қадамдардың бірі - әртүрлі халықаралық табиғатты қорғау ұйымдарының жұмысы. Қазір табиғатты қорғау мақсатын алдына қойған көптеген түрлі ұйымдар, бірлестіктер мен форумдар бар. Алайда, өкінішке орай, біз олардың қайсысы қандай жұмыс атқаратындығы туралы білмейміз, ал көпшілік олардың біразы жайлы тіпті естімеген. Әдетте, әдебиетте тек екі шектілікті кездестіреміз: қандай да бір ұйымның жай ғана аталуы, немесе олардың біреуінің жұмысының толық сипаттамасы.

XIV ғ.-дың 2-ші жартысы мен әсіресе XX жүзжылдықта адам қоғамының дамуымен жалғасқан ғылым мен техниканың дамуы бір жағынан адамның табиғатқа деген тәуелділігін жеңіп, еселенген қажеттілігін қамтамасыз етті, ал екінші жағынан қоршаған ортаға тигізілетін әсер күрт күшейді. Қазіргі кезде адамзат өз қажеттіліктерін өтеу үшін жер қойнауынан жылына 25 тонна түрлі шикізат алады (1 адамға шаққанда). Ауылшаруашылық қажеттіліктері үшін құрлықтың 25-30%, өнімдік орманды қосқанда – 50-55% пайдаланады, яғни адам планетаның қолайлы жерлерінің барлығын игерген, ал әлемдік мұхиттағы кәсіптік балық қорларын тұтыну биологиялық мүмкіндіктер шегіне жетті [1].

Сонымен қатар қоршаған ортаға түсетін әртүрлі зиянды заттардың мөлшері ұлғаюда, түрлі апаттар нәтижесінде табиғатқа орны толмас нұқсан келтірілуде... Алдымен табиғатты қорғау шаралары әр мемлекеттің ішкі ісі болып табылатын, арнайы органдар құрылатын: қоршаған ортаны қорғау комитеті (ГФР), қоршаған ортаны қорғау Министрлігі (Ұлыбритания, Франция), қоршаған ортаны қорғау Агенттілігі (АҚШ). Биосфера қауіпсіздігіне төнген қауіптің ұлғаюына байланысты және табиғаттың шексіз екендігін түсінген сайын халықаралық табиғатты қорғау іс-әрекеттілігі жандануда.

1948ж. ЮНЕСКО-ның бастауымен табиғат пен табиғи қорларды қорғау бойынша халықаралық кеңес құрылды (МСОП). МСОП – Халықаралық табиғатты қорғау кеңесі – Дүниежүзілік табиғатты қорғау кеңесі - International Union for Nature Conservation (IUCN) – The World Conservation Union. Мақсаттары: табиғат тұтастығы мен алуан түрлілігін сақтау жұмыстарында әлем ұйымдарына әсер ету, қолдау және көмек көрсету; табиғи ресурстарды саналы және экологиялық тұрақты пайдалануды қамтамасыз ету. Негізгі қызметі: табиғатты қорғау жұмыстарының мониторингін жүргізу; жергілікті ұйымдардың пайдалануына арналған табиғатты қорғау бойынша талаптар дайындау; әртүрлі деңгейдегі

жұмыс жоспарларын құрастыру; үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдардың табиғатты қорғау аясында қолданылатын шараларға қатысу; МСОП желісі арқылы ақпарат тарату; көмек және кеңес беру.

1971 жылы Юнеско «Адам және биосфера» атты арнайы бағдарлама қабылдады- UNESCO Programme «Man and Biosphere» (MAB). Мақсаттары: пәнаралық зерттеулер жүргізу, табиғи қорларды басқару аясында мамандарды даярлау; қоршаған ортаға кері әсер ететін факторларды анықтау; қорларды тиімді зерттеу әдістемесі мәселесіне ғылыми потенциалды шақыру; білім беру бағдарламалары мен ғылыми жобаларды жоспарлау және іске асыру бойынша көмек көрсету. Негізгі қызметі: басты мәселелік бағыттар бойынша жобаларды дайындау және атқару (биоалуантүрлілік пен экожүйелер жағдайын сақтау және мониторинг жүргізу, табиғи қорларды тұрақты басқару, жерлерді игеру кезінде әлеуметтік-мәдени және этникалық жақтарын интеграциялау, жерді пайдалану саясатын құрастыру); биосфералық қорлар желісін жасау және басқару; тақырыптық және географиялық белгілер бойынша ғылыми желілер жасау; кітаптар, есептер, ақпараттық материалдар дайындау.

ЮНЕП – БҰҰ табиғатты қорғау бағдарламасы - United Nations Environment Programme (UNEP). Мақсаттары: биосфера қорлары туралы жаңа мәліметтер беру, максималды әлеуметтік-экономикалық табысты ұстану барысында жалпы жоспарлау мен басқаруға қатысу, білім беру және кәсіптік даярлау, техникалық көмек үшін қосымша қаржы көздерін шақыру. Негізгі қызметі: қоршаған ортаны басқару, жерүсті экожүйелерін сақтау, шөлейттену, топырақ деграляциясы, теңіз ортасының ластануы, климаттың өзгеруі, химиялық заттар және қалдықтармен күресу жұмыстарының аясында бағдарламаларды іске асыру.

ЮНЕП бағдарламаларының бірі Ғаламдық бақылау жүйесі (1974ж.) қабылданған стратегияның жарқын мысалы болып табылады. Бұл жүйе биосферадағы өзгерістерді бақылап, тіркеуге арналған. Қоршаған орта мониторингісінің ғаламдық жүйесі (ГСМОС) - Global Environment Monitoring System (CEMS). Мақсаттары: қоршаған орта мониторингі және бағалау бойынша атқарылатын халықаралық жұмыстарға қатысу және реттеу; жаңа мониторинг станцияларын жасауды қолдау, атмосфера мен климат жағдайлары, қоршаған ортаның ластануы туралы мәліметтерді жинау және тарату. Негізгі қызметі: геоақпараттық жүйелер технологиясы негізінде көптеген мәліметтерді біріктіру (жерді пайдалану, климат, әлеуметтік-экономикалық даму бойынша); ақпараттық қорларды басқару бойынша кеңестік қызмет көрсету.

ТМД шегіндегі ынтымақтастық: МЭС – Мемлекетаралық экологиялық кеңес (1992ж.) - Inter-State Council on Ecology. Қатысушылар: ТМД мүшелері-11 мемлекеттің табиғатты қорғау ведомстволарының басшылары (мүшелері): Әзербайжан, Армения, Беларусь, Грузия, Қазақстан Республикасы, Қырғызстан, Молдова, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Өзбекстан, Түркменстан (1998г.). Мақсаттары: ең алғашқы кезекте экологиялық апаттар зардаптарын жою үшін келісімді мемлекетаралық экологиялық бағдарламаларды орындау. Негізгі қызметі: экология және қоршаған табиғи ортаны қорғау аясында үйлестік жасау және келісілген саясат жүргізу; өндіргіш күштер, инвестициялық және т.б. жобалардың даму бағдарламалары мен болжамдарын экологиялық сараптамадан өткізу; жақтар арасындағы экологиялық таластарды шешуге қатысу; мемлекетаралық Қызыл кітап жүргізу; экология және қоршаған табиғи ортаны қорғау аясында қабылданған халықаралық келісім-шарттар бойынша міндеттерді атқаруда жақтардың қатысу тәртібі мен шарттарын анықтау; халықаралық ынтымақтастық [1].

Қалай болғанда да қоршаған орта жағдайының мәселелері әртүрлі мемлекеттер үкіметтерін ғана емес, қарапайым тұрғындарын да толғандырады. Бұндай әбігерленушілік үкіметтік емес қоршаған ортаны қорғау ұйымдарының құрылуымен байқалады. Үкіметтік емес ұйымдар бұл азаматтар заңнамаға қайшы келмейтін өздерінің ортақ мақсаттарына жету үшін ерікті негізде құрған, қоғамдық қатынастарды реттеу тетіктерінің бірі болып табылатын, әлеуметтік проблемаларды шешуде, азаматтық қоғам қалыптастыру

мәселелерінде мемлекет пен азаматтардың арасында дәнекерлік рөл атқаратын, саяси партиялар, кәсіподақтар, діни бірлестіктерден басқа, коммерциялық емес ұйымдар. Үкіметтік емес ұйымның қызметі азаматтық бастаманы дамытуға, әлеуметтік проблемаларды шешудегі қоғамдық ұйымдардың рөлін арттыруға, қоғамды тұрақты дамытуға жол жеткізуге бағытталған [2]. Қысқасы, үкіметтік емес ұйымдардың өз жарғылары бар. Біріншіден, олар соған сүйенеді. Соның аясында қызмет жасайды. Үкіметтік емес дегенде бұл ұйымды коммерциялық құрылымдармен бір қатарға қоюға да болмайды. Бұл жүйеде істейтін азаматтарды сол Үкіметтің көмекшілері, жанашырлары десек те болады.

Қазақстанда үкіметтік емес ұйымдарды дамыту және қолдау заңы қабылданбақ. Бұл заң жобасының азаматтық қоғам қатысушылары үшін артықшылықтары зор. Үкіметтік емес ұйымдар әлеуметтік саладағы маңызды мәселелерді шешуге белсенді түрде қатыса алады және халық пен билік арасында толыққанды байланыстырушы буын болады. Қазақстанның азаматтық альянсы президентінің айтуынша, бүгінде үкіметтік емес ұйымдар аталмыш заң жобасының тұжырымдамасын талқылап жатыр [3].

Солардың бірі - Қазақстанда 1999 жылдың желтоқсанында құрылған үкіметтік емес экологиялық қауымдастығы, төрағасы – Ғазиз Хаймолдин. Қауымдастық қызметінің басты өзегі – тұрғындар арасында экологиялық түсінік және қоғамдық сараптау жұмыстарын жүргізу болып табылады. Қауымдастық мүшелері экологиялық айлықтар мен табиғатты қорғауға бағытталған шараларға белсене қатысады. Қарашығанақ кен орнында жұмыс істейтін шетелдіктер де Ғ.Хаймолдиннің орынды сын-ескертпелерімен талай есептесулеріне тура келді. Сонымен қатар Ғ.Хаймолдин республикадағы теңдесі жоқ інжу-маржан көлдің бірі Шалқардың экологиялық жағдайын тексеруге де бастамашы болды. Ол оралдық ғалымдар мен ихтиологтардың зерттеу материалдары негізінде Шалқар көлі атты ғылыми-танымдық арнаулы буклет жасап шығарды [4].

Арал қасіреті республика аумағынан асып, бүкіл планетаның бас ауруына айналғаны баршамызға мәлім. Оны сауықтыру бағатында Орталық Азиядағы бес мемлекет - Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Түркменстанның президенттері бірнеше рет кездесті. Мемлекет басшыларының шешімімен, Арал бассейнін қалпына келтіру жобаларына қолдау білдіру туралы шаралар айқындалды. Яғни, Арал теңізін сақтау жөніндегі халықаралық шаралар – Арал апатынан зардап шеккен елдер басшыларының іс - қимылдарына көмектесуге бағытталған алғашқы халықаралық келісім. 1990 жылдың 24 – 26 қаңтарында БҰҰ - ның қоршаған орта бағдарламасының (ЮНЕП) ұсынысымен жасалды. Бұл халықаралық құжат «Арал теңізін сақтауға арналған нақтылы іске дайындыққа қатысу» деп аталды. Келесі сатыда Дүниежүзілік банк пен ЮНЕП, ПРООН, ЮНЕСКО т.б. мекемелер қосыла отырып, орталық Азия елдерінің мемлекетаралық кеңесінің және Халықаралық Арал қорының басшылығымен «Арал теңізі мәселелеріне нақтылы көмек Бағдарламасын» іске қосты. Бұл тарапта 7 бағдарлама, 18 жоба жасалып, ауқымды жұмыс қолға алынды [5].

Бес бірдей мемлекеттің тірлігіне береке кіргізіп отырған Каспий теңізі жақын болашақта жер бетінен жоғалып кетуі мүмкін. Өйткені, қанша жерден айтылып, мәселе көтеріліп жүрсе де, теңіз табанынан табылған көмірсутекті шикізаттың мол қорын игеру үшін жүргізіліп жатқан барлау-бақылау, өндіру жұмыстары кезінде экологиялық талаптар қажетті деңгейде сақталмай отыр. Осыған орай «Каспий табиғаты» атты үкіметтік емес ұйымның бастамасымен 12 тамыз 2011ж.- Каспий күні атыраулық үкіметтік емес ұйым өкілдері «Каспий аймағын қорғау және тұрақты дамыту» деген тақырыпта конференция өткізді. Конференцияның негізгі мақсаты - мемлекеттік органдардың, өндіруші компаниялардың және үкіметтік емес ұйымдардың арасындағы үш жақты келісім негізінде «Каспий аймағын қорғау және тұрақты дамыту» Қоғамдық комитетін құруға бағытталған болатын. Айта кету керек, комитет конференцияның үстінде емес кейінірек құрылды. Ұйым теңіздегі мұнай өндірісі жұмыстарына мониторинг жүргізіп, экологиялық апаттардың алдын алуға септігін тигізеді. Өйткені, соңғы жылдары теңізде мұнай өндірісі

кезінде қауіп-қатерлердің артып кетті. Бұның соңы ғаламдық апатқа апарып соғуы әбден мүмкін. Ал оған апаратын бастапқы қадамдардың бірі талаптарды күшейту және тұрғындар үшін кепілді сақтандыру жүйесін енгізу.

Жалпыға мәлім, Атырау - табиғи ресурстармен, бәрінен бұрын мұнаймен бай аймақ. Мұнда кен орындарын дайындап және пайдаланатын халықаралық корпорациялар шоғырланған, бұл қоршаған ортаны қорғау мәселелерімен байланысты. Сондықтан аймақта экологиялық ұйымдардың қызметі аса өзекті болып табылады. Облыстағы «Каспий табиғаты», «Каспий-XXI век», «ЭКОС» үкіметтік емес ұйымдары экологиялық қызметінде көптеген алуан түрлі іс-шаралар өткізген: акциялар, конференциялар, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша қоғамдық тыңдаулар, Атырау қаласының ықшам аудандарын көгалдандыру жөнінде жобалар мен акциялар, «Уралу - чистые берега» акциясы тағы басқалары. Атырау университеті студенттерінің «ЭКОС» бастамалық тобы Каспий аймағының проблемаларын көрсететін экологиялық бюллетендер шығарады, қоршаған ортаны қорғау және халықтың денсаулығы бойынша жобалар үшін шағын гранттар бағдарламасына қатысады.

«ИСАР-Атырау» халықаралық ұйымының өкілдігі және экологиялық үкіметтік емес ұйымдар мектеп оқытушылары үшін экологиялық білім беру бойынша семинарлар, «День земли» акцияларын өткізуде. Атыраудың шетелдік ұйымдармен байланысы орнатылған. 2000 жылы мамырда Колумбия университетінде (Нью-Йорк, АҚШ) Атырау аймағының экологиялық үкіметтік емес ұйымдарының өкілдерінің қатысуымен «Поиск гражданского общества: экологические неправительственные организации Каспия» тақырыбында халықаралық конференция өтті. 2001 жылы 12-13 қарашада облыстық экологиялық үкіметтік емес ұйымдары Атыраудағы Каспий экологиясы жайлы халықаралық конференцияға қатысты. 2001 жылы 22-23 желтоқсанда Атырау облысының экологиялық үкіметтік емес ұйымдары өкілдері Тегерандағы Каспийдің экологиялық проблемалары бойынша халықаралық конференциясына қатысты. 2002 жылдың жазында «Глобус» үкіметтік емес ұйым ИСАР-Вашингтон, SEEN (США), BankWatch (Чехия) халықаралық ұйымдарымен бірлесіп Каспий құбыр консорциумы желісімен «Каспийский караван» халықаралық жобасына қатысты. «Глобус» үкіметтік емес ұйымы 2003 жылы ақпан айында Порту-Аллегридегі (Бразилия) Бүкіл әлемдік әлеуметтік форумның жұмысына қатысты.

Сонымен, кәрі Каспий әлемнен араша сұрап отыр. Сайып келгенде, оның қордаланған проблемасымен әзірге Қазақстан ғана белсене шұғылдануда. Жағалаудағы бес мемлекеттің теңіз шекарасын анықтауда бір мәмілеге келмеуі де – ортақ мақсатты жүзеге асыруға кедергі. Біздің жағалау теңіздің оңтүстік бөлігімен салыстырғанда едәуір төмен. Мұнда әлемде өте сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер кездеседі. Келешекте соларға да қатер төніп тұрғандай. Елбасы Солтүстік Каспий жобасы басталған бойда-ақ теңіз тазалығын, мұндағы биожүйені бұзбауды қатаң тапсырды. Сол міндет инвесторлар мойнынан әлі түспеген. Ол елге келер келешек шетелдік компанияларға да жүктелмек. Өйткені, теңіз тағдыры – халық тағдыры. Оның жағалауындағы мыңдаған тұрғын осы су айдынына шынайы алаңдаушылықпен қарайды [6,7].

Жалпы алғанда бүгінгі күнде мемлекет үкіметтік емес ұйымдарға қолдау көрсетуде. Оның куәсі үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың Тұжырымдамасының және Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған Бағдарламасының қабылдануы болып табылады. Жұртшылықтың экологиялық ақпаратқа кеңінен қол жеткізуін қамтамасыз ету, үкіметтік емес ұйымдарды экологиялық проблемаларды шешуге тарту, қоршаған ортаны қорғауға қатысты мәселелер бойынша құқықтық сауаттылықты арттыру қажет [8].

Жұмысты қорыта келе мынадай тұжырым жасауға болады. Атап айтқанда, адамзат өзіне төнген қауіпті түсініп, қоршаған ортаның ластануының алдын-алу шараларын белсенді атқара бастады. Осы шараларды іске асыру мақсатында түрлі халықаралық, жергілікті үкіметтік емес ұйымдар құрылуда. Сонымен қатар, қоршаған ортаның ластануы

ғаламдық сипат алды және бұл мәселені шешуде жеке мемлекеттердің күштері жетпеді. Қазір әлемде қоршаған ортаны қорғаумен айналысатын ұйымдардың бірнеше топтары бар. Біріншісі, БҰҰ жүйесінің ұйымдары, екінші, әртүрлі үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдар, үшінші, қоршаған орта жағдайын бақылау және мониторинг жүйесі, сонымен қатар осы мәселені зерттеумен айналысатын түрлі ғылыми және оқу мекемелері.

Сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғау жұмыстары біршама пәрменді (нәтижелі) болу үшін әртүрлі экологиялық ұйымдар арасындағы қарым-қатынастарды нығайту керек. Ал жалпы айтқанда, адамзаттың өзін өзі сақтап қалуға, тірі қалуға мүмкіндігі туды және ең бастысы осы мүмкіндікті жіберіп алмауымыз керек.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кондратьев К.Я. Глобальные изменения на рубеже тысячелетий / К.Я.Кондратьев // Вестник РАН. – 2000. – Т.70. № 9.

2. «Қазақтың философиялық мұрагері» 17том. Неправительственные организации и гражданские инициативы в становлении гражданского общества в Казахстане. – Алматы: КИСИ, 2002. – С.47-54.

3. Айгүл Соловьевамен сұхбат. BNews.kz. Астана, 2013

4. «Егемен Қазақстан» жалпыұлттық республикалық газет. – №234(23533) – 2003.

5. Н.Жүнісбаев. Аралым – арым, Балқашым - бағым. Алматы:«Қайнар», 1988.

6. Меңдібай СҮМЕСІНОВ. [www.atr.kz](http://www.atr.kz)

7. Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі. Астана, 2007.

8. Атырау облысының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған Бағдарламасы туралы Атырау облыстық мәслихатының 2003 жылғы 12 желтоқсандағы №28-III шешімі.

### Резюме

**Г.С.Шыныбекова**, магистр, преподаватель, **Д.З.Абильмажинова**, магистр, преподаватель, **Ж.А.Абдукадинова**, магистр, преподаватель  
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

### **Роль международных и неправительственных казахстанских природоохранных организации**

Международные природоохранные организации и экологические неправительственные организации играют огромную роль на данном этапе развития общества. Их создание было вызвано катастрофическими изменениями в окружающей среде, они были призваны защитить природу и, по существу, должны спасти, прежде всего, самого человека. Цель моей работы состояла в том, чтобы представить общую информацию о наиболее известных международных правительственных и неправительственных организациях и показать их роль в современном мире.

### Summary

**G.S.Shynybekova**, master, teacher, **D.Z.Abilmazhinova**, master, teacher, **Zh.A.Abdukadirova**, master, teacher  
(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

### **The role of international and non-governmental nature protection organizations of Kazakhstan**

The article deals with the role of international nature protection organizations and ecological non-governmental organizations in the modern world. International environmental organizations and environmental non-governmental organizations play an important role at this stage of development of society. Their creation was caused catastrophic changes in the environment, they were designed to protect nature and, as such, must be saved, especially of man. The purpose of my work was to provide general information about the most famous international governmental and non-governmental organizations and show their role in the modern world.

**ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА**  
**PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTER SCIENCE**

**ӘОЖ 517.2**

**БІР ДЕРБЕС ШЕШІМІ БЕЛГІЛІ ЕКІНШІ РЕТТІ СЫЗЫҚТЫ БІРТЕКТІ  
 ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕНДЕУЛЕРДІҢ ЕКІНШІ ДЕРБЕС ШЕШІМІН  
 АНЫҚТАУДЫҢ БІР ТӘСІЛІ**

**А.А.Сыдықов**, аға оқытушы  
**Г.Б.Утембаева**, 4 курс студенті  
 (Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
 қыздар педагогикалық университеті)

**Аңдатпа:** Жұмыста бір дербес шешімі белгілі коэффициенттері айнымалы екінші ретті сызықты біртекті дифференциалдық теңдеулердің сызықты тәуелсіз екінші дербес шешімін анықтаудың бір тәсілі көрсетіледі. Екінші ретті туындының коэффициенті де айнымалы шама болып келетін, жалпы түрде берілген екінші ретті сызықты біртекті дифференциалдық теңдеу қарастырылды. Оның да бір дербес шешімі белгілі болған жағдайда, оған сызықты тәуелсіз екінші дербес шешімін жоғарыда көрсетілген тәсілді қолданып анықтауға болатыны көрсетілді.

**Түйін сөздер:** коэффициенттер, дифференциал, квадратура.

Қалыпты түрде берілген коэффициенттері айнымалы екінші ретті сызықты біртекті дифференциалдық теңдеуді қарастырайық

$$y'' + p(x)y' + q(x)y = 0. \quad (1)$$

Мұндағы  $p(x)$  және  $q(x)$  коэффициенттері  $(a, b)$  интервалында берілген үзіліссіз функциялар. Мұндай теңдеулердің жалпы шешімін құру үшін, алдымен өзара сызықты тәуелсіз, яғни іргелі шешімдер жүйесін құрайтын, екі дербес шешімі анықталуға тиісті [1].

Егер (1) түрдегі теңдеудің қандай да бір дербес шешімі белгілі болса, онда оған сызықты тәуелсіз болып табылатын екінші дербес шешімін табудың бірнеше айла – тәсілдері бар [2,3,4]. Соған қарамастан, біз бұл мақалада әдістемелік тұрғыда студенттер қауымына қонымды болады деген оймен, екінші дербес шешімді оңай анықтаудың тағы екі тәсілін көрсетеміз.

Сонымен (1) теңдеудің бір дербес шешімі, яғни  $y_1 = y_1(x)$  функциясы белгілі делік. Бұл дербес шешімге сызықты тәуелсіз екінші дербес шешім  $y_2 = y_2(x)$ , келесі шартты

$$y_2(x) = \alpha(x)y_1(x) \quad (2)$$

қанағаттандыруға тиісті. Мұндағы  $\alpha(x)$  коэффициенті әзірге белгісіз функция. Екінші дербес шешімнің туындылары:

$$y_2' = \alpha' y_1 + \alpha y_1'; \quad y_2'' = \alpha'' y_1 + 2\alpha' y_1' + \alpha y_1'' \quad (3)$$

Туындылардың өрнектерін (1) теңдеуге қойсақ,  $\alpha$ -ға байланысты квадратурада шешілетін екінші ретті дифференциалдық теңдеуге келеміз. Сол теңдеуді екі рет интегралдау арқылы  $\alpha(x)$  функциясын анықтаймыз.

$$\alpha'' y_1 + 2\alpha' y_1' + \alpha y_1'' + p\alpha' y_1 + p\alpha y_1' + q\alpha y_1 = 0 \quad \Rightarrow \quad y_1 \alpha'' + (2y_1' + p y_1) \alpha' = 0$$

$$\frac{d\alpha'}{\alpha'} = -\frac{2y_1' + py_1}{y_1} dx \Rightarrow \alpha' = C_1 e^{-\int \frac{2y_1' + py_1}{y_1} dx} \Rightarrow \alpha' = C_1 \int e^{-\int \frac{2y_1' + py_1}{y_1} dx} dx + C_2.$$

Интегралдау тұрақтыларын  $C_1 = 1$ ;  $C_2 = 0$  деп қабылдасақ, алатынымыз:

$$\alpha(x) = \int e^{-\int \frac{2y_1' + py_1}{y_1} dx} dx. \quad (4)$$

Ендеше, (2) шартты қанағаттандыратын сызықты тәуелсіз екінші дербес шешім:

$$y_2(x) = y_1(x) \int e^{-\int \frac{2y_1' + py_1}{y_1} dx} dx. \quad (5)$$

*1 - мысал.* Бір дербес шешімі  $y_1 = e^x$  белгілі, қарапайым  $y'' - 2y' + y = 0$  теңдеуінің сызықты тәуелсіз екінші дербес шешімін анықтау.

*Шешуі.* (5) формула бойынша

$$y_2(x) = y_1(x) \int e^{-\int \frac{2y_1' + py_1}{y_1} dx} dx = e^x \int e^{-\int (2-2) dx} dx = e^x \int dx = xe^x.$$

*Тексеру:*  $y_2' = e^x + xe^x = (1+x)e^x$ ;  $y_2'' = e^x + (1+x)e^x = (2+x)e^x$ .

$$(2+x)e^x - 2(1+x)e^x + xe^x = (2+x-2-2x+x)e^x = 0 \equiv 0,$$

демек, белгілі дербес шешімге сызықты тәуелсіз болып табылатын екінші дербес шешім дұрыс анықталған.

Практикада жиі кездесетін, екінші ретті туындының коэффициенті де айнымалы шама болып келетін, жалпы түрде берілген екінші ретті сызықты біртекті дифференциалдық теңдеуді қарастырып, оның да бір дербес шешімі белгілі болған жағдайда, оған сызықты тәуелсіз екінші дербес шешімін жоғарыда көрсетілген тәсілді қолданып анықтауға болатынын көрсетейік.

$$a_0(x)y'' + a_1(x)y' + a_2(x)y = 0, \quad (6)$$

мұндағы коэффициенттер де  $(a, b)$  интервалында берілген, нөлге тең емес үзіліссіз функциялар.

Теңдеуді  $a_0(x)$  коэффициентіне бөлу арқылы қалыпты (1) түрге келтіреміз

$$y'' + \frac{a_1(x)}{a_0(x)} y' + \frac{a_2(x)}{a_0(x)} y = 0. \quad (7)$$

Бұл теңдеудегі  $\frac{a_1(x)}{a_0(x)} = p(x)$ ,  $\frac{a_2(x)}{a_0(x)} y = q(x)$ . Олай болса (5) формуладан шығатыны:

$$y_2(x) = y_1(x) \int e^{-\int \frac{2y_1'(x)a_0(x) + a_1(x)y_1(x)}{a_0(x)y_1(x)} dx} dx. \quad (8)$$

*2 - мысал.* Жалпы түрде берілген, бір дербес шешімі  $y_1(x) = \sqrt{x^2 + 1}$  белгілі, келесі теңдеудің

$$(x^4 + 2x^2 + 1)y'' - 2x(x^2 + 1)y' + (2x^2 - 1)y = 0$$

сызықты тәуелсіз екінші дербес шешімін анықтау керек.

*Шешуі.* Бірінші дербес шешімнің туындысы:

$$y_1' = \frac{x}{\sqrt{x^2 + 1}}$$

(8) формула бойынша:

$$y_2(x) = y_1(x) \int e^{-\int \frac{2y_1'(x)a_0(x)+a_1(x)y_1(x)}{a_0(x)y_1(x)} dx} dx = \sqrt{x^2+1} \int e^{-\int dx \frac{\frac{2x}{\sqrt{x^2+1}}(x^2+1)^2 - 2x(x^2+1)\sqrt{x^2+1}}{(x^2+1)^2 \sqrt{x^2+1}}} dx =$$

$$= \sqrt{x^2+1} \int e^{-\int \frac{2x(x^2+1)^2 - 2x(x^2+1)^2}{(x^2+1)^2} dx} dx = \sqrt{x^2+1} \int dx = x\sqrt{x^2+1}.$$

Тексеру:  $y_2' = \sqrt{x^2+1} + \frac{x^2}{\sqrt{x^2+1}} = \frac{2x^2+1}{\sqrt{x^2+1}}$ ;  $y_2'' = \frac{2x^3+3x}{\sqrt{x^2+1}(x^2+1)}$ .

$$\sqrt{x^2+1}(2x^3+3x) - 2x\sqrt{x^2+1}(2x^2+1) + (2x^2-1)x\sqrt{x^2+1} =$$

$$= \sqrt{x^2+1}(2x^3+3x-4x^3-2x+2x^3-x) = 0 \equiv 0,$$

Демек, бұл дербес шешім де дұрыс анықталған.

Қорыта айтқанда, теңдеулердің сызықты тәуелсіз екінші дербес шешімін табу тәсілі, студенттерге қонымды да түсінікті әдістемелік нұсқау болуы мүмкін деп ойлаймыз.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Матвеев Н.М. Методы интегрирования обыкновенных дифференциальных уравнений. – Москва, 1967.
2. Сүлейменов Ж. Дифференциалдық теңдеулер курсы. Алматы, 1991.
3. Сыдықов А.А. «Об одной методике построения общего решения однородных линейных дифференциальных уравнений второго порядка», «Оқытудың ақпараттық технологиялары негізінде инновациялық білім беруді жетілдіру жолдары» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Шымкент. ШӘПУ. 2011.
4. Сыдықов А.А., Телемисова Ұ. «Екінші ретті сызықты біртекті дифференциалдық теңдеудің жалпы шешімін құрудың бір әдістемесі». Ізденіс №3, 2011

### Резюме

**А.А.Сыдықов**, старший преподаватель, **Г.Б.Утембаева**, студент 4 курса  
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

#### Способ определения линейно независимого частного решения линейных однородных дифференциальных уравнений второго порядка

В данной статье показан один способ определения линейно независимого частного решения линейных однородных дифференциальных уравнений второго порядка с переменными коэффициентами когда известно одно частное решение.

**Ключевые слова:** коэффициенты, дифференциал, квадратура.

### Summary

**A.A.Sydykov**, senior teacher, **G.B.Utembaeva**, 4th year student  
(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

#### A method for determining linearly independent particular solutions of linear homogeneous second order differential equations

The article deals with one way to determine the linearly independent private solutions of linear homogeneous differential equations of second order with variable coefficients when it is known one particular solution.

**Keywords:** coefficients, differential quadrature.

УДК 51 Т 133

## ОБ ИСПОЛЬЗОВАНИИ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ

**Б.С.Ханжарова**, к.п.н.,  
доцент кафедры математики  
**Ж.К.Таганова**, магистрант 1 курса  
(г. Алматы, Казахский государственный  
женский педагогический университет)

**Аннотация:** Умение собирать информацию, выдвигать гипотезу, делать выводы и умозаключения, использовать новые информационные технологии – качества, которые необходимо прививать со школы. В статье рассматриваются возможности применения новых информационных технологий в процессе преподавания математики, которые можно использовать как информационно-обучающее пособие, так и для обозначения темы урока, контроля знаний. На примере программы «Живая Геометрия» показаны возможности НИТ, которые позволяют ученикам изучать — а точнее, понимать математику такими средствами, которые просто не возможны с помощью традиционных инструментов.

**Ключевые слова:** Учитель, урок математики, информация, новые информационные технологии, компьютер, учебник геометрии, электронный учебник, программа «Живая Геометрия».

По мере информатизации нашего общества, по мере его вхождения в мировое сообщество нарастает потребность в обучении и воспитании детей, способных жить в открытом обществе, умеющих общаться и взаимодействовать со всем многообразием реального мира, имеющих целостное представление о мире и его информационном единстве. В то же время, в период бурной информатизации общества для развития человека приобретают значимость умение собирать необходимую информацию, умение выдвигать гипотезу, делать выводы и умозаключения, использовать для работы с информацией новые информационные технологии.

Информационные технологии можно использовать при ознакомлении детей с новым материалом на уроках по школьным предметам, так же их можно использовать для закрепления и повторения изученного. В частности, на уроке математики информационные технологии служат не только для того, чтобы разнообразить формы работы на уроке, но и для того, чтобы учебный материал обладал большей наглядностью, был более понятен.

Таким образом, информационные технологии могут использоваться:

- для обозначения темы урока (тема урока представлена на слайдах, в которых кратко изложены ключевые моменты разбираемого вопроса);
- как сопровождение объяснения учителя (в практике обучения школьников можно использовать созданные специально для конкретных уроков мультимедийные конспекты-презентации, содержащие краткий текст, основные формулы, схемы, рисунки, демонстрацию последовательности действий для выполнения практической части работы);
- как информационно-обучающее пособие (в обучении особенный акцент ставится на собственную деятельность ребенка по поиску, осознанию, переработке новых знаний. Учитель выступает как организатор процесса учения, руководитель самостоятельной деятельности учащихся, оказывающий нужную помощь и поддержку);
- для контроля знаний (использование компьютерного тестирования повышает эффективность учебного процесса, активизирует познавательную деятельность школьников).

Программа «Живая Геометрия» - эффективное средство для широкого спектра пользователей от - учеников от 5-го класса до студентов вуза. Хотя в основном она рассчитана на поддержку школьного курса геометрии и алгебры. «Живая Геометрия» проявляет свою полную мощь при динамической работе с евклидовой и неевклидовой геометрий, алгеброй, тригонометрией, приближенными вычислениями и расчетами. Именно динамический, визуальный метод «Живой Геометрии» позволяет ученикам приобретать необходимый опыт манипуляции математическими объектами.

«Живая Геометрия» позволяет заинтересованному математикой учащемуся проверить выполнение подмеченных закономерностей. С помощью программы можно также найти примеры, ручной поиск которых занял бы много времени или же просто невозможен. На экранах компьютеров можно увидеть точно вычерченные чертежи и графики, ручное построение которых немыслимо; построить привлекательные фракталы, заставить вращаться идеально правильные многогранники и т. п.

«Живая Геометрия» - прежде всего инструмент динамического построения. С этим связана и возможность исследования. Живая Геометрия позволяет ученикам изучать - а точнее, понимать математику такими средствами, которые просто не возможны с помощью традиционных инструментов. При этом под традиционными понимаются и обычные компьютерные средства изучения математики.

Программу «Живая геометрия» можно эффективно использовать при решении широкого круга задач различных разделов геометрии. Она обладает хорошими графическими возможностями. Овладеть основными операциями достаточно просто. Программа не требует больших ресурсов памяти ПК, требуется минимальная оперативная память.

При помощи программы УМК «Живая геометрия» можно:

1. Объяснять сложные темы и изучать теоремы.

Учебники геометрии содержат многочисленные определения, постулаты, теоремы, леммы, которые бывает нелегко понять или воспроизвести. При помощи «Живой Геометрии» удобно создавать конструкции, моделирующие условия теорем, и экспериментировать с ними. Например, при изучении темы «Применение подобия к решению задач и доказательству теорем» в 8 классе рассматривается задача: какая фигура получится, если последовательно соединить середины сторон произвольного четырёхугольника?

Работаем следующим образом:

- предлагаем учащимся построить произвольные четырёхугольники, причём как выпуклые, так и невыпуклые;
- через команду «Середина» меню «Измерения» строим середины всех сторон четырёхугольника, последовательно их соединяем;
- анализируем особенности полученной фигуры; возможно, уже сейчас учащиеся выдвинут предположения, что данная фигура является параллелограммом;
- предлагаем проверить сохранение свойств внутренней фигуры при любой форме внешнего четырёхугольника – потянем туда-сюда вершины исходной фигуры;
- для уточнения предположения с помощью меню «Измерения» вычисляем величины отдельных элементов внутренней фигуры и снова изменяем исходную фигуру, наблюдая, что происходит с измерениями;
- окончательно формулируем гипотезу.

Теперь осталось доказать сформулированную гипотезу (рисунок 1).




Рисунок 1. Иллюстрация решения задачи на выдвижение гипотезы

2. Оживлять рисунки из учебника.

Получив определенный навык работы в «Живой Геометрии», нетрудно понять, что проще и быстрее воспроизвести рисунок из учебника на компьютере, чем рисовать его на бумаге. Одному из учеников каждый урок дается задание подготовить чертежи ко всем задачам домашней работы. При этом оценивается динамичность (существование чертежа со всеми своими возможными деформациями) и соответствие чертежа условиям задачи. В качестве дополнительного необязательного задания учащиеся могут подобрать задачи по изучаемой теме из дополнительных источников, подготовить чертежи.

Таким образом, каждый учащийся может создать свой собственный электронный учебник (рисунки 2,3).





Рисунок 2,3. Иллюстрация чертежей к задачам из учебника

3. Решать экспериментальные задачи (рисунок 4). Задачи этого типа отличаются от задач на доказательство тем, что утверждение надо не только доказать, но и сформулировать. Экспериментируя с чертежом, учащийся формулирует гипотезы. После этого задача превращается в задачу на доказательство сформулированной гипотезы.

Например, при изучении темы «Площадь трапеции» полезно рассмотреть следующую задачу: площади каких трапеций равны полупроизведению их диагоналей. Обычно, таким образом сформулированные задачи, ставят учащихся в тупик, они просто не знают с чего начать решение. Программа «Живая геометрия» позволяет сначала увидеть такую трапецию, а затем установить её свойства и сделать вывод.

Ход решения задачи:

- строим произвольную трапецию;
- через команду «Площадь» меню «Измерения» вычисляем площадь трапеции;
- через встроенный калькулятор меню «Измерения» вычисляем величину, равную полупроизведению диагоналей;
- двигаем вершины трапеции, добиваясь равенства величин,
- вычисленных в пунктах 2 и 3;
- анализируем особенности трапеции, для которой равенство выполняется, выдвигаем предположение: угол между диагоналями прямой;

- проверяем предположение: с помощью меню «Измерения» вычисляем угол между диагоналями.

При необходимости корректируем чертёж, двигая вершины трапеции, и формулируем ответ на вопрос задачи (рисунок 4).




Рисунок 4. Иллюстрация решения задачи

4. Применять программу в других разделах математики.

Легко убедиться, что «Живая Геометрия» — незаменимый инструмент для изучения не только геометрии, но и вообще всех математических курсов, например, алгебры (тема «Функции и графики»). Возможности программы поистине уникальны. Как минимум, она позволяет сформировать у учащихся устойчивые знания определений и свойств рассматриваемых фигур. Рекомендуется для использования на уроках математики в V – IX классах, для внеклассной и внешкольной работы. Информационные педагогические технологии повышают мотивацию обучения и интерес детей к школе, формируют обстановку творческого сотрудничества и конкуренции, актуализируют личность ребенка, воспитывают в детях чувство собственного достоинства и уважение к национальным и культурным различиям, дают им ощущение творческой свободы и самое главное — приносят радость.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования./- М: Омега-Л, 2004. - 215 с.
2. Никифорова М.А. Преподавание математики и новые информационные технологии. // Математика в школе. – 2005. – № 7.
3. Леонтьев А.Н. Деятельность, сознание, личность.– М.: Политиздат,1975. – 304с.

## Түйіндеме

**Б.С.Ханжарова**, п.ғ.к., математика кафедрасының доценті, **Ж.К.Таганова**, 1 курса магистранты

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

## Математика сабағында ақпараттық технологияларды қолдану

Мақалада математиканы оқытуда жаңа ақпараттық технологияны қолдану мүмкіндіктері қарастырылады. Ол өз кезегінде ақпараттық оқыту құралы ретінде және сабақ тақырыбын анықтауға, білім сынауға қолданылады. «Тірі геометрия» бағдарламасының мүмкіндіктері де кеңінен қарастырылған. Сондай-ақ эксперименттік есептерді шешудің артықшылықтары көрсетілген.

**Кілт сөздер:** сабақ, математика, ақпарат, технология, компьютер

## Summary

**B.S.Hanzharova**, Candidate of Pedagogical sciences, Associate Professor, Department of Mathematics, **Zh.K.Taganova**, 1 undergraduate course

*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### **On the use of information technology for math lesson**

The article deals with the possibilities of using informative NT in the process of teaching mathematics, that can be used both informatively-teaching manual and for denotation of lesson theme and knowledge control. The ability to gather information, hypothesize, draw conclusions and inferences, to use the new information technologies - the qualities that should be inculcated in school. The article discusses the possibility of using new information technologies in the teaching of mathematics, which can be used as information and teaching guide, and to refer to the theme of the lesson, the control of knowledge. For example, the program "Living Geometry" shows the possibilities of BAT, which allow students to learn - or rather, to understand mathematics in ways that simply are not possible with traditional tools.

**Keywords:** teacher, math class, information, new information technology, computer,

**ӘОЖ 517.51**

### **БІЛІМ БЕРУДІҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ - АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

**Ж.Б.Ашимова**, *магистр, оқытушы*  
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік*  
*қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Бұл жұмыста білім берудің басты факторы – ақпараттық және коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану қарастырылады. «Ақпараттық қоғам» түсінігі өткен жүзжылдықтың 80-ші жылдары пайда болып, микроэлектронды революция әсерінен пайда болған әлеуметтік өзгерістерді сипаттайды. Еңбек ең басты жүйелейтін фактор ретінде болған «Қоғамның синонимдері» (Р.Дарендорф) ақпараттық қоғам «супериндустриалдық қоғамның» орнына (О. Тоффлер), ал «постиндустриалдық қоғам» (Д.Белл), еңбек басты «посткапиталистік еңбек» түсініктерінің орнына келді.

**Түйін сөздер:** білім беруді ақпараттандыру, коммуникациялық құралдар, ақпараттық технологиялар.

Ақпараттандыру дамыған елдердің әлеуметтік-экономикалық прогрестің бастаушы тенденциясы ретінде, адамзаттың барлық іс-әрекеттерінің объективті процесі болып табылады, соның ішінде білім жүйесінде де [1].

Қоғамдық ақпараттандыру – телекоммуникациялық құралдар мен қазіргі ақпараттық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылатын әртүрлі ақпаратты қолдану, сақтау, алмастыру, жинау қызметті ерекшелігі бар ғаламдық әлеуметтік процесс болып табылады. Ол әртүрлі бағыттарда, соның ішінде компьютерлік сауатсыздықты жою, ақпараттандыру мәдениетін құруда өте көп күшті қажет етеді. Көптеген ғалымдардың пікірінше, қоғамды ақпараттандыру мыналарды қамтамасыз етеді:

а) ғылыми, өндірістік және т.б. салалардың мүшелеріне реттелген қоғамның әрдайым көбейіп отыратын интеллектуалдық потенциалын қолдану;

б) еңбек қызметін өрістету, өндірістің барлық саласын ұйымдастырып, дамытушы, ақпараттық, ғылыми және өнеркәсіптік технологиялар интеграциясы;

в) ақпараттық қызмет етудің жоғарғы дәрежесі, кез-келген қоғам мүшесінің ақпараттық ресурстарға қол жете алуы, ұсынылған ақпараттың визуальдылығы, қолданылатын ақпараттың болуы [2,3,4,5].

Қазіргі қоғамның ақпараттандыру процесінің негізгі бағыттарының бірі керекті шарттар мен жалпы Қазақстандағы маңызды ақпараттандыру кезеңіндегі білімнің ақпараттануы болып табылады. Білімді ақпараттандыруды анықтайтын әртүрлі амалдар

бар. Мысалы, Ресейлік педагогикалық энциклопедияда білімді ақпараттандыру кең мағынада-ақпараттық өнімнің технологияларымен қамтылған білім жүйесімен байланысты әлеуметтік-педагогикалық ағарту кешені [6].

А.А.Андреев және В.И.Солдаткин білімді ақпараттандыруды жинау, өңдеу, сақтау, тарату және ақпаратты қолдану мақсатында интеграцияланған процестермен бағдарлама-техникалық қажеттіліктерінің әдістер жүйесі деп түсінеді [7].

Л.И.Холина және Э.Г.Скибицкийдің пікірінше, білімді ақпараттандыру – бұл білім жүйесінің интенсивті функциялану мақсатында қазіргі ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялардың қажеттіліктер арқылы ақпаратты беру және білім жүйесіндегі мүшелердің ақпаратты жедел алмастыру, жедел жинауды қамтамасыз етуге, өңдеуге, жүйелеуге, жинауға, сақтауға бағытталған бір-бірімен тығыз байланысты күрделі жүйелер кешені [8].

Білімді ақпараттандырудың басқа да анықтамалары бар. Бұл процестің жан-жақтылығын ғалымдардың әртүрлі зерттеулерінен көруге болады. Олардың ұқсастылығы немесе жалпылығы мынада: қоғамды ақпараттандыру өндіріске, ізденуге, алмастыруға, сақтауға, өңдеуге, тираждауға бағытталған.

Ғалымдардың пікірінше қазіргі ақпараттандырудың негізін үш техникалық жетістіктер құрайды.

1) машина оқушы құралдарда ақпараттың жаңа ортасының пайда болуы (магниттік ленталар, магниттік дискілер, оптикалық компакт-дискілер және т.б.).

2) уақыт пен арақашықтыққа қарамастан әлемнің кез келген жеріне ақпаратты жеткізу, тұрғындардың ауқымды байланыс жүйелермен қамтамасыз етілуі (радио, теледидар, спутниктік байланыстар, факстар, модемдер, телефондық байланыстар, ғаламтор және т.б.).

3) берілген алгоритмдер бойынша компьютерлік технологиялар көмегімен ақпаратты автоматизациялық өңдеу мүмкіндігі (талдау, классификациялау, керекті пішімге келтіру және т.б.)

Қоғамды ақпараттандырудың мақсаты мәдениетті оқыту, ғылыми ақпаратқа еркін қол жеткізу үшін педагогикалық үрдістегі қатысушының интеллектуалдық қызметін интенсификациялау болып табылады. Ол келесі бағыттарда жүзеге асуы мүмкін [9]:

- оқушы тұлғаның дамуы, ақпараттық қоғам шеңберінде өзіндік қызметті даярлау;
- компьютермен қарым-қатынастың ерекшеліктерінің арқасында конструктивті, алгоритмдік ойды қалыптастыру;
- репродуктивті қызметтің азаюына байланысты шығармашылық ойлаудың дамуы;
- бірігіп жасаған жобалардың негізінде коммуникативтік мүмкіндіктерін қалыптастыру;
- қиын жағдайларда қолайлы шешімдер қабылдауды үйрету; (компьютерлік ойындар мен тренажер бағдарларымен жұмыс істеу барысында);
- ақпараттық мәдениетті қалыптастыру (мәліметсіз, жүйелік және локальдік, мәтіндік, графикалық, кестелік редакторлардағы ақпараттарды қолданған кезде жанарту, түзетуді жүзеге асыруды үйрету);
- қазіргі қоғамды ақпараттандыру үшін әлеуметтік ұсыныстарды өткізуді қалыптастыру;
- ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласындағы мамандардың біліктілігін жоғарылату (дайындық, қайта дайындық);
- дәстүрлік және қашықтық оқу бойынша педагогикалық және ақпараттық технологиялармен оқушының өзіндік жұмысын даярлау;
- ақпараттық және коммуникациялық технологиялар мүмкіндіктері арқасында оқу процесінің сапасы мен тиімділіктерін жоғарылату;
- оқушылардың оқу-таным қызметінің дамуын қолдану;

- әртүрлі пән аумағындағы есептерді шешкенде қазіргі ақпаратты өңдеу құралдардың арқасында пән аралық тереңдету (компьютерлік модельдеу, локальдік және мәліметсіз желі).

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар білім жүйесінде педагогикалық процеске жаңаша қараудан бөлек, ғылыми-методологиялық ақпарат, оның талдауы және жаңаруы үшін қажет ғылыми-әдістемелік аппаратын береді, ал оқуды компьютерлендіру процесі – білім берудің басты факторларының бірі болып табылады. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар білімді тарату әдістеріне өзгеріс енгізіп қана қоймай, білімнің өзіне де өзгеріс енгізеді. Сондықтан да білім берудің маңызы мен педагогикалық процеске өзінің әсерін тигізеді (талдау, жоспарлау, болжам, бақылау, ұйым т.б.).

Ривер Фоле Кэрл Бэглидің пікірінше, ақпараттық құралдар көмегімен мына түсініктер жүйесі қалыптасқан кезде ғана, ақпараттық құралдар білім жүйесінде маңызды, құнарлы болады:

- білім беру процесінің болуы (оқу және оқыту);
- ақпараттық ортада оқытушы мен оқушының арасындағы интеллектуалдық – эмоционалдық қатынас;
- оқушы мен оқытушының жұмыс орындарының ақпараттық және коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілуі [4].

Білімді ақпараттандыру ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың кейбір қосымша қасиеттерін толығырақ қолданылуын қамтамасыз етеді. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың қосымша мүмкіндіктері:

- әрбір тұлғаға өзінің жеке білімдік траекториясын жасауға мүмкіндік беретін ашық оқу жүйесін жасау;
- оқу-тану процесін жүйелік ойлау жолына аудару, ауыстыру арқылы түпкілікті өзгерту;
- білімнің ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етілу жүйесін құру;
- оқушылардың оқу процесінде оқу-тану қызметін ұйымдастыру;
- компьютердің өзіне тән қасиеттерін қолдану.

Оған жататындар: педагогикалық процеске жүйелік әрекет арқылы базаланушы тану процесін ұйымдастыру; оның жеке-даралылығы; принципіалды жаңа тану құралдарын қолдану және ұйымдастыру; әртүрлі дәрежедегі қашықтан оқу білім жүйесін құру, дамыту.

Ақпараттандыру құралдарының техникалық базасының дамуы ғылыми-педагогикалық бағыттар және оларды білім жүйесінде қолдану жұмыстары жасалды.

Қазіргі кезде педагогикалық процесі ақпараттандыру негізгі үш бағыт арқылы жүзеге асырылады: білім мекемесін басқару, ғылыми-зерттеу жұмысы, білім процесінің қатысушыларының құралдарын дамыту.

Білімді ақпараттандырудың негізгі бағыттары бір-бірімен тек қана бір объектімен және жалпы мақсаттармен ғана байланысты емес. Олар көп жағдайда бір-бірін толықтырып тұрады. Олардың әрқайсысы қолдану әсерін анықтайтын өзіндік есептері, критерийлері және ескертулері бар.

Көп жылдық зерттеулерден көретініміз, педагогикалық процесіте ақпараттық және коммуникациялық технологиялар қолданудағы көптеген әсерді оқыту жүйесінің компоненттерімен тығыз байланыстыру арқылы көруге болады. Сонымен қатар В.И.Загвязинский жұмыста ақпараттандыру құралдарын сәтті қолдануды анықтайтын фактор – педагогтың оларды қолданудағы ғылыми-әдістемелік жұмыстары болып табылады деп есептейді. Оның пікірінше, бұл келесі сұрақтарды шешуді міндеттейді: дидактикалық қасиеттерге ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың техникалық мүмкіншіліктерімен сәйкес оқыту мазмұнын саралау.

Оқытудың сәйкес дидактикалық міндеттерін құру – оқыту топтарын құру, жеке сабақтар және өздік жұмыстарды ұйымдастыру.

#### 1. Оқытудағы ақпараттандыру құралдары.

2. Оқыту мекемелерін басқару.
3. Материалдық-техникалық, қаржылық және басқалармен қамтамасыз етуді есепке алу.
4. Оқыту процесін басқару.
5. Оқыту мекемелеріндегі ғылыми-техникалық жұмыстар.
6. Әртүрлі пәндерді беру.
7. Инновациялық әрекеттерді құру және ұйымдастыру.
8. Инновацияны құруда ақпаратты өңдеу процесін автоматизациялау.
9. Оқыту процесінің мүшелерінің құралдарын дамыту.
10. Әртүрлі кадрларды дайындау.

Жоғарыда айтылған бағыттарды дұрыс шешкен кезде дистанциондық оқытудың жүйесін жасауға және дамытуға болады, оның техникалық және дидактикалық-әдістемелік базасын құру міндеттерін анықтайды.

Қашықтан оқытудың жүйесінде ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың келесі түрлері қолданылады: электрондық пошта бойынша телеконференциялар; мейл-серверлер; электрондық тақта жариялары; жедел режимдегі телеконференциялар; электрондық кітапханалар; электрондық пошта арқылы ақпарат базасына қол жету, дыбыстық пошта; бейнетаспалар; электронды оқулықтар; лазерлік дискілер, теледидарлардан дәрістердің берілуі; телефон байланысымен дәрістердің теледидарлардан трансляциялануы; телеконференциялар [10].

А.А.Андреев және В.И.Солдаткин қазіргі кезде үш негізгі топқа топтасқан: аудио, видео және мәтін ақпараттық технологиялар тізіміне 19 ат бойынша кіреді деп есептеді [7].

Ақпараттық құралдар өзінің дидактикалық қасиеттері бойынша оқыту жүйесінің барлық құрамдас бөлігіне белсене әсер етіп (мақсаттар, білімнің мазмұны, ұйымдастыру формалары және тағы басқалар), аса күрделі және дидактиканың өзекті міндеттерін құрып шешуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, ақпараттық технологияларды дәріс, семинарлар оқуда, лабораториялық жұмыстар, консультация, емтихандарда қолдануға болады. Бұл сұрақтардың шешімін білім беретін мекеме ғана емес, сонымен қатар, барлық қоғам да комплексті түрде шешуін талап етеді. Бұл: ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы оқушының әртүрлі ақпаратты сауатты қолдануын қалыптастыруға мүмкіндік береді; әрбір оқушыны белсенді танымдық процеске тартады.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Психолого-педагогический словарь для учителей и руководителей образовательных учреждений. – Ростов н/Д.: Изд-во «Феникс», 1998. - 544 с.
2. Веряев А.А. Семиотический подход к образованию в информационном обществе. Монография. – Барнаул: Изд-во БГПУ, 2000. – 298 с.
3. Лапчик М.П. Информатика и информационные технологии в системе общего педагогического образования. Монография. – Омск: Изд-во Омского гос. пед. ун-та. – 1999. – 294 с.
4. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учеб. пособие для студ. пед. вузов и системы повыш. квалиф. пед. кад. /Е.С. Полат, М.Ю. Бухаркина, М.В. Моисеева, А.В. Петров; Под ред. Е.С. Полат. – М.: Академия, 1999. – 224 с.
5. Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы; перспективы использования. – М.: «Школа-Пресс», 1997. – 205с.
6. Российская педагогическая энциклопедия: В 2 тт./Гл. ред. В.В. Давыдов. –М.: Большая Российская энциклопедия, 1993. – Т. 1. – 608 с.
7. Андреев А.А, Солдаткин В.И. Дистанционное обучение: сущность, технология,

организация. – М.: Изд-во МЭСИ, 1999. – 196 с.

8. Холина Л.И., Скибицкий Э.Г. Образовательное пространство составляющая информатизации образования//Качество образования: концепции, проблемы качества, управление: Тез. Всерос. научно-методич. конф./Под общ. ред. А.С. Вострикова. – Новосибирск: Изд-во НГТУ, 1998. – Ч.1. – С. 184-186.

9. Загвязинский И.В. Теория обучения: Современная интерпретация: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. – 2-е изд., испр. – М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 192 с.

10. Тихонов А.Н., Иванников А.Д. Технологии дистанционного обучения // Высшее образование в России. – 1994. – № 3. – С. 3-10.

### Резюме

**Ж.Б.Ашимова**, магистр, преподаватель

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

### **Информационные и коммуникационные технологии – главный фактор образования**

В статье раскрывается понятие «информационного общества», его место в системе образования на основе современных компьютерных технологий. Активное применение информационных и коммуникационных технологий (ИиКТ) в образовании позволяет не только по-новому взглянуть на педагогический процесс, но и дает необходимый научно-методологический аппарат для их анализа и обновления, а компьютеризация процесса обучения является одним из главных факторов содержания образования.

**Ключевые слова:** информационные технологий, коммуникативные средства, информатизация

### Summary

**Zh.B.Ashimova**, master, the teacher

(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

### **Information and communication technologies - a major factor in education**

The article deals with the modern computer and communication technologies as the main factor of teaching in the education system. Active use of information and communication technologies (IiKT) in the formation of not only a new look on the pedagogical process, but also provides the necessary scientific and methodological apparatus for analysis and updates, and the computerization of the learning process is one of the main factors of educational content.

**Keywords:** information technology, communication tools, information

ӘОЖ 519.6; 622.011.4.

## **VISUAL BASIC ОРТАСЫНДА МӘЛІМЕТТЕР ҚОРЫН ЖОБАЛАУ ПРИНЦИПТЕРІ**

**Ж.Ж. Қожамқұлова**, ф.-м.ғ.к.,

аға оқытушы

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік

қыздар педагогикалық университеті)

**Аңдатпа:** Мақалада VISUAL BASIC ортасында мәліметтер қорын жобалау принциптері қарастырылған. Мәліметтер қорына қойылатын талаптар, мәліметтер қорын жобалау кезеңдері келтірілген. Бүгінгі күнде Microsoft Visual Basic - Windows үшін әлемдегі ең танымал қосымшаларды жоспарлау жүйесі. Visual Basic орталығы оңай қосымшаларды құру, бағдарламалау құпияларын тану үшін жаңа тұтынушыларға

қиындық тудырмайды, сонымен қатар, тәжірибелі бағдарламашылар жұмысына мықты құрал болып табылады. Visual Basic-пен жұмыс істеуді кез келген дайындық деңгейінде бастауға болады.

**Түйін сөздер:** VISUAL BASIC-те бағдарламалау тілі, мәліметтер қоры, жобалау принциптері, ActiveX Data Objects, ADO технологиясы.

VISUAL BASIC өзін инструменттердің үлкен жиынтығын пайдалана отырып, пішіндер мен графикалық объектілерді көрнекі құрастыруға болатын графикалық орта ретінде ұсынады. VISUAL BASIC-те бағдарламалау тілі ол көпке таныс BASIC стандарттық тілінің кеңейтілген версиясы.

Қазіргі кезде Windows-те жұмыс істейтін қолданбалы қосымшалар жасауда Visual Basic және Object Pascal (Delphi) технологиялық тілдері кеңінен қолданылып келеді. Windows-те жұмыс істейтін қосымшалардың қолайлылығы – пайдаланушы компьютерге командаларды экранда көзге көрініп тұратын батырмаларды түрту арқылы беріп, нәтиже ала алатындығында.

Visual Basic бағдарламасының компоненттері және олардың негізгі сипаттамалары:

TextBox, Label, List және CommandButton компоненттерін қолданып қосымша жасау.

TextBox – қосымшаға әртүрлі ақпарат енгізу және шығару үшін қолданылатын компонент. Қосымша орындалғанда бұл өрісте жазылған мәтін редакцияланады.

TextBox-тің негізгі қасиеттері: Name –объектіге ат беру, Text – өріске мәтін енгізу.

Alignment – мәтінді сол жақпен, оң жақпен немесе ортамен түзету.

Label – ақпаратты шығару үшін қолданылады. Көптеген қасиеттері *TextBox*-ке ұқсайды, ал одан өзгешеліктері: мұнда қосымша орындалғанда мәтін редакцияланбайды, бұл объектіні батырма ретінде де пайдалануға болады.

Label-дің өзіне тән қасиеттері: *Caption* – жазу орнату. Бұл қасиетке мән беру кезінде кез келген әріптің алдына & амперсенд белгісі қойылса сол әріптің асты сызылып тұрады. *AutoSize* – объектінің шекара өлшемдерін жазудың ұзындығына байланысты горизонталь бағытта автоматты түрде созатын бульдік шама. *WordWrap* – объектінің шекара өлшемдерін вертикаль бағытта созу. *BolderStyle* – жазу алаңының түрін өзгерту, бұл қасиеттің мәнін *1- FixedSingle* шамасына орнатса жазу алаңы *TextBox* секілді өзгереді, бірақ ондағы жазу редакцияланбайды.

ListBox компоненті бірнеше мәтіндік қатарлардан тұратын тізім жасау үшін қолданылады. ListBox- тің негізгі қасиеттері: *List* – қатарға мән беру немесе оның мәнін анықтау. Тізім қатарлары мәндерін қасиеттер терезесінде және программалық код терезесінде толтыруға болады. Тізімнің алғашқы қатарының нөмірі 0-ге тең болады. *ListIndex* – толтырылған тізімнен қатардың нөмірін анықтау. *ListCount* – тізімдегі қатарлар санын анықтау. *Column* – тізімді бірнеше бағандарға бөліп көрсету мүмкіндігін орнатады.

CommandButton компоненті батырма жасау үшін қолданылатын объектілердің бірі. CommandButton-ның негізгі қасиеттері: *Caption* - батырмаға жазу орнатады; *BackCokor* – батырмаға түс беру; *Picture* – батырмаға сурет қою; *DisabledPicture* – батырманың өшірілген күйінде ғана көрінетін сурет орнату; *Down Picture*-батырманың басылған күйінде көрінетін сурет орнату; *Style*-объектінің жоғарыда айтылған графикалық мүмкіндіктерін орнату; (*BackCokor*, *Down Picture*); *Cancel* – ESC пернесін қолдану мүмкіндігін орнату; *Default*-ENTER пернесін қолдану мүмкіндігін орнату.

Енді осы қарастырған компоненттерді пайдаланып жоба жасау жолдарын қарастырайық. Visual Basic бағдарламасында қайталану және тармақталу алгоритмдерін жобалау. Қайталану процестерін ұйымдастыру үшін мынадай операторлар қолданылады.

1. For K=m To n Step p

Цикл денесі

Next K

Цикл параметрі алғашқы мәні мен соңғы мәнінің арасында жатса цикл денесі орындалады, әйтпесе цикл тоқтап, басқару циклден кейінгі операторға беріледі.

2. While K<n

Цикл денесі

Wend

While операторындағы шарт орындалғанша цикл денесі орындалады, әйтпесе цикл тоқтап, басқару циклден кейінгі операторға беріледі.

3. Do While  $K < n$

Цикл денесі

Loop

Do While операторындағы шарт орындалғанша цикл денесі орындалады, әйтпесе цикл тоқтап, басқару циклден кейінгі операторға беріледі.

4. Do Until  $K < n$

Цикл денесі

Loop

Do Until операторындағы шарт орындалмаса цикл денесі орындалады, ал шарт орындалса цикл тоқтап, басқару циклден кейінгі операторға беріледі. Сондай-ақ Visual Basic процедураларында цикл операторын қолданып цикл ішіндегі цикл ұйымдастыруға болады.

VISUAL BASIC алгоритмдеу негіздерін игеруге және Windows бағдарламасы ерекшеліктерін оқып-үйренуге өте сай келеді, сондай-ақ кез келген тұрпаттағы қуатты қолданбалар жасау үшін барлық мүмкіндігі бар.

Мәліметтер қоры бұл ақпараттарды сақтауға арналған ұйымдастырылған құрылым. Алғашқы кезде, яғни, мәліметтер базасы түсінігі қалыптаса бастаған жылдары, бұл базаларда тек қана мәліметтер сақталып жүрді. Бірақ бүгінгі күнгі мәліметтер базасын басқару жүйелері (МББЖ) өз құрылымында тек қана мәліметтерді ғана емес, сонымен қатар тұтынушылармен немесе басқа да программалық-ақпараттық кешендермен қарым-қатынас жүзеге асырылатын әдістерді де (яғни, программалық код) орналастыруға мүмкіндік береді. Осылайша біз қазіргі заманғы мәліметтер базасында тек ғана мәліметтер ғана емес, сонымен бірге ақпарат та сақталатындығын айта аламыз.

Мәліметтер қоры – бұл алдымен кестелер жиынтығы, мәліметтер қорына процедуралар және басқа объектілер қатары кіреді. Кестені қандай да бір объектілер жиынның атрибуттары бар екі өлшемді кесте ретінде елестетуге болады. Кестенің аты идентификатор болады, ол арқылы оған сілтеме жүреді. Кестенің бағандары сол немесе басқа объектілердің характеристикаларына, яғни өрістерге сәйкес келеді. Әрбір өріс сақталған мәліметтердің аты мен типі арқылы сипатталады. Өрістің аты – идентификатор. Ол әртүрлі программалардағы мәліметтерді манипуляциялау үшін қолданылады. Өрістің аты латын әрпімен жазылады. Өрістің типі мәліметтер өрісінде сақталғандардың типтерін сипаттайды. Ол жол, сан, үлкен текстер, кескіндер т.с.с. болуы мүмкін.

Мәліметтер қоры төмендегідей талаптарды қанағаттандырады:

1. Мәліметтер тәуелсіздігі – бұл принципті екі жақты анықтауға болады.

а) Мәліметтер өзгертілгенде осы мәліметтерге қолданылған программа өзгертілуі міндетті емес.

ә) Мәліметтер қорымен жұмыс жасайтын барлық программа басқа программадағы өзгертулерден оқшауланған болуы тиіс.

1. Мәліметтер қорында мәліметтер мүмкіндігінше қайталанбауы тиіс, яғни, артық мәлімет болмайтындай етіп, сақтауды ұйымдастыру.

2. Жан-жақты байланысты орнату және қолдау. Мұндай байланыстар қандай да бір файлды әр түрлі қолданбалы программалардан шақыруды ұйымдастырады.

3. Үзіліссіз дамытылуы, яғни, барлық уақытта мәліметтер өзгертіліп және кеңейтіліп отыру мүмкіндігі бар.

4. Мейлінше аз шығындану, яғни, жадыдан көп орын алмау.

*Мәліметтер қорын жобалау кезеңдері*

Мәліметтер қорын жобалауда мәліметтерді ұйымдастыруды үш кезеңде: ақпаратты – логикалық (инфологиялық), даталогиялық (концептуалдық) және физикалық деңгейлерде

қарастыру қабылданған. Бұл деңгейлерге пәндік саланың инфологиялық, концептуалдық және физикалық модельдері сәйкес келеді.

Мәліметтер қорын құратын және оларға сұрауды өңдейтін бұл - мәліметтер қорын басқару жүйелері болып табылады. Дербес МҚБЖ бір компьютерде орындалатын жеке мәліметтер қорын құруды қамтамасыз етеді. Жеке МҚБЖ – Paradox, dBase, FoxPro, Access. Комплекстік мәліметтер қорын программалаудың ортасы көмегімен құруға болады. Мысалы, Delphi, Visual Basic т.б.

Visual Basic ортасы Access, FoxPro, Dbase, Paradox форматындағы мәліметтер қорымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда қолданылатын мәліметтер қоры «клиент-сервер» архитектурасымен жұмыс істейді. Visual Basic ортасында клиент-сервер архитектурасымен жұмыс істеу үшін ADO (ActiveX Data Objects) технологиясы қолданылады, бұл мәліметтер қорына ену әдістерін қамтитын жаңа технологиялардың бірі.

ADO технологиясын Access, Oracle, SQL, және т.б. мәліметтер қорына қосылу үшін қолдануға болады. Бұл технологияда МҚ-на тез және ыңғайлы түрде қосылуға мүмкін беретін OLE DB жаңа механизмі қолданылады. ADO технологиясында OLE DB драйверлері бар кез келген МҚ-на қосылу мүмкіндігі бар.

VB қосымшаларында ADO технологиясын жүзеге асыру үшін үш түрлі құрал қолданылады:

1. ADO Data Control
2. ADO Connection Object (МҚ-на қосылуды жүзеге асыратын объект)
3. ADO Recordset Object (жазбалар жиынтығы мен жұмыс істеуге арналған объект)

ADO Connection Object және ADO Recordset Object объектілері DLL – кітапханалар болып табылады. Сондықтан олармен жұмыс істеу типтер кітапханасына сілтеме жасау көмегімен іске асады, яғни қасиеттер, әдістер, оқиғалар және мәліметтер типтері осында орналасқан.

Visual Basic ортасында мәліметтер қорын, кестелерді құру және оларды өңдеу үшін Visual Data Manager қосымшасы қолданылады. Мәліметтер қорында сақталатын буманы көрсетіп мәліметтер қорына атау бергеннен кейін оның құрамына кіретін кестелер, индекс, кілттік өрістер құруға болады.

Visual Basic ортасында мәліметтерді кесте режимінде көру үшін DataGrid, FlexGrid, DataBoundList компоненттері, ал форма режимінде көру үшін ListBox, TextBox, ComboBox компоненттері қолданылады.

Visual Basic ортасында мәліметтер қорымен байланыс орнату үшін ADO Data Control 6.0 басқару элементін қолданамыз.

Мәліметтерді өңдеу үшін SQL құрылымдық сұраулар тілі қолданылады. Мәліметтерді таңдап алуда Select операторы қолданылады. Бұл оператор SQL операторы тілінің негізгі операторы болып табылады, ол күрделі критерийлерді қанағаттандыратын жазбаларды таңдап алуда қолданылады. Visual Basic ортасында Crystal Reports pro программасының көмегімен есептерді құруға болады. Бұл программаны қолдану үшін оны алдымен компьютерге орнату керек.

Crystal Reports pro программасы орнатылғаннан кейін Visual Basic-ті іске қосамыз. AddIns менюінен ReportDesigner программасын таңдаймыз. Ашылған диалогтық терезеде жаңа есепті құру үшін File-New компонентін орындаймыз. Есеп шебердің көмегімен құрылады. Шебердің жұмысы бірнеше қадамнан тұрады. Барлық қадамды орындағаннан кейін есепті алдын ала көру режимінде көруге болады. Егер есеп өз қалауымызша шықпаса, оған әртүрлі түзетулер енгіземіз. Ол үшін design жапсырмасына көшеміз. Бұл бөлім есептің құрылымын өзгертуге мүмкіндік береді. Яғни, бұл жерде өрістің орналасу ретін ауыстыруға, әртүрлі шрифт түрлерін таңдауға, артық өрістерді жоюға, графикалық бейнелерді орналастыруға және т.б орындауға болады. Есеп кеңеймесі rpt түрінде сақталады. Есепті қосымшада қолдану үшін стандартты емес элементті (Crystal Report) жобаға қосу керек.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тим Андерсон. Visual Basic «Шаг за шагом». – Москва, 1997. – 223 б.
2. К.З.Халықова, Б.Ғ.Бостанов, А.Р.Тұрғанбаева Объектілі бағдарланған программалау жүйелерінің негіздері. – Алматы, 2005.
3. Д.П. Мак-Манус. Обработка баз данных на Visual Basic 6.0.М, С-П, Киев, 2000. – 396 б.

#### Резюме

**Ж.Ж. Кожамкулова**, к. ф.-м.н., старший преподаватель

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

#### Принципы проектирования базы данных в среде Visual basic

В этой статье рассматриваются принципы проектирования базы данных в среде Visual basic. Также приведены основные условия при проектировании базы данных. Работу с Visual Basic можно начать в любой стадии готовности. А так же рассмотрены технологии ActiveX Data Objects, ADO и этапы проектирования базы данных в среде Visual basic.

**Ключевые слова:** язык программирования, принципы проектирования, технология, ActiveX Data Objects, ADO, VISUAL BASIC

#### Summary

**J.J. Kozhamkulova**, candidate of Physics and Mathematics sciences, senior teacher

(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

#### Principles of database design in VISUAL BASIC medium

This article deals with the principles of database design in the environment of Visual basic. Also given the condition in the design of the database. Working with Visual Basic, you can start at any stage of readiness. And as discussed ActiveX Data Objects technology, ADO and stages of database design in Visual basic environment.

**Keywords:** programming language design principles, technology, ActiveX Data Objects, ADO, VISUAL BASIC

## ФИЛОЛОГИЯ– PHILOLOGY

ӘОЖ 371.98-004

А37

### ШЕТ ТІЛІ САБАҒЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

**Ж.М. Ақынова**, 2 курс магистранты  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)

**Аңдатпа:** Бұл мақалада заманымыздың басты талабы болып отырған ақпараттық – технологиялардың, әсіресе интерактивті әдістің ЖОО-ғы шет тілін оқыту үрдісіндегі қолданылуы жайлы басты мәселелер айтылады. Әлемдік деңгейдегі білім берудің қазіргі парадигмасы білім беруде нәтижеге бағдарлану, оқытуды студенттің жеке тұлғасына бағытталу, ал оқыту әдістерін тұлға аралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып отыр. Демек, студент білімді дайын күйінде оқытушы түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық «жаңалық» ашуы шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әр түрлі өнімдер жасауы тиіс. Нәтижесінде студенттің дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасуы керек.

**Түйін сөздер:** парадигма, дүниетаным, интерактивті әдіс, субъект, әлеуметтік тәжірибе.

Елбасының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек» десе, осы жолдаудың III тарауы, он сегізінші бағытының жетінші тармақшасында: «Ақпараттық технологиялар мен ақпаратты таратудың жаңа нысандарына бағытталған мамандарылған білім беру бағыттарын құру міндеті де алдымызда тұр» делінген.

Әлемдік деңгейдегі білім берудің қазіргі парадигмасы білім беруде нәтижеге бағдарлану, оқытуды студенттің жеке тұлғасына бағытталу, ал оқыту әдістерін тұлға аралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып отыр. Демек, студент білімді дайын күйінде оқытушы түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық «жаңалық» ашуы шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әр түрлі өнімдер жасауы тиіс. Нәтижесінде студенттің дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасуы керек. Біздің ел дамудың демократиялық жолын таңдауына байланысты, бүгінгі таңда қоғамды шешім қабылдауға тартудың маңызы арта түсті. Осы бағытта студенттердің белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдер интерактивті деп аталып жүр. Бұл әдістерді қолдану сырттай өте жеңіл көрінгенімен, өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары да бар.

Интерактивті әдістер оқытушының оқытуды қандай шеберлікпен ұйымдастырғанынан көрінеді. «Интерактивті әдістер» жоғары оқу орындарының студенттерінің шет тілін оқуда өзара әрекет етуіне жағдай жасайтын тәсілдер, ал «интерактивті оқытуды» өзара әрекеттесуге негізделіп құрылған оқыту деп түсінуге болады. Интерактивті әдістердің мәні – әрбір студенттің студентпен өзара белсенді байланыста болып, оқытушымен бірлесіп отырып, компьютермен жұмыс жасап, оқу танымдық нәтижеге жетуі.

Бұл әдістер барысында студенттерді тұлға ретінде қалыптасуға бірден-бір әсер етеді. Оқытушы мен студент бірлесіп оқи отырып, субъект ретінде болады. Оқытушының ролі көбінесе оқу үрдісін ұйымдастырушы, топ басшысы, студенттердің ынта ықыласын белсенді етуші қалпында көрінеді.

Интерактивті оқыту әдістері студенттердің өз өмір тәжірибесіне, біліміне сүйенуіне негізделген. Сондықтан да олар сабақта ынтымақтастық педагогикасының жүзеге асуына, бірлесіп әрекет етуге, сабақта жайлы да жағымды психологиялық жағдай орнауына мүмкіндік жасайды. Шетел тілі сабағы қызықты да түсінікті болуы оқытушының шеберлігі мен ізденімпаздығына тікелей байланысты.

Жоғары оқу орындарында интерактивті әдістер арқылы оқытудың басты мақсаты – студенттердің білімін жетілдіру үшін қолайлы орта орнату. Яғни, өзара қарым-қатынас арқылы өз пікірлерін ортаға салу, өзін еркін сезіну, басқалардың көзқарасымен санасу, сұрақ-жауап арқылы білімін бекіту, сонымен бірге тілдік қорын бекітуге мүмкіндік жасалады.

Шетел тілінде интерактивті оқыту әдістерінің жоғарыда айтылғандардан басқа да бірқатар жетістіктерін атап өтуге болады. Мәселен:

- ақпаратты терең меңгеруге мүмкіндік береді;
- тыңдау дағдысын қалыптастырады;
- қарым-қатынасқа түсуге, сол арқылы әлеуметтік тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді.

Шетел тілі сабағын оқытуда жиі қолданатын пікір-талас, дөңгелек үстел, рөлдік ойындар, диалог құру т.б. әдістер жоғары белсенділікті дамыту әдістерінің қатарына жатады. Бұл әдістерді қолдану барысында үйретушіде, үйренушіде белсенді қарым-қатынасқа түседі.

Интерактивті әдіс барлық студенттердің пікірін бірдей ескереді, онда айтыған барлық пікір маңызды болып табылады. Интерактивті әдісті қолданатын оқытушылардың айтуы бойынша, тек қана ақпарат беріліп, оны талқыға салмай бірден жаттығуға көшетін топтарда оқытушылардың сөзі студент есінде нашар сақталады. Сонымен қатар олардың ойынша мұндай жағдайларда балаларға көбіне құнды ресурстарды, яғни топтарының идеяларын пайдалануға мүмкіндік берілмейді. Зерттеулерге сүйенсек, «біз істеген нәрсеміздің 80 %-ын, оқығанымыздың 20%-ын, ал естігеніміздің 10%-ын есте сақтайды екенбіз». Мұнда қазіргі демократиялық қоғамға қажетті белсенді араласу дағдыларының үлгілері мен дамуы талап етіледі.

Интерактивті әдіс оқыту процесінде студенттерді бірігіп белгілі бір мәселені шешуге, белгілі бір әрекетке өз жауапкершілігін сезініп, белсенді болуға және осы кезде өз қиялын, ой-өрісін, шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге бұл әдіс студенттерді жұп болып, бірігіп жұмыс жасауға, жұмыс жасай отырып, өзгелерге көмек көрсетуге үйретеді. Сонымен қатар бұл ұғым тәсіл ретінде төмендегідей талаптарға сай келеді.

- Ақпаратты терең игереді, өйткені оны ой елегіне өткізеді.
- Студент өзін-өзі еркін және ыңғайлы сезінетін өрісті қалыптастырады, тілді оқып үйрену ниетін арттырады.
- Студенттің жеке тұлғасына тікелей әсер етіп, танымдық, шығармашылық қабілетін оятады.

– Топ студенттерімен жасалатын жұмысты түрлі формада (жұптық, топтық, ұжымдық) өткізуді қамтамасыз етеді.

- Ойлауды белсендіреді.
- Ынтымақтастықпен әрекет етуге үйретеді.
- Тыңдау дағдысын қалыптастырып, өзгені тыңдай алады.

Әрине мұндай тәсілді қолдануда кездесетін қиындықтар да жоқ емес. Себебі әр студенттің ойлау қабілеті, жылдамдығы, білім деңгейі, ақпаратты меңгеруі бірдей жағдайда емес. Осыдан келіп студенттердің алдында шынайы және психологиялық қиындықтар туындайды. Шынайы қиындық:

- берілген тапсырма дұрыс ұйымдастырылмаған жағдайда;
- жүріп жатқан әңгіме студентке қызық емес болса;
- әңгімені тыңдамағандықтан сөйлей алмаған жағдайда туындайды.

Ал, психологиялық қиындық шынайы қиындыққа қарағанда жиірек кездеседі. Студент мұндай жағдайда көбінесе үнсіз қалады. Яғни:

- студент өз ойын білдіру үшін көмекші сөздерді, тілдік құралды таба алмағандықтан үндемейді;

- оқытушы мен топ алдында сөйлеуге қысылғандықтан үндемейді;

- өз білім дәрежесінің төмен екендігін көрсеткісі келмегендіктен үндемейді.

Мұндай жағдайда студентті сөйлеу үшін оған қысым көрсетпей, оған сөйлеу үшін ыңғайлы, қолайлы мүмкіндік туғызылуы керек, студентті өз әрекеттерін тыңдай білуге үйрету керек. Оқытушы алдымен студенттерді сөйлеуге үйретуде, соның ішінде тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруге ұмтылуын, студенттерге өз іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру үшін оған сай ниетін оятып әрі оқу атмосферасын орната білуі керек. Ал, мұндай атмосфераның орнауына Н.В.Гавриленконың төмендегі пікірлерімен толықтай келісуімізге тура келеді.

Біріншіден, шетел тілін оқытуда интерактивтік тәсілді қолдану кезінде қойылатын талаптың, жасалатын жұмыстың оқу процесіне сай болуы керек. Талап тым жоғары болса, оқуға деген қызығушылық жойылады, ал төмен болса, жалығуға әкеліп соқтырады.

Екіншіден, жұмыс түрлері, онда қолданылатын оқу құралдары, жаттығулар студенттердің білім деңгейіне, жас ерекшеліктеріне сай болуы керек.

Үшіншіден, студенттер жіберген қателерін оқытушы көмегімен өздері табуы керек.

Студенттер әр түрлі болады. Олардың бірі оқытушының айтқанын жылдам ұғып алады, енді біріне материалды ұғу үшін қосымша түсіндірмелер мен мысалдар қажет болады. Мұндай студенттер нақты нені түсінгенін ұғына алмай сұрақ қоюға жасқанады. Осындай жағдай студенттерді топқа немесе жұпқа біріктіріп, оларға ортақ тапсырма беріп, ол тапсырманы орындау барысында әрбір студентке жеке рөлдер мен міндеттер атқаруды талап етсе, онда әр оқушының өз жұмысына жауапты болып, жалпы жұмыс нәтижесінде қол жеткізуге ұмтылатын жағдаят пайда болады. Сондықтан да білімі төмен студенттер үлгерімі жоғары студенттерден өзіне түсініксіз болған жерді сұрап, ал үлгерімі жақсы студенттерден топтың жеңіп шығуын ойлап, барлық студенттердің, әсіресе білімі төмен студенттердің нәтижелі жұмыс істеуін көздейді. Осылайша студенттер қиындықтың алдын алады.

Жалпы шетел тілі сабағында қолданылып жүрген рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, пікір талас, студенттердің баяндамалары мен ақпараттық хабарлары, дәріс-диалог, тренинг, дөңгелек үстелдер, ұжымдық – танымдық оқу, иммитация әдістері осы жоғары белсенділікті дамыту әдісінің интерактивті әдіс белгілері болып табылады. Сабақты ұйымдастырудың топтық-үлестірме түрлерін қолдану арқылы іс-әрекетті талқылау, қарама-қарсы қайшылықты мәліметтер беру арқылы пікір таласын тудыру студенттердің мәнге деген ықыласын, ынтасын арттырады.

Сабақ барысында қолданылған төмендегі бір-екі мысалға көңіл аударайық:

Белгілі бір өтілетін тақырыпты пысықтау мақсатында оқушыларды үш топқа бөліп, оларға негізгі тақырыпқа байланысты («Festivals» тақырыбын алайық) тақырыпшаларды береміз:

1 топқа : «Christmas»

2 топқа : «Halloween»

3 топқа : «Pancake Day».

Әр бір топ өздеріне берілген тақырыпшалар бойынша ассоциограмма жасайды. Ассоциограмманың көмегімен топ студенттер бірігіп, өздеріне берілген Ұлы Британияның мейрам түрлері жайлы толық мағлұмат бере отырып, өз мемлекетімізде тойланатын мейрамдармен салыстырып ұқсастықтары мен ерекшеліктерін ашып айта білулері керек. Сонымен қатар әр топқа қойылатын талап тақырыпқа байланысты жаңа сөздер мен сөз тіркестерін көбірек пайдалану және талқылауға топ студенттердің түгелдей қатысуын қадағалау. Соңында оқытушы топтарға бірін-бірі бағалауға мүмкіндік беріп, өзінің қойған бағасымен қорытындылай отырып, әр топтың ортақ бағасын шығарады. Осы тәрізді

тәсілді грамматикалық жаттығуларды орындату кезінде де пайдаланған өте тиімді. Мұндай жағдайда топ оқушылары әр бір ұпай үшін күреседі. Себебі грамматикалық тұрғыдан әрбір дұрыс жасалған сөйлем оларға ұпай әкеліп отырады. Тапсырманы орындау кезінде студенттер өздерінің бар білгендерін топ мүшелерімен бөліседі. Бұл кейбір грамматикалық материалдарды түсінбей жүрген студенттерге үлкен көмегін тигізеді.

Ал, мәтіндермен жұмыс жасау кезінде студенттердің берілген мәтінді кемінде екі рет оқығандары дұрыс. Бастапқыда олар мәтінге тек көз жүгіртіп, жалпы идеяны немесе басты проблеманы түсіне алады, ал одан соң мұқият көңіл бөліп бастан аяқ оқып шығады. Бұлайша жасау талқылаудың алдында тұжырымды логикалық тұрғыдан қайта пысықтауға көмектеседі.

Сабақ уақытын мейілінше үнемді пайдалану үшін мәтінді үйден оқып келуді тапсырған дұрыс. Тағы бір көңіл аударуға кететін жағдай интерактивті әдіс тәсілдің маңызды көрсеткіштері деп оның тәрбиелік жағын да айта кеткен жөн. Топпен жұмыс істеу студенттердің бірін-бірі тануына, тыңдау мен пікір алысу мәдениетінің қалыптасуында да өз әсерін тигізеді. Қорыта айтқанда, интерактивті тәсілдің ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған тапсырмаларды орындау студенттерге оқытылып отырған тілдің практикалық тұрғыдан қолдану нәтижесін, жемісін көруге мүмкіндік береді және осы жағдай олардың шетел тілін оқып үйренуге деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар оқушылар әрекетін белсендіру, оқу материалдарын, оқыту әдістері мен тәсілдерін жетілдіру сияқты негізгі педагогикалық мәселелерді іске асырады.

Интерактивтік әдістің дәстүрлі оқытудан айырмашылығы: көздеген мақсатында, мәнінде, мазмұнында, дамытудың негізгі факторында, оқытушының ролі мен атқаратын қызметінде, әдіс-тәсілдерінде, студенттердің білім алу белсенділігінің түрінде, оқу үрдісі мүшелерінің әрекеттестік ерекшеліктерінде, олардың қарым-қатынас сипатында, танып-білу үрдісін ұйымдастыру түрлерінде т.б.

Интерактивтік әдіс – күрделі құрылымды тәсіл және біртұтас педагогикалық жүйе. Оның нәтижесінде әр тәрбиеленуші өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдайлар жасалады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мектептегі шет тілі // Республ. әдістемелік журнал //– Алматы, 2012. №6 (60).
2. Қазақстан мектебінде // Республ. әдістемелік журнал //– Алматы, 2012. №3 (33).
3. Мектептегі шет тілі // Республ. әдістемелік журнал //– Алматы, 2012. №2(44).
4. Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған Университетінің Хабаршысы - 2012/1.
5. Мектептегі шет тілі // Республ. әдістемелік журнал //– Алматы, 2010. №1 (43).
6. Мектептегі шет тілі // Республ. әдістемелік журнал //– Алматы, 2008. №2 (32).
7. Мектептегі шет тілі // Республикалық әдістемелік журнал //– Алматы, 2012. №3 (57) Б.2.

### Резюме

**Ж.М.Ақынова, магистрант 2 курса**

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### **Использование интерактивных методов обучения на уроках иностранного языка**

В статье затрагиваются важнейшие проблемы современного мира в плане развития информационных технологий, а также эффективное использование интерактивной методики обучения в высших учебных заведениях. Представленный выше опыт работы использования интерактивных методов при обучении языкам, показывает, что применение технологий и проектной методики обогащает ученика и учителя. Такой метод обучения формирует интерес у студентов к языку, способствует более эффективному усвоению

учебного материала, содействует развитию социокультурного образования, обогащает коммуникативный опыт.

**Ключевые слова:** парадигма, познание, интерактивный метод, субъект, опыт

### Summary

**Zh.M.Akynova**, *undergraduate 2nd year*

*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### Using interactive methods of teaching foreign language lessons

This article deals with the important problems of the modern world concerning the development of interactive technologies. Also it shows the effective usage of the interactive methods of teaching foreign language in the higher educational institutions. The above experience of using interactive methods for teaching languages, shows that the use of technology and design methodologies enriches the student and teacher. This training method generates interest among students to the language contributes to more efficient assimilation of educational material, promote the development of socio-cultural education, enriching communicative experience.

**Keywords:** paradigm, knowledge, interactive method, the subject, the experience

**UDK 372.811.111.1**

**И434**

## IMPROVING ENGLISH LANGUAGE TEACHING THROUGH THE PROJECT WORK

**Kh.Ilieva**, *the master*

*(c Almaty, Kazakh State Women's  
Teacher Training University)*

**Abstract:** Project work creates connections between the foreign language and the learner's own world. It encourages the use of a wide range of communicative skills, enables learners to exploit other fields of knowledge, and provides opportunities for them to write about the things that are important in their own lives. It is widely recognized that one of the most important benefits of learning a foreign language is the opportunity to learn about other cultures. However, it is important, particularly with an international language like English, that this is not a one-way flow.

**Keywords:** project work, project-based learning, cross-curricular work, communication, translation, scope of mind.

Successful language learning can be achieved when students have the opportunity to receive instruction, and at the same time experience real-life situations in which they can acquire the language. In Kazakh schools project work is not a new methodology, but it is very motivating for both teachers and students.

Project work is not a new methodology. Its benefits have been widely recognized for many years in the teaching of subjects like science, geography, and history. So some teachers have been doing project work in their language lessons for a long time, but for others it is a new way of working. A project is an extended task which usually integrates language skills work through a number of activities. These activities involve working towards an agreed goal and may include planning, the gathering of information through reading, listening, interviewing, etc., discussion and processing of the information, problem solving, and oral or written reporting, and display. Project learning, also known as project-based learning has been promoted within ELT for a number of reasons. Learners' use of language as they negotiate plans, analyze, and discuss information and ideas is determined by genuine communicative needs. At the school level,

project work encourages imagination and creativity, self-discipline and responsibility, collaboration, research and study skills, and cross-curricular work through exploitation of knowledge gained in other subjects.

*What benefits does project work bring to the language class?*

Pupils do not feel that English is a chore, but it is a means of communication and enjoyment. They can experiment with the language as something real, not as something that only appears in books. Project work captures better than any other activity the three principal elements of the communicative approach. These are:

–concern for motivation, that is, how the learners relate to the task;

–concern for relevance, that is, how the learners relate to the language.

–concern for educational values, that is, how the language curriculum relates to the general educational development of the learner.

Firstly, project work is very personal. Secondly, project work is a very active medium. It is a kind of structured playing. Students do not just receive and produce words, but they also learn through doing.

*Integration of language with other skills.* Project work creates connections between the foreign language and the learner's own world. It encourages the use of a wide range of communicative skills, enables learners to exploit other fields of knowledge, and provides opportunities for them to write about the things that are important in their own lives. It is widely recognized that one of the most important benefits of learning a foreign language is the opportunity to learn about other cultures. However, it is important, particularly with an international language like English, that this is not a one-way flow.

The purpose of learning a foreign language is to make communication between two cultures possible. English, as an international language, should not be just for talking about the ways of the English speaking world. It should also be a means of telling the world about your own culture. Project work helps to create this approach.

*Language and culture in the project approach*



*Cross-curricular studies.* Cross-curricular approaches to learning languages are encouraged. For language teaching this means that students should have the opportunity to use the knowledge they gain in other subjects in the English class. Project work clearly encourages this and promotes a sense of achievement. Finally, project work gives a clear sense of achievement in different fields of studying.

*Examples of project work .* In my first internship students have done a great deal of projects from mini-project to big projects. As cross cultural mini-projects, group projects called «Images of Kazakhstan», «Kazakhstan Sightseeing Tour», «A successful person» were carried out. These projects involved:

– collecting information,

– drawing pictures, maps, diagrams, and charts,

- cutting out pictures,
- arranging texts and visuals,
- colouring,
- presenting information in poster format,
- preparing Power Point presentations,
- giving presentations.

In these projects students had the opportunity to use the knowledge they had gained about other subjects in the English class. Project work clearly encourages this. So, the projects required the knowledge of the history and traditions, culture and politics of Kazakhstan and others countries. Projects called «Russian and Kazakhstan Educational Systems at the Crossroads: Kazakhstan and Russia in the 21st century» and «Kazakhstan and Russian Values the Crossroads: Kazakhstan and Russia in the 21st century» were carried out by 10-th grade students.



The main aim of the projects was to study and understand how the traditional values of Kazakhstan and Russia have developed and affect various aspects of life in these countries. The other subject of the project research is the need of new national values for both countries in the 21st century. As the 21st century begins, the nations of the world are caught up in a whirlwind of change. Should Kazakh people and Russians adopt new values in the new world?

We chose these subjects because people are naturally curious about each other, about life and lifestyle in different countries. The most interesting and hard to answer questions are:

- What do the people believe in?
- What do they value most in life?
- What motivates them?
- Why do they behave the way they do?

In this project they tried to find answers to the questions. In the project students studied and found significant factors influencing Russian and Kazakhstan history, life and tradition values and beliefs in both countries; the contrast of values developed in completely different cultures has been shown.

The main aim of our research was to show the people's point of view on the subject of Russian and Kazakhstan values, the need for the emergence and adoption of new ones. The project covered such issues as:

- Traditional Kazakh and Russian values.
- The Kazakh religious heritage compared with Russian religious heritage.
- Government and politics in Russia and Kazakhstan.
- Education in Russia and Kazakhstan
- Leisure time: organized sport and television.
- Family and the role of the family in society.
- The need for new values in the new 21st century world.

The method of this research was a sociological poll among different groups of people in Kazakhstan. Several questionnaires for different issues to be studied were prepared and asked. Then the results of the poll were analyzed. The outcome was presented in the form of tables and diagrams as part of the project.

In the final part of the project the students arrived at the conclusion that as our world moves into the 21st century the Kazakh and the Russian people and their values have reached another historic crossroads. We can be certain of only one thing, namely that the rapid pace of change will continue. The demands of the 21st century may compel us to create and adopt new great values to respond to these changes as the events of the 21st century unfold.

This work included some translation work. A lot of the source material for projects (magazine articles, interviews, texts from reference books, etc.) was in the mother tongue, i.e. Kazakh. The material in the project provided useful translation activities. In the project the students had to interview people in their native language but report their findings in English. Then writing followed, finally there were plenty of opportunities in different stages of work on the projects for learners to practice oral skills. Project work should be seen as a chance to practice the most difficult of all skills – writing, collecting information, analyzing and systematizing the findings.

The sub skill which was acquired by the students during the projects work was development of presentation skills.

*Conclusion.* Projects based learning has a lot of advantages. Working on projects, mentioned above, students had an opportunity to practice and learn English language and at the same time they gained a lot of new information and developed various important skills. For example, while preparing group projects called «Images of Kazakhstan», students developed such sub skills as creating posters, presenting information in different visual forms and self assessing. Group projects «Kazakhstan Sightseeing Tour» were very interesting and the work on them involved a lot of research on Kazakhstan is gets and their history, Kazakh cultural heritage. Also students learnt how to present Kazakhstan and its culture and traditions to people from different countries and in addition they gained such important skills as being cross-cultural mediators and tour guides for foreign tourists. During creative work on this project students earned valuable sub skills in collecting information from various sources, analyzing and systematizing their findings. As well students learnt how to present the results of their research effectively in the form of tables and diagrams.

So, this method is more effective because it enlarges the students' vocabulary, develops their critical thinking, enlarges their scope of mind, gets them involved in the educational process and makes them active.

## REFERENCES

1. Haines S. Projects for the EFL Classroom: Resource materials for teachers. – Walton-on-Thames: Nelson, 1991. – 108p.
2. Phillips D., Burwood S., Dunford H. Projects with Young Learners. – Oxford: Oxford University Press, 1999. – 160p.
3. Brumfit C. Communicative Methodology in Language Teaching. The Roles of Fluency and Accuracy. – Cambridge: Cambridge University Press, 1991. – 500p.
4. Fried-Booth D. [Project Work](#). – Oxford: Oxford University Press, 1990. – 89p.
5. Hutchinson T. Introduction to Project Work. – Oxford: Oxford University Press, 1996. – 400p.
6. [http://en.wikipedia.org/wiki/Project Work](http://en.wikipedia.org/wiki/Project_Work).

Түйіндеме

**Kh. Piieva**, магистр

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

**Жобалық жұмыс арқылы ағылшын тілін оқытудың тиімділігін арттыру**

Ағылшын тілі сабағында жобалық жұмыстың маңызы зор. Берілген мақала жобалық оқыту технологиясының әдіс-тәсілдерін үйрету, сабақтар барысында және сабақтан тыс уақытта оқушылардың жоба жұмыстарын ұйымдастыру тәжірибесін талдау, оның тиімділігін қарастырады.

### Резюме

**Х.Илиева, магистр**

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

Значение проектной технологии на уроках иностранного языка огромно. Данная статья посвящена проектной технологии на уроках английского языка. В статье рассматриваются основные понятия: проект, ученический проект, виды проектов используемые в школе на уроках иностранного языка.

**Ключевые слова:** проект, урок, технология обучения, метод

ӘОЖ 372.65

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**А.А. Умирбекова, 2 курс магистранты**

*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Бұл мақалада жоғары оқу орындарында шетел тілін оқытудағы ақпараттық технологияларды қолданудың тиімді жолдары қарастырылған. Ғылым мен техниканың кең дамыған заманында, оқыту үрдісінде жоғарғы оқыту мектептерінде ақпараттық технология—ең негізгі және көкейкесті жүйе деп қарастырылады. Бұл жүйенің кең мүмкіндіктерін қолдану арқылы студенттердің қарым-қатынас құзіреттілігі іс-әрекет барысында қалыптасады. Оқыту мазмұнының ғылыми негізін меңгеру іс-әрекет әдістерімен байланысты.

**Түйін сөздер:** компьютерлік, дидактикалық, электрондық оқулық, әдістемелік-программалық комплекс.

Кез келген іс-әрекет түрін меңгеруде оның психологиялық теориясымен орындау, әрекет ету, операция кезінде байқалады. Мысалы, сөйлеу әрекетін оқушы немесе студент шынайы қарым-қатынас барысында меңгереді. Оны компьютерлік телекоммуникация құрайды. Демек, студент басқа тілді серіктесімен (жазбаша немесе ауызша) шынайы диалогқа түседі. Бұл тікелей лингвистикалық және мәдени танымдық құзіреттіліктерін байқатады. Сондай-ақ, үйреніп отырған шетел тілінің мемлекеттік мәдениетімен танысуға мүмкіндіктер алады. Оқыту үрдісінде Интернетті қолдану мынандай мақсаттарды шешеді:

- сабақтың мазмұнын жүйеге қосуға (оқыту бағдарламаларын кіріктіруге);
- жоба бойынша жұмыстарда өз бетінше мәліметтер ізденуге;
- өз бетінше шетел тілін үйренуге және терең меңгеруге;
- экстернеттің біліктілік емтихандарына өз бетінше дайындалып, тапсыруға;
- оқытушының жетекшілігімен арнайы курсты, шетел тілін қашықтықтан оқуға;
- шет тілінде қарым-қатынас жасаудың жаңа формасы ретінде;
- білім, білік, дағдының арақашықтығын анықтауда т.б.

Шетел тілін үйренуде Интернет мүмкіндіктерін пайдалану жоғарыда айтылғандай студенттердің өзбетімен тіл меңгеріп, ізденулеріне мол мүмкіндіктер береді. Интернеттің басты артықшылығы, оның тегіс қамтитын мәліметтер қызметін көрсетуі. Интернетті дүниежүзі бойынша тұтынушылар арасында сәлемдеме мен файлдар алмасу үшін және

әлемнің қай жерінен болмасын мәліметтер алу үшін де қолдануға болады. Интернет барлық коммуникация және тарату құралдарын, компьютер мен телефон, радио мен видеотармақтарды бір «Кибер кеңістікке» байланыстыра қосуға атсалыса ұмтылуда.

Интернет жүйесін білім саласында қолдана отырып, білім беруді ақпараттандырудың жолдарының бірін саралауға болады:

– Оқу-іс әрекетінің инновациялық құралы;

– Білімді басқару жүйесінің компоненті;

– Студент пен оқытушының ғылыми-зерттеу, ізденушілік, оқу-әдістемелік, шығармашылық жұмыстарын жетілдірудің құралы.

Оқу-іс-әрекетінің инновациялық құралы ретінде интернет желісін күнделікті сабақ үстінде пайдалануға болады. Бірінші кезекте оларға электрондық басылымдар: электрондық оқулықтар, мультимедиялық оқу-құралдары мен әр түрлі құрылғыларға жазылған электрондық жазбалар жатады.

Компьютерлік дидактикалық программалардың соңғы жетілдірілген түрі – электрондық оқулық. Электрондық оқулық оқу курсы өз бетінше игеруге мүмкіндік беретін әдістемелік-программалық комплекс. Қазіргі таңда электрондық оқулықтар кең өріс алуда. Оның себебі Қазақстан Республикасындағы білімді ақпараттандыру жүйесін әрі қарай дамыту процесін оқып үйренудің ақпараттық ресурсы болып табылатын оқытуға арналған программалық құралдарды дайындамай жүзеге асыру мүмкін емес.

Оқу материалдарын ұтымды игерудегі электрондық оқу құралдарының атқаратын ролі зор, онда пәндегі теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі. Теориялық материалдар графикалық иллюстрация түріндегі әртүрлі суреттер, сұлба-тәсілдер арқылы толықтырылып отырса, онда теориялық білімді оқып, көзбен көріп, түсініп, мида бекіту үрдістері бір уақытта өтіп отырады да, материалдарды қорыту үрдісі ұтымды болады. Білімді басқару жүйесінің компоненті ретінде интернетті қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруда қолдануға болады. Бүгінде жоғары және үздіксіз білімге деген сұраныстың артуына байланысты білім берудің түрлі мақсаттағы құрылымдары пайда болуда. Осындай құрылымдардың бірі – қашықтықтан білім беру жүйесі алдыңғы қатарлы елдерде ырғақты түрде дамып келеді.

Қашықтықтан оқыту – ЭЕМ желілерінің, әсіресе Интернет желісінің арнайы қамтамасыздандыру программалары арқылы білім беру саласына енуін бейнелейді. Қашықтан оқытуды іске асырудың негізгі құралдарының бірі компьютерлік дидактикалық программалар болып табылады. Қашықтан оқыту үшін сәйкес программамен қамтамасыз етілген мультимедиялық компьютер мен интернет желісіне кіру мүмкіндігі қажет. Бұл оқу мобильді, дәстүрлі, интернационалды және білім алу арзанға түседі. Қашықтан оқыту болашақта білім деңгейін жақсарту үшін жоғары оқу орындарының кадрларды қайта даярлау ісінің озық мамандарының тәжірибелерін кеңінен таратып, солардың дәрістерін, әдістемелік құралдарын компьютерлік желілер, компьютерлік дискілер арқылы қалың көпшілікке таралады.

Соңғы жылдары дүние жүзі елдерінің университеттері компьютерлік телекоммуникация технологиясын қашықтан оқыту мақсатында қолдану мүмкіншілігіне назар аударды. Сондықтан да қашықтан оқыту ісінде дүние жүзіндегі телекоммуникациялық жүйелерді кеңінен қолдану жөнінен көптеген тәжірибелер жинақталған. Әсіресе, интернет желісін, теледидар каналдарындағы тікелей көрсетілімдерді, қазіргі заманғы телекоммуникациялық технологияларды кеңінен қолданатын оқу жүйелерінің алатын орындары ерекше.

Компьютерлік телекоммуникацияның жетілуі – дүние жүзінде информатика мен ақпараттық технологияның пайда болуымен қатар болған елеулі өзгеріс. Телекоммуникацияның білім беру саласына оның ішінде шетел тілі пәндерін жүргізуде ықпалы айтарлықтай маңызды. Студент телекоммуникациялық компьютерлік құралды пайдалана отырып, тест сұрақтары мен тапсырмаларына жауап беріп жөнелте алады. Жай жағдайда электрондық почта арқылы жіберуге, ал күрделірек болса интернет арналары

бойынша жөнелтілетін арнаулы электрондық интерактивтік формаларын толтыруға болады. Бұл студент жауаптарын өңдеу үрдісін автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Сондықтан, жоғарыда келтірілген қашықтан оқытудың әртүрлі варианттары мен модельдеріне сүйене отырып, біздің жоғары оқу орындарында компьютерлік телекоммуникация базасындағы қашықтан оқытуды ұйымдастыруды жүзеге асыруға болады.

Студент пен оқытушының ғылыми-зерттеу, ізденушілік, оқу-әдістемелік, шығармашылық жұмыстарын жетілдірудің құралы ретінде Интернет жүйесін пайдаланудың маңызы өте зор. Себебі, қазіргі таңда ғылым мен техниканың даму қарқыны оқу – ағарту саласының оқыту үрдісіне жаңа технологиялық әдістер мен қондырғыларды кең көлемде қолдануды қажет етуде.

Шетел тілі пәндерін оқыту үрдісінде күнделікті сабақта видео-аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Мұндай қондырғылар тілді үйренушілердің қызығушылықтарын арттырып, зейін қойып тыңдауымен қатар, түсінбей қалған сәттерін қайта көріп, тыңдауға және алған мағлұматтарын нақтылауға мүмкіндік береді. Студенттердің өздері де алынған ақпаратты дискетке, бейнетаспаға көшіріп алып, онымен өз ыңғайына қарай жұмыс жасай алады. Оның тиімділігін мынадан көруге болады:

- қашықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- білім сапасына әсер етуі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйренуге қажеттілігі;
- студенттің ой-өрісін дүние танымын кеңейтуге ықпал етуі.

Шетел тілін үйренуде Интернет жүйесін қолдау көптеген мүмкіндіктер береді. Нақтырақ айтқанда сайт мекен-жайлары арқылы кез келген тиісті тақырыпты таңдап алуға болады. Мысалы, Интернетте «Шағын мәтіндер. Шығармалар. Өлеңдер. Диалогтар. Әлемтану. Сөздіктер. Менің елім, т.б» бөлімдері бар. Міне осы секілді ауқымды мәліметтерді алу арқылы студент оқу әрекетінде, сөздікпен жұмыстар жасауға, емтиханға дайындалуда жұмыс істеу дағдылар қалыптасады.

Сондай-ақ, оқытушылар тілді меңгеруде Интернет жүйесін пайдалана отырып, әлемдегі оқыту программаларын бақылай отырып, оларды өз пәндерінде пайдалануға мүмкіндіктер алады.

Жалпы қорыта айтқанда, оқыту үрдісінде сонымен қатар шетел тілі пәндерін жүргізгенде білім саласында Интернет жүйесін пайдалану студенттердің сапалы нәтижелерге жетуге көптеген мүмкіндіктер берері сөзсіз.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Баймұхамедова С. Жаңа ақпараттық технологиялар. Оқу құралы. Алматы, 2003 ж.
2. Ботағариева Г. Интернетті пайдаланудың маңызы // Қазақстан мектебі. – 2007. – №7/8.
3. Кусаинова Л.К. Интернет в учебном процессе // Білім кілті. – 2006. – №3.
4. Байгушева К. Интернет – технологии в образовании шаги навстречу // Высшая школа Казахстана. – 2002. – № 4.
5. Әбішева Л. П., Исатаева Ұ.Б. Интернет жүйесін білім саласында қолданудың маңызы. – Шымкент. – 2003.

### Резюме

**А.А. Умирбекова, магистрант 2 курса**

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

**Эффективность цифровых технологии при обучении иностранным языкам**

В статье рассматриваются рациональности информационных технологии при изучении иностранного языка в высших учебных заведениях. При изучении студентами иностранных языков использование интернета дает большие возможности для усвоения языка в совершенстве. Значение интернета особенно важно при написании научных и творческих работ. В заключении, интернет помогает студентам достигнуть поставленных целей и дает плодотворные результаты.

**Ключевые слова:** компьютер, дидактика, электронный учебник, комплекс.

### Summary

**AA Umirbekova, undergraduate 2nd year**

*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

#### **The efficiency of digital technology in the teaching of foreign languages**

This article tells us about rational use of informational technologies in learning foreign language at the university. Internet is the best source of knowledge for students while they are learning a new language and it gives a lot of opportunities to improve their language. Internet is very important for writing scientific and research works. In conclusion, internet can help students to achieve their goals and give good results.

**Keywords:** computer, didactics, electronic textbook, complex.

ӘОЖ 8 (574)-92

### АҚАН ҚОРАМСАҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК КЕСТЕЛЕРІ

**Б.С. Сарбасов, ф.ғ.к., доцент м.а.**

*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Бұл мақалада автор Ақан шығармаларының көркемдік ерекшеліктерін ашуға жан-жақты талдау жасайды. Мәселен, ақынның «Торыны таңға байлап мінген қандай», «Біздің көңіл қайда жатыр», «Майда қоңыр», «Көкжендет», «Сырымбет», «Ақ көйлек», «Сұлу қызға», «Ғашық жарға» т.б. әндері мен өлеңдеріндегі көркемдік құралдарды айқындайды. Ақанның лирикалық шығармалары – әдемілік пен махаббаттың асыл өрнектері, поэтикалық образдардың сарқылмас көзі.

**Түйін сөздер:** Ай қабақ, алтын кірпік, жазық маңдай, қыр мұрын, ақша бет, Иран бағындай, қасың қара, шашың сүмбіл, ақ қайран.

Қазақта қатар аталатын өнер иелері бар, олар сал-серілер. Сал-серілер өз дәуірінің, өз өркениетінің жоғары мәдениетті адамдары болғанын олардың өмірлері мен өнерлерінен байқаймыз. Олар бірнеше өнерді бойларына біріктірген, сазды ән тудырған сазгер де, терең ойлы, сұлу сөз иесі – ақын да, сонымен бірге шебер орындаушы да бола алды. Ән де, сөз де – олардың өз жандарын тебірткен шығармашылық толғаныстан туындайтын тасқын. Ең алдымен мұнда ой бірлігі тұр. Ерекше дарын иесінің жалындап жанған біртұтас оты бар, екіншіден осы шығармашылық жалынды халқына жеткізе білетін орындаушылық шеберлік те бір бастарынан табылып отырды. Басқаша айтсақ, өнердегі үш таған тектес дүние, бірақ бәрінің тамыры бір, ақыл, жүрек, дауыс біріге отырып туғызатын тұтастық.

Қазақ халқының сазгерлік, әншілік өнеріне өріс ашқан алыптар көп. Сол өнер жұлдыздары шоғырының шырқау биігінде тұрған дарынды тұлға – Ақан сері. Ақан өнеріндегі оқшау танытар әншілік мінез, ішкі иірім алшақтығы, сыртқа тепсіне шығар әуез ажарының бөлектігі байқалмай қалмайды. Ақан сері әндерінде басқа ажар, оқшау сипатты биязы мінез бар. Ақан серінің әдеби мұраларының ғұмыры ұзақ. Өйткені, онда туған

халқымен бірге жасай берер қайталанбас сырлы да мұңлы ішкі иірім, сыртқы сымбаты ғажап үйлесім бар.

«Ақанның туындыларының тағы бір сұлу сипаты – елдің сол дәуірдегі өмірін өлеңдерімен, әсіресе, өзінің өмірімен суреттей білуі. Өмірді өлеңмен ғана емес, өзінің өмірімен суреттей білу ірі жанды адамның ғана қолынан келмек» [1, 340].

«Ақан лирикалары – өмірге, болашаққа құштар жанның сезіміне, үлкен жүрек сеніміне суарылған асыл жырлар. «Торыны таңға байлап мінген қандай», «Біздің көңіл қайда жатыр», «Майда қоңыр», «Көкжәнет», «Сырымбет» өлең-әндерінің пафосы қандай жігерлі. Мұқалу, қажу дегеннің ізі де жоқ. Керісінше, өмірге құштар, өжеттік пен жігерліліктің символы дерлік асқақ жырлар. Шалқар көңілдің жадыраңқы бейнесін танытарлықтай аспан әлемінде шарықтайды. Халық бойындағы қайраттың көрінісін де сездіргендей өктем де өршіл. Ақын жүрегінің тынымсыз дүрсілі, тасқан көңілінен жар құлатар дауылдай даусы естіліп-ақ тұрғандай. Ол аспанды шарпып, жартасты жалмап, бір орнығатын тулаған толқын бейнелі. Шиыршық атқан өршіл де, өктем жыр. Барлық кездің де оқушысын елжірете, елегізгер құдіретті поэзия» [2, 284].

Ақ түлкі өзенді өрлеп талда жатыр,  
Оралдың ақ иығы айда жатыр.  
Сезімнің әр ширегі мың ділдәлық,  
Әр қарпі алуа-шекер балдай татыр.  
Баласын ақ тұйғынның бөктергі алып,  
Қапаста ақ тұйғыным торда жатыр.

Келтірген осы шумақтардың өзінен-ақ ақын поэзиясына тән пафос танылғандай емес пе? Ақын бойын кернеген армандар аясы, сенім, сезім серпіндері көзге соғып, көңілге қонарлықтай.

Ақанның ақындық құдіреті оның шығармаларының мәнділігінде ғана жатқан жоқ. Соған қоса, ақын поэзиясының көркемдік өрнектері де айқын. Асылы, ол поэзиясының мазмұны мен түрін берік біріктіре білген. Айтар ойына сай образды сөздерді сұрыптап, таңдап орынды қолданған. Өзіне дейінгі қазақтың байырғы қара өлеңі формасын бұлжытпай пайдаланған. Оны ақын жасырмайды: «Салғанда қара өлеңге тілім майда» – деп, өзіне қолайлы түр тапқан ақын өз жүрек сезімін толғап, кестелі нақылдар ұсынған. Мәселен:

Су шықпас қазғанменен тау басынан,  
Қазақтың дау кетпейді сау басынан.  
Жолдасы сыр айтысқан жау боп шықса,  
Ер жігіт жаңылады тәубасынан...  
Көк құтан мойнын созып қаз болмайды,  
Шөл-құмайт көк шалғынды саз болмайды.

Халық ақындары қолданған *арнау*, *толғау*, *айтыс*, *жар-жар* жанрларын дамыта отырып, олардың да мазмұнын байытып, мәнін зорайтқан, тілін ұстартқан. Бұрын-соңды жасаған қазақтың неше бір ақындары үлгісінде адамның жас ерекшеліктерін де өлеңге қосқан. «*Жастық шақтар*», «*Кәрілік*», «*Жиырма бес*» өлеңдерін шығарып, адамның балалық дәуірінен бастап, жігіттік кезі, одан кейін қартайған шағы толғанады. Басқаны қайталамай, өзіндік сөз айшықтары арқылы адамның өсу жолын бейнелейді.

Ақан кейде халық өлеңдерін өзінің жаңа әндеріне текст есебінде де қолданады. Осыдан барып, ақынның әндері халықтық болып, елге сіңісіп кеткен. Бұған «Алай көк» әніндегі шумақтар куә боларлық. Оның бір шумағын келтіре кетелік:

Ұшып жүрген әуеде қара шыбын,  
Қолдан шыққан нәрсенің бәрі шығын.  
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,  
Аман-есен жүрмісің, қарашығым.

Келтірген шумақтың негізі Ақанға дейін де, одан кейін де халық репертуарында өмір сүріп келеді.

Ақан қандай өлең түрін қолданса да, оның өлеңі шығарған әніне жан беріп, тыңдаушының құлақ құрышын қандырады. «*Көк жендет*», «*Қара торғай*» т.б. әндерінің өзі-ақ бұған дәлел. Тек бұлар ғана емес, Ақанның серілік әуеніндегі көп өлеңдері осындай. Аңшылықты, мылтықты, мергендікті, жүйрік тұлпарды, құмай тазы, қыран құстарды қазақтың қара өлеңімен-ақ әндетіп, тамаша суреткерлік танытады. Сұлулар келбеті мен қыран құс, құмай тазы бейнелері табиғаттың әсем суретіне ұштаса керемет көрініс жасайды. Тіпті, табиғатты өзінше бөлек жырлайтын кездері де ұшырайды. Мысалы, ақынның «Әйкөк» ән-өлеңінде Сырымбет адырының табиғатын былай бейнелейді:

Сырымбет, биік адыр қатар кезең,  
Жарысып таудан құлап аққан өзен.  
Ұқсаған бикасапқа көк шалғыны,  
Көк орай қайың мен тал бәрі де әсем.  
Мөп-мөлдір сынапқа ұқсап бұлақ аққан,  
Маңында үш түрлі көл шалқып жатқан.  
Топырағы бейне мақпал, егінге жай,  
Шырайлы әдемі көл күлім қаққан.  
Бұдан артық сұлу табиғат суреті, Сырымбет сипаты болмақ емес.

«Ақын өлеңдерінің поэтикалық тілінде де ауыз толтырып айтарлық ерекшеліктер мол. Көп жерде ақын халық поэзиясының ең шұрайлы деген үйреншікті тіл кестесін орынды қолданып, шеберліктің бір қырын танытқан. Оған қоса араб, парсы, орыс тілдеріндегі поэтиканы мол енгізіп, шығармасын тіл жағынан құлпыртып, жаңа бейнелеу құралдарын көп қосқан» [3, 786].

Байырғы қазақ поэзиясындағы теңеу, эпитеттер – ақын поэтикасының қайнар бұлағы. Халық шығармашылығында қалыптасқан дәстүрлі айқындауыштардың небір шұрайларын ақын өзі суреттеп отырған арулардың сырт тұлға бітімін, бет-әлпет, кескін-келбетін, жүріс-тұрыс, іс-әрекет, ой-парасат, сезім-сенім дүниелерін бейнелеуге кеңінен қолданады. Сұлуды «*Ай қабақ, алтын кірпік, жазық маңдай, қыр мұрын, ақша бет*», – деп Абайдан т.б. ақындардан таныс эпитеттермен айшықтайды. Немесе: «*Иран бағындай, гауһардай, бұлбұлдай, жұлдыздай, меруерттей, қор қызындай, айдай, күндей, алтындай, түлкідей*», – деген сияқты теңеулерді орынды пайдаланып, өлеңдерін жарқыратып шығарады. Ақан серінің қолданған бұрыннан таныс образдарының өзі мүлде жаңарып, өзіндік әсерін одан да бетер күшейте түседі.

Керілген қас, кірпігің атқан оқтай,  
Ішіме қайғы салдың жанған шоқтай,  
Шер болып еш жібімес менің кеудем,  
Қасіреттен жұмарланып жатыр доптай...  
Ақ екен раушан жүзің, атқан таңнан,  
Ай сәулем, бетің жарық жаққан шамнан...  
Ай мен күн сырнай тартып, жұлдыз билеп,  
Той қылса көкте Мәлік қуанғаннан.

Келтірген үзінділердегі теңеулер де, эпитеттер де ертеден мәлім поэтикалық тіл үлгісіне жатады. Бірақ Ақанның суреттеуінде олар өзгеше ажарға ие болады. Ай мен күнді музыкант етіп сырнай тарттырып, жұлдызды биші етіп тойда билетіп қойған суретті еш ақын жасаған емес еді. Бұны Ақанның таланты ғана қазақ поэзиясына әкеліп қосты. «*Ақ көйлек*», «*Сұлу қызға*», «*Ғашық жарға*» деген арнауларындағы образдар – бірінен бірі өткен, асыл дүниелер. Адам ғана емес, сұлуға келісті көйлек, киім-кешек, сәнді әшекейлер тізбегі оқушының көңілін қоңыраулатып жібергендей әсерлі. Сұлу киер ақ көйлектің тек қана бір етегінің өзінде бірнеше ажар бар:

«Етегін ақ көйлектің алтындаған,  
Етегін ақ көйлектің бүрмелеген,  
Жағасын машинамен түймелеген,  
Сақтаулы алтын қазына жауһарымен» [4].

деп, ақын көп жиһаздың ішінде отырып, өз ғашығына лайықты әсем бұйымдар таңдап, безендіріп отырғандай болады. Сұлудың ойын жете суреттемей-ақ көйлегінің етегін әсірелеу арқылы-ақ көз алдыға сұлудың айдай жүзін елестетеді.

Дәстүрлі суреттеу, әсірелеу құралдарын орынды қолдана отырып, Ақан көп жерде жаңа образдарды да ретімен қолданып, мол енгізген жаңашыл ақын. Сол кездегі поэзияда әлі көрініп жетпеген өрнекті сөздерді жиі қолданып, олардың берік орын тебуіне үлес қосады. Араб, парсы, қазақ, орыс тілдерінен айқындауыш сөздерді мейлінше көп пайдаланып жаңа ұғым, тың сурет жасайды.

Қалқаға анда-санда жазған назым,  
Ғалымның дәптеріндей томда жатыр...  
Сымбатың жас жүректі жандырғандай,  
Бриллиант гауһар жүзің сонда жатыр...

Немесе:

Садептің шашыраған жауһарысың,  
Көңілімнің тереңінен салған ұя.  
Государия секілді, ерке қалқам,  
Ксенядай болсаңшы княгиня.

Немесе:

Болғанда тілің майда – конфет, балдай

Жоғарыда келтірілген образды сөздер төркіні сол сөздердің жаңалық сырында. Ғашығына жазған хаттарында айтқан наздары *«ғалымның дәптеріндей томда жатыр»* деуі – әрі жаңа образ, әрі мәні терең теңеу. Сондай-ақ, Государня секілді, Ксенядай княгиня, деген теңеулері де таңқаларлықтай. Сұлу қыз еркелігін бейнелейтін қазақтың байырғы теңеулері аздық еткендей, князьдің сылаң қаққан сұлу әйелінің ерекше ерке мінезін көлденең тартқан. Асылы, келген бір князьдің жас әйелінің өрескел еркелігін ақын жасы ұлғая көзімен көріп, оның қылығына таңдануы ғажап емес. Мұсылман қауымы әдетінде жоқ бұл әйелдің өктем қылығы ақынды тандандырып қана қоймай, оған ұнап қалған болса керек. Әттең, қазақ қыздарының сондай қысылмай еркін еркелегенін көрсемау деп армандаған да шығар, бәлкім:

Ұядан жаңа ұшқан ақ сұңқарым,  
Қараған екі көзің жаудырасын.  
Ай жарық терезенің дәл түбінде,  
Төсекте қара шашың салбырасын.  
Қалқамен құшақтасып жатқан күні,  
Бетіңнің нұры шығып балбырасын [5] -

деген нәзік жолдарда суреттелген қас сұлуларды неге ерекше күтпеске? Неғып, оны басына шығара еркелетпеске?! Мағжан Жұмабаев өзінің *«Ақан сері сөздері»* деген мақаласында ақын шығармашылығындағы осы бір мәселені, орыс, араб, парсы сөздерін қосып айтуын сынға алған. «Қазақ ақыны Ақанның тіліне араб, парсы, орыс сөздері көп кіріп кеткен. Оның мағына жағынан, әсіресе, сурет жағынан сұп-сұлу өлеңдерінің тілі шұп-шұбар. Ақан бұл жолға өзі қалап түскен емес, оны заман қуып түсірген» деді ақын [1, 331]. Мағжан сөзімен айтқанда «тұманды дәуір ұлы» Ақан туындыларында мұндай кемшіліктің болуы заңдылық та сияқты.

Біз Ақан серінің асқан лирик, оның өлеңдерінің тамыры өз халқының ғасырлар бойы жасаған жан тебірентер жүрекке жылы ән-өлең, жыр-толғауларында жатқанын ескерттік. Өз халқымен қарым-қатынасы мол халықтар өнерінің шырын-шәрбатын татып, тамсанып қана қоймай, оның нәрлі дәмін өз лирикасы бойына етене сіңіріп жіберген ақын биік те алғыр романтикаға ұласқан, ғашықтыққа құштар орасан, жүрек тебірентер, жан жадыратар, өміршең лирика жазды. Әдемілікті қастерлей білді, оған өзі де шын мәнінде ғашық сезінді. Сұлулықты аспанға көтере, ғашығын әулиеге балап, ардақтап, оның жолына бас ұрды. Құмарлық оты тұтанып, жүрегін лаулата жандырған жастардың психологиялық жағдайларын өз басының қасиетіне айналдыра, тебірене толғанды. Адал

махаббат рақатын аялап, пәк көңіл тазалығын шаттық жырға бөлеп, әуенді асқақ әнімен аспан әлеміне шарқ ұрып, романтикалық шалқар поэзиясы арқылы жастар сенімінің нәзік пернелерін шертті.

Бойларын махаббат дертіне алдырған екі жастың құштар көңілі, сырлы сезімдері, елжіреген емеуріндері, қан қысымының алқымдап аптықтырған қызу қуаты, бәрі-бәрі ешбір қоспасыз, шынайы қалпында бейнеленеді. Ғашықтар сырының тамаша романтикасы, реалистік сурет – сымбаты сомдалды.

Сұлуларға табына айтқан сөздерінде ақынның небір ғаламат әсірелеулері, бейнелі жаңа теңеулері мол кездеседі. Мысалы:

Көз көріп, көңіл мас боп дидарыңа  
Сындырдым сүйегімді ойран етіп,  
Мен түгіл жансыз темір нұрыңа мас.

Бұл жолдардағы сөз болатын сұлу көркінен азап шеккен ғашық адам немесе жансыз темірді нұрымен мас қылған ару қыз поэтикасындағы жаңалықты көрсетсе керек.

Кей тұста атақты ақындардың күшті образ жасау үшін өмірлік өшпес із қалдырған жандар бейнесін суреттеуде күннен де, айдан да жарық сәулені іздестіргені мәлім. Ақан да ондай сәулені іздестіріпті. Бірақ ол данышпанды ғана бейнелеу үшін емес, ғашығының мәңгілік образын таныту үшін іздепті.

Күннен нұр, айдан раушан сәулетайым,  
Сен гауһар жанып тұрған мәңгі жарық.

«Қараңғы көңілімнің ай мен күні» деп адамның қараңғы көңілін жарқырата жадырататын сұлу сипаты күні-түні сәулесі үзілмейтін мәңгілік жарық болмаса да, тым құрыса, күндіз күн, түнде айдай сәулесін түсіргені абзал демекші сұлулыққа ғашық сері ақын. Сонда ғана оның «Қараңғы көңілі күледі, мастанады», масайрайды. Кейде ақын көп қолданылып жүрген «Отқа түскен көбелек» образын «Шыраққа түсіп жанған мен пәруэна», – деп өзгешелейді. Уәдеге беріктік бейнесін: «*Берік бол оқ жібермес ақ сауыттай, Самархан жібегінен өрген талдан*»... деп өзінше өрнек жасайды. Сұлудың қолы тұрсын саусақ, бармағының өзін жыр ғып, бірде бұрынғыша «ақ саусақ» десе, кейбірін «қалам бармақ, қамыс бармақ», – деп бармақтың жаңа түрін табады.

Сұлудың көзін бейнелеуде де ақынның ізденгендігі, өзінше бейнелеуге әуестенгендігі байқалады. «*Қия жүзі асылдың қорға тартқан*», – деп қия жүзді шығарады, немесе, ол «*Болғанда қасың қара, шашың сүмбіл*» – деп қана қоймайды. «*Жүз сомдық базардағы пат құндыздай*» – деп құндыздың базарда ғана кездесуі мүмкін, мүлде сирек түріне теңейді. Ақтоқты мен Ұрқия сұлулар келбетін бейнелеудегі ақын қолданыстары айшықты.

Ұрқияға арнауында ол:

«Сары алтын, сапы меруерт қарағым ай,

Көп қыздардың ішінде тоты дана» – десе, ал Ақтоқтыны басқаша бейнелейді. Оны:

«Қыпша бел, бәйгі кердің жарауындай» –

Немесе:

«Барлық қыздың туындай асыл еркем»,

«Тартылған телеграмма сымындай қылып»,

деп ерекше мүсіндейді. Тартылған телеграмманың сымын енгізу, сұлулар тобын қолына ғашықтық туын ұстатып бастауы да өз кезі үшін жаңалық.

«Жамал жан, етің аппақ мақтадайсың», – деп дененің ақтығын ұлпа ақ мақтаға теңесе, «жүзіп жүрген судағы сен ақ қайран» деп енді балыққа ұқсатады. «Ақ төсің Қап тауының қиясындай» деуі де ешкімге ұқсамайды. Бұлар – Ақанның тек өзіне ғана тән бейнелеулер. «Талпынам таза туған ажарыңа», – деген жолдағы «Таза туған ажардың» сыры терең.

Ақтоқтыны жан-жақты суреттей келіп, ол:

Оралдың ақ иығы аңға тартқан,

Шолпанның жүздызындай таңға тартқан,  
Жамбы мен алтын балдақ жарқыраған,  
Секілді Үргеніште ханға тартқан, [6, 128] –

деп нәзік сұлудан биік тұлға шығарады. Аңға түсер ақиық сұңқарға, таңғы шолпанға ұқсатады. Ал, сұлу жүзін әмірі күшті ханға ғана сый-таралғы болар жарқыраған жамбыға, асыл алтын балдаққа балайды.

Не деген төгілген өрнек, құйылған әсем сөз? Ақынның сұлуға деген жүрегі қандай бай?! Ақан сері қолданған поэтикалық тілдердің байлығы, жаңалығы, жарқындығы таңдануға да, арнайы сөз етуге де тұрарлық. Ақанды оқыған сайын оның поэзиясының көркемдік сыры да есігін айқара аша түседі. Бір кезде Абай:

Әсем салдық өлгенше кім қыларлық,  
Озғанда мезгіл болар тоқтатарлық, –

деген болатын. Ал, Ақан ше? Ақан түсінігі өзгеше. Ол серілікке, махаббатқа өмір қызығы, сән-салтанаты деп қарап, әдеміліктің мәңгілік әсерін ардақтайды. Жасы ұлғайып, ойын-тойдан қалған кезде де Ақан өзінің жас шағындағы сұлулыққа деген құмарлығын сақтаған. Бұл тұстағы шығармалары өзінің лирикалық қуаты, әсемдік әсері жағынан жас кезіндегісінен басым түседі. Бұған қарағанда, адамның көңілі қартаймақ емес. Ақан – сұлулықтың, махаббаттың мәңгілігін, оған қарсы еш нәрсенің бөгет бола алмайтынын бар дауысымен жар сала ұрандап өткен мәңгі жас, өлмес, өшпес серінің өзі.

Ақанның әндері мен өлеңдері – халқымыздың баға жетпес мұрасы. Оның есімі – мәңгі жастықтың символы. Лирикалық шығармалары – әдемілік пен махаббаттың асыл өрнектері, поэтикалық образдардың сарқылмас көзі. Серінің әнін үздіксіз тыңдап, құлақ құрышын қандыру мүмкіншілігі туып, Ақанның асыл туындылары өскелең ұлттық мәдениетіміздің алтын қорына біржола еніп кетті. Ол – халық ардақтап, өмірі мен өнерін аңыз етіп ұрпақтан-ұрпаққа таратқан киелі өнер иесі. Ақан серінің ақындық әлемі – мәңгі жастық пен шынайы махаббатқа, жан сұлулығы мен адамгершілікке, өнеге мен тағылымға нұрланған әсем әлем.

Қай халықтың болмасын әдебиетінің тууы және өсіп-өркендеуі аса күрделі құбылыс. Қазақ әдебиеті де өзінің бүгінгі белесіне, қазіргі биігіне бір күнде жете салған жоқ. Талай асу, қиялардан, талай белестерден өтті. Қашанда ел өмірінің күрделі тарихи оқиғаларына үн қосып, өз заманының көкейтесті мәселелерін көтеріп отыратын әр дәуір ақындарының әдеби мұраны дамытуда алар өз орындары бар екені шындық. Қазақ әдебиетін жаңа бір белеске шығарып, көркемдік сапасын көтеріп, сұлу да сырлы, мәнді де мағыналы туындыларымен әдебиетімізде соны соқпақ салған Ақан сері мұрасы мәңгілік құнын жоймайды. Әдебиет тарихынан өзінің лайықты бағасын алып, халық жүрегінде өмірлік жаңғыра береді.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1989.
2. Жұмалиев Қ. ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1967.
3. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1997.
4. Ақан сері Қорамсаұлы. Шығармалары. – Алматы, 1963.
5. Бес ғасыр жырлайды. (Жинақ) 1-2 том. – Алматы, 1989.
6. ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясы. (Жинақ). – Алматы, 1985.

### Резюме

**Б.С. Сарбасов**, к.ф.н, и.о. доцента

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

### Песни Акана Корамсаұлы

В статье рассматриваются художественные особенности в произведениях Акана Корамсаұлы. Его песни, посвящены тяжелой доле казахов, любви и красоте. Талант Акана

Корамсаулы позволял изображать современную ему действительность, используя жанровое и тематическое разнообразие музыкально-песенного искусства нашего народа. Многие песни Акана-сери поют в операх, пьесах казахстанских композиторов и писателей. Песни Акана-сери занимают достойное место и в репертуаре современных певцов и артистов.

**Ключевые слова:** луноликая, золотые ресницы, лоб, нос, сады Ирана

### **Summary**

**B.S.Sarbasov**, *Canidate of Philosophy sciences, performing the duties of assistant professor (c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### **Songs Akana Koramsauly**

Article considered the artistic features in the works Akana. His songs are dedicated to the heavy fraction of the Kazakhs, love and beauty. Akana Koramsauly talent allowed him to portray contemporary reality, using the genre and thematic variety of music and song art of our people. Many songs Akan Seri sing in operas, plays of Kazakh composers and writers. Songs Akan Seri occupy a worthy place in the repertoire of modern singers and artists.

**Keywords:** Moon-faced, golden eyelashes, forehead, nose, Iran gardens

**ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ– ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО  
HISTORY, ECONOMY AND LAW**

**ӘОЖ 37 К 87**

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
МҰРАСЫ**

**Р.Т. Кусайнова, доцент**

*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Мақалада А.Байтұрсыновтың намыс пен ұлттық сезімді ұлттық санаға айналдырушы ХХ ғасырдың басындағы ұлттық педагогикалық ой-пікірлердің негізін салған, халықтың сауатын ашуға бүкіл күш-қайратын жұмсаған ағартушы ғалымдардың бірегейі екені қаралған. Сонымен қатар ол қазақ жерінің тұтастығының сақталуына, төл оқулықтар жазу, ұлттық ғылым-білімді жандандыру, халықтық тәлім-тәрбиені дәріптеу, соның негізінде қазақ жастарына адамгершілік тәрбие беру мәселелерін шешумен айналысқан басты тұлға болғаны айтылады.

**Түйін сөздер:** ұлттық сезім, педагогика, бастауыш мектеп, оқулықтар, сауат ашу, тәлім-тәрбие, жаңа алфавит.

Бүгінгі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістер білім беру ісіне өзіндік ықпал етіп отыр. Қоғамда әлеуметтік жағдайларды негізге ала отырып, білім мен тәрбие берудің мазмұны жаңаша жасалу үстінде. Мұнда ұлттық салт – дәстүр, тарих, мәдениетімізді меңгеруге аса зор мән беріліп, жалпы білім дерудің әлемдік стандартына сай келтіру мәселесі қарастырылуда.

1999 жыл Қазақстан халқының бірлігін нығайту мақсатында «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы», -деп жарияланды. Онда: «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы-салт-дәстүрді келер ұрпаққа жеткізудің жылы. Басты идея аға ұрпақ жинақтаған адамгершілік және әлеуметтік тәжірибеге аялай қарау болып табылады», - делінген. Осыны ескере келе, белгілі әдіскер, тіл білімінің атасы, түрколог, демократ – ағартушы, аудармашы А.Байтұрсыновтың педагогикалық ой-пікірлерін педагогикалық колледждерде бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлауда ғалымның еңбектерін пайдаланудың жолдарын жан – жақты зерттеу қажеттігі туындады. Біздің мақсатымыз А.Байтұрсынов сынды ұлы тұлғаның өмірі мен ағартушылық еңбектері арқылы ұлттық мәдениетпен тарихты дамытатын кәсіби шебер маман даярлау. Ұлттық педагогикалық мұраларды зерделегенде зиялы қауым идеяларының бір-бірімен сабақтастығын айқындау.

«Ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің бастамасын ілгері дамытып, нағыз ғылымдық дәрежеге көтеріп, жетер жеріне жеткізіп берген А.Байтұрсынов», - деп Қ.Мұхамеджанов атап көрсеткендей, А.Байтұрсынов Ыбырай негізін салған идеяларды жалғастырушы болды. Олардың идеяларының үндестігін шығармаларынан, әңгіме, өлең, мысалдарынан, этнографиялық еңбектерінен, ғылыми мақалаларының мазмұнынан анық байқаймыз. Мәселен, А.Байтұрсыновтың «Оқу жайлы» атты мақаласында қай халықтың болмасын ілгері басу себебі де, кейін қалуы да оқу мәселесімен байланысты екенін дәлелдеді.

«Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші... Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік» - деген жолдардан ғалымның егемен ел болудың, тәуелсіздіктің тірегі-білім деген нақты тұжырымды халық санасына жеткізгісі келгенін аңғарамыз. Сол сияқты «осы замандағы жан таңырқарлық нәрсенің бәрі де ғылыммен табылған. Адам баласын көкте құстай ұшқызыған, суда балықтай жүздірген – ғылым. Дүниенің бір шеті мен бір шетіне шапшаң хабар алғызып тұрған-ғылым, от арба, от

кемелерді жүргізген-ғылым. Осыларды істеп отырған жұрттың бәрі де сондай болмаған. Бұлар да басында біздей, қатта бізден де өнерсіз болған. Халық жүре оқи, талаптана келе осыншаға жеткен», - деген пікірі де Ы.Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар...» атты өлең жолдарындағы идеямен мазмұндас. А.Байтұрсынов осы мақаласында: «шебер маман, сайлы мектеп, сәйкес бағдарлама, оқыту жайын дұрыс үйретіп, маман даярлайтын оқу орны-педучилищелер жоқ», - деп дабыл қағады. Мектеп, орта және жоғарғы оқу орындарын ашу керек, оларды дамыту, қаржыландыру мәселесін «Қазақ» газеті үнемі көтеріп, жұртқа жол көрсетіп отырады» - деп газеттің алға қойған ағартушылық қызметін де білдіреді.

Сондай-ақ, А.Байтұрсынов «Бастауыш мектеп» атты мақаласында Ресей үкіметінің орыстандыру саясатының бет-пердесін аша келе, «хүкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болуы, әр халыққа керегі өз діні, тілі, жазуының сақталуы. Солай болған соң бастауыш мектеп, әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс болуы керек... олай болса, мектеп арқылы қазақтың дінін, тілін, жазуын жоғалтып, орысшаға аударамын деген пікірден хукімет безіп, тиісті бастауыш мектеп екі жаққа да зиянсыз, пайдалы болуын көздеу керек. Солай ойлағанда көңілге ұнамды мектептің түрі біздің ойымызша мынау», - деп бастауыш мектептің 5 жылдық болуын, қазақ халқының көшпелі ерекшелігін ескеріп, мектептерде келіп оқитын және жатып оқитын етіп құруды, қыр мектептері мен қала мектептері ерекшеліктерін ескере ұйымдастырылуын талап етті. Жалпы 5 жылдық бастауыш сатының 3 жылы ауыл, екі жылы болыс мектебіне берілсін. Ауыл мектебі тек ана тілінде болсын. Онда оқу, жазу, дін, ұлт тілі, тарихы, жағрафия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайлы пәндер оқытылсын. Болыс мектебі орысша оқытылатын соңғы екі жыл. Мұнда берілетін білім гимназияның төменгі сыныбына кірерлік пәндер болуы керек», - дейді. Демек, бұл салыстырулардан қос ғұламаның мақсат-мүдделерінің үндестігін, әрі заманына қарай өзіндік ерекшеліктері болғанын аңғарамыз.

Ол Ы.Алтынсарин мен А.Байтұрсыновтың ағартушылық-педагогикалық мұраларын зерделей отырып олардың идеяларының үш бірдей бағытта тоғысатынын байқадық. Біріншіден, екеуіде бар ғұмырларын ұлттық мектеп ашуға, қазақ балаларына дүниежүзілік білімді терең меңгертуге, өнерге мәдениетке таратуға арналған. Екіншіден, сондай дәреже де, білім беретін төл оқу құралдарын, сол оқулықтарға дұрыс басшылық жасауды үйрететін ғылыми әдістемелік құралдар жазуды басты мұрат етті. Үшіншіден, болашақ маман даярлау ісін жандандыру, ұлттық мектептер құрылымын анықтау, мектептердің материалдық-техникалық базаларын нығайту, оқу-білім арқылы қоғамдағы саяси-әлеуметтік мәселелерді түсіндіріп, ұлттық сананы ояту, ол үшін ұлттық баспасөз ісін көркейту болды.

А.Байтұрсыновтың педагогикалық ой-пікірлерін зерделегенде оның өмірі мен сан-салалы қызметі, отбасы, заман өзгеруіне сәйкес ғұмырындағы елеулі өзгерістермен терең таныспау мүмкін емес екені белгілі. Ал, мұндай мәліметтерді беретін басты орындар бұл-мемлекеттік орталық архив қорлары, ұлттық кітапхананың сирек кездесетін қолжазбалар қоры, ұлттық қауіпсіздік комитетінің және облыстық архив деректері. Соның ішінде, Қазақстан Республикасының мемлекеттік архив қорындағы А.Байтұрсынов туралы деректерге қысқаша шолу жасасақ, мұнда оның өмірімен қызметін қамтитын құжаттар 1893 жылдан басталып, 1936 жылғы қыркүйектегі бұйрықпен аяқталады.

Бұл деректерді үш топқа бөліп қарастыруға болады: 1)Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі құжаттар: Орынбордағы мұғалімдер школасы, Далалық генерал-губернатор канцеляриясы, Торғай, Ақмола, Семей облыстық басқару ұйымдары және т.б. қорларда А.Байтұрсыновтың Орынбор мұғалімдер мектебіндегі оқуы, бағалары қойылған табелі, мұғалім мамандығын беру туралы куәлігі, 1900-1917 жылдар арасындағы саяси ағартушылық қызметінен хабардар ететін мәліметтер. 2)1917 жылдардағы Уақытша үкіметтің – Торғай облыстық комиссарының және Торғай облыстық басқармасының құжаттары. 3) Қазревкомның, Орталық атқару комитетінің, Халық ағарту комиссариатының және басқа кеңес ұйымдарының құжаттары. Архив деректеріне

сүйенсек, А.Байтұрсыновтың ғұмырында 1920 жылдардан бастап ірі де елеулі өзгерістердің орын алғанына көз жеткіземіз. Яғни, Қазревком төрағасының орынбасары, Қазревком ішкі істер бөлімінің меңгерушісі, Орталық атқару комитетінің мүшесі, Халық ағарту комитетінің орынбасары, Академиялық Орталық төрағасы болып жүрген кездерінде, қазаққа «қазақ» атын қайтару, жерінің тұтастығының сақталуына, жергіліктендіру саясатына, Қазақ Автономиясын құру, сауатсыздықты жою, ашаршылыққа ұшырағандарға көмек көрсету, қазақ мектептерінің негізін қалау, төл оқулықтар жазу және тарату, Қазақстанды зерттеу қоғамының негізін салу, тіл саясатын көтеру, мектептердің жаңа типін ашу, халықтық тәлім-тәрбиені дәріптеу, соның негізінде болашақ жастарға адамгершілік, эстетикалық, азаматтық тәрбие беру мәселелерін шешумен айналысуда басты тұлға болғанының куәсі боламыз. Осындай елеулі қызметтері педагогикалық көзқарасының қалыптасуына әсер етті, ағарту ісінің көшбасшысы болуына әкелді.

Міне, осындай деректерді оқып-үйрену, зерттеу арқылы А.Байтұрсыновтың қысқа ғана ғұмырын келер ұрпақтың жарқын болашағы үшін күреске арналған XX ғасырдың ірі тұлғасы екендігіне көз жеткіземіз.

А.Байтұрсыновтың алғаш ағартушылық ой – пікірлері сонау 1913-1917 жылдары Орынборда шыққан «Қазақ» газетіне жарияланған мақалаларынан айқын көрінеді. Газет өзінің тұңғыш жарияланған санында-ақ, «Бұл газеттің мақсаты жұрт пайдасына көз болу, қазақ арасына ғылым, өнер жайылуына басшылық ету, басқа жұрттардың халінен хабар беріп, таныстыру. Қазақтың бұрынғы және бүгінгі жайын жазу, күнелту, сауда, кәсіп, жер-су, егін-таран, мал шаруасы жайынан кеңесу, оқу, оқыту, мектеп, медресе, ғылым, өнер, тіл, әдебиет турасында жөн көрсету, адам һәм мал дәрігерлігі жайында жазу» - дейді.

Бұдан «Қазақ» газетінің ел өмірінің алуан саласына терең мән беріп, өмір айнасы болуды мақсат етіп алға қойғаны байқалады.

А.Байтұрсынов ұлттық ғылым-білімді жандандыру, білім негізі - бастауыш сатыны өркендету және кәсіби құзырлы маман даярлау ісіне ерекше мән береді. Мәселен, «Мектеп керектері» атты мақаласында: «...ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогикадан, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші - оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы. Үшінші – мектепке керегі белгіленген Программа. Әр іс көңілдегідей болып шығуы үшін, оның үлгісі я мерзімді өлшеуі болуы керек...» - деп оқытудың дидактикалық ұстанымдарын тұңғыш ғылыми тұрғыда нақтылады, сапалы білім беру ісінің мұғалімнің кәсіби шеберлігімен тығыз байланысты екенін дәлелдеді. Сол үшін мұғалімдерге арнап «Баяншы», «Оқу құралы» және т.б. ғылыми-әдістемелік құралдар жазды.

Сонымен қатар, А.Байтұрсынов ескі оқу жолының тозып, тұтынудан шыққанын, жаңаша оқытудың болашағын сөз ете келіп, «жаңа жолдың оқуы жаңа оқып шыққан жас мұғалімдердің қолында. Бұлардың күштері тың, білімдері соны, пікірлері жаңа, ниеті – жұртына қызмет ету», - деп халқымыздың «асыл-тастан, өнер-жастан» деген пікірін дәлелдей түсті. А.Байтұрсынов оқытудың әдістемесін жетілдіру мәселесіндегі кемшіліктерін атап көрсете келіп: «... мұндай кемшілікті түзету мұғалімнің өз қолында, үйрету әдістемесі жақсы болса, балалардың түсінуіне де жеңіл болады және жеңіл қол жеткізетін нәрсе қызығушылық пен белсенділік туғызады. Ал, оның аяғы сапалы білімге әкеледі», - деп методиканың оқытудағы мәніне ғылыми баға береді. А.Байтұрсыновтың «Баласының алған білімінен сапалы нәтижені көрсе, ата-ана да баласын оқытуға ықыластанады және іс осылай жолға қойылса қазақ ішіндегі оқушылардың көбейіп жалпы оқу-ағарту ісінің жүрісі шапшаңдап, сапасы артар еді», - деген пікірлері бүгінге күнге дейін маңызын жойған жоқ.

Ал, «Орысша оқушылар» атты мақаласында оқу-ісінің ілгері баспау себептерін, қоғамдағы саяси-әлеуметтік теңсіздігі, қазақ бай шонжарларының озбырлығын, жұрттың экономикалық әл-ауқаты, тұрмыс тіршілігінің төмендігін, қазақ халқы оқысын, бірлі-жарым орысша оқыған қазақ балаларының тілмәш, писарь болып шен қуып, шекпен

табуға көшетіндігіне қынжылады. «Оқу-ұлт жұмысы, ал ұлт жұмысы – үлкен жұмыс, үлкен жұмысқа көп жұмысшы керек. Жұмысшы аз болса, жұмыстың өнімі де аз болмақшы», -деп халқын бірлікке шақырады. «Егер оқу іздеген талапкерлеріміздің 40-тан 4-і ғана оқырлық орын тауып, басқалары қаңғырарлық далада қалып отырса, жұрт жұмысшысы көбейіп мандыр ма, жұмысшы көбеймесе, жұрт жұмысы ілгері басып өнер ме? Алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе?»-деп кемшіліктің себеп-салдарының бетпердесін ашты. А.Байтұрсынов 1920 жылы 8 қыркүйектегі халық ағарту комиссариатының мәжілісінде кешкі мектеп үшін оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларын және сауат ашу кітаптарын шығару мәселесін көтерген.

Осы мәжілісте денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері, қазақ еңбекшілеріне тегін білім беру ісінің заң жүзінде бекітілуі сұралған. Архив қорында А.Байтұрсыновтың жетім балалар жайын жақсартып, олардың білім алуына жағдай жасау туралы жиі-жиі мәселе көтергендегі жайында мәліметтер бар. Ол осы жұмысты орындаумен байланысты халық ағарту комиссариаты жанынан «Балалар апталығын» ұйымдастыру комитетінің құрылуын талап еткен.

А.Байтұрсынов мұраларын зерттеуді қоғамның дамуына байланысты үш кезеңге бөліп жіктеуге тура келеді. Біріншіден, А.Байтұрсыновтың көзі тірі кезінде еңбектерінің жариялануы және оған деген сол кездердегі көзқарастар, яғни, ғылым туралы объективті бағалауға тырысқан мақалалардың, еңбектердің жарық көру кезеңі. Екіншіден, А.Байтұрсыновтың репрессияға ұшыраған кезеңінен ақталғанға дейінгі уақыттағы ол туралы көзқарас пікірлер. Ол 37-80 – жылдар аралығындағы уақытты қамтиды. Яғни, ағартушыны негізсіз қаралау, айыптау түріндегі еңбектердің жариялануы.

Үшіншіден, еліміз егемендік алғаннан кейінгі ғалым еңбектерінің жарық көруі және оның ғылыми тұрғыда зерттелуі жайы. Әсіресе, К.Нұрпейісов, М.Қозыбаев, Т.Омарбеков, Ә.Тәкенов сынды тарихшы ғалымдар өздерінің зерттеу еңбектерінде А.Байтұрсыновтың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ұлттық баспасөздің, «Алаш» партиясының ықпалына ерекше тоқталып айқындады.

XX ғасырдың басы – Ресей империясының Қазақстанды өз отарына айналдыруды күшейтіп, аграрлық және ұлттық мәселелердің шиелініскен шағы еді. Мәселен, Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архив деректеріне жүгінсек, осы 1917 жылғы

12-26 шілдеде Орынборда өткен бірінші Бүкіл-қазақтық екінші съезде «Алаш» партиясының бағдарламасын талқылауға Ә.Бөкейханов, М.Шоқай, М.Тынышбаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Х.Досмұхамедовтар, Х.Ғаббасов, А.Сеитов бастаған ондаған зиялы азаматтар белсене ат салысып, өзіндік үлес қосты. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов осы зиялы қауымның көшбасшы көсемдері болды.

А.Байтұрсынов мұраларындағы ең негізгі мәселелердің бірі-қазақ алфавитін жасау еді. Ахметтің жаңа әріпті енгізуге байланысты идеясын замандасы – Т.Шонанов былайша қуаттайды: «...Ахметтің жаңа алфавиті мен жаңа әліппесі біздің мәдени өркендеуімізге зор пайдасын тигізетін құбылыс еді. Жаңа алфавит тіліміздің таза сақталуына мүмкіндік туғызды. Жаңа алфавит әлемдік мәдениетпен араласа түсу жолын жеңілдетте түсті. Жаңа алфавиттің халық мектептерінің өркендеуі жолында алып адым жасағаны анық».

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.Байтұрсыновтың ағартушылық мұраларының зерттелуі жайы // Изденіс. – N 1. – 2000.
2. А.Байтұрсыновтың педагогикалық көзқарастары // Бастауыш мектеп. – N 8-9. – 1999.
3. А.Байтұрсынов – ағарту ісінің көш басшысы. Этнопедагогика, - этнопсихология. V жинақ, 1998.
4. Тұрлығұл Т., Қожакеева Л.Т. «Қазақстан тарихы». 11 сынып. – Мектеп, 2011.

### Резюме

**Р.Т.Кусайнова, доцент**

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

#### **Просветительско-педагогическое наследие А.Байтурсынова**

Статья посвящена педагогическому наследию видного государственного деятеля А.Байтурсынова, внесшего особый вклад в начале XX века в развитие педагогической науки Казахстана. Талант Ахмета Байтурсынова позволял ему пробовать себя в поэзии, публицистике, науке и других отраслях культуры. Он является не только ученым, переводчиком, этнографом, составителем многих учебников, но и автором многих стихов для детей младшего возраста. Он остался в нашей памяти светилом казахской науки и культуры.

**Ключевые слова:** национальность, педагогика, начальная школа, грамотность, алфавит.

### Summary

**R.T.Kusaynova, Associate Professor**

(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

#### **Educational and pedagogical heritage A.Baitursynov**

Article focuses on the pedagogical heritage A.Baitursynov prominent statesman, who made a special contribution to the early twentieth century in the development of teaching science in Kazakhstan. Ahmet Baitursynov talent allowed him to try himself in poetry, journalism, science, and other fields of culture. He is not only a scholar, translator, ethnographer, the originator of many textbooks, but also the author of many poems for young children. He stayed in our memory luminary Kazakh science and culture.

**Keywords:** ethnicity, education, primary school, literacy, alphabet.

ӘОЖ 9(с)55 А94

## **ИСЛАМ ӨРКЕНИЕТИ – ОРТА АЗИЯ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН КОНТЕКСІНДЕ**

**А. Е. Абдиханова, магистрант**  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық  
университеті)

**Аңдатпа:** Мақалада Орта Азия мен Қазақстан кеңістігінде Ислам өркениетінің хал-ахуалы, тарихи және саяси жағдайы қарастырылған. Қоғамда орын алған әлеуметтік және экономикалық мәселелерге автохтонды халықтың негізі ұстанатын ислам діні өз ықпалын тигізбей қоймайды. Себебі дін ұлттар мен этностардың рухани азығы, құндылығы ретінде өмірдің әр түрлі салаларында жетекші маңызға ие. Аталмыш географиялық кеңістікте нақ осы Ислам өркениеті түрлі ұлт өкілдерін интеграциялайтын күш болып табылады.

**Түйін сөздер:** ислам, өркениет, Орта Азия, Қазақстан.

XX ғасырдың соңында Кеңес Одағының ыдырауы, коммунистік жүйенің тарих қойнауына кетуі, нарықтық экономикаға негізделген жаңа жүйеге бұрынғы кеңестік елдердің көшуі ислам өркениетінің бір тармағы болып табылатын Қазақ еліне әсер етпей қоймады. Ең алдымен Ресей сияқты алып империяның, сосын он бес республиканы өз бұғауында байлап ұстаған Кеңес Одағының құрамында болған елдерде рухани өмір өзгеріске ұшырамай қоймады. Әсіресе, діни және философиялық ғылымдардың эталондық тұжырымдамалары мен теориялары сынға ұшырай отырып, әлемдік ортақ теориялар мен концепцияларға қосыла бастады. Тәуелсіздікке енді ғана қол жеткізе бастаған Қазақстанда

және Орта Азия республикаларында ислам өркениеті жаңа бір белеске жетті. Сөзімізді дәйектейтін болсақ, аталмыш елдерде соңғы жиырма жыл ішінде мыңдаған мешіт, медресе және т.б. діни орындардың іргесі қаланды. Халықаралық, аймақаралық симпозиумдар, конференциялар өтті. Ендігі кезекте исламның және ислам өркениетінің бұл мемлекеттерде алатын орны мен рөлін көрсету үшін өркениет ұғымына назар аудару қажет. Бұл термин латынның «civilis» деген сөзінен шыққан. Оның мағынасы: 1) азаматтық, 2) азаматтық қоғам, мемлекет, 3) қала. Сондықтан да тарихшылар, археологтар қоғамның өркениеттік кезеңін зерттеуді ең алдымен урбанизациямен тығыз байланыстырады. «Өркениет» термині XVIII ғасырдан бері айналымға еніп, адамзат тарихында варварлықтан кейін келетін кезеңді белгілейтін ұғым ретінде дүниеге келді. Тарихты өркениеттік тұрғыдан зерттеудің бәйсікті элементтерін бейнелеуде неміс оқымыстысы О.Шпенглердің зерттеулерінің маңызы зор. Ол өркениетті мәдениеттің құлдырауынан туындайтын құбылыс ретінде қарастырады, яғни өркениет адамзат мәдениетінің жаңару, жетілу нәтижесі емес, белгілі мәдениеттің ішкі мүмкіндіктерін сарқып, одан әрі даму деңгейі шектеліп, күйреуге бет алып, жаңа өркениетке жол салуы болып табылады деген тұжырым жасайды. Ол: «келешек Батыс бір сызықтың бойымен алға және жоғары жүре бермейді. Ол белгілі бір жағдайларға байланысты құлдырау процесін бастан кешіреді. Сөйтіп батыс мәдениетінің құлдырауы салдарынан жаңаша өркениет пайда болады. Бұл жаңа фаза. Демек, өркениет бұл мәдениет рухының өлімі. Мәдениет те үнемі гүлдене бермейді [1].

Мәдениет пен өркениеттің ара жігін анықтау барысында Шпенглер: «барлық мәдениет тең, олардың әрқайсысы айрықша және сыртқы бағыт, яғни өзге мәдениеттің ықпалымен жүрмейді. Әр мәдениеттің феномені әр түрлі тілде сөйлеу, әр түрлі өмір салтын ұстану» деп жазған болатын [2]. Демек, өркениет ислам дінінің әлемдік қауымдастықтағы рөлі мен функциясын көрсетіп тұр.

Соңғы кездері әлем Батыс пен Шығыс арасындағы этникааралық, өркениетаралық қақтығыстарды басынан кешіруде. Қазақстан ғаламдық қауымдастықтың бір бөлігі ретінде халықаралық сахнада болып жатқан жағдайларға тәуелді. Себебі әлемдік қауымдастықтың бір жағында орын алған діни, этникааралық қақтығыстар екінші бір бөлігіне әсер етпей қоймайды. Араб елдері, Пәкістан, Ауғанстан және т.б. ислам дүниесінде болып жатқан қақтығыстар қазақ елінде қайталануы да мүмкін. Сол себепті алдын ала діни жағдайды бірқалыпқа келтіру керек. Мұндай қақтығыстар табиғи заңдылық немесе бір-бірімен байланысы жоқ қарапайым құбылыс болуы ғажап емес. Бұл көріністі америкалық ғалым С.Хантингтонның ойы бойынша түпнұсқасында келтіре кетейік: «Мы можем определить цивилизацию как культурную общность наивысшего ранга, как самый широкий уровень культурной идентичности. Следующая ступень составляет уже то, что отличает род человеческий от других видов живых существ. Мировые цивилизации определяются наличием общих черт объективного порядка, таких как язык, история, религия, обычаи, институты, а также субъективной идентификации людей» [3]. Өркениет үнемі қозғалыстағы феномен. Ол қалыптасу, дәуірлеу, күйреу, жойылу немесе басқа өркениетке ұласу кезеңдерін бастан кешіреді. Өркениеттің қалыптасуы адамдардың бірқатарының өмір салтын өзгертумен, жаңа құндылықтардың пайда болуымен, харизматикалық көсемдердің сахнаға шығуымен және өркениеттік доктринаның (қасиетті діни кітаптары, партияның бағдарламалары және т.б.) дүниеге келуімен басталады. Өрлеу кезеңі өркениеттің көзқарасы, менталитеті, институттық жүйелерінің жақсы жұмыс істеуінің жемісі. Ал, күйреу – оның идеясын жақтаушылардың азаюымен бірге келеді. Яғни, ислам өркениетін деградациялық жағдайға жеткізбеу үшін көпшіліктің қолдауы қажет екендігін түсінуге болады.

Қазіргі таңда Исламды құбыжық қылып көрсетіп, әртүрлі керітартпа ағымдарды тану қалыпты жағдайға айналып барады. Өкінішке орай, діни білімі болмағандықтан, көптеген азамат Исламды өз ақылына сай шақтап, шектеп қойды. Нәтижесінде таяз ұғымдар қалыптасып, экстремизм, терроризм сынды әрекеттер дінге күйе болып

жағылуда. Осы әрекеттерге мүмкіндігімізше тосқауыл болып, Исламның бейбіт дін екенін кеңінен насихаттау басты міндетіміз. Сол себепті аталған бағыттар бойынша жұмыс жүргізіп, Ислам құндылықтарын жаңа ғасырға сай жаңғырту үшін 2004 жылы Астана қаласында өткен Қазақстан қажыларының I құрылтайында Қажылар қауымдастығы құрылды. Елордамызда Әлемдік және Дәстүрлі діндер көшбасшыларының төрт бірдей съезі өткені белгілі. Бұл жиынның Алаш жұрты үшін берері мол. Біріншіден, бұл съезд Қазақстанға берілген үлкен мүмкіндік. Өйткені, ол жерде бүгінгі қоғам шөліркеп отырған рухани жағдай сөз болады. Сонымен қоса жиын бүкіл күллі әлемнің назарында. Бір-бірінің қолын алмақ түгіл, бір үстелдің басына бірге отырмайтын дінбасылары Астанада пікір алмасып, ортақ ымыраға келіп жатыр. Бұл біздің елдің әлемдік тұрақтылыққа қосқан өлшеусіз үлесі. Съезд барысында руханият мәселелері, бейбітшілікті сақтау, әлемдік және дәстүрлі діндердің өзара келісімі, олардың арасында диалог ұйымдастыру сияқты ауқымды салмақты ойлар сараланады.

Бұрын әлемді капиталистік және коммунистік жүйе билеп төстегені белгілі. Қос идеологияның арасындағы теке-тірес әлем назарында болды. Алайда коммунистік жүйе тарих сахнасынан түскен кезде, капиталистік қоғам оның орнына «ислам қаупі» деген ұғымды енгізді. Нәтижесінде өркениеттер қақтығысы деген түсінік қалыптасты. Бұлар әлемдік әділетті тәртіпке қайшы әрекеттер болып табылады. Соған сәйкес Н.Ә.Назарбаев соңғы съезде: «Моральдық адамгершілік құндылықтардың жаһандық дағдарысы үдей түсіп отыр. Әлемде моральдық адамгершілік дағдарыстың өрістеуі дінге сенетіндердің барлығын баса көктеп қаралау, дінді әлеуметтік үрдістердің шетіне ығыстырып тастау», деп дінді қоғамнан аластатудың жиі байқалып жатқанын ашық айтқан болатын [4]. Сонымен қатар Елбасы: «Көптеген кезеңдерде дін халықтың даналықтың, мәдениеттер мен дәстүрлердің сақтаушысы болып келді», - деді. Оған кешегі Кеңестік кезеңде асыл дініміздің арқасында ұлттық құндылықтарымызды жоғалтпай аман қалуымыз дәлел. «Қазіргі діндер жолайрықта тұр. Адамзат жоғары сана, яғни, Алла берген жаңалықтарды әлем игілігі үшін жұмсаудың орнына, жалғандық, арсыз түсінік және өшпенділік ұрығын себуде. Кез келген қоғамның моральдық өнеге бесігі болып табылатын отбасы берекесі, бала тәрбиесі, ұрпақ сабақтастығы бұзылды», - деген Ұлт көшбасшысы бүгінгі әлемнің рухани құлдырауын тілге тиек етті [5]. Енді үлкен форумда бейнеленген осындай ойдың Қазақстанға қандай қатысы бар дегенге келетін болсақ, Елбасы айтқан мәселелердің барлығы біздің елде де кездеседі. Бүгінде батыстағы азғын әрекеттердің көбі өз ішімізде де орын алуда. Сондай-ақ бізге де жаңағы вульгарлық материалдық қоғам еніп келеді. Өскелең ұрпақ нақ осы қоғамда тәрбие алуда. Мұндай келеңсіз құбылыстардың алдын алу үшін Орта Азия республикаларымен қатар Алаш жұрты біріге отырып, «иманды қоғам» тұжырымын қалыптастыруда. Тың идеяның мәні мынада: иманды қоғам бұл әділетті, мейірімді, салауатты қоғам. Сол себепті өз ортамызда осындай қоғам қалыптастыра алсақ, еліміздің ертеңі баянды, болашағымыз жарқын болуы хақ. Егер жат ағымдар қалай пайда болады деген сұраққа жауап іздеп көрсек, ол Исламды, жалпы дінді біржақты түсініп, өз қалауына қарай икемдеп алудан туындайтын олқылық. Алғашында назар аударарлықтай болмаса да, уақыт өте хақ діннен арасы алшақтап, таным түсінігі өзгеріп сала береді. Нәтижесінде, мақсат-мүддесі бөлек ағым пайда болады. Сол себепті, бізге дәстүрлі дінімізді терең түсініп, рухани кемелденуді ешқашан кейінге қалдырмауымыз керек. Кез келген тұлға діни сауатты болуға ұмтылуы тиіс. Сондай-ақ жат ағымдармен күресте түсіністік және әріптестік қажет. Тек діни басқарма немесе жауапты органдар емес, бүкіл қоғам болып әрекет жасау керек. Яғни, бұл шараны тіпті бала бақшадан, мектептен бастап, дәстүрлі дінімізді адами, имани құндылықтарын жеткіншектердің бойына сіңірсек те артық етпейді. Аталмыш мәселені көтеруде шетелдік тәжірибеге сүйену дұрыс болар. Мәселен, көршілес Ресей «Экстремизмге қарсы Ислам доктринасы» атты құжат қабылдады. Онда «Халифат», «Джихад», «Такфир» ұғымдарына терең талдау жасалып, олардың ешқандай ұлттық, мемлекеттік мүдделерден жоғары тұрмайтындығы баса айтылған. Мұндай тәжірибе әрине, Қазақ еліне де қажет.

Орта Азия Республикаларының барлығын да да ислам өркениетінің қалыптасуы өте күрделі процесс. Мәселен, Өзбекстанда ислам өркениеті негізгі үш белгі бойынша айшықталады:

- этно-географиялық;
- салыстырмалы-діни (ислами және ислам емес діндердің ара қатынасы);
- геосаяси (сыртқы факторлардың діни процестерге әсері).

Бұл белгілер аталмыш мемлекеттің даму процесіне тікелей әсер етеді.

Қорыта айтқанда, Ислам өркениеті Қазақстанда және Орта Азия республикаларында жалпы Сунниттік бағыт бойынша дамып келеді және аталмыш елдерде Ислам өркениетін бейнелейтін мынадай бәйсікті элементтер көрініс тапқан:

- ұлттық сана;
- экстремизмге қарсы Ислам доктринасы;
- хадерланд сызығы;
- алтын миллиард теориясы;
- әлемдік және дәстүрлі діндер съезі.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шпенглер О. «Закат Европы». 1 Т. М. – 1993. – с. 264.
2. Шпенглер О. «Закат Европы». 1 Т. М. – 1993. – с. 155.
4. «Ислам және өркениет». – 2013. – №2. – 10-11 б.
5. «Ислам және өркениет». – 2013.- – №2. – 12 б.

#### Резюме

**А.Е.Абдиханова, магистрант**

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

#### **Исламская цивилизация в контексте Средней Азии и Казахстана**

В данной статье рассматриваются исторические, политические настроения Исламской цивилизации в контексте Средней Азии и Казахстана. В обществе где основная масса людей состоит из мусульман социально-экономическое положение напрямую зависит от религии. Потому что религия как главный моральный потенциал и облик нации и этносов играет важнейшую роль в обществе. В географической пространстве исламская цивилизация функционирует интеграционную роль, жители придерживающие ислам понимают ценность, роль, функции данной религии.

**Ключевые слова:** ислам, цивилизация, Средняя Азия, Казахстан.

#### Summary

**A.E.Abdihanova, undergraduate**

*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

#### **Islamic civilization in the context of Central Asia and Kazakhstan**

This article examines the historical, political sentiments of the Islamic civilization in the context of Central Asia and Kazakhstan. This article examines the historical, political sentiments of the Islamic civilization in the context of Central Asia and Kazakhstan. In a society where the majority of people is made up of Muslim socio-economic status is directly dependent on religion. Because religion as a major moral capacity and shape nations and ethnic groups played a vital role in society. In the geographical area of Islamic civilization functioning integrative role, the people understand the value adheres to Islam, the role of the functions of religion.

**Keywords:** Islam, civilization, Central Asia, Kazakhstan.

ӘОЖ:9(с)55 А31

## XXI Ғ. БАСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОКОНФЕССИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІҢ КӨРІНІСТЕРІ

*Д.Ғ.Ахметжанов, магистрант  
(Алматы қ., Әл-Фараби атындағы  
Қазақ Ұлттық Университеті)*

**Аңдатпа:** Бұл ғылыми мақалада, XXI ғасырдың басындағы Қазақстандағы этноконфессиялық үдерістердің (процестер) ең негізгі көріністері мен олардың қандай қарқынмен жүргізілгені қарастырылады. Қазақстандағы қазіргі уақыт ағымындағы діни ахуал жайлы және Қазақстан Республикасының діни істер жөніндегі заңнамалары мен конфессияаралық бірлікті реттейтін нормалары, сондай-ақ олардың жүзеге асырылып, діни бірлікті сақтаудағы ролі туралы қамтылады.

**Түйін сөздер:** деноминация, сфера, этноконфессия, көпконфессия, толеранттылық, фанатизм, демагогия.

Қазіргі таңда Қазақстан халықтарының тыныштығы мен ішкі бірлігін сақтауда және ұлтаралық қатынастардың нығаюында дін ерекше орынды иемденіп отырғандығы баршамызға белгілі. Өйткені, тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда демократиялық қоғамның құрылымына және азаматтық қоғамның дамуына қажетті, қолайлы саяси жағдайлардың негіздері қалыптасты. Олардың қатарына ішкі тұрақтылықты, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді жатқызамыз. Тәуелсіздік жылдарында діни бірлестіктер саны алты есеге өсті. Бұл әрине кеңестік кезеңнің соңғы жылдары мен тәуелсіздіктің алғашқы жылдарымен салыстырғанда, Қазақстандағы этноконфессиялық үрдістердің тез қарқынмен жүргенін көреміз. Егер XX ғасырдың 90-жылы 670 діни бірлестік жұмыс істесе, қазір Қазақстанда 40 конфессия мен деноминацияға жататын 4551 діни бірлестік бар және олар үш мыңға жуық ғибадат орындарына ие. 2004 жылдан бері қолданылып келе жатқан діни бірлестіктерді тіркеуге алудың жеңілдетілген түрі және еліміздің салық саясаты мемлекет территориясындағы тіркелген діни бірлестіктердің ерікті дамуына мүмкіндік туғызуда. Көпұлттық және көпконфессиялық діни сферадағы мемлекет саясатының негізгі басымдықтары айқындалды, ол – қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға және адам құқықтарының қауіпсіздігіне арналған конфессияаралық келісімді қажетті жағдай ретінде нығайту болып табылады. Қазақстанда конфессияаралық қарым-қатынастарды реттейтін, діни бірлестіктер мен мемлекет арасындағы үн қатысуды нығайтатын ықпалды тетіктердің бірі ретінде 2000 жылы Үкімет жанынан құрылған діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кеңесті және Астана мен Алматы қалаларының, облыс әкімдерінің шешімімен құрылған өңірлік кеңестерді атауға болады. Бұл кеңесуші-консультативтік органның маңызды ерекшеліктерінің бірі оның құрамының жетекші конфессиялар өкілдерінен, дінтанушы ғалымдардан, қоғамдық бірлестіктердің жетекшілерінен, мемлекеттік басқару органдарының қызметкерлерінен және қоғам қайраткерлерінен қалыптасуы болып табылады. Бұл ортақ мәселелерді кеңесе отырып шешуге мүмкіндік береді.

XXI ғ. басында Қазақстандағы этноконфессиялық үрдістер мен діни татулық және дінаралық қатынастарды реттеуде көптеген ауқымды жұмыстар жүргізілді. Солардың ішінде ең негізгілері ретінде үш рет өткізілген Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін айтуға болады. 2003 жылдың 25 қыркүйегінде Қазақстанның елордасы Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезі өтті. I съезге қатысушылар Біріккен Ұлттар Ұйымы, басқа да мүдделі халықаралық және аймақтық ұйымдар жаңа мыңжылдықта өркениеттер арасындағы келісімді алға бастыру, мәдени және рухани құндылықтарды нығайту мақсатында қолдау көрсетуді күшейту қажеттігі туралы декларация қабылдады [1. 2 б.].

Астана қаласында 2006 жылдың 12-13 қыркүйегінде Бейбітшілік және келісім сарайында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының ІІ съезі өтті. Оған 20 елден келген 43 делегация қатысты. 160-тан астам делегат әлемдік және дәстүрлі діндер конфессияларының өкілдері – ислам, христиандық, иудаизм, буддизм, даосизм, синтоизм және басқалар. Сонымен қатар, БҰҰ, ЕҚЫҰ, БҰҰБҒМЖҰ халықаралық ұйымдарының құрметті қонақтары қатысты.

Съезд «Дін, қоғам және халықаралық қауіпсіздік» атты ортақ тақырып аясында «Діни сенім бостандығы және басқа дін ізбасарларына деген құрмет» және «Дін көшбасшыларының халықаралық қауіпсіздікті нығайтудағы рөлі» деген екі бағытта өрбіді. Съезге қатысушылар барлық дін және этникалық топтар өкілдерінің мәдени және діни тұрғыда қақтығысқа жол бермеуі туралы декларация қабылдады. Бұл құжатта «қарсы тұру идеологиясын» «әлем мәдениеті» етіп өзгерту бойынша ұсыныс көрсетілген.

Астана қаласында 2009 жылдың 1-2 шілдесінде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының ІІІ съезі өтті. 2006 жылғы форумда 29 делегация қатысса, ал, осы съезге барлық әлемдік және дәстүрлі діндер мен конфессиялардың өкілдері, әлемнің 35 елінен

77 делегация келді. Құрметті қонақ ретінде атақты саяси тұлғалар, мемлекет және қоғам қайраткерлері – Израиль мемлекетінің Президенті Шимон Перес, БҰҰ Бас хатшысының орынбасары Сергей Орджоникидзе, БҰҰБҒМЖҰ атқарушы кеңесінің төрағасы Олабий Бабалола Жозеф Яй, ЕҚЫҰ Бас хатшысы Марк Перрен де Бришамбо, т.б. қатысты. Съезде қонақтар мен делегаттар толеранттық негіздегі бейбіт құрылымдағы діни тұлғалар және олардың бір-біріне деген құрметі мен қарым-қатынастары туралы мәселелерді талқылады. Съездің отырыстарында төмендегідей секциялар болды: «Рухани және моральдық құндылықтар және әлемдік этика», «Ынтымақтастық және диалог», «Дағдарыс кезеңіндегі ынтымақтастықты сақтау».

Астана қаласында 2008 жылы 17 қазанда мұсылман әлемі және батыс елдерінің Сыртқы істер министрлері арасында «Дүниежүзі: түрлі прогресс жолдары арқылы» тақырыбында конференция өткізілді. Ал мұнда, 2006 жылы Елбасы мұсылман әлемі мен батыс шеңберінде конференция ұйымдастыру идеясын алғаш рет ұсынған болатын. Және мұны АҚШ, Ұлыбритания, Бразилия, Испания және т.б. елдердің басшыларымен талқылап, келісімге келді. Египет, Катар, Сауд Аравиясының басшылары тарапынан да қолдау тапты. Қазақстан тарапынан жасалған Ислам конференциясын ұйымдастыру бастамасына барлығы түсіністікпен қарады.

2010 жылдың 29-30 маусымында Астана қаласында ЕҚЫҰ-ның жоғары дәрежедегі конференциясына қатысушылар толеранттық пен кемсітушілік мәселелерін талқылауда әртүрлі дәстүрлер мен діндер арасындағы өзара қарым-қатынастарын дамытуда бұрын қабылданған шешімдердің тәжірибесіне сүйенетіндігін білдірді. 28 маусымда Астана қаласында үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен конференцияның екі күндік дайындық отырысы болып өтті. Дайындық отырысы барысында қатысушылар мұсылман, христиандар және басқа дін өкілдеріне қатысты шыдамсыздық пен кемсітушіліктің алдын алудың тиімді жолдарын талқылады. Мұның барлығы, Қазақстандағы діни татулықтың алдын-алу шараларын тағы бір рет көрсетіп берді [2. 3-4 б.б.].

Қазақстанның полиэтникалық, яғни, көп ұлтты және сан алуан діни конфессиялар мен көппартиялық жағдайында ұлтаралық татулықты сақтау мен нығайту басты мәселенің бірі екендігі айқын. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында да осы маңызды мәселе - үнемі басты орында болып келеді. Президент: «Қазақстанда саналуандық және көппартиялық орныққан: кез келген қазақстандық кез келген қоғамдық және саяси бірлестікке еркін кіре алады. ...Қазақстан діни сенім-наным бостандығын қамтамасыз етіп, конфессиялар аралық келісім мен діни тең құқылық саясатын дәйекті жүргізіп келеді,-деп атап өтті [3. 5б.]. Әрине, қазақстандықтардың демократиялық құқықтарын сақтау мен нығайту, олардың қоғамдық өмірдің барлық саласына белсенді қатысуын қамтамасыз ету, тежеу салмау, олардың

эртүрлі саяси бірлестіктерге кіруін қолдау маңызды. Конфессиялар арасында келісімді сақтау мен діни тең құқықтылықты орнықтыру - бұл да қажет. Бірақ, назар аударатын басты мәселе: көппартиялық жүйе халық ішінде іріткі салу құралына айналмауы қажет, эртүрлі діни конфессиялар да басқа діндерге және оны ұстаушыларға нұқсан келтіру, құқықтарын шектеу саясатын жүргізбеуі қажет. Еліміздегі сан алуан ұлттық бірлестіктер ұлтаралық араздық тудырмауы қажет. Себебі, қазақстандықтар үшін әлеуметтік саладағы негізгі құндылық: - ұлтаралық татулықты сақтау, көп ұлтты Қазақстан жағдайында бірін-бірі түсіну, сену мен құрметтеу және азаматтық келісімді орнықтыру. Ұлтаралық татулық сақталмайынша, азаматтық келісім болмайынша экономикалық даму, саяси тұрақтылық, халықтың әл-ауқатын көтеру мүмкін емес. Біз мұны көршілес республикалардың және басқа да саяси, діни қайшылықтар шиеленіскен Ирак, Ауғанстан, Франция т.б. мемлекеттер жағдайынан көріп отырғанымыз құпия емес. Саяси тұрақтылық орбитасынан шығып кеткен Қырғызстандағы саяси ахуал, Украинадағы текетірес, Өзбекстандағы жарылыстар, Ресейдегі «шешен» проблемасы, Франциядағы эмигрант жастар әрекеті бұл экономикалық, әлеуметтік дамуға тұсау болатыны сөзсіз. Ұлтаралық тұрақсыздықтан, шиеленістен ешбір ұлт өкілдерінің ұтысқа шығуы мүмкін емес [4. 35 б.]. Ендеше бұл нәзік мәселе саясат құралына айналмағаны дұрыс. Президенттің «діни негіздегі жатсынбаушылық пен конфессиялар аралық келісімді қамтамасыз ету» қажеттілігіне баса назар аударуы ел ішіндегі ахуалды терең талдаудан туған пікір екендігі сөзсіз [5. 4 б.].

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XV сессиясында сөйлеген сөзінде Дін істері жөніндегі агенттік құру туралы идеяны алға тартқан болатын. Бұл құрылымның міндеттерін белгілей келіп, Президент «біздің шешуші конфессияларымыз мемлекеттік органдармен ынтымақтастық барысында дінге сенуші жастармен белсенді жұмыс жүргізіп, олардың шынайы діни білім алуына көмектесе алар еді» деп атап көрсетті. Бүгінде Қазақстанда ұлттық діни қайта өрлеу кезеңі белең алуда. Дін халықтың мәдени дәстүрлерін сақтаушы және рухани-адамгершілік идеалдардың қозғаушы күші ретінде біздің отандастарымыздың көз алдында зор құндылықтарға ие. Осыған байланысты діни этиканың күші өскелең ұрпақтың адамгершілік және рухани дүниетанымын қалыптастыруда барынша белсенді қолданылуда. Дәстүрлі діни танымдардың сенім үдерістері ғасырлар бойы адамдардың өз ұрпақтарын тәрбиелеуіне, еңбек етуіне, кітап жазып, ұлы өнер туындыларын жасауына ықпал етіп келді. Басқаша айтсақ, дәстүрлі діндер қоғамдық өмірдің және мәдениеттің ажырағысыз бір бөлшегіне айналды.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының II съезінде сөйлеген сөзінде: «Мыңдаған жылдар бойы дінге негізделген мәдениет тарихта өзінің жанды сөзін сақтап келді. Бір жағынан ойлап қарасақ, өзінің діни рухын сақтау тарихта тұтас бір халықтың сақталуының кепілі болып келді» [6. 1-2 бб.].

Ислам және православие қазақ және орыс халықтарының өміріндегі басты мәдениет жасаушы негіз болып табылады. Мемлекетіміздің арнайы ресми мереке ретінде демалыс күні деп Құрбан айт пен Рождествоны мойындауы да тегін емес.

Бүгінгі таңда Қазақстан – діни толеранттылық идеясын тарату жөнінде талассыз көшбасшы. Біздің еліміздің конфессияаралық үнқатысудағы тәжірибесі бүкіл әлемдегі діни жетекшілердің қолдауы мен мойындауына ие болып отыр. Еліміз өзінің нақты істерімен халықтар және діндер арасындағы келісім мен түсіністікке толық қол жеткізуге болатындығын дәлелдеп келеді. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың сара саясатының арқасында мемлекет әр түрлі этностар мен конфессиялардың бейбіт қатар өмір сүруінің өзіндік моделін жасады [6. 4 б.].

Мемлекет белгілеген діни заңдар мен нормалардың қабылдануына байланысты, діндер арасында тәртіп орнап, мұсылмандар және православиеліктер, католиктер және протестанттар, буддистер және иудейлер – барлығы бір-біріне құрметпен қарайды. Өйткені әрбір адам басқа азаматтардың құқықтарына нұқсан келтірмей-ақ өзінің діни

көзқарасын таңдауға құқылы. Міне, сондықтан да Қазақстанда қазірдің өзінде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының үш съезі өткізілді. Осы съездерде әр түрлі мемлекеттердің және халықтардың діни иерархиясы әр түрлі мәдениеттер мен діндердің үнқатысуына, барлық жерде бірдей қабылданған төзімділік пен еркіндік құндылықтарына негізделген бірыңғай өркениеттілікке ұмтылатындықтарын растады.

Әрбір зайырлы мемлекетте нақты белгіленген зайырлы идеология болуы міндетті. Егер мұндай жағдай қалыптаспаса, ол мемлекет конфессияаралық қақтығыстарға бейім тұрады. Көпшілік зайырлылықты барлық діндерге қатысты бейтараптық ұстану, мемлекеттің діни танымдардан тәуелсіз және кез келген теологиялық тұжырымдамалардан еркін болуы деп түсінеді. Алайда бүгінгі таңда зайырлылықты анықтайтын бұл қағида бірте-бірте өзгеріске ұшырауда.

Көптеген мемлекеттер зайырлылық пен демократияны жариялай отырып, дінге қатысты ерекше қарым-қатынас қалыптастырған. Бұл ретте олар дінді барлық қоғамдық және мемлекеттік өмірдің шекарасынан шығарудан бастап, көптеген діндер арасында бір немесе бірнеше дәстүрлі діндерге арнайы қолдау көрсетуге дейінгі бағытты ұстанады. Зайырлы мемлекет ретінде Қазақстан өзінің мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынасын өзінің тарихына, ұлттық мүдделеріне және өмір талаптарына, шетелдердің тәжірибесіне сүйене отырып қалыптастыруға зор мүмкіндігі бар. Бұл ретте, сөзсіз республикамызда басымдық дәстүрлі діндер жағында болуы керек [7. 8 б.].

Қазақстандағы мемлекет және діни бірлестіктердің өзара қарым-қатынасындағы модель адамдардың еркіндігі мен құқығын құрметтеудегі демократиялық үдерістерге, қоғамдық және діни мүдделердің тепе-теңдігіне және өзара түсіністік пен қалыпты жағдайда бейбіт қатар өмір сүруіне негізделген. Діни сенім еркіндігі саласындағы мемлекеттік саясаттың үш негізгі принциптерін айрықша бөліп көрсету керек, олар – бейтараптық, толеранттылық және теңдік. Бұл ретте ең басты мәселе мемлекеттің діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласпау жөніндегі бейтараптығы болып табылады. Толеранттылық принципі діни сенімге деген құрметпен ерекшеленеді. Теңдік принципі заң алдындағы барлық діни бірлестіктердің және әр түрлі діни сенімдегі өкілдердің теңдігін айқындайды. Сондықтан зорлық-зомбылыққа шақыратын конституциялық құрылысты құлатуға, билікті өзгертуге және басқа келеңсіздіктерге үндейтін кез келген діни бірлестік заң бұзушы ретінде одан әрі еркін өмір сүруге тиісті емес.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда тұрғындардың діни сана-сезімі оянып, діни ерекшеліктерінің жаңғыруы басталды. Бұл ретте мемлекеттік саясаттың мақсаты қазақстандық қоғамдағы діни сала өміріндегі тұрақтылық пен толеранттылықты сақтау болып табылады. Қазақстан халқы ешқашан желөкпе діни сенімге бейім болған жоқ, одан да гөрі ежелден-ақ діни сенімге төзімділік және конфессияаралық саладағы толеранттылыққа жақындығымен ерекшеленді [8. 2-3 бб.].

Солай бола тұрса да, қазіргі кезде Орталық Азияда қалыптасқан діни ахуалға ықпал етуі мүмкін діни көзқарастағы ағымдардың белең алуы байқала бастады. Мұндай ағымдардың өрістеуіне діни қағидаттарды толық түсінбеушілік, берік өмірлік танымдардың болмауы, сонымен бірге, азаматтардың сенгіштік қасиеттері қолайлы жағдай жасауда. Ал, мұндай кері діни ағымдарды таратушыларға өздерінің көзқарастарынан басқа сенімдегі адамдарға, тіпті бір сенімдегі адамдардың өзіне төзімсіздік көрсету мінез-құлқы тән. Демагогияға құрылған фанатизм және идеяға деген соқыр сенім, қаталдық және басқыншылық мінез-құлықтар – олардың дүниетанымының ерекшеліктері, міне, осылар [8. 5 б.].

Қорыта айтқанда ХХІ ғасырдың басынан бастап, Қазақстанда этноконфессиялық татулық пен діни істердің басқа бағыттары бойынша өте көп жұмыстар атқарылды. Әрине, мұндай ауқымы кең жұмыстарды бір тақырып аясына сыйыстыру оңай болмағандықтан, біз бүгінгі тақырыпта, олардың ішінде белгілі бағыттарын атап өтуге тырыстық. Осындай әрекеттері мен дінге деген құрмет пен дінаралық қарым-қатынастарды реттеуде көп қызмет атқарған Қазақстан бүгінде бүкіл әлем үшін конфессияаралық келісімнің үлгісі

ретінде танылды. Ғасырлар бойы ислам және христиан дінінің, бірінші кезекте православиенің бейбіт қатар өмір сүрудегі тәжірибесі біздің республикамызды мекендейтін қазақ, орыс және басқа да халықтардың бауырластығының үлгісі болды. Әрбір дін өзінің уағыздарымен адамдарға жалпы адамгершілік құндылықтарды әкеледі, қоғамдағы таным, түсінік нормаларын бекітеді, халықтардың ғасырлар бойғы рухани құндылықтарының сақтаушысы ретінде рөл атқарады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Есбосын Смағұлов. Конфессияаралық келісімнің қазақстандық тәжірибесі. //Айқын. – №27.– 2010.
2. Жанна Онлашева. Қазақстандағы діни жағдай. // Заң газеті. – №8. – 2008.
3. «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. //Ақиқат. – 2005. – №3. – 5 б.
4. Назарбаев Н.Ә. Жүз жылға татитын он жыл. //Астана ақшамы,. – 2001.
5. Құрманғали Даркенов. Қазақстандағы тұрақтылықтың негізі – толеранттық.
6. Қайрат Лама Шәріп. Ислам — бірлік, бейбітшілік және қайырымдылық діні //«Егемен Қазақстан» газеті. – № 8. – 2011.
7. Межнациональная стабильность в Казахстане. //Деловой Мир. – 2005. – №5.
8. Нүресләм Ғабдуллин. Дін – қоғамымыздың ажырағысыз бөлігі //Солтүстік Қазақстан газеті № 126 (21186) сейсенбі, 18 қазан 2011.

### Резюме

**Д.Г.Ахметжанов, магистрант**

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

#### **Этноконфессиональные процессы Казахстана в начале XXI века**

В данной статье рассматриваются вопросы этноконфессиональных процессов Казахстана в начале XXI века. Здесь показано религиозное положение и религиозная политика Казахстана, а также государственная политика в сфере религии на основе этноконфессиональных процессов в начале XXI века. В Казахстане созданы все необходимые правовые и организационные условия для мирного сосуществования различных конфессий, сформирована единая государственная политика в области религии.

**Ключевые слова:** деноминация, сфера, этноконфессия, поликонфессия, фанатизм, демагогия.

### Summary

**D.G.Ahmetzhanov, undergraduate**

*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

#### **Ethno-confessional processes in Kazakhstan at the beginning of the XXI century**

In this state deals with ethnic and religious processes in Kazakhstan beginning of the XXI century. This shows the position of the religious and the religious policy of Kazakhstan as well as state policy in the sphere of religion on the basis of ethno-denominational process at the beginning of the XXI century. Kazakhstan has all the necessary legal and organizational conditions for the peaceful coexistence of different faiths, formed a unified state policy in the sphere of religion.

## ҚАЗАҚСТАН МЕН ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

**Г.Есмурзанова, магистрант**

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

**Аңдатпа:** Тәуелсіздік алған жылдардан бастап, халықаралық қоғамдастықта қазақ халқы үшін қашан да болсын бейбітшілікті жақтаушы, қолдаушы ел ретінде танылғаны баршамызға белгілі. Қазақстан тәуелсіздігін алған кезден-ақ сыртқы саясатта көрші жатқан елдермен тығыз қарым-қатынасты ұстанып келеді. Шанхай Ынтымақтастық ұйымының мемлекеттерімен қарым-қатынас жасау арқылы өздерінің көздеген мақсаттарына жету, бір-біріне сенімділікпен қарау, түсіністік таныту, өзара бекітілген құжаттардың міндеттемелерін сақтай отырып, мемлекет мүдделерін сақтау қажет. Тәуелсіз Қазақстан дүние жүзінің көптеген елдерімен әрі тарихы тағдырлас елдермен ынтымақтастық жағдайында өмір сүруге баса көңіл бөліп, Орталық Азияның көшбасшысына, халықаралық лаңкестікке, есірткінің жайылуы мен ядролық қарудың таралуына қарсы белсене күресетін мемлекетке айналды.

**Түйін сөздер:** Қазақстан, Шанхай ынтымақтастығы, ұйым, лаңкестік, ядролық қару.

Бүгінде Халықаралық қатынастарда Халықаралық ұйымдар елеулі роль атқарып келеді. XIX ғасырдан бастап қоғамдық өмірдің көптеген қырлары Халықаралық достықтың жаңа үлгілерін құруға алып келді. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап, халықаралық қоғамдастықта қазақ халқы үшін қашан да болсын бейбітшілікті жақтаушы, қолдаушы ел ретінде танылғаны баршамызға белгілі. Қазақстан тәуелсіздігін алған кезден-ақ сыртқы саясатта көрші жатқан елдермен тығыз қарым-қатынасты ұстанып келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында «Еліміз әлемдік саясатта талассыз халықаралық беделге ие жауапты да сенімді серіктес. Біз жаһандық қауіпсіздікті нығайту ісінде маңызды роль атқарамыз, халықаралық терроризмге, экстремизмге және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күресте әлемдік қауымдастықты қолдай отырып, Қазақстан Республикасы Еуропадағы Қауіпсіздік пен Ынтымақтастық Ұйымына, Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына және Ұжымдық Қауіпсіздік Ұйымына төрағалық етіп келе жатқанын» атап көрсетті [1].

Сондықтан да, елімізде 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдері тұрса да елдің ішкі саяси тұрақтылығы мен ұлттық бірлігін сақтай отырып, саясатымыздың нығаюына Ұйымдардың қосқан үлесі зор. Мұндай жағдай елімізге шын мәнінде стратегиялық артықшылықтар, оларды іске асыру Қазақстанның дамуына ғана емес, тіпті күллі Еуразия құрлығында оңтайлы ахуалдың қалыптасуына жәрдемдесуі мүмкін» [2] - деп Елбасы осыдан он жеті жыл бұрын 1996 жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында еліміздің сыртқы саясатының нақты даму бағыттарын айқындап берген болатын. Міне, көріп отырғанымыздай, қазіргі күні Қазақстан шынымен де бүкіл Еуразия кеңістігінде оң ахуалдың қалыптасуына бастамашы, ұйытқы болып отыр.

Еліміздің алыс-жақын шет елдерімен қарым-қатынас орнатуда үнемі көптарапты бағыттарды ұстанатынын атап өту қажет. Қазақстан өзінің орналасу аймағы жағынан алғанда да еліміз аса ықпалды үш геосаяси орталықтардың: Ресейдің, Қытайдың және мұсылман әлемінің ортасында тұр. Оған қоса Еуропа мен Азияның түйіскен тұсында орналасқан. Мұның өзі көп жағдайда еліміздің сыртқы саясатының мазмұнын айқындап келді және келешекте де айқындай беретін болады.

Негізінен, Қазақстан Республикасының сыртқы саясатта ұстанатын бағыты өңірлік және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Сондықтан еліміз Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, Тәуелсіздік Мемлекеттер Достастығы, Еуразиялық Экономикалық Қауымдастығы сияқты интеграциялық ұйымдардың атқарып келе жатқан жұмысымен жан-жақты дамытуға өз үлестерін қосып, жетілдіре түсуге белсене араласып келеді.

Ал, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, (ШЫҰ) — 1996 жылы «Шанхай бестігі» деп атаумен құрылған халықаралық ынтымақтастыққа бағдарланған ашық ұйым болып құрылды. ШЫҰ-ның мақсаты мен міндеті – өзара сенімді, достық пен татулықты нығайту, саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени, энергетикалық, экологиялық және басқа салаларда мүше мемлекеттер арасында тиімді ынтымақтастық орнату, өңірде бейбітшілікті, қауіпсіздікті және тұрақтылықты қамтамасыз ету.

«Шанхай бестігі» Қазақстан Республикасының соңғы жылдардағы сыртқы саясатында ұстанған негізгі бағыты бойынша айтарлықтай орын алды. Ол Қытайдың Шанхай қаласында шекаралары шектесіп жатқан 5 мемлекет - Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Ресей Федерациясы мен Тәжікстан Республикасы басшыларының 1996 жылы 26 сәуірде алғашқы кездесуі өтті. Осы форумға қатынасқан мемлекеттердің басшылары кейін Мәскеуде (1997 ж.), Алматыда (1998 ж.) және Бішкекте (1999 ж.) кездесулерін өткізді [2].

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер Еуразия кеңістігінің жер аумағының 3/5-ін құрайды, ал жалпы ауданы 30 миллион 189 мың шаршы шақырым. Халық саны - 1 миллиард

455 миллион адамды қамтиды, яғни мұның өзі жер шарын мекендеген тұрғындардың төрттен бірі осы ұйымның мүшелері болып отыр дегенді білдіреді [5].

ШЫҰ құрамына Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік кеңесінің Қытай және Ресей тәрізді екі бірдей тұрақты мүшесінің кіруі, ұйымның халықаралық аренада үлкен саяси беделге ие болуына және аумақта осы державалар мен АҚШ мүдделерін теңгермешілік дәрежеде ұстауға мүмкіндік беруде. Сыртқы қатынаста ШЫҰ өзге мемлекеттерге қарсы бағытталмаған және ашық саясат принциптеріне жүгінеді:

- ШЫҰ ауқымында оған мүше мемлекеттердің бірлесіп жасалатын іс-қимылдары әскери-стратегиялық қауіпсіздікті дамыту, сенімділік шараларын нығайту;

- лаңкестікке және экстремизмге, заңсыз көші-қонға, есірткі тасымалына, трансшекаралық өзге де қылмыстық істерге тосқауыл қою;

- экономикалық ынтымақтастық, өзара сауда жүйесінде Дүниежүзілік сауда ұйымының стандарттарына біртіндеп жақындау;

- табиғи және техногенді мазмұндағы төтенше жағдайларды бірлесе отырып сақтандыру және болдырмау;

- мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық бағыттары бойынша атқарылады.

«Шанхай бестігінің» осы кезге дейін өткен төрт кездесуінде Қазақстан делегациясы айтарлықтай белсенділік көрсетті. 1996 жылы Шанхайда өткен алғашқы басқосуда ортақ шекараларға байланысты әскери саладағы сенім мәселелері талқыланды. Мәскеуде өткен кездесуде шекаралық аудандардағы қарулы күштерді қысқарту жөніндегі құжатқа қол қойылды. Ал, 1998 жылы Алматы саммитінде «бестік» елдерінің өзара қатынастарындағы басым бағыттар айқындалып, осы елдер арасындағы сауда - экономикалық қатынастарды теңдік және өзара тиімділік негізінде дамыту мәселелері талқыланды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың, Қырғыз Республикасының Президенті А.Ақаевтың, Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цземиннің, Ресей Федерациясының Президенті Б.Ельциннің, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Рахмоновтың қатысуымен 1999 жылғы 24-25 тамызда Бішкекте өткен басқосуда осыдан бұрын Шанхайда, Мәскеуде және Алматыда қол жеткен келісімдердің орындалу барысы жөнінде пікір алмасылды, өңірдегі қауіпсіздік пен қарым-қатынас мәселелері талқыланды және «Бішкек декларациясы» деген маңызды құжат қабылданды.

Осы кездесудің алдында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қытай Халық Респубикасының Төрағасы Цзян Цземинмен әңгімелесті. Мемлекет басшылары екі ел арасындағы қатынас оңды бағытта дамып келе жатқандығын атап өтті. Қазақстан ТМД елдері арасында тауар айналысы бойынша Қытай үшін екінші әріптес болып отырғаны айтылды. Соңғы кезде ұзаққа созылған келіссөздер нәтижесінде екі ел арасындағы шекаралық мәселелер екі жақ үшін де әділ шешімін тапты: Шағын-Оба асуы мен Сарышелді өзені аудандарындағы даулы болып келген жерлер жөнінде Қазақстан мен Қытай арасында келісімге қол жетті. Жалпы көлемі 1000 шаршы шақырым болатын осы даулы жердің, 57%-ы Қазақстанға, 43%-ы Қытайға жатады деп шешілді [3].

2001 жылғы 28 сәуірде Мәскеуде өткен сыртқы істер министрлерінің кездесуінде Шанхай ұйымның ұлттық үйлестірушілерінің кеңесі туралы ереже бекітілді. Бұл ережеде:

- әскери-стратегиялық қауіпсіздікті дамыту мен сенім шараларын нығайту;
- экономикалық ынтымақтастық пен өзара сауда ұйымының стандарттарына біртіндеп жақындату;
- табиғи және техногендік төтенше жағдайлардан бірлесіп сақтану және олардың мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту;
- мүше мемлекеттердің сыртқы саяси, ішкі экономикалық, құқықтық мәртебесін көтеру;
- антитеррорлық шараларды бірлесіп жоспарлау және өткізу;
- қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінде ұлттық жарнамаларды үйлестіру;
- тиісті кадрларды даярлау [7].

Ал, 2006 жылғы маусымның 15-інде Шанхайда өткен саммитте Қазақстан ШЫҰ Азия энергетикалық стратегиясын жасауға бастама көтерді. Бұл ШЫҰ-да сауда-экономикалық салада тәжірибелік ынтымақтастықтың басталуына түрткі болды. ШЫҰ-ға мүше мемлекеттерінің парламенттері, жоғарғы соттары басшыларының, білім министрлерінің алғашқы кездесуі өтті. Сыртқы экономикалық және сыртқы сауда қызметіне, көлік пен мәдениетке жауап беретін бас прокурорлардың, министрлердің кездесулері тұрақты ұйымдастырылып отырады. Отын-энергетика кешені саласында өзара іс-қимыл нығаюда. Сондай-ақ ҚР Президенті ШЫҰ аясында заңсыз көші-қонмен күрес жөнінде келісім жасасуды ұсынды.

Бүгінде ШЫҰ Орталық Азиядағы өңірлік ынтымақтастықтың барынша табысты модельдерінің бірі болып табылады. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың айтуынша, «Қазақстанның ұсынысымен жүзеге асырылған Еуразия идеясының 3 киті – ЕурАзЭҚ, АӨІСПК және ШЫҰ» [5]. ШЫҰ жылдан жылға ынтымақтастықтың жаңа салаларын қамтып келеді. Жоғарыда аталған барлық фактілер Шанхай ынтымақтастық ұйымы көп жақты өңірлік құрылымға бірте-бірте ауысып келе жатқандығын айғақтайды.

Шанхай ұйымына мүше елдердің жарғысында атап көрсетілген негізгі бағыттар. Десек те, Шанхай ұйымының белсенділігі мен геосаяси бағыты үстіміздегі жылдың 5 шілдесінде Астанада өткен саммиттен кейін нақты көріне бастады. Астана саммитінде тұңғыш рет «АҚШ-қа Орта Азиядан әскери базаларын алып кету туралы» шарт қойылды. ШЫҰ-ға мүше барлық мемлекеттер бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарды.

Демек, Орталық Азияда әскери базалары бар АҚШ-қа Каримовтың, тіпті алғашқыда жаңадан президент болған Бакиевтің «базаларды алып кету туралы» пікір айтуының астарында не жатыр деген көзқарастар қалыптасты. Бұған «Шанхай ынтымақтастық ұйымы - Қытайдың Орта Азияға дендей енуіне мүмкіндік жасайтын құрал» дегенді айтады. Демек, осы ұйым арқылы Қытайдың аймаққа ықпал ету рөлі арта түсетінін байқауға болады. Бұл жөнінде британ сарапшысы Филип Наубел: «ШЫҰ - жаңа құрылым. Мұнда Қытайдың рөлі басым. Кіндік Азияда Қытайдың саяси әрі экономикалық мүддесі бар. Қытай үшін көрші елдердегі мол мұнай мен газ және өзге де ресурстар ауадай қажет. Сондықтан Цзинтао елінің сыртқы саясатының ең бір негізгі тетігі, осы Кіндік Азия елдеріне қандай да бір жолдармен әсер ету», – деген байлам жасаған [4]. Шанхай ұйымы қазір аймақтық қана емес, әлемді ауқымды қамтып барады. Соңғы саммитте Шанхай

ұйымына Монғолия, Үндістан, Пәкістан мүше болып енді. Алдағы уақытта бұл ұйымға, сондай-ақ, Иран бақылаушы, сонан соң толыққанды мүше болмақ деген болжам бар. Олай болған жағдайда, Шанхай ұйымының антиамерикалық бағыт ұстанатыны тіпті айқындала түседі. Мысалы, Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының (ОДКБ) Бас хатшысы Николай Бардюжаның пікірінше, «Шанхай ұйымы әскери-саяси Одаққа айналмаса да, ол аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуде белсенді бір ұйым болып табылады деп өзінің пікірін айтқан болатын [5].

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес жүргізу бойынша өкілеттік берілген органдар басшылары кеңесінің есірткіге қарсы сұранысты төмендету жөніндегі сарапшылар тобының бас қосқан отырысы болды. Оған ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес бойынша құзыретті органдары сарапшыларының жұмыс тобы мүшелері қатысты. Отырыс барысында аса маңызды әрі кең ауқымды мәселелер қаралды.

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің 2011-2016 жылдарға арналған есірткіге қарсы стратегиясын іске асыру бойынша тараптардың ұсыныстары талқыланды [6]. Өйткені, Шанхай ынтымақтастық ұйымы – өңірлік халықаралық ұйым болып табылады. Сондықтан да аталған отырыста есірткіге қарсы сұранысты төмендету, есірткіні насихаттау үшін қолданылатын мүмкіндіктерді шектеу айтылып, бұған қоса есірткіге қарсы күресте үкіметтік ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің әлеуетін пайдалану жөнінде нақты ұсыныстар жасалды. Кездесуге қатысушылар медициналық-әлеуметтік оңалтудың толыққанды жүйесін қалыптастыру, ШЫҰ-ға мүше мемлекеттерде халықтың нашакорлыққа салыну деңгейін анықтау арқылы есірткіге тәуелділерді есепке алу жүйесін жетілдіру, ШЫҰ-ға мүше мемлекеттерде нашакорлыққа әлеуметтік ауру мәртебесін беру жөнінде нақты ұсыныстар айтты. Сондай-ақ ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің есірткінің жаңа түрлерін анықтау мәніне есірткі нарығына мониторинг жүргізу және нақты профилактикалық шараларды қабылдау бойынша бірлескен іс-қимылдардың үйлестіру тетіктері талқыланды. Сөйтіп, бұдан әрі ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің құзыретті органдары басшыларының кеңесінде қаралатын болды. Отырыста қабылданған шешімдер ШЫҰ-ға мүше мемлекеттерде есірткіге қарсы сұранысты төмендетудің тиімді кешендік жүйесін қалыптастыру мақсатында құзыретті органдардың есірткінің заңсыз айналымына қарсы жұмысын үйлестірудің неғұрлым жоғары деңгейіне қол жеткізуге және нашакорлықтың алдын алуды жетілдіруге мүмкіндік береді.

Жоғарыдағылардың барлығын қорыта келе, Шанхай Ынтымақтастық ұйымының мемлекеттермен қарым-қатынас жасау арқылы өздерінің көздеген мақсаттарына жету, бір-біріне сенімділікпен қарау, түсіністік таныту, өзара бекітілген құжаттардың міндеттемелерін сақтай отырып, мемлекет мүдделерін сақтау қажет. Тәуелсіз Қазақстан дүние жүзінің көптеген елдерімен әрі тарихы тағдырлас елдермен ынтымақтастық жағдайында өмір сүруге баса көңіл бөліп, Орталық Азияның көшбасшысына, халықаралық лаңкестікке, есірткінің жайылуы мен ядролық қарудың таралуына қарсы белсене күресетін мемлекетке айналды.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты 2013.
2. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. А., 1992.
3. Самат Мұса. Еуразиялық экономикалық қауымдастық Еуразиялық Одақ құрылымына
4. Сапиулла Абдулпаттаев. Шанхай ынтымақтастық ұйымы. Ақиқат. 2002. №3 62 б.

5. Толипов Ф. Организация Центрально-Азиатского сотрудничества в Шанхайской Организации Сотрудничества.
6. Киреев Г. Долгий путь к «Шанхайской пятерке». // Международная конференция .
7. Шанхай ұйымына мүше елдер// Егемен Қазақстан 2005. 5 шілде.

### Резюме

**Г.Есмурзанова, магистрант**

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

#### **Взаимосвязь Республики Казахстан и Шанхайской Организации Сотрудничества**

Статья посвящена вопросам взаимосвязи между Казахстаном и Шанхайской организацией сотрудничества. Республика Казахстан является не просто государством-членом ШОС, но и инициатором Организации. Республика Казахстан внес весомый вклад в развитие ШОС, совместно с другими государствами-членами планировал и совершенствовал структуру Организации, что послужило прочной базой для ее быстрого, здорового и стабильного развития, повышению международного престижа и влияния Организации.

**Ключевые слова:** Республика Казахстан, Шанхайская Организация Сотрудничества, терроризм, ядерное оружие

### Summary

**G.Esmurzanova, undergraduate**

*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

#### **The relationship of the Republic of Kazakhstan and the Shanghai Cooperation Organization**

In this article examined mutual coherent creator Kazakhstan and Organizations of Collaboration Shanghai. The Republic of Kazakhstan is not only the SCO member states, but also the initiator of the Organization. The Republic of Kazakhstan has made a significant contribution to the development of the SCO, in cooperation with other Member States and planned to improve the structure of the Organization, which served as a solid foundation for its rapid, healthy and stable development, increasing international prestige and influence of the Organization.

**Keywords:** Republic of Kazakhstan, the Shanghai Cooperation Organization, terrorism, nuclear weapons

ӘОЖ 9(с)55 III 19

### **ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ АЛАШ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ**

**А.А. Шымырқұлова, магистрант**

*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Мақалада тәуелсіз Қазақстан мен Алаш идеяларының сабақтастығы мәселелері қарастырылған. Алашорда қайраткерлерінің Қазақ мемлекетін құру туралы ой-пікірлеріне сипаттама берілген. Олардың ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы қазақ халқының жағдайын жақсарту жолындағы қызметі баяндалған. Қазақстан тәуелсіздігі - қазақ мемлекеті мен тарихындағы жарқын беттердің көрінісі. Тәуелсіздік кезеңінде тарихымызды қайта жаңғырта отырып, еліміздің еркіндігін аңсаған, ұлттың болашағы үшін жанын аямаған қазақ зиялыларының зор еңбегін жоғары бағалаймыз. Тәуелсіздік

тарихы - өткеннің ерлікке толы беттерімен қатар, қайғы-қасіретке әкелген аштық пен ұжымдастыру, жаппай саяси қуғын-сүргінмен байланысты.

**Түйін сөздер:** Тәуелсіз Қазақстан, Алашорда, Алаш қайраткерлері, демократиялық мемлекет, ұлт бостандығы, қазақ халқы.

Дүрбелеңмен басталған ХХ ғасыр қазақ халқының басына ауыр да қайғылы қасіреттерді ала келді. Осы тұста қазақ ұлтының алдыңғы қатарлы оқыған зиялылары, Алашорда қайраткерлері - Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхаметжан Тынышбаев, Халел Досмұхамедов; көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері - Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин, Смағұл Сәдуақасов, Жанайдар Сәдуақасов, Нығмет Нұрмақов, Жалау Мыңбаев, сондай-ақ шетелге кетуге мәжбүр болған Түркістан ұлттық қозғалысының көшбасшысы Мұстафа Шоқай және т.б. өкілдерінің басты ұстанған идеясы қазақ елінің тәуелсіздігі болатын. Патша үкіметінің құлауын қазақ сахарасының алдыңғы қатарлы оқыған азаматтары зор қуанышпен қарсы ала отырып, болашақтан үлкен үміт күтті. Бірақ олар ойлаған ізгі ниет жүзеге аспады және ұстанған тәуелсіздік идеясы бастарына қайғы мен қасірет ала келді. 1919 жылы Кеңес өкіметі Алаш қозғалысына қатынасқандардың барлығына кешірім берген болатын, өкінішке қарай, өкімет органдары кейін бұл шараны толықтай орындамады. Керісінше, қудалау мен жазалауды күшейтті. 1927, 1930, 1931, 1932, 1936-1938 жылдары олардың артына «шам алып түсу» ісі басталды. Кеңестік қасаң идеология жас ұрпақ санасына оларды «бай-құлақтар», «алашордашылар», «халық жаулары», «жапон тыңшылары» деген сияқты жалған уағызды сіңірді. Қасіреті сол, өлген соң да жетпіс жыл бойы қураған сүйектерін сырқыраттық. Тек 1956 жылдан бастап мемлекет өз тарапынан олардың алдын ақтай бастады, өкінішке қарай кейін бұл шара тоқтатылды. Деректер мұрағаттардағы құпия қорда сақтаулы және кеңес мемлекетінің мүддесіне «зиян келтіру мүмкін» құжаттар кірмейді, оларды пайдалану, жариялау мәселесі әрқайсысының мазмұнына, тарихи және саяси маңызына қарай жеке шешілуі керек деген қаулы да қабылданды [1].

Алаш қайраткерлерінің түп қазық идеясы - қазақ мемлекеті. Ол үшін ата-баба қанын төгіп қорғаған, сақтап қалған, мыңжылдар бойы ешқайда көшпей, тұрақты мекен еткен жерді бөлшектемей, жат жұртқа тапталпау, сатпау, жерден айырылғанын барлық байлықтан, дәулетіңнен, құт-берекеңнен айрылу, өлу, өшу деген сөз; мемлекеттік басқару дәстүрлерді сақтай отырып, алдыңғы қатарлы Европа, Америка, Жапония үлгісіндегі қағидаттарға негізделген демократиялық сайлаушылар арқылы жасалған жүйелермен жүру керек; бұл ретте ешкімнің нәсіліне, жынысына, дәулетіне байланысты шектеу жоқ; шикізат емес, ұқсатып жасаған, пайда әкелетін өнім шығару мемлекет әрекетінің ең бірінші шарты; қазақ тілін дамыту, оқулықтар, сөздіктер жасау, мектептер, университеттер ашу; өз ақшасын шығару, әскер құрып, елді-мемлекетті қорғау керек.

Қазақы дәстүрлерді берік ұстану, шариғат шарттарына адалдық, әлемдік ақсүйектік әдептерді жете меңгеру, достық, уәдеге беріктік, ең бастысы ұлт мүддесі үшін бәрін құрбан ету сияқты асыл қасиеттерді Алаш қайраткерлерінің баршасының бойынан табуға болады. Қазақ елінің пайдасына қызмет етер деген үмітпен Әлихан Кадет партиясына, Ахмет пен Мұхтар Коммунист партиясына мүше болды, бұл үміт үзілген соң, үшеуі де ол партиялар қатарынан өз еріктерімен шығып кеткен. Олар мансапқа сатылу, билік алдында құлшылық ету, дүниеге, байлыққа ұмтылу дегенді мүлде білмеген [2].

Халыққа аты мәшһүр, ұлтқа «Оян!» деп ұран тастаған ұлы Міржақып еліне қаламымен еңбек етемін деп, Думаның депутаттығынан бас тартқаны белгілі. Бүгінде қарақан басы болмаса, әлеуметке жасаған тырнақтай еңбегі жоқ, кейбір «депутатсымақтар» осыдан үлгі алса етті.

Алаш зиялыларының өмірі мен қызметі қарама-қайшылықты күреске толы болды. Олар халқына адал қызмет жасады және сол жолда өмірлерін сарп етті. 1921 жылы желтоқсанда Қазақ АКСР-нің атқарушы басшылық қызметінде болған 21 жастағы Смағұл Сәдуақасов өзінің баяндамасында: «... Ешбір партия, әсіресе, коммунистік партия өз қатарындағыларға ұлтын жек көруге мәжбүрлей алмайды. Ешбір маркстік әдебиетте

езілген ұлттардың қаңқасы арқылы өркениетті халықтарда жұмысшы табы коммунизм салтанатына жетеді делінбегенін» алға тартады [3]. Бұрынғы Алаш қайраткерлері мен қазақ басқарушы элитасының өкілдері, ғылыми және шығармашылық интеллигенция өкілдері қазақ мемлекеттілігінің негізін қалады. Олар Орталық Азияның ұлттық-аумақтық межелеу және қазақ жерлерін қайта біріктіру үдерісіне белсене қатынасты, қазақ жерінің біртұтастығын сақтау үшін қыруар күш-жігерлерін жұмсады.

Зиялы қауым өкілдері қазақ ауылын барынша орталықтың социалистік қайта құруларынан қорғауға тырысты. Ұжымдастыру кезінде дәстүрлі мал шаруашылығымен айналысатын көшпенділерді, жартылай көшпенділерді күштеп отырықшыландыру және шаруашылықты тәркілеу саясатының салдары қазақ халқын орасан зор қайғы-қасіретке душар етті. Сол кезде Мәскеуде РСФКР ХКК төрағасының орынбасары қызметіндегі Тұрар Рысқұлов екі рет И.В.Сталинге хат жолдаған. Онда: 1932-1933 жылдары орын алған жағдайды егжей-тегжейлі сипаттай келіп, КСРО-ның ешбір жерінде болмаған ұжымдастыру кезіндегі асыра сілтеушілік нәтижесінде болған аштықтың салдарынан қырылған қазақ халқының тағдыры туралы жазады [4]. Ол БКП ОК (б) аштыққа ұшырағандар мен қоныс аударушыларға көмек беру, облыс, өлке, тіпті республикадан тыс жерлерге ауып көшкен қазақтарды жұмыспен қамту туралы өтініш жасады. Алаш идеясы елдің ұлттық сана-сезімін сақтауда үлкен рөл атқарды. Бұған мұрағат деректері дәлел. Алаш партиясының қызметіне кеңес билігі қарсы болғанымен, Алаш идеяларын жоя алмады. Бұл идея ұлттың жадында өшпей сақталып қалды. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қоғам алдындағы жауапкершілік, азаматтық рух пен биік талпыныстар үлгісі қазіргі ұрпақ үшін үлкен сабақ болуы керек. Олар өз дәуірінің дүниетанымын қалыптастырған жоғары білімді біртуар азаматтар еді. Олар халық мүддесіне адал қызмет етті.

Кеңестік кезеңдегі большевиктік орталық жетекшілеріне де тиісті баға беру керек. Бір жағынан ұлттық республикада «жергілікті ұлтшылдар» мен ұлттық көшбасшылардың белсенділігінен қауіптенген Орталық, қалай болғанда да олардың ақыл-парасаты мен талантын мойындап, оларды орталық аппарат жұмыстарында пайдаланды. Осылайша Мәскеуде Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов, С.Асфендияров, Н.Төрөқұлов жұмыс жасады. Фрунзе мен Куйбышев Т.Рысқұловты мақтан тұтатын. Сол кезеңдегі қазақ зиялыларының рухы жоғары болды. 1929 жылдың қаңтарында Міржақып Дулатовтың түрмеде жазған Ұрпаққа хатында: «Совет үкіметіне күрес деп шуласып жүргендеріміз - қазақ ұлтын өз бетінше өмір сүрсін деген мүддеден туған ниет қана. Өз отанымыз өзімізге бұйырсыншы дегеніміз. ...Ғұмыр болса, дәм жазса - ұлтымның келешегі үшін күш-жігерімді аямай еңбектене беруге борыштымын. Адамсам - халқыммен бірге адастым, сәулесі жарық жолға ұмтылсам - ұлтыммен қосыла ұмтылып бағамын». 1938 жылы Мұстафа Шоқай «Яш Түркістан» журналының мерейтойлық жүзінші санында үлкен сенімділікпен, өз халқын бірлік пен тәуелсіздікке шақырды: «Азаттық пен тәуелсіздік таңы атады, сонда біздер қарапайым күрескерлер өз туған жерімізде, туған халқымыздың арасында боламыз. ...Түркістандықтар ұлттық бірліктің - туған жерде және жұмыстағы бірліктің - эмиграцияда, мақсаттар бірлігі мен міндеттерге адалдық-азаттыққа және еліміздің тәуелсіздігін бекітуге апаратын бірден-бір жол екенін түсіну керек». Бүгінгі тәуелсіздік кезінде М.Шоқайдың: «Ұлт азаттығы - ұлттық рухтың ізі. Ал, ұлттық рух биіктейді және ұлттық еркіндік пен тәуелсіздік жағдайында ғана өзінің жемісін бермек» деген сөздерін еске алмау мүмкін емес. Бұл ұлттық тәуелсіздік сарбаздарының сөзі...[5].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 1990 жылдың басынан бастап «Орталық-Азиялық одақ құру» идеясын көтеріп келеді. Төл тарихымызға қарасақ, бұл идеяны алғаш рет Мұстафа Шоқай, ал «түркі жобасын», түркі партияларын біріктіру идеясын Т.Рысқұлов ұсынған болатын. Осы кезге дейін баршамызды Мұстафа Шоқайдың жоғары патриотизмі, ел мұратына деген адалдығы және шығармашылық мұрасындағы қағидалары таңғалдырып келеді [3, 5 б].

Сондай-ақ, қазіргі таңда әлемнің көптеген елдеріндегі мемлекеттік басқару жүйесі айтарлықтай өзгеріске ұшырап отырғаны белгілі. Сондықтан да бүкіл мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттырудың қазіргі заманғы өзекті міндеттері мен жолдарын белгілей отырып, Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған 2008 жылғы 6 ақпандағы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Жолдауында: «Үкімет әкімшілік реформада көздеген Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесін үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып, нәтижелілік, ашықтық, және қоғам алдындағы есептілік негізінде дамыту жөніндегі шараларды жедел қарқынмен іске асыруға тиіс. Әкімшілік реформаның басты мақсаты басқарушы аппарат жұмысының тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру болуға тиіс. Яғни, «халыққа қызмет етуі шарт» деп атап өтті [6]. Өткен XX ғасырдың елең-алаңында осы идеяны Алаш арыстары көтерген болатын. Бүгінгі мемлекетіміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық реформаларының бастаулары Алаш идеясының қайнар көзінен алатыны сөзсіз. Тарихтан белгілі 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында Бірінші жалпықазақ съезі өтті. Осы съезде Алаш партиясының бағдарламасы жарияланды. Ал, оның негізгі ұстанымдары төмендегіше болды:

Біріншіден, Ресей демократиялық федеративтік республика болуы керек. Оның құрамындағы әрбір мемлекет тәуелсіз түрде әрекет етеді. Екіншіден, Ресей республикасында тең құқықтық, тұлға, сөз, баспа, ұжымдар ерікті болады. Үшіншіден, дін мемлекеттен бөлінеді. Барлық діндер тең құқылы. Төртіншіден, билік пен сот әр халықтың ерекшеліктеріне сәйкес құрылуы қажет, би мен сот жергілікті халықтың тілін білуі шарт т.б. Алаш қайраткерлері мемлекет басқару ісінде озық ойлы пікірлерімен ерекшеленіп, тәуелсіздік идеясын ту етіп көтерді [7].

Алаш партиясының бағдарламасы бойынша «Үкімет басында Құрылтай жиналысы, оның арасында Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума белгілі мерзімге сайлаған президент тұрады» делінген. Алаш зиялылары, Құрылтай жиналысы немесе бүкіл халық сайлап қойған өкілдер жиналысы мемлекет басында тұрады деп есептеді. Бұл идеяның «негізі, халық мемлекеттегі ең жоғарғы күш, биліктің нағыз қайнар көзі» деген мәні бар. Сондықтан да Құрылтай жиналысы тұрақты орган емес, ол мезгіл-мезгіл сессия түрінде жұмыс жасайды. Себебі, оның сессиялары арасында билік тұрақты орган Президенттің қол астында болады.

Олар Президенттің билігін төмендегіше анықтайды:

«Президент билігін Министрлер Кеңесі арқылы жүргізеді және Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума алдында жауапты» - деп, Президенттің атқарушы билік басшысы екендігін және оның белгілі бір мерзімге сайланып қойылатынын атап көрсетеді [8].

XX ғасырдың басында Президенттік басқарудағы мемлекеттердің әлемде санаулы болғандығын ескерсек, Алаш зиялыларының мемлекет басқару ісінде қаншама озық ойлы, тұрпатты, құқықтық мемлекет құрудың алғышарттарын жасағандықтарына көзіміз жетеді. Мемлекеттің бастауы демократиялық бостандықтар мен құқықтарды жақтау мәселесінде де Алаш қайраткерлері озық ойлы идеяларымен ерекшеленеді. Жеке бастың теңдігі, сөз, баспасөз, одақтар бостандығы жарияланды. Бұлар бүгінгі таңда да өзекті мәселелердің бірі ретінде күн тәртібінен түспей келеді. 1917 жылдың қазан айында үкімет басына қарудың күшімен келген большевиктер партиясы құрған Кеңес өкіметі ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселесін шешуде таптық жіктелу қағидасын басшылыққа алса, алаш көсемдері керісінше ұлттық бірлік саясатын дұрыс таңдай алды. Олар қазақ халқын ұлттық тұтастық пен бірлікке шақыру арқылы мемлекеттің іргетасын берік негізде қалауды, яғни ұлт мүддесін алдыңғы орынға шығарды. Алаштықтар Қазақстандағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелерін шешу жолдарын анықтауда ұлттық тұтастық және халықтың бірлік принциптеріне сүйенді. Өткен ғасырдың соңғы он жылдығы дүниежүзінде дәуірлік ұлы оқиғалармен тарихта қалды. Оның жарқын мысалдарының бірі жетпіс жылдан астам өмір сүрген алып қызыл империя КСРО ыдырады. Бұрынғы одақ құрамындағы республикалар

тәуелсіздігін жариялап, егемен елдер қатарына қосылды. Солардың ішінде қазақ елі де бар болатын. XX ғасырдың 90-ыншы жылдарының басында тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасы қаланды. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тетіктер өркениетті елдердің озық тәжірибелерін пайдалана отырып, өтпелі кезеңнің ерекшеліктері мен саяси, ұлттық жағдайларға байланысты қалыптасып құрылды. Осыған қарай мемлекеттік тетіктің құрамында Президент ерекше орын алады. 1991 ж. желтоқсанында Қазақстан халқы тұңғыш Президентін сайлады [9]. Алаш қайраткерлерінің «мемлекеттің басшысы Президент» деп тұжырымдауын өмірдің өзі дәлелдеді.

Қорытындылай келе айтарымыз, мемлекеттік егемендік - ата-бабалар арманы мен күресінің нәтижесі. Ал, қазіргі заман жаңашыл идеялар мен дүниетанымдық бағыттарға мұқтаж. Қазіргі қоғамда өткен ғасырдың 20-30 ж.ж. ұлт зиялыларының намысы мен ерлігіне сұраныс байқалады. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының мұраты, идеялары, экономиканы модернизациялау, демократиялық, құқықтық мемлекет құру, теңқұқылық, қоғамдық келісім мен бейбітшілік, ұлттың мәдени дамуы, мемлекетті басқару ісіне элита өкілдерін ғана емес, қарапайым халық өкілдерін тарту ережелері мен қағидалары бүгінгі таңда өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қойшыбаев Б. Жазықсыз жапа шеккендер. – Алматы: Қазақстан, 1990.
2. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді?. – Алматы, 1993.
3. www.zamandas.com.
4. Қоңыратбаев О.Тұрар Рысқұлов. Қоғамдық саяси және мемлекеттік қызметі. – Алматы, 1995.
5. KZ\_murattarynyn\_Alash\_sabaktastygy.rar
6. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауы. // Егемен Қазақстан, 2008. 6 ақпан.
7. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы, 1995.
8. Нұрпейісов К. Алаш һәм алашорда. – Алматы, 1995.
9. Аманжолов К. Қазақстан тарихы. Дәрістер курсы II. – Алматы, 2004.

### Резюме

**А.А. Шымырқулова, магистрант**

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

#### **Преимственность идей Алаш в Независимом Казахстане**

В статье рассматривается преимственность идей Алаш в Независимом Казахстане. Казахские интеллигенты были людьми высокого порыва и самопожертвования, формировавшими мировоззрение своей эпохи. Они являются для современников, безусловным образцом нравственности, бескорыстия и преданности национальному долгу. Алашская идея, продолжает служить интересам сегодняшнего независимого Казахстана. Пройдут века, придут новые поколения, но и тогда достойное наследие алашской интеллигенции будет поддерживать казахстанский народ.

**Ключевые слова:** Независимый Казахстан, Алашорда, деятели Алаш, демократия государство

### Summary

**A.A. Shymyrkulova, undergraduate**

*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

#### **Continuity Alash ideas in the Independent Kazakhstan**

The article considers the succession of ideas of Alash in the independent Kazakhstan. Kazakh intellectuals were men of high impulse and self-sacrifice, to form the world of his time. They are contemporaries, absolute model of morality, selflessness and devotion to the national

debt. Alash idea continues to serve the interests of today's independent Kazakhstan. Centuries will pass, new generations will come, and then a worthy legacy of Alash intellectuals will support the people of Kazakhstan.

**Keywords:** Independent Kazakhstan, Alashorda, figures Alash, State Democracy

ӘОЖ 371.044.4

K92

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА КРЕДИТТІК ОҚУ ЖҮЙЕСІН МОДУЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯМЕН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**А.Б. Кулмаганбетова**, аға оқытушы,  
магистр

**Т.К. Оспанбек**, аға оқытушы, магистр  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)

**Аңдатпа:** Мақалада жоғары оқу орындарында кредиттік оқу жүйесін модульдік технологиямен оқыту мәселелері қарастырылған. Кредиттік оқу жүйесін модульдік технологиямен оқытуды бағалау рейтинг жүйесінде жүргізіледі. Оқытудың жаңа технологиясын ендіру және білімдегі ақпараттану білім беру жүйесін түбегейлі өзгертудің басым міндеттері болып табылады. Бұдан білім беру үдерісінің маңызды екі құрамдас бөлігі болып табылатын оқыту технологиясы мен білім беру ақпаратын бейнелеу түрлерін түбегейлі өзгерту уақыттың талабы болып отыр.

**Түйін сөздер:** кредиттік оқыту, модульдік оқыту, ынталандыру, ұйымдастыру, координация, кеңес беру, бақылау.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында жоғары оқу орындарында кредиттік жүйеге ауысудың бейімделу үдерісі өтуде. Сондықтан жоғары оқу орнының бейімделу потенциалы мен дайындық бағдарламасын көтеру үшін академиялық және ұйымдастырушылық құрылымдардың өзгерістерін жасау, оқыту технологиясы мен әдістерін жаңарту, педагогикалық үдерісті жетілдіру, педагогикалық құрамның сапасын жақсарту қажет болды. Кредиттік оқу технологиясы, оның ішінде модульдік технология студенттердің, оқытушылардың, мамандардың академиялық алмасуына қажетті шарттарды жүзеге асыратын бірыңғай өзара сынақтың халықаралық жүйесін құру мақсатында ұлттық білім беру жүйесін реформалаудан тұратын әлемдік беталыстан туып отыр.

Модульдік оқытудың негізгі идеясы: оқушы өзі оқуы керек, ал оқытушы оның оқуын басқаруға міндетті: ынталандыру, ұйымдастыру, координация, кеңес беру, бақылау. Модульдік оқытудың мәні, оқып-тануда оқушы модульмен жұмыс жасау барысында өз бетімен (немесе белгілі бір көмек негізінде) нақты мақсатқа жетеді. Осылайша, модульдік оқытудың құралы болып табылады, себебі оның құрамына: мақсатты іс-әрекет жоспары, ақпарат қоры, дидактикалық мақсаттарға жетудің әдістемелік нұсқауы кіреді.

Модульдік технологияны оқыту үдерісінде ұтымды қолданылуына саликалы үлес қосқан ғалым П.Я.Юцявичене. Оның идеяларын одан ары дамытқандар: С.Я.Батышев, К.Я.Вазина, Н.Н.Суратаев, Т.Н.Шамова және т.б. Қазақстанда Ж.А.Қараевтың, Ә.Жүнісбектің және т.б. ғалымдардың оқыту технологиялары белсенді түрде қолданылуда. Бұл еңбектердің басымы ЖОО гөрі мектептің оқытылым үдерісіне арналғанын байқауға болады. Осы мәселе төңірегін айқындайтын Ж.А.Темербаеваның «Студенттерді модульдік технология арқылы оқытудың ұтымдылығы» тақырыбында жазған еңбегін атап өтсек болады.

Қазақстан Республикасында модульдік оқыту 80-жылдардың аяғынан қолға алынды. Оның бастау көзі АҚШ-та XX ғасырдың 60-жылдарында тәжірибеде айқындалып, оқыту саласында Америка мен Еуропа біртұтастық іс-әрекет тұрғысында оқыту ісіне енгізілді. Модульдік оқыту ең ұтымды технологияны дидактикалық үдерісте іске асырады. Дидактикалық үдерістің маңыздылығы – модульдік технологияға жүгініп, оқыту мазмұнының жеке блоктарға автономды жіктеліп келуі. Жұмыстың бұл түрінде бұрынғы тараулар жеке-жеке бір сағат көлемінде қарастырылмай, тұтас, туыстас, ұсақ тақырыптардың блокқа бөлініп, оның тұтас жүйесі бір модуль құрастыратыны ескеріледі. Болон үлгісіне көшу үшін жоғары оқу орындарында барлық мамандыққа орай мемлекеттік стандарт сыйымдылығында барлық пәндерден осындай модульдік жүйедегі оқулықтарды даярлау керектігі байқалып отыр. Модульдік көлемі мамандықтың оқытылатын дидактикалық мақсаттарына тікелей байланысты болып келеді. Мұндай жағдайда бұрынғы стандарт пен бүгінгі стандарт арасындағы айырмашылықтарды жіктеп, әрбір оқытушы-профессорлар құрамы өзінің жұмыс жобасын ұлттық мүддені негізге алып, Еуроодақ елдеріндегі тағылым мен тәжірибені зерделеп, бейімдеп жүйелеуіне ұшқырлық көзделеді.

Сонда модульдік технологияның бүгінгі «мүмкіндік теориясын» іске асырар қандай басымдығы бар? – деген сұрақ туса, оған жауап былай болып келеді:

– ұйымдастырушылық-нұсқаулық блоктары модуль жіктемесіне жеке-жеке бағынып тұрады;

– әрбір автономды блоктың білім және оқыту мазмұны ұштастықта келіп, дидактикалық маңыздылықты айқындайды;

– оқытудың модульдік оқыту технологиясының мазмұны мен оның көлемі кәсіби және оқытудың саралану деңгейі мен мақсатына орай бірнеше нұсқаға бағдарланады.

Аталған үш ерекшелік басқа технологияларға қарағанда ұтымдылықпен ұшқырлық сапаны өркендетуге қолайлы жағдай жасайды.

Мұнымен бірге әлем мен Қазақстанда болып жатқан білім беру үдерісі барысындағы өзгерістер, анықтап айтқанда, адамның әлеуметтік ортадағы қамтамасыз етер мәселеге назар аудару қажеттілігі туып отыр. Оқыту студенттердің оқуға ізденімпаздық белсенділігін арттыру тұрғысында ғана жетістікке жетеді. Неғұрлым студенттердің іс-әрекетін қарқындылыққа қарай оқытушы-профессорлар құрамы бағдарлай білсе, соғұрлым оқыту нәтижелі болмақ. Жоғары оқу орындарында аталған:

1. Білім мазмұны арқылы тәрбиелеу (мамандығын сүйеге, оған ізгілікті сипат беруге).

2. Оқыту үдерісінде студенттердің мақсаттылықта өзара қауымдық іс-әрекетінен басқа да заңдылықтар бар, олар төмендегідей:

1. Студент түсінігінің өркендеуіне бір ұғымның екінші ұғыммен тығыз байланыстылығы арқылы жүзеге асады және ол ұғымдар белгілі тақырыптың маңыздылығын айқындауға көмек береді.

2. Қабілет тек білім мазмұнынан туындайтын ғылым негізіндегі нысаналарды ойға, жадына сақтау іс-әрекеті мен қызметінің ұштасуына қарай дамиды.

3. Оқу материалының меңгерілу тұрақтылығы оның ілгерілеу заңдылығына қарай ұдайы ескеріліп, қайта-қайта қайталау іс-әрекетінде жүзеге асырылады.

4. Оқу, оқыту іс-әрекетіндегі қолданылатын күрделі тәсілдердің бәрі дерлік оқытушы-профессорлардың қаншалықты біліми-ғылыми еңбекті ұйымдастыруда қарапайым тәсілдерге төселдіруіне қарай дамиды, сөйтіп студент белгілі бір оқысынан туатын жағдайларды қарапайым тәсілдердің басын қосу арқылы өзінің тәжірибесінде ұтымды қолданып, оны күрделендіре алады.

5. Студент оқу үдерісінде оқытушы-профессорлар құрамының берген ақпараттар тоғынын еске түсіру арқылы оны жинақтап, одан әрі дамытуға мүмкіндік алады.

6. Кез келген білім мазмұнындағы жақсылықты меңгеру үшін студент тіректік ұғымдарды табуға ынталану аудиториялық жұмыстардың нәтижесінде туады.

7. Студенттің икем-қабілетінің өркендеуі оқытушы-профессорлардың ұсынған білім мазмұнының сипатына тікелей байланысты.

8. Көп вариантты есептерді орындау студенттердің бұрынғы, аудиторияда орындаған тәжірибелеріне сүйену арқылы шешіледі.

Осыдан, жоғары оқу орындарындағы дидактикасының ғылыми-педагогикалық дамуына назар аударсақ, репродуктивті-эмпирикалықтан эвристикалыққа өту арасы тым ұзақ мерзімді қамтығанын байқаймыз. Бұдан шығар тұжырым, адамзат алған білімін өздігінен дамыта алмай, оны тек қайталаушылық сапада қабылдаған. Ал, ол іс-әрекетін тәжірибеде қолдана алуы нәтижеге апармаған. Кредиттік технологиямен оқыту – оқытушы-профессорлар мен студенттер арасындағы өзара байланыс, оқыту және оқу білім мазмұнының мемлекеттік стандарт (жоғары оқу орындарында) ауқымындағы алға қойған міндеттерін жүзеге асыру; студенттерді ғылым салаларымен интеллектуалды әлеуетін үзіліссіз дамыта алуға бағдарлау және олардың біліми-ғылыми оқу еңбектерін өздігінен ұйымдастыра алуға бағыттау.

Бүгінгі күнге дейін іс-әрекетте бар модульдік технология жайлы айтылған тұжырым-түйіндерді жинақтап қарастырсақ, онда оның басқа технологиядан басымдығы – оқу материалының бірлігін логикалық тұрғыда тұйықтап, қорытып отыру үдерісі демекпіз. Мұнымен бірге әр студент іс-әрекет алгоритмін оқытушы-профессордың ойлап тапқанымен емес, білім мазмұнының сыңайында түзеді және қабылдауға тиісті бір тұйық білім квантына өздігінен өзін-өзі бақылай алады.

Кредиттік оқу жүйесін модульдік технологиямен оқытуды бағалау рейтинг жүйесінде жүргізіледі. Бақылау әкімшіл-әміршіл дәрежеде емес, әр студенттің білімі рейтинг жүйесіндегі бірліктерге бағалау пайыз ретінде жүргізіледі. Кредиттік оқу жүйесінде модульдік технологиямен оқыту бір пәннің үлгісін студент назарына іліктіреді. Әйтпесе, курстарды оқу үдерісінде оқытушыдан, студенттен өткен пәндерінің тарауларын, оның кіші тақырыпшаларын қаншалықты меңгергенін сауалнама, анкета, тесті арқылы сараптамамен қорытсақ, жауап бере алмайтын жағдайлар жиі кездеседі. Оның басты себебі, дәстүрдегі оқыту үдерісі әр тақырыпты жеке-жеке өткізуге жол беріп, тұлғалардың парасат-пайымы жетілмей, кемелденбей, не оқып, не қойғанын білмейтіні осыдан болмақ. Себебі, оқыту үлгісінде модульдік жіктеме қарастырылмаған жеке тақырыптардың технологиямен оқытылуынан ешбір пайда жоқ. Осындай кемшілікті болдырмас үшін білімденудің инновациялық технологияларын сонылықты (феноменді) дәрежеде ұтымды пайдалану қажеттігі туды демекпіз.

Осылайша, кредиттік оқыту жүйесінде үлесі мен мәні артып отырған студенттің білімі тиімді болуы маманның кәсіби бағыттылығының талаптарына сай жасалған студенттің жұмысын ұйымдастыру үлгісінің дұрыс құрылуына байланысты болады.

Модульдік іс-әрекетті жобалаудың өзіне тән қағидалары бар:

1. Әрбір пәннің ғылыми ұғымына негіздеме жасау, базалық бірліктерді білім мазмұнын меңгеру барысында айқындау.

2. Білім мазмұнын логикалық ретпен жүйелі түрде құрастыру (оқулықтан басқа).

3. Білім мазмұнының тұтастығы мен тәжірибелік маңыздылығын қарастыру.

4. Оқу материалын көрнекті тұрғыда құру.

Қорыта айтқанда, модульдік бағдарлама модульдік оқытудан жоғары. Бұл үлгі модульдің ортасындағы іс-әрекет. Кредиттік оқыту жүйемен модульдік бағдарламаны жобалаудың тек өзіне тән қағидаларын ескерген жөн. Оған мыналар жатады: модульдік, құрылымдық, өзгертілімдік, іс-әрекеттік, паритетті, кері байланысты ішкі мүмкіндіктерімен, интеллектуалды әлеует қорымен жүзеге асырушылық.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған: Мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан, 2004. 16 қазан. - 2 б.

2. Бородин Н.В., Эрганова Н.Е. Основы разработки модульной технологии обучения: Учеб. Пособие. – Екатеринбург: Изд-во Урал. гос. проф-пед. ун-та, – 1994. – 88с.
3. Вазина К.А. Модульное обучение. – Горький:1990. – 14 с.
4. Юцявичене П.А. Теория и практика модульного обучения // Советская Педагогика. – 1990 - № 1. – С. 55 - 60.

### Резюме

**А.Б. Кулмаганбетова**, старший преподаватель, магистр, **Т.К. Оспанбек**, старший преподаватель, магистр

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

#### **Проблемы внедрения модульной технологии в кредитную систему обучения в высших учебных заведениях**

В статье рассматриваются проблемы внедрения модульной технологии в кредитную систему обучения в высших учебных заведениях

Кредитная система обучения в вузах предполагает изменение позиций студента и преподавателя в учебном процессе. При кредитной системе студент из пассивно воспринимающей стороны превращается в активного участника учебного процесса. Он становится партнером преподавателя в процессе получения знаний.

**Ключевые слова:** кредит, модуль, координация, совет, наблюдение

### Summary

**A.B. Kulmaganbetova**, senior teacher, master, **T.K. Ospanbekov**, senior teacher, master  
(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

#### **Problems of implementation of modular technology in the credit system in higher education**

The article deals with the problem of introduction of modular technology in the credit system of teaching in higher education. The credit system of study in higher education involves changing the position of the student and the teacher in the learning process. When the credit system of student passively receiving hand turns in an active participant in the learning process. He became a partner of the teacher in the process of acquiring knowledge.

**Keywords:** credit, module, coordination, advice, observation

ӘОЖ

373.1.02:372.891

### **АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСПОРЫНДАРЫН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН БАҒАЛАУ**

**К.Н. Мамирова**, п.ғ.к., доцент

**А. Каримбай**, I курс магистранты

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

**Аңдатпа:** Мақалада Алматы облысының бүгінгі күнгі әлеуметтік-экономикалық жетістіктері берілген. Облыс құрамына енетін әкімшілік-аумақтық бөлініс, кенттер, қалалар мен елді мекендері, ауылдық кенттері жайлы да мәліметтер келтірілген. Сонымен қатар 2012 жылдың қорытындысы бойынша аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы бойынша жетістіктері көрсетілген. «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламаларының аймаққа тигізер үлесі жайлы да жазылған.

**Түйін сөздер:** шағын және орта кәсіпкерлік, өнеркәсіп, жалпы ішкі өнім (ЖІӨ), аграрлық сектор, индустриалды инновация.

Қазақстан Республикасының үдемелі индустриалды-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында ұлттық экономиканың тұрақты өсуі мен бәсекеге қабілеттілікті күшейту арқылы халықтың әл-ауқатын жоғарылатуда, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін, мемлекеттің қаржылық және материалдық активтерін ұтымды түрде басқару мен пайдалануын қамтамасыз ету жетістіктерін енгізуге Алматы облысындағы шағын және орта кәсіпкерліктің аймақтағы әлеуметтік – экономикалық тұрғыдан атқаратын ролі ерекше.

**Алматы облысы** – 1932 жылы 20-ақпанда құрылды. Республиканың оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Жер аумағы 223,0 мың км<sup>2</sup>, яғни, еліміздің территориясының 9%-дан аса бөлігін алып жатыр. Солтүстік ендікте жатқан облыс батысында – Жамбыл, солтүстігінде – Балқаш көлі арқылы Қарағанды, солтүстік-шығысында – Шығыс Қазақстан, шығысында – ҚХР-мен, оңтүстігінде Қырғыз Республикасымен шектеседі. Орталығы –Талдықорған қаласы. Еліміздің бас қаласы – Астанадан 1480 км қашықтықта.

1997 жылы 23 мамырдағы ҚР Президентінің «Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімшілік-территориялық құрылымындағы өзгерістер туралы» жарлығына сәйкес Жетісу өңіріндегі бұрынғы Гвардия, Қапал, Кеген, Күрті, Үйгентас, Шелек аудандары таратылып, ірілендірілген өзге әкімшілік-территориялық бірліктерге қосылды. 2001 жылы 14 сәуірдегі

ҚР Президентінің Жарлығымен Алматы облысының орталығы – Талдықорған қаласына көшірілді. «Жер жәннаты - Жетісу» өлкесінің географиялық нысандары мен табиғи байлығын ғылыми тұрғыдан зерделеп, жүйелі түрде сипаттама беру үрдісінде қазақ географы Ш.Уалихановтың еңбегі ерекше.

Облыс құрамына 16 әкімшілік-аумақтық бөлініс – Ақсу, Алакөл, Балқаш, Еңбекшіқазақ, Ескелді, Жамбыл, Қарасай, Қаратал, Кербұлақ, Көксу, Панфилов, Райымбек, Сарқант, Талғар, Ұйғыр, Іле аудандары кіреді. Облыстық бағыныстағы үш қала – Қапшағай, Талдықорған, Текелі және аудандық бағыныстағы жеті қала-Есік, Жаркент, Қаскелең, Сарқант, Талғар, Үшарал, Үштөбе сондай-ақ 13 кент пен Республикалық маңызы бар бір қала – Алматы қаласы да облысқа кіреді. Жалпы саны 770 елді мекен 274 ауылдық, кенттік, қалалық округтер облыс құрамына кіреді. Қалалары: Алматы, Талдықорған, Қапшағай, Текелі, Талғар, Жаркент, Үштөбе, Үшарал, Қаскелең, Есік, Сарқант [1].

Алматы облысының экономикалық әлеуеті (потенциал) көп салалы өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік пен байланыс және сауда құрылымдарынан тұрады. Өнеркәсіпте электр энергетикасы, машина жасау және металл өңдеу, құрылыс материалдары, тамақ өнеркәсібі, ұн, жарма және құрама жем салалары жақсы дамыған. Облыста жеңіл өнеркәсіп, ағаш өңдеу, фарфор-фаянс өндірістері қалыптасқан. Сонымен қатар қызылша, картоп, көкөніс, бақша жеміс-жидек және жүзім шаруашылықтары айрықша дамыған. Одан тыс мал шаруашылығы, құс шаруашылығы, бал, сүт және қымыз өндірістік шаруашылықтары бар. Балқаш, Алакөл көлдерінен сазан, көксерке, табан балық, алабұға ауланады. Алматы облысы Еуропа, Азия және Америка құрлықтарының қырық шақты елімен сауда қатынасын жасайды. Шығарылған өнімдерге тері шикізаттары, жүн, аккумулятор, түсті металдар жатады. Сырттан электр аппараттары, есептеу техникасы т.б. құрал-жабдықтар алынады.

Елбасының 2012 жылдың 12 наурызында облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдерімен болған кеңесте берген тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік бақылау және ұйымдастыру-аумақтық жұмыстары бөлімі аудандар мен қалаларға ішкі өңірлік талдау жасап, рейтингілік баға берді. Рейтингілік бағалауға өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы салалары, шағын бизнес, инвестиция, бюджет, әлеуметтік сала, денсаулық сақтау мен білім беру

тәрізді 24 көрсеткіш енгізілді. Облыс әкімдігі биылғы жылдың I тоқсанына аудандар мен қалаларды рейтингтік бағалау нәтижесін шығарды.

Бағалау нәтижелері бойынша Қарасай, Іле, Талғар, Алакөл аудандары мен Талдықорған және Қапшағай қалалары даму динамикасы жоғары өңірлер ретінде айқындалды.

Аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жетістіктер ауыз толтырып айтарлықтай, мәселен:

- 2012 жылдың қаңтар-қыркүйек айлары бойынша өнеркәсіп өндірісінің көлемі 363,1 млрд. теңгені құрады, былтырғы жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 34,2 млрд. теңгеге артты (328,9 млрд. теңге), бұл саладағы нақты көлемінің индексі 101%, өсу қарқыны 110,4 %;

- 2012 жылдың қаңтар-қыркүйек айлары бойынша өңдеу өндірісінің жалпы саласында 302,4 млрд. теңгеге өнім шығарылды, нақты көлемінің индексі - 100,5 %-ды құрады (272,1 млрд. теңге), өсу қарқыны 111,1 %.

Өңдеу өнеркәсібі жалпы өнеркәсіп бойынша көрсеткіштерді қалыптастыруға ең көп әсерін өңдеу өнеркәсіп тигізеді, соның ішінде өндіріс көлемі 83,3% құрайды. Алматы облысы 2012 жылдың қаңтар-тамыз айларында өңдеу өнеркәсібінің нақты көлемінің индексі бойынша республикада облыс 9 орынды иеленеді.

Жалпы өнеркәсіп өндірісінде азық-түлік өндірісінің үлесіне (64,6 млрд.теңге) 17,8% және өңдеу өнеркәсібіне 21,1% келеді. Темекі өнімдерін шығару облыстың жалпы өнеркәсіп көлемінің (62,4 млрд. теңге) 19,6% және өңдеу өнеркәсібінің 21,4% құрайды.

2012 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында облыста 22 жаңа объект іске қосылды және 12 объектті жұмыс істеп жатқан өнеркәсіп кеңейтілді, 1659 жаңа жұмыс орын ашылды. 2012 жылы ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі - 312,2 млрд. теңге, нақты көлем индексі - 102,1% құрады.

Биыл барлық егіс көлемі 889,6 мың гектарды құрап, өткен жылға қарағанда дәндік жүгерінің көлемі 3,4 мың гектарға, майбұршақ - 10,0 мың, картоп, көкөніс, бақша дақылдары - 4,1 мың және азықтық дақылдар - 2,5 мың гектарға ұлғайтылды. Дақылдарды озық технологиямен өңдеу көлемі кеңіді: 2011 жылға қарағанда ылғал үнемдеу әдісі 21,8 мың гектарға артып, 112,3 мың гектарды, тамшылатып суару әдісі 1,8 мың гектарға артып, 4,0 мың гектарға жетті. Жаңадан 581 гектарға бақ («Апорт» сұрпы - 135 га) пен 56 гектарға жүзім отырғызылды. Жыл басынан 649 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы 3,2 млрд. қаржыға сатып алынды. 2011-2012 жылдары дәнді дақыл, қант қызылшасы мен көкөніс өсіріп, дайындайтын 9 сервистік-дайындау орталығы құрылды.

2012 жылы 1068,9 мың тонна дәнді дақыл жиналды, орташа өнімділігі гектарына 24,3 центнер. Сонымен қатар, 217,7 мың тонна майлы дақыл (2011ж-194 мың тн.), 1519 мың тонна картоп, көкөніс, бақша дақылдары (2011ж-1394 мың тн.) мен 82 мың тонна жеміс-жидек, жүзім (2011ж-77 мың тн.) өндірілді. Жалпы сыйымдылығы 12,7 мың тонна 3 қойма іске қосылып, 14,7 мың тонналық 6 қойма жаңғыртудан өтті. Облыстағы 154 мың тонналық 121 қоймаға 102,1 мың тонна өнім салынды. Жалпы алаңы 9,1 гектар 2 жылыжай іске қосылып, барлық көлемі 49,8 гектар жылыжайдан 7421 тонна көкөніс өндірілді. Өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда барлық шаруашылық санаттарында мал мен құстың басы 2% артты. Осы мерзімде 265,2 мың тонна ет (01.12.2011ж-104,3%), 642,5 мың тонна сүт (100,1%), 7,9 мың тонна жүн (101%), 764 млн. дана жұмыртқа (93,7%) өндірілді.

«Ірі қара етінің экспорттық әлеуетін арттыру» жобасы шеңберінде 1098 бас асыл тұқымды өндіруші бұқа мен «Сыбаға» бағдарламасы бойынша фермерлік шаруашылықтар 5885 аналық бас (жоспарға 122%) сатып алды. Жаңадан 2100 басқа арналған мал бордақылау алаңдары іске қосылып (жоспарға 100%), шетел селекциясынан 548 бас асыл тұқымды ірі қара жеткізілді.

Қой шаруашылығын дамыту үшін қолдан ұрықтандыру пункттерінде 417,3 мың бас саулық (барлық аналықтың 29%) ұрықтандырылды. Облыста 6339,1 мың гектар жайылым

мен 220,9 мың гектар пішендік жер бар. Оның сыртында, 215,9 мың гектарға азықтық дақылдар мен 172,3 мың гектарға арпа себіледі. Биыл 1 шартты мал басына 13 центнер азықтық бірлік дайындалды.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындары 251,1 млрд. теңгенің дайын өнімін өндірді, бұл өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 11,8% артық. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін растайтын халықаралық стандарттың талабына сай сапа сертификатымен 39 кәсіпорын жұмыс жасайды, биыл бұл стандартты енгізуге 4 кәсіпорын жұмыс жүргізуде. Облыста ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындайтын, сақтайтын және өңдейтін 47 ауылдық тұтыну кооперативі бар, олардың 5-і ағымдағы жылы құрылды. Аграрлық секторды дамытуға бағытталған құны 53,3 млрд. теңгені құрайтын 65 инвестициялық жоба әзірленді. 2009 жылдан бастап құны 24,4 млрд. теңгені құрайтын 40 инвестициялық жоба іске қосылды: 18 қайта өңдеу кәсіпорындары, 10 жылыжай кешені, 9 картоп, көкөніс пен жеміс сақтау қоймасы, 2-ден сүт фермасы мен мал бордақылау кешендері. Жыл басынан бері 1168 ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі ұйымдастырылып, тұрғындарға 2287,2 млрд. теңгенің өнімі ұсынылды [2].

Сонымен қатар, Алматы облысын 2009-2011 жылдарға индустриалды-инновациялық дамытудың үш кезеңі аясында кенбайытатын салалардың өндірісін арттыру, өңдеуші өнеркәсіпте өндірісті кеңейту және жаңартуға құрылыс индустриясының құрылысына, химия салалары және электроэнергетикаға бағытталған 12 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Сондай - ақ облыста индустриялық аймақ құру бойынша жұмыстарды жүргізуде нақты дәлел ретінде Талдықорған қаласын айтуға болады. Онда 180 га ауданда жер учаскесі бөлініп ТЭН (техико экономикалық негіздеу) әзірленді.

2010 жылы Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында бірқатар жобаларды іске асыру аяқталды. Атап айтсақ, «Экстра» ЖШС-нің соя өңдеу, «TASKOM KZ» ЖШС-нің табиғи тасты қайта өңдеу, «Алтомед» ЖШС-нің соя майын, «Danone Berkut» ЖШС-нің сүт өнімдерін өндіретін зауыттары, Қаратал су электр станциясының құрылысы, «Есік жеміс консервілеу зауыты» ЖШС-нің тамшылатып суару арқылы жеміс-жидек өсіру және оларды консервілеу зауыты, «ЮСКО Логистикс интернешнл» АҚ-ның көпқырлы логистикалық кешені, Қазақ Тағамтану Академиясы зауытының «Амиран» ЖШС-нің балаларға арналған сүт өнімдерін шығару зауыттары, сондай-ақ Іле ауданында халықаралық стандарттар мен талаптарға жауапты, 210 га аумақта «А» кластағы ірі индустриалды-логистикалық орталық ашылды.

Алматы облысы кез келген ауыл шаруашылығы дақылын өсіруге мүмкіндік беретін жайлы климаттық аумақта орналасқан. Облыста «Көксу-Шекер» АҚ, «Алматы-Қант» сияқты өз қант зауыттары, түрлі шырындар мен сусындар, джемдер шығаратын оншақты ірі көкөніс өңдеу зауыты, жүгері өңдейтін, басқа да дәнді дақылдарды өңдейтін комбинаттар бар. Алматы облысы аграрлық аймақ болғанымен, ондағы өнеркәсіптік өндірістің үлесі аграрлық саланың көрсеткішінен басым түседі [3].

Бұдан да басқа облыс аумағында әрбір аудандарда жеке кәсіпкерлікпен айналысу үшін де мүмкіндіктер мол, шағын және орта кәсіпкершіліктің құрылым субъектілерін несиелендіру үшін «Даму» қорынан қаржы бөлінуде және 1000 жаңа жұмыс орнын құрумен тоқыма өнеркәсібі, құрылыс индустриясы және ауыл шаруашылық үшін механикаландыру құралдарын өндіру ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу бойынша 15 ке жуық кәсіпорынды орналастыру көзделуде. Жүйелі түрде атқарылған жұмыстардың нәтижесінде облыс экономикасы тұрақты даму үстінде, «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша атқарылып жатқан іс-әрекеттер соның айғағы.

Жалпы алғанда, 2012 жылы өңір экономикасының дамуына 392,7 млрд. теңге инвестиция салынды. «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында инвесторлар тиімді қолдау көрсетіп отыр (2012 жылы 90 жоба қаралып, мақұлданды).

Сондай-ақ, 2012 жылы Индустриаландыру картасы бойынша жалпы құны

19,5 млрд. теңгенің 14 жобасы жүзеге асырылды. Және аталмыш жобалар өңір бойынша 1600-ден астам жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді.

«Облысымыз аграрлық-индустриялық бағытты ұстанатындықтан, Индустрияландыру картасына енгізілген жобалардың 18-і немесе 50 пайызы - агроөнеркәсіптік кешен нысандары болып табылады. Мемлекет тарапынан аграрлық секторға көрсетілетін қолдаудың да көлемі жылдан жылға артып келеді. Агроөнеркәсіптік кешеннің бір жұмыскерінің еңбек өнімділігі 5,5 мың АҚШ долларын құрап отыр. Тағы бір айта кететін жайт, Алматы облысы еліміздің бүкіл ауыл шаруашылығы өнімдерінің 17 пайызын өндіреді. Өңірдегі жұмыссыздықтың жалпы деңгейі 2011 жылғы 5,1 пайыз көрсеткіштен 2012 жылы 5 пайызға дейін төмендетілді. 164,6 мыңнан астам тұрмысы төмен азаматқа 3648,3 млн. теңге соманың әлеуметтік көмегі көрсетілді. Экономиканың өсуінің арқасында денсаулық сақтау саласына қарастырылған қаржы да өсіп отыр.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жетісу энциклопедиясы. «Алматы облысына шолу». – Алматы, 2004. – 12–647 б.
2. ZHETYSU-GOV.KZ/Алматы облысы әкімінің ресми сайты.
3. Ахметов Е.А., Бердығұлова Г.Е. «Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы». Оқу құралы. – Алматы, 2011. – 369 б.

#### Резюме

**К.Н. Мамирова**, к.п.н., доцент, **А. Каримбай**, магистрант 1 курса  
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

#### Социально-экономическая оценка предприятия малого и среднего бизнеса Алматинской области

В статье дается социально-экономическая оценка предприятиям малого и среднего бизнеса и индустриально-инновационным проектам на территории Алматинской области. Так же рассматривается социально-экономическое развитие этого региона и развитие программы «Дорожная Карта Бизнеса-2020».

**Ключевые слова:** малый и средний бизнес, предприятие, валовый внутренний продукт (ВВП), агрария

#### Summary

**K.N.Mamirova**, Candidate of Pedagogical sciences., Associate Professor, **A.Karimbay**, 1 undergraduate course  
(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

#### Socio-economic assessment of small and medium-sized enterprises of Almaty region

This article provides a socio-economic assessment of small and medium enterprises and the industrial-innovation projects in Almaty region. Just consider the development of the «Business RoadMap-2020» and the economic development of the region.

**Keywords:** small and medium business, enterprise, gross domestic product (GDP), agrarian

ӘОЖ 368 (574)

#### САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫНЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

**Е. Урисбаев**, 1-курс магистранты  
(Орталық Азия Университеті)

**Аңдатпа:** Мақалада сақтандыру тәуекелі мен сақтандыру шаралары, сақтандырудың экономикалық категория ретіндегі маңызы қарастырылған. Сақтандырушы және сақтанушы арасындағы материалдық құндылықтар мен адам өмірін қорғауға қызығушылығын оятудың кепілі. Сақтандыру бұл сақтандыру ұйымы өз активтері есебінен жүзеге асыратын сақтандыру төлемі арқылы сақтандыру нарығында белгіленген,

сақтандыру жағдайы немесе өзге де оқиғалар туындаған кезде жеке және заңды тұлғаның заңды мүдделерін мүліктік жағынан қорғауға байланысты қатынастар кешені. Сақтандыру нарығы сақтанушы мен сақтандырушының сақтандыру нәтижесіне байланысты экономикалық қарым-қатынастарының жиынтығын қамтиды.

**Түйін сөздер:** сақтандыру, бөлу, бақылау, реттеуші, коммерциялық, бағалық, сенімділік, нарықтық экономика, компаниялар, кәсіпорындар, корпорациялар.

Нарықтық экономикада сақтандыру ісіне мемлекеттің монополиясы бұзылған: мүліктік және жеке басты сақтандырудың барлық түрлерін жүргізген бір ғана органның – Мемлекеттік сақтандырудың орнына сақтандыру нарығында бірнеше сақтандыру компаниялары, кәсіпорындар, корпорациялар, меншіктің түрлі нысандарының қоғамдары құрылды. Қызмет сферасы сақтандырудың тәуекелдік түрлерін де қамтиды: биржалық мәмілелерді, жүктерді, кредиттерді, коммерциялық, құқықтық және басқа тәуекелдерді (валюталық бағамның өзгеруі, ереуілдер кезінде кәсіпорынның тұрып қалуы, соғыс қимылдары, жұмыссыздық, экологиялық тәуекелдерді және т.б.) сақтандыру.

Сақтық ұйымы бола отырып, корпорация «Сақтық қызметі туралы» заңға сәйкес іс-әрекет етуге міндетті. Осыған байланысты сақтандырудың немесе қайта сақтандырудың жеке келісімшарты бойынша сақтық (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелердің ең жоғары көлемі меншікті капитал мен сақтық резервтерінің 10%-ын құрайды. Тәуекелді сақтандыруға корпорация алатын көлемдердің әлеуетін көбейту мақсатымен, сондай-ақ алапаттық сипаттағы уақиғалар кезінде төлем қабілетсіздігі тәуекелдігін болдырмау үшін жетекші халықаралық қайта сақтандыру ұйымдарында тәуекелдерді ішінара қайта сақтандыру практикасы жүзеге асырылады.

Сақтық келісімшарттарын жасауға және сақтық операцияларының нәтижелігіне жетуге ынталы тараптардың өзара іс-қимылы сақтық нарығында жүргізіледі. Сақтандыру нарығы дегеніміз ақшалай қатынастардың сферасы, онда сатып алу-сату объектісі «ерекше тауар» - сақтық қызметі болып табылады және оған деген ұсыным мен сұраным қалыптасады.

Сақтандыру нарығының ішкі ережелері:

1. Сақтандыру нарығы бөлімшелерінің құрылымын, міндеттерін, функциялары мен өкілеттіктерін айқындауға тиіс;

2. Ішкі аудит қызметінің және басқа тұрақты жұмыс істейтін органдардың құрылымын, мүшелерінің санын, міндеттерін, функциялары мен өкілеттіктерін айқындауға тиіс;

3. Сақтандыру нарығының техникалық, инвестициялық, кредиттік, операциялық, нарықтық және басқа тәуекелдерді басқару жүйесін айқындауға тиіс;

4. Құрылымдық бөлімшелер басшыларының құқықтары мен міндеттерін айқындауға тиіс;

5. Сақтандыру нарығының лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері оның атынан және оның есебінен мәмілелерді жүзеге асырған кезде солардың өкілеттіктерін айқындауға тиіс;

Сақтандыру нарығындағы функциялар: бөлу, бақылау, реттеуші, коммерциялық, бағалық, сенімділік. Бөлу функциясы: бұл функцияның өзгешелігі қайта бөлу ретінде көрінуі. Ол алдын алу функциясына, мысалы, алдын алу шараларын қаржыландыру жолымен сақтық жағдайының бөлу мүмкіндігін жоюға бүгіледі. Жеке басты сақтандыруда бөлу функциясы сақтандырудың тиісті түрлерінің жинақтық функциясына бүгіледі.

Бақылау функциясы сақтық төлемдерін жұмылдыруды және сақтық қорын қатаң мақсатты пайдалануды қамтамасыз етуге байланысты болатын тараптардың нақты қатынастарында көрінеді. Реттеуші функция дегеніміз мемлекеттің тарапынан сақтандыру нарығын реттеуді қарастыруға негізделген. Сонымен қатар сақтандыру нарығындағы операциялардың жүргізілуін ретке келтіріп, кемшіліктерін жояды.

Коммерциялық функция сақтандыру операцияларын жүзеге асырудан түсетін табыстарды мейлінше жоғары деңгейге көтеру. Бағалық функция компанияның

сақтандыру қызметінің бағасын қалыптастыруда көмек көрсетеді. Ол тұтынушылардың сұранысына байланысты қалыптасады. Сенімділік функциясы сақтандыру операциялары қолайсыз немесе басқа жағдайлар туындағанда сенімділікті қамтамасыз етеді, яғни тұтынушылардың барлық шығындарын өзі өтейді.

Сақтандырудың мынадай түрлері бар. Салалық белгілері бойынша: өмірді сақтандыру нарығы болып азаматтардың өмірі, денсаулығы және енбекке жарамдылығы табылады.

- Мүлікті сақтандыру нарығы, оның объектілері болып жер, әуе және су көлігі, жүктермен байланысты басқа да мүліктер, қаржылық тәуекелдік табылады.

- Жүктерді сақтандыру жүктерді, соның ішінде багажды, тауарларды және өнімнің басқа барлық түрлерін қоса алғанда иеленуге, пайдалануға, оған билік етуге байланысты тұлғаның мүліктік мүдделеріне жүктердің тасымалдану әдісіне қарамастан оның зақымдануы, жойылуы, жоғалып кетуі салдарынан келтірілген залалды толық өтемі мөлшерінде қайтару.

- Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру барлық тәуекелдерді сақтандыру салдарынан үшінші тұлғаларға келтірілген залалды өтеу міндетіне байланысты тұлғаның мүліктік мүдделеріне келтірілген залалды толық өтемі мөлшерінде қайтару.

- Ипотекалық сақтандыру, ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша кепілдік мүлік болып табылатын тұрғын үйдің нарықтық құны төмендеген жағдайда қарыз алушының ипотекалық тұрғын үй қарызы келісімшарты бойынша міндеттемелерді орындамауы салдарынан кредитордың мүліктік мүдделеріне келтірілген залалды толық өтемі мөлшерінде қайтару.

Сақтандыру индустриясының ұйымдастыру құқықтың түрлеріне байланысты:

Мемлекеттік сақтандыру сақтанудың мемлекеттік ұйым болып табылатын сақтандырудың түрі. Осы жағдайда мемлекет өзінің экономикалық операцияларын сақтандыру арқылы, өзінің қаржы ресурстарына кепілдік бере алады. Акционерлік сақтандыру бұл сақтандыру ретінде акционерлік қоғамдар саналатын сақтандыру қызметінің түрі. Өзара сақтандыру, өзара көмек беруді қамтамасыз етуге бағытталған қауіпсіздікті сақтандыру түрі.

Жүзеге асырулық түрлері бойынша:

Ерікті сақтандыру – тараптардың еркін білдіруіне орай жүзеге асырылатын сақтандыру. Ерікті сақтандыру нысанындағы сақтандырудың жекелеген сыныбын (түрін) жүргізу жағдайлары бойынша қосымша талаптар, соның ішінде сақтандырудың жекелеген сыныптары шенберіндегі пруденциялық нормативтер уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Міндетті сақтандыру – заңнамалық актілер талаптарына орай жүзеге асырылатын сақтандыру. Ол сақтанушының есебінен жүзеге асырылады. Міндетті сақтандыру кезінде сақтанушы сақтандырушымен осы сақтық қатынастарды реттейтін құқықтық актімен белгіленген жағдайларда келісім-шарт жасасуы міндетті. Міндетті сақтандырудың келісімшарты өзінің қызметтерін ұсынған кез келген сақтандырушымен жасалуы мүмкін. Мемлекеттік сақтық ұйымы үшін мұндай келісімшарт жасасу оның міндеттілігі болып табылады.

Сақтандыру объектілері бойынша:

Жеке басты сақтандыру – жеке тұлғаның мүддесін, оған қатысты оның өмірін, денсаулығын және сақтанушының өзінің де және үшінші жеке адамдардың да басқа қасиеттерін сақтандыру. Жеке басты сақтандырудың арналымы азаматтарға олардың өмірінде белгілі бір оқиға болған кезде алдын ала келісілген ақша сомасын төлеу. Мүлікті сақтандырудың арналымы дүлей апаттардың және басқа кездейсоқ оқиғалардың әр түрлі мүлікке келтірген зиянын өтеуінде. Демек, сақтандырудың объектісі әр түрлі материалдық құндылықтар және олармен байланысты мүдделер болады.

Нарықтық экономика шарттарында сақтандыру қаржылық тұрақтандырушы рөлін атқарады. Өйткені, ол қоғамда немесе табиғатта болып жатқан олқылықтардың орнын толтырушы болып келеді. Сақтандырушы сақтанған адамға қысылған уақытында қол ұшын беріп, көмек көрсетеді. «Сақтансаң - құдай сені сақтар» деген сөз бекер айтылмаған. Бұл сөзде құдай рөлін - сақтандырушы ойнайды. Сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы байланысты сақтандырушылық қатынас деп атаймыз.

Адам мүлікке ие болғаннан бастап, оның сақталуына, апатқа ұшырауынан қауіп қатер төне бастады. Сондықтан өз мүліктерін сақтау үшін адамдар тәуекелді ықтымақты және өзара бөлу жолдарын іздестірді. Адамдар мүлікті сақтау үшін алуан түрлі қорлар құрыла бастады. Ең алғашқы сақтандыру бастамасы ежелгі гректер мен Вавилондар да пайда болды. Ең алғашқы сақтандыру полисі 1584 жылы Триполь және Марсель қала арасындағы жүкті сақтауды қамтамасыз ететін 5% мөлшерінде алынып отырды. Сақтандыру - қоғамның экономикалық қатынастарының айрықша сферасын бейнелейтін көне категорияларының бірі.

Сақтандыруға түрткі болатын басты себеп - бұл өндіріс пен адам өмірінің қауіп қатерлі сипаты. Сондықтан өндіріс процестерін жалғастыру, азаматтарды жекелеген талаптарының өмір тіршілігі мен әл-ауқатын қолдап отыру мақсатында оларды сатып алу үшін қоғамның, және өндірушілердің, олардың топтарының (салалық және аумақтық аспектілерді) натуралдық-зағтай қосалқы қорларында немесе резервтерінде, сондай-ақ ақша ресурстарында бірінші ретті қажетті қаражаттары болуы тиіс. Мұндай ақша қаражаттары әдетте резерв және сақтық қорлары түрінде қалыптасады. Қазіргі заманғы ұлттық сақтандыру жүйесін құру сақтандыру қызметі нарығын саналы жаңа деңгейге көтеру жөніндегі шаралар әзірлеуді және кезең-кезеңімен іске асыруды талап етеді.

Халықты мемлекеттік емес әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету саласындағы ең маңызды әлеуметтік құрал бола отырып, азаматтардың өмірі мен еңбек қабілеттілігін сақтау жөніндегі индустрия әлі күнге дейін тиісті түрде дамымай келеді. Өмірді сақтандыру бойынша дамыған индустрия болмай, республикада жүзеге асырылып жатқан зейнетақымен қамтамасыз ету реформасынан толық пайда келуі мүмкін емес.

Істің қалыптасқан жағдай сонымен қатар сақтандырушы жеке тұлғаларға және олардың жеке сақтандыру жөніндегі жұмыс берушілеріне қазіргі салық салу тұрғысынан да әсер етеді. Атап айтқанда, сақтандыру шартында көзделген салығын төлеудің мерзімін ұзарту тетігі пайдаланылмайды. Сақтандыруда дамыту, өз кезеңінде заңнамалық базаны, мемлекеттік салық-бюджет және ақша-несие саясатын жетілдіруге, сақтандыру қызметін қадағалау сапасы мен сақтандыру ұйымдары жұмысының сенімділігіне байланысты болады.

Қазіргі заманғы сақтандыру нарығының толыққанды жұмыс істеуі, сонымен қатар актуарийлер (сақтық міндеттемелерінің экономикалық-математикалық есеп-қисабы саласындағы мамандар) институтын енгізуді, уәкілетті аудиторлар мен басқа да мамандарға қойылатын тиісті талаптарды қажет етеді. Қорытындылай келе, жоғарыда айтылған сын - міндерді түзеу арқылы ғана сақтандыру нарығы дамиды деп айтуға болады. Сақтандыру нарығы экономиканы тұрақтандырушы рөлін атқара отырып, қарапайым халыққа да жағымды әсерін тигізеді. Сондықтан да нарықтың бұл түрін дамыту өте қажет.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Азаматтық кодексі «Сақтандыру туралы заң». 2010.
2. «Сақтандыру іскерлігі жөніндегі Заң». 2010.
3. Худяков А.И. «Теория страхования». Статут 2010 год. – 386-521 с.
4. Кабанцева Н.Г. «Страховое дело». Фортуна 2008 год. – 24 с.
5. Исингарина Ж. «Страхование валютного риска как составной элемент банковской деятельности» // Қаржы – Қаражат. – 2008. – №2 – 25 б.

6. Сатубалдин И. «Страхование от компьютерных преступлений в банковской сфере» // Банки Казахстана. –№4, 2008. – 20 б.
7. Поляка Г.Б.: Финансы: учебник. 4-е изд. Юнити, 2011. – 141-156 с.
8. Хасенова К. «Экономические основы страхования жизни» // Қаржы. Қаражат. – 2005. № 3. – 18 б.

#### Резюме

**Е.Урисбаев**, магистрант 1-курса,  
(Центрально-азиатский университет)

#### Страховая деятельность и социальная защита

Страховой риск и страховая деятельность является экономической категорией по защите интересов, как страховщиков, так и страхователей и выражает интересы сторон по защите, как материальных благ, так и жизни людей в целом и является под степенью развития гарантированности защиты прав.

**Ключевые слова:** страховка, деление, наблюдение, коммерция, корпорация

#### Summary

**E.Urisbaev**, undergraduate 1-kursa,  
(Central Asian University)

#### Insurance activities and social protection

Insurance risk and insurance activity is an economic category of protecting the interests of insurers and insured's and expresses the interests of the parties. Of people protection and the wealth and in general, and it is a degree of the development of human rights.

**Keywords:** insurance, division, supervision, commerce, corporation.

ӘОЖ 378  
О-78

### ГУМБОЛЬДТЫҚ ЖӘНЕ БОЛОНДЫҚ ОҚЫТУ ТӘСІМДЕРІНІҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХИ-ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**С.И.Оспанов**, филос.ғ.д.  
(Алматы қ., Қазақ  
мемлекеттік қыздар  
педагогикалық университеті)

**Аңдатпа:** Мақалада гумбольдтық және болондық оқыту тәсімдерінің тарихы, білім беру жүйесіндегі дамуы қарастырылады. Қазіргі адамзаттың жас ұрпаққа білім беру үдерісі батыстық рационалдық ғылым мен соның танып білген білімдер жүйесінің қисынды түсініктеріне негізделген. Таным теориясы тұрғысынан алғанда мұндай білімнің бас-аяғы, зерттеу әдіснамасы мен әдістерінің шарттарымен шектелген. Мұндай білімдердің ақиқаттығы эксперименттік тәжірибелер негізінде техникалық құрылымдарға еніп, солардан, нақтылы бір қажеттіліктерді қанағаттандыратын нәтижелерге қол жету арқылы дәлелденеді. Сол бір жасалған жаңа нәрсе ғылыми білімнің ақиқаттығын ғана емес, оның адамзатқа қажеттігін де дәлелдейді. Осы үдеріс сол нәрсені жасауға негіз болған білімнің рационалдығын дәлелдейді. «Рационалдық» деген ұғымның түбіріндегі «рацион» – латын. «ratio(nis)», нем. «ration» – «мөлшер», «есептелген», «саналған» деген түсініктен туындаған. Әдетте бұл ұғымның өзі белгілі бір тамақ жасаудың, белгілі бір уақытқа адамға берілетін тамақтың немесе малға берілетін жемнің есептелген мөлшері аталады. Яғни, *рационалды* дегеніміз *белгілі бір реалды нәрсе, құбылыс, үдеріс туралы*

(*бас-аяғы есептелген, мөлшерленген, яғни шектелген*) білім(дер) жүйесі болып табылады.

**Түйін сөздер:** гумбольдтық, болондық, оқыту, білім беру, оқытушы, оқушы.

Рационалды білім беруде «белгілі бір нәрсені нақтылы бір ретпен, қатаң есептелген қосымдармен, құрал-жабдықтармен, нақтылы энергиямен, жылумен, сумен және т.б. физикалық, химиялық, деректік құрамдармен қамтамасыз еткенде белгілі бір нәтижелер туындайды» деген түсінік қалыптастырылады. Сол бір заттық, әдістік, үдерістік, нәрселік қажеттіліктер тиісті ретпен қайта орындалса, бұрын қол жеткен нәтижеге тағы да қол жетеді. Белгілі бір өнімді сондай жолмен өндіруді оқып бітірген маман өзінің практикасында сондай рационалдық іс-әрекеттерді қайтадан қайталап отыруы қажет. Онсыз қажетті нәтижеге қол жетпейді. Қазіргі кездегі қоғам өмірі, адамның тіршілік жағдайының барлық жағы дерлік осындай рационалды білімдер негізінде құрылған әлемге айналды. Басқаша айтқанда, *қазіргі қоғамдық болмыс рационалданған болмыс*. Оның келешегі де осы рационалдыққа байланысты ғана дами алады.

Алайда, XIX-XX ғғ. тарихы көрсеткендей, рационалдылықтың барлығы тек қана жақсылықтарға әкеле бермейді екен. Тіпті сол рационалдылықтың негізінде тез дамыған ғылыми-техникалық және технологиялық үдерістер жер беті табиғаттың жер жаралғаннан бергі жердегі қалыптасқан гомеостатизстік (өзін қалпына келтіру) қабілетінің мүмкіндіктерінің ең соңғы шектерін қалпына қайта келе алмастай етіп бүлдіре бастады. Яғни, табиғаттың өз негізіндегі нағыз объективті (табиғаттың өз әлемін қалыптастырған) жаратылыстық рационалдылығын адамның бүгінгі мен қазірінен аспайтын, кейде коммерциялық пайдалылығынан өзге, адамға да қоғамға да қажетсіз заттарды өндіруге кеткен табиғи ресурстардың тозуы, таусылуы адамзаттың келешегі үшін орны толмас апаттық шекараларға пәрменді түрде жақындатуда. Оны экологиялық апат және экологиялық проблемалар деп арнайы талдау, сараптау мәселелерінің саласына айналдыруда. Осындай жағдайда, адамзат баласы: жалпы ғылым деген не?, оның адамзатқа әкелген пайдасы мен зияны қандай?, келешекте табиғат пен адамзат өмірі не болмақ? деген сияқты мәселелерді жаңаша ойластыру үстінде.

Жоғарыда айтылған, және олардан да өзге тарихи жағдаяттар бұрынғы «гумбольдтық» немесе «сызықтық» деп аталған білім беру тәсімі (схемасы) туралы біржақты көзқарасты өзгерту қажеттігін туындатып отыр. Бұл қажеттілікті туындатып отырған ерекше тағы бір үдеріс бар – ол ғылым салаларының аса тез дамуы мен ғылыми білімдер мен онан да өзге деректердің даму тасқындары білім беру жүйесіндегі білімдердің құрылымын біржақты және қатаң қисындық жүйеде сақтап отыруға мүмкіндік беретін емес. Қазіргіден 50-60 жылдай уақытқа дейінгі кезеңдегі ғылымның дамуы, оның білімдік жүйесі, рационалдық негіздемесе көптеген жылдар бойына тұрақты болатын. Соларды білім беру жүйелеріне тұрақты оқулықтар түрінде енгізу аса қиын болған жоқ. Оқулық құрылымына енгізуге қажетті ғылыми жаңалықтар жайлап жинақталып, оларға бірте-бірте ғана енетін. Бұл бір нәрсе.

Екінші нәрсе, – ол оқушының ғылыми білімдер жүйесіне деген қатынасының сипаты. Бұрынғы, рационалды білімнің құрылымы мен мазмұны айқын, қисындық тұрғыдан ешбір күмәнсіз біржақты шешілген жағдайларда, оқушылар сол білімдердің оқулық мазмұнындағы жүйесін ешбір өзгеріссіз қабылдауы, жаттауы, қайталауы қажет еді. Бұл сол кездердегі рационалдық пен қисынды ғылыми білімдердің абсолюттік тұғыры еді. Ал қазіргі кезде, жоғарыда айтылғандай, ғылыми білімдер, бір жағынан өте тез даму кезінде, екінші жағынан, ғылыми білімдердің мазмұны ғана емес, оның теориялық-әдіснамалық негіздері тез арада өзгерістерге ұшырап жатқанда, оқыту үдерісін тек қана оқулық көлеміндегі білімдермен шектеу өмір талабынан кешеуілдеу болып шықты. Осындай жағдайда оқытушы оқушының тек қана белгілі бір көлемдегі білімдерді жаттауы емес, жалпы ғылыми дүниетанымның негіздерін дұрыс түсініп, ол солар арқылы күнделікті көбейіп жатқан білімдерді түсінудің қисындық құрылымын өз тарапынан түсініп меңгеруі қажет болып отыр. Сонда бүгінгі оқу кезінде ғана емес, студент ертең ЖОО бітіргеннен кейін де, бірнеше жылдар тіпті ондаған жылдар өткенде де жаңа

кезендерде ашылып жататын жаңа ғылыми білімдерді өздігінше жаңаша және үздіксіз түсініп, өз ісінде жаңаша пайдалана алу қабілетіне ие болуы керек. Мұндай қабілет нақтылы бір оқулықтың дәл қазіргі кездегі мазмұнын ғана меңгерумен шектелуден туындамайды. Студент сол мазмұнды меңгере отырып, сол оқулыққа еніп үлгірмеген жаңа деректерді өзі іздеп тауып, сабақ барысында өз тарапынан қосып үйренуі керек. Осындай дағды ғана, жоғарыда айтылғандай, келешектегі өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын маман болуға баулыды. Міне осы айтылған мәселелер, біздің төменде келтірілген нақтылы талдауларымыздың жалпы тарихи және теориялық-әдіснамалық негізі болып табылады.

Төменгі кестеде ЖОО-да оқытудың көптен қалыптасқан дәстүрлі «гумбольдтық» тәсімінің орнына «болондық (кредиттік)» тәсімді енгізудің басты ұйымдастырушылық және дидактикалық айырмашылықтарын көрсетуге арналған [1, 5 б.]:

	«Гумбольдтық» тәсім	«Болондық» тәсім
1.	Оқыту барысында көп мамандықты қамту	Оқылатын бағыттар өте көп емес
2.	ЖОО мамандыққа тек бір деңгейде даярлайды (5-6 жыл студент)	Білім берудің негізгі екі деңгейі бар (бакалавриат және магистратура)
3.	Сабақ «жоғарыдан» берілетін қатаң бағдарламамен ғана жүреді	Ғылыми жаңалықтар мен практикалық қажеттіліктерге сәйкес оқытудың икемді бағдарламасы
4.	Білім жоғарыдан бекітілген сызықтық траектория бойынша беріледі	Білім алу траекториясын студенттің өзі тандайды
5.	«Аудиторлық (дәрісханалық)» бақылау	Білімді рейтингтік бақылау
6.	Экономика «сағат» бойынша есептеледі	Экономика кредит саны бойынша есептеледі
7.	Ғылыми дәрежеге даярлық аспирантура және докторантура бойынша жүреді	Ғылыми дәреже тек «философия докторы» дәрежесінде қорғалады

Кестеде келтірілген көрсеткіштердің мән-мағынасын жақсы білетін оқырманға бұл жерде қосымша нәрселер айтып жату артық. Ал олар туралы нақтылы біле бермейтін оқырманға оның барлығын түсіндіру шағын мақаланың шамасынан тыс нәрсе. Десек те бұл екі тәсімге байланысты мынадай жалпы сапалық жақтарын көрсету керек.

И.Ф.Гербардтың талдауы бойынша, гумбольдтық тәсімде сабақ өту үдерісі «оқытушы – субъект, оқушы – объект» нұсқасында жүреді. Бұл тек **оқытушы** ғана оқыту ісінде оқуды ұйымдастырушы, бастаушы, жүргізуші және аяқтаушы. Ал, **оқушы** соның айтқандарын тыңдап, қайталап, есінде сақтайтын объектісі ғана. Оқытушы не айтса оқушы тек соны ғана орындауы керек. Бұл жағдаятты біз **диктаттық** (лат. dictat – «тапсырма, бұйрық беру», «алдын ала тағайындалған, қалай да орындалуы керек тапсырма») жағдаят, деп атаймыз.

Д.Дьюи оқу үдерісінің «субъект – субъект» тәсімі түрінде жүруі **демократиялық педагогиканы** қалыптастыратынын көрсетті. «Білім беру ісінде өзіне не керегін және оны қалай оқу керегін студенттің өзі шешеді» деген ұстаным оқу үдерісін жүйелендіруші негіз болып табылады [1: 8,9 б.]. Жалпы алғанда осындай демократиялық тәсімді іс жүзіне асыру «болондық» **кредиттік технология бойынша білім берудің** мақсаты болып табылады.

Әрине, бұл келтірілген талдаулар түрлері мен мазмұны жағынан Ағартушылық дәуірден бергі жерде қалыптасқандығы даусыз. Алайда, егер жалпы білім берудің мән-мағынасына үңілетін болсақ, онда **диктаттық** және **демократиялық** оқыту әдістері жалпы адамзат баласының жас ұрпақтарды білімге үйретудің әртүрлі кезеңдерінде кейде ерекше түрде, ал **көбіне аралас түрде** жүзеге асып отырған.

Бұл айтылғандардың біздің тақырыпқа қатысты мынадай жағы бар. Біздіңше, ол

кездерде білімді ғұлама адамдардың аз және олардың білген білімдердің түрлері мен мазмұндық көлемі шағын болғандықтан олардың жастарды оқыту тәсілі негізінен гумбольдтық тәсімге сәйкес болды деуге болады.

Орта ғасырлар кезінде ғылымның дамуы мен жүйелі жұмыс істеген оқу орындары *мұсылмандық араб тілді елдерде* болды. Сондай орталықтарда оқыған және ұстаздық еткен атақты философтар (әл-Кинди, әл-Фараби), астрономдар (әл-Хорезми, Ал-Баттани), медиктер (ибн-Сина), математиктер (әл-Хорезми) және басқалар болды. Сол ғұламалар арқылы Антиктік Грекия философтарының, ғалымдарының еңбектері арабшаға аударылып, жүйеленіп, тәржімаланды. Солар кейіннен әуелі латын тіліне, кейін батысеуропалық тілдерге аударылды. Бұл тарихи үдерісте VIII-XV ғғ. Испанияның Андалузия өңірінде билік еткен арабтардың Кордово, Альгамбра сияқты қалалары болды. Бұл қалаларға бүкіл Еуропа елдеріне ғылым іздеген адамдар келіп білім алған. Солар X-XIII ғғ. Болонь, Павида, Париж, Салернода қалаларында құқық, латын тілі, философия, медицина, математика ғылымдарынан университеттер аша бастады. 1348 ж. славян тіліндегі алғашқы университет Прагада ашылды.

Аталған еуропалық білім орталықтарында діни көзқарастардың схоластикалық нұсқасы үстемдік етті. Тек XIV-XVI ғғ. арасында Қайта өрлеу дәуірін бастағандар Витторино да Фельтре, Эразм Роттердамский, Л.Вивес, Ф.Рапле, М.Монтень сияқты гуманистер схоластикалық діни оқыту әдісінің негізін салды. Солармен қабаттаса Леонардо да Винчи, Н.Коперник, И.Кеплер, Г.Галилей, Р.Декарт, И.Ньютон, Г.Лейбниц сияқты ғалымдар жаңа ғылыми дүниетанымның негіздерін салды. Жаңа білімдер XVII-XIX ғғ. орта және ЖОО-дарының түрлерін көбейтіп, мазмұндық құрылымын өте көтерді. Бұл кезең Ағартушылық дәуір, – Ұлы Британияда *The Enlightenment*, Францияда *siècle des lumières*, Германияда *Zeitalter der Aufklärung*, – деп аталады. Солармен қатарласып 1724 ж. Петербургте ресейлік Академия мен соның негізінде Академиялық университет, ал 1755 ж. Мәскеу университеті ашылды. Нәтижесінде XIX ғ. Ресей ЖОО-ларында палеонтология, тау өнері, аспаптар өнері, тау статистикасы, тау құқығы, үлгіден сызу, жалпы және орыс тарихы, география, логика, зоология, ботаника, таза математика, архитектура, әскери өнер, инженерлік сияқты мамандықтардан жоғары білімді мамандар даярланды. 1914-1915 оқу жылында 105 Ресей ЖОО-дарында 127,4 мың жастар оқыды. Қазақ халқының алғашқы зерделі ұлдары осы оқу орындарында XIX ғ. екінші жартысынан бастап еуропалық білім ала бастады.

Ағартушылық дәуірдің екінші мағыналық атауы Рационализмдік дәуір. Оның басты көрсеткіштері: а) табиғат құбылыстарын тек ғылыми тұрғыдан *түсіну*, ә) солардың негізінде жаңа техникалық құралдар *жасау*, б) қоғам өмірін гуманистік ұстанымдар негізінде қайта *құру*, в) адамды діни түсініктер емес, тек оның өзінің білімі мен санасы негізінде ғана *тәрбиелеу* керек деген түсініктер болып табылады. Бұл айтылғандардың алғашқы екеуі өндіріс аясын техникалық төңкерістерге әкелді. Үшінші көзқарас қоғамдық қатынастарды адам құқы мен теңдігі негізінде қалыптастыру туралы саяси қозғалысты туындатты. Соның нәтижесінде батысеуропалық буржуазиялық саяси төңкерістер жүзеге асты. Монархиялық мемлекеттік басқарудың орнына халықтық, қазіргі біздерге үлгі болып қалған парламенттік басқару дүниеге келді. Ал адамды жаңаша тәрбиелеу туралы сенім оның санасын ғылыми білімдер негізінде қалыптастыру туралы идеяларға сәйкес келетін педагогикалық ұйымдастыру ұстанымдары мен механизмдерін құрудың платформасына айналды.

Осы айтылғандар, біздің мақалада сөз болып отырған, білім берудің гумбольдтық тәсіміне тән педагогикалық жүйені орнықтырудың жаңа тарихи негіздерін құрады. Әрине, ол кездегі және қазіргі оқыту істерін олардың *мазмұны тұрғысынан салыстыруға келмейді*. Оларды *ұйымдастыру принциптері* мен *жалпы даму бағыттары* тұрғысынан және білімнің қоғам өмірінде атқаратын *элеуметтік рөлі* мен жеке адамның санасын қалыптастырудағы *мән-мағынасы тұрғыларынан* қарау қажет.

Қоғамдық тіршіліктің әртүрлі жақтарының үдемелі түрде жетілуі: 1) жалпы солар

туралы білімдердің көбеюі мен соларға оқыту ісін күрделендіріп, интенсивтендіре түсті; 2) осы іс қай елдерде сәтті жүзеге асса, сол елдердің жағдаяттары өзге көрші елдердің хал-ақуалдарынан озуының механизміне айналды. Осындай бастау Ағартушылық дәуірден бергі уақытта жас ұрпаққа арнайы және жүйелі түрде білім беретін ресми әлеуметтік институтқа айналды. Мұндай тарихи тәжірибелерді қазіргі кредиттік білім беруге жетер жолдағы білім берудің жалпы және алғашқы үлгілері деп қарауға болады.

КСРО мемлекетінің құрылуының адамзат тарихындағы басты бір жетістігі – өз елінің кез келген азаматына білім беруге мүмкіндік жасағандығы еді. 1917 ж. Қазан төңкерісіне дейін Ресей империясы халқының  $\frac{3}{4}$  бөлігі сауатсыз болды. Балалардың 20% ғана мектепке баратын еді. Өзбек халқының 3,6%, қазақтар мен қырғыздардың 3,1%, тәжіктердің 2,3% ғана сауатты болды деген статистикалық дерек бар (бірақ бұл саналқа сол кездегі араб әліпбиін білген адамдардың саны енген-енбегенін біз білмейміз). 1918 ж. халыққа білім беру жүйесі мен шіркеу жүйесі толық ажыратылды. Яғни білім беру толығымен зайырлық жүйе-негізге көшірілді.

Әуелі жалпы сауатсыздықты жоюға бағытталған мемлекеттік күштің нәтижесінде 1940 ж. қарсаңында 50 жасқа дейінгі адамдардың сауатсыздығы жойылды. 1939 ж. жалпыға бірдей жеті жылдық білім беру бағдарламасы қабылданды. Бірақ оған Ұлы Отан соғысы кедергі келтірді. Бұл мақсатқа 1958 ж. ғана қол жетті. 1961 ж. жалпыға бірдей орта білім беру бағдарламасы қабылданды. Ол 1977 ж. жүзеге асты деп есептеледі. Халықтың жаппай білімділігі орта білімді болуы керек деген заңдық негіз 1977 ж. қабылданған КСРО Конституциясының 45-ші бабында көрсетілді. Оның 25-ші бабында *халыққа білім берудің біртұтас жүйесі* жастарға жалпы орта, арнайы орта білім беретін, коммунистік идеяда тәрбиелейтін, рухани және физикалық дамуын қамтамасыз ететін жүйе деп белгіленді. 1970 жылдардың аяғында жалпы және арнайы орта және жоғары білім беру салаларында берілетін пәндердің мазмұнын әлемдік ғылым мен техниканың үздік жетістіктеріне сәйкес жетілдіру мақсаты белгіленді.

1970-1971 оқу жылында КСРО-ның 805 ЖОО-дарында 4,6 млн. студент оқыды. Оларға 327,2 мың оқытушы (олардың ішінде 10,4 мың ғылым докторлары, 95,3 мың ғылым кандидаттары) сабақ берді [2]. 1980-81 оқу жылы ЖОО-дар саны 883 жетіп, онда 5,2 млн., ал 1989-90 оқу жылы 911 ЖОО-нында 5,2 млн. студент оқыды. Қазақстанда [3, 222 б.; 4, 134 б.; 5, 23 б.]:

Оқу жылы	ЖОО саны	Студенттер саны (мың)	Оқу жылы	ЖОО саны	Студенттер саны (мың)
1950-1951	-	31	1995-1996	112	272,7
1980-1981	55	260	1999-2000	163	365,4
1989-1990	55	286	2005-2006	181	775,8
1991-1992	61	288,4	2010-2011	149	620,4

КСРО дәуірінде табиғаттану мен техника-технология ғылымдары аса жоғары қарқынмен дамыды. Бұл үдеріс, бір жағынан, өзге де одақтас республикалармен қатар, біздің Қазақстан үшін де тарихта теңдесі жоқ жетістіктер әкелді. Екінші жағынан, осы үдеріс, сырт қарағанда байқала бермейтін, ал ішкі мазмұны жағынан адамның нағыз еркін ойлауы мен шығармашылық дамуына саяси-идеологиялық шектеулер туындатқан еді.

Әлемдік білім беру тәжірибелері тұрғысынан алсақ, КСРО-лық техникалық-технологиялық ғылым-білім мен материалдық өндіріс практикасы қаншалықты ілгері кетсе, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар мен білімдер саласында соншалық біржақтылық, шектеулілік болды. Педагогикалық-дидактикалық және тәрбиелік жұмыстар тек қана советтік-большевиктік дүниетанымның негізі – «марксизм-ленинизм адамзаттың ақыл-ойының ақырғы шегі», деген түсініктен туындады. Адамзаттың өткен дәуірлері мен жаңа кезеңдегі рухани-мәдени жетістіктері КСРО Компартиясының Орталық комитетінің идеологтарының түсінігі тұрғысынан ғана бағаланды. Ал, ол бағалаудың критерийі социалистік лагерь мен әлем елдері пролетариаттарының *дүние*

жүзінде коммунистік қоғам орнату мақсаты тұрғысынан белгіленді. СОКП-ның кезекті съезі сол түпкі мақсатқа жақындаудың кезекті сатысы есебінде қаралды. Сондықтан барлық қоғамдық, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар сол съездің құжаттарына сәйкес жүргізіліп, соларды дәріптеуге, тәржімалауға және насихаттауға бағындырылды. Солар ЖОО - дарында жүргізілетін қоғамдық, әлеуметтік және гуманитарлық *пәндердің мазмұндық сипатын анықтады*. Солардың негізінде жүргізілетін қоғамдық-әлеуметтік істерді атқаратын *мамандарды даярлау* жүзеге асырылды. Солай оқыту барысында студенттен оның өзі білетін *біліміне қаншалықты сенетіндігі* тұрғысынан емес, сол білгендерін қаншалықты *бұлжытпай қайталап бере алатындығына* сәйкес бағаланды.

Мұның арғы жағында, студенттің алған білімін өзінің нағыз азаматтық (тұлғалық) тұтастығын тереңдету үшін емес, оқулықтар мен ғылыми кітаптарда жазылған деректерді есінде сақтау мен соларды жаттанды түрде қайталау мақсаты ғана жатты. Бұл білім берудің *механикалық формасы* еді. Мұндай білімдендіру «білімі көп адам ғана ақылды» деген ұранға айналды. Ал, *көп білу мен ақылды болудың*, әсіресе *парасатты және даналыққа жақын болудың* аралары тура пропорционалды болмайтындығы, күнделікті өмірде бір-бірілеріне қарсы, кейде қайшы келетіндігі теория мен практика тұрғыларынан мойындалмады. Сондықтан бұл үдеріс арнайы зерттелмеді және тәрбие жұмыстарында ескерілмеді. Ресми идеологиямен келіспеген көзқарастарды диссиденттік (жікшіл, өзгеше ойлаушы) деп атап, оларды буржуазиялық идеологияның жақтаушысы есебінде саяси және құқықтық қуғындарға ұшыратылды. Бұл қоғамдағы нағыз қиындықтар мен қайшылықтарды туындатып отырған және болуы мүмкін жағдайларды ерекше, жаңа тұрғылардан қараудың мүмкіндіктерін алдын ала жоққа шығарды. Осы жағдаят білім беру жүйелерінде жас ұрпақтарды өмірдің объективті қайшылықтарына тіке қарап, оларды шешудің жолдарын іздеуден алшақтатты. Қазақша айтқанда, осындай «жараны жаба тоқудың нәтижесінде» КСРО үкіметі бастаған социалистік мемлекеттердің басым көпшілігі күйреп, олар нарықтық-демократиялық жүйе жолдарына түсті.

Бұл айтылған тарихи жағдаят советтік кезеңдегі білім беру жүйесінің гумбольдтық тәсімінің онан әрі нығаюының объективті негіз-қажеттігінің қалай туындағандығын көрсетеді. Соны тек саяси топтар мен мемлекеттік басқару органдары ғана емес, халық та жақсы түсінді. Сондықтан КСРО жүйесі күйреген кезде сол үшін халық көп күйініп, қапа бола қойған жоқ. Жаңа жағдайда қоғамдық қатынастарды қайта құру құқықтық және экономикалық реформалар негізінде жүзеге асатындығы анықталды. Соны жақсы білген халық та, Қазақстан егемендік алған кезден бастап қазіргі кезге дейін балаларын негізінен экономика және құқық мамандықтарына оқытып келеді.

Өзге ТМД елдерімен салыстырғанда, жиырма жыл ішінде Қазақстанның өндірістік-экономикалық дамуы қаншалықты қарқынды екендігі әлемге белгілі болып отыр. Соған сәйкес, қазіргі кезде халық шаруашылығының озық салаларына қажетті жоғары білікті мамандарды даярлау интенсивтенуде. Осы жағдайда қазақстандық жоғары білім беру жүйесінің жетілуіне еуропалық-халықаралық кредиттік оқыту технологиясы жүйесіне өту пәрменді түрде жүзеге асуда. Бұл осы жүйенің әлемдік стандарттарға сәйкес жетілуіне әкелуі керек. Нәтижесінде, қажет болған жағдайда, біздің мамандар әлемнің кез келген елінің мамандарымен тең дәрежеде бірге жұмыс істей алатын болады. Бұл жалпы Қазақстанның әлемнің озық елдерінің қатарында дамуының іргетасын қалайтын кепілдік. Егер кезінде Абай атамыз қазақ баласына «Сен де бір кірпіш дүниеге, Тетігін тап та, бар қалан», – деген болса, онда, жоғарыда айтып отырғандай тұрғыдан, жалпы Қазақстанның әлемдік мемлекеттер жүйесіндегі өзіне тиісті орнын өзінің нағыз нәтижелі істері арқылы алатын болады.

Мақала басында қойылған білім берудің гумбольдтық және болондық тәсімдерінің қазіргі тарихи және ғылыми-танымдық жағдайларында туындап отырған мәселелеріне мән-мағыналық тұрғылардан қайта оралайық. Гумбольдтық оқыту тәсімі жалпы алғанда өз кезінде радио-қисындық білім негізінде ғылыми-техникалық жетістіктерге жетуге мүмкіндік берді. Соған сәйкес келесі ұрпақтарды сол жетістіктерге қатаң түрде оқыту

қажеттігі өзінен өзі түсінікті саналды.

Ал, қазіргі кездегі ғылымның дамығыштығы, техниканың өзгергіштігі және деректер әлемінің қопарылғыштығы оқушыларды нақтылы бір білімдердің ғана көлемінде оқыту, соны ғана оқушыдан талап ету заман талаптарынан тыс қалу болып шықты. Сондықтан болондық тәсімде оқушының санасын жаңа білімдермен «толтыру» емес, ғылым мен білімнің даму тенденцияларына бейімдеп қалыптастыру, өзін-өзі үздіксіз жетілдіру дағдысына тәрбиелеу қажеттігін туындатып отыр. Ең бастысы ешқандай да ғылымның аясында нақтылы бір рационалды білімдердің тұрақты жүйесін сақтаудың мүмкін еместігі анықталды. Сондықтан студентті ғылыми білімдердің негіздеріне оқыту мен қатар нағыз рационалды емес мәселелердің маңында жаңаша, тосыннан ойлана алу қабілетіне баулу қажеттіліктері туындады. Бұл қазіргі және келешек ұрпақтардың тұсында, қазіргі рационалдылыққа сиыспайтын жаңа, кейде бейрационалды білімдер туралы интуициялық түсініктермен жұмыс істеу қажеттіліктері туындауы ғажап емес. Немесе келешектің рационалдылығы қазіргі, әсіресе, тарихтың өткен кездеріндегі рационалдылықтарға сәйкес келмеуі ғажап емес. Соларды жаңаша түсінуге бүгінгі жастар даяр, бейім болып өсуі керек. Сонда ғана әлемнің мүмкін деген экологиялық апаттарының алдын алу, адамзат өмірінің мақсатын тек заттық нәрселермен ғана емес, рухани құндылықтары басым нәрселермен толықтыру, дамыту кезеңдері келуі мүмкін. Соларға әзір бола алатын жастарды тәрбиелеу – келешек ұрпақтардың тіршілік кеңістігін сақтау, қалпына келтіру және жаңаша өркендетуге қабілетті мамандарды даярлаудың гуманистік идеологиясының бастауы болуы керек.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Принципы модульного обучения: Методическая разработка для преподавателей / Сост. О.Г. Проворова; Красноярский гос. университет. – Красноярск, 2006.
2. Народное хозяйство СССР в 1990 г. Статистический ежегодник. – М.: «Финансы и статистика». 1991.
3. Народное хозяйство Казахстана за 70 лет. – Алма-Ата, 1990.
4. Казахстан за годы независимости 1991-2010. Статистический сборник. – Астана, 2011.
5. [http://www.elib.sfu-kras.ru/bitstream/231114161m\\_moduledu.pdf](http://www.elib.sfu-kras.ru/bitstream/231114161m_moduledu.pdf)

#### Резюме

**С.И. Оспанов, д.филос.н.,**

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

#### **Гумбольдовская (линейная) и Болонская (кредитная) схемы обучения основы познавательной и исторической идеологии**

В статье рассматриваются соотношения между гумбольдовской (линейной) и болонской (кредитной) схемы-технологии обучения как историческая тенденция развития системы образования. Такая смена рассматривается как результат интенсивного развития науки и техники, что разрушается постоянство какой-либо жесткой схемы обучения на рационально-логической основе. Смена таких технологий образования также рассматривается как генеральная линия преодоления возможной экологической катастрофы в будущем. В этом смысле такая смена технологии обучения приобретает гуманистический и идеологический смыслы.

**Ключевые слова:** гумбольд, болон, обучение, преподаватель, студент

#### Summary

**S.I. Ospanov, Doctor of philosophy sciences,**

*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

#### **Gumboldovskaya (linear) and Bologna (credit) training schemes foundations and historical ideology**

In article ratios between the Humboldt (linear) and Bologna (credit) scheme technology of training as a historical tendency of development of an education system are considered. Such change is considered as result of intensive development of science and equipment that constancy of any rigid scheme of training on a rational and logical basis collapses. Change such technologies of education also is considered as the general line a overcoming of possible ecological accident in the future. In this sense such change of technology of training gets humanistic and ideological meanings.

**Keywords:** Humboldt, Bologna, teaching, teacher, student

**ӘОЖ 301.085**

**С 94**

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТА ТАПТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**С.М.Сыздықова**, 1 курс  
магистранты (Алматы қ., Қазақ  
мемлекеттік қыздар  
педагогикалық университеті)

**Аңдатпа:** Мақалада әлеуметтік саясаттың негізгі мәселесі орта тапты қалыптастырудағы халықтың әл-ауқаты қарастырылған. Сондай-ақ, қоғамдағы орта тапты қолдау және олардың әлеуметтік жағдайын дамыту мәселесіне баса назар аударған. Автор Қазақстандағы әлеуметтік саясаттың өзекті мәселелерін жан-жақты ашып, оның шешу жолдарын ұсынған. Қазіргі Қазақстандағы халықтың жағдайы, оның отандық әлеуметтік-тұрмыстық негіздерін қалыптастыратын әлеуметтік саясатпен тығыз байланысты. Басқаша айтқанда, адамның жан-жақты дамып, қалыпты өмір сүруі үшін қайдағы бір глобалды жағдай емес, қайта тиісті дәрежедегі өз отанындағы әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайдың қалыптасуы қажет.

**Түйін сөздер:** орта тап, әлеуметтік саясат, Қазақстан халқының тұрмыс деңгейі, еңбек өнімділігі, әлеуметтік жағдай.

Қазіргі күні қоғамда бірнеше тап, топ бар екенін мойындауымыз керек. Мысалы: 1) байлар немесе жоғары тап. 2) Орта тап. 3) Кедейлер немесе төменгі тап. Еліміздегі жағдайды ескере келіп, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030» мемлекетіміздің басты стратегиясында байлар мен кедейлер арасында еш қайшылық болмауын атап айтып, былай деді: «Байлардың ат төбеліндей шағын тобы жарлы адамдардың үлкен тобынан едәуір алшақтап кеткен жерде қоғам еш уақытта еңсесін көтеріп, абаттанып гүлдене алмайды» [1]. Олай болса, халықтың әлеуметтік жағдайы негізі асқан байлықта да, кедейлікте де емес.

Бізде халықтың 44% ауылда тұрады. Шетел сарапшылары қазірдің өзінде Қазақстан халқының тұрмыс деңгейінің төмен екенін, тек шикізат сатумен ғана өмір сүріп отырғанын жарыса айтады. Енді бірте-бірте өндірілетін мұнай мен басқа да шикізат көлемі күн сайын артып келеді. Бюджетке жоспарлағаннан да көп қаржы түсіп жатыр. Халықтың тұрмысы 90-жылдардың басындағы деңгейге жетпесе де, дағдарыс кезіндегідей емес. Осының бәрі алдағы жылдарда қалай еркін өмір сүретінімізді қазірден жоспарлап, қам жасауды қажет етеді.

Негізінен халықтың, мемлекетіміздің болашақ тіреуі боларлықтай, саны көп, сапалы, іскер – *орта тапты* қалыптастыруымыз қажет. Орта тапқа қажетті деп алдымен жеке меншік, бостандық, кәсіпкерлік, іскерлік, университеттер мен академиялық дербес ойлау жүйесі, талантты да талапты ғалымдар, инженерлер, дәрігерлер, адвокаттар, журналистер

мен адал кәсіпкерлерді, т.б. атап өтуге болады. Яғни, дербестілік, еркін ой мен іскерліктің нағыз бел ортасы болып табылатын орта тап бізге бүгін ауадай қажет.

Орта тап дегеніміз кімдер? Орта тап деп бай да емес, кедей де емес, орташа өмір сүретін адамдардың тобын айтуға болады. Осындай тұрмыстағы адамдардың қоғамы, көптеген ойшылдарымыздың пікірінше, идеалды қоғамға жақын, әділетті қоғам. Ал қазір Қазақстанда орта тап бар ма, бар болса, қандай әлеуметтік деңгейде? Орта тапқа кіретіндер әр түрлі еңбек түрімен айналысатын адамдар: жұмысшылар, шаруалар, ой еңбегі адамдары, бизнесмендер, мемлекеттік және жеке меншіктегі кәсіби орындарда еңбек ететін қызметкерлер, офицерлер және т.б. топтар. Онсыз қоғам тұрақты болмайды. Ресей социологтарының зерттеулеріне қарағанда, орта тап өкілдерінің саны елдегі халықтың 19,5% екен. Ал, Қазақстанда әлеуметтік-саяси себептерге байланысты орта тап одан жоғары емес. Экономикалық дағдарыстан шықпай, халықтың әл-ауқаты түзелмейінше, орта тап қалыптасады деп айту өте қиын.

Үлкен-үлкен олигархиялық топтардың экономикада вакуум қалдырмағандығын түйсінген Президент Н.Ә.Назарбаев олигархтарға шектеу қою қажеттігін айтқан болатын: «Қараңыздаршы, он шақты мегахолдинг Қазақстанның Жалпы Ішкі Өнімінің 80 пайызын қадағалап отыр. Әдеби-экономикалық тілде оларда мегахолдингтер деп атайды. Ал бұқара оларды олигархтар дейді. Мегахолдингтердің шын мәнінде айналысатын кәсібіне қатысты емес (непрофильные) функцияларын орта және шағын бизнеске алып беру жөнінде Үкіметке шара қолдануды тапсырдым» [2]. Шынында да орта және шағын бизнестің аяққа тұруына шын мәнінде жағдай жасау қажет болып отыр. Себебі, дамыған елдердің барлығында орта және шағын бизнестің елдің Жалпы Ішкі Өнімінің 50-60 пайызын, кейде 70 пайызын қамтамасыз ететіндігін Президент Н.Ә. Назарбаев үнемі айтып жүр. Ал, кәсіпкерлердің еркін демалуына, қанатын кеңге жаюына алып корпорациялардың мүмкіндік бермейтіні шындық.

*Елде еңбек өнімділігінің артуынсыз әлеуметтік-экономикалық еркіндіктің дәрежесі өспейтіні көп дәлелдеуді керек етпейді.* Қазақстан бұл жағынан дамыған елдердегіден көп артта қалып отыр. Президент Н.Ә.Назарбаев өзінің 2010 жылғы халыққа Жолдауында бұл туралы былай деп атап көрсетті: «Қазақстанда, егер тұтастай экономика бойынша қарайтын болсақ, бір қызметкер жылына 17 мың доллардың өнімін өндіреді екен. Дамыған елдерде бұл көрсеткіш 90 мың доллардан асып түседі. Қорытынды өте түсінікті – бізге жағдайды түзету – өнімділікті арттырып, инновацияларды ендіру керек» [3]. Бұны біздіңше, үлкен стратегиялық бағыт ретінде түсінген қажет.

Төменгі немесе жарлы тапқа жататындар – материалдық тұрмыс жағдайы төмен, яғни табыс, кіріс жағынан алғанда нашар тұратын адамдар. Статистика мәліметтеріне сүйенсек, бүгінде Қазақстан халқының 28,1 пайызы орташа күнкөріс деңгейінен төмен жандарды құрайды екен. Яғни, 15 млн. адамдардың 3/1-не жуығы нағыз кедейліктің күйін кешуде. Республиканың статистика жөніндегі агенттігінің ресми деректері бойынша, көп жылдар бойы жұмыссыздар деп жұмысқа орналастыру органдарында есепке тұрған адамдар саны көрсетіліп, ол жыл сайын 250 мың адам немесе 3,8-4,0% шамасында болып келді. Ал, шын мәнінде жұмыссыздар саны кемінде 1,5 млн. адам деп бағаланды [4]. Жарлы тап – біздің қоғамның басым көпшілігі. Тамақ ішу, киім кию, үйлі болу – адамдардың ең басты қажеттілігі. Тамақсыз адам тіршілік ете алмайды. Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметтері бойынша, 2002 ж. 1-шілдеге 1039,2 мың адамға атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) тағайындалған. Бұл 2002 жылдың 1-сәуірімен салыстырғанда 358,3 мың адамға көп. 2002 ж. 1-шілдедегі есептеме бойынша АӘК алушылар арасында балалар 57,3 пайызды, әлеуметтік трансферт алушылар (зейнеткерлер мен мүгедектер) 4,0 пайызды жұмыссыздар – 18,6% құрап отыр [5]. *Осының бәрі, біздіңше, халықтың әлеуметтік саясатын қалыптастырудағы қиыншылықтар болып табылады.*

Қазақстанда көп ұлт тұрғанымен, негізгі халық – қазақтар 67 пайыздан асады. 2003 жылы БҰҰ-ның Қазақстандағы өкілдігі жүргізген есеп бойынша, қала тұрғындарының

10,8 пайызы, елді мекендердегі жұрттың 30 пайызы кедей тұратыны анықталған. Бұған жұмыссыздық пен жалақының төмендігі басты себеп көрінеді [6]. Халықтың бәрі бай емес, байлар халықтың 10-15 пайызын ғана құрайды. Олар көбінесе халықтың қамы емес, өз жеке бастарының пайдасын алдымен ойлайды.

Бұл айтылғандардан халықтың әлеуметтік саясаты туралы тым теріс қорытынды жасауға, біздіңше, болмайды. *Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық саладағы жағдай тіпті жаман да емес, бірақ айтарлықтай жақсы деуге келмейді.* Әлеуметтік сауалнама жүргізу нәтижесінде халықтың 70% өзінің тұрмысының нашарлағаны белгілі болып отыр. Бұл әсіресе дағдарысты жағдайға байланысты екені белгілі. Ал статистикалық агенттігінің деректеріне сенсек, 2009 жылғы қаңтар-қыркүйекте жалпы ішкі өнім 1,5% төмендеген. Тауар өндіру 1,8%, ал қызмет көрсету өндірісі 1,5 пайызға қысқарған. Сондай-ақ осы мерзімдегі түпкілікті пайдалану әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім 3 пайызға қысқарған [7].

«Поколение» зейнеткерлерінің бағалауынша Қазақстандағы қазіргі зейнетақы реформасы және зейнеткерлер туралы заң өрескел қателіктерге толы. Соның салдарынан қарт адамдардың тұрмыс жағдайлары нашарлап, олардың арасындағы өлім саны артып кеткен. Егер 2003 жылғы зейнетақы реформасына дейін зейнеткерлер саны 2,7 млн. болса, реформадан кейін 1,6 млн. ғана қалған. Яғни, 1,1 млн. зейнеткерлерден өз ажалымен болса да айрылғанбыз. Зейнеткерлердің әлеуметтік жағдайының төмендігіне 1997 жылы қабылданып, сол уақыттан бері көптеген өзгертулер мен толықтыруларға ұшыраған «ҚР зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңының әлі де шикіліктерге толы екені негіз болып отыр. Заңдағы көрсетілген зейнетақы мөлшерін есептеу әдістері әділетсіздікке толы. Нақтырақ айтқанда, қазіргі заң адамның толық еңбек өтелімін есептемейді екен. Зейнеткердің атқарған қызметінің де деңгейі дұрыс бағаланбайды. Оның үстіне зейнетақы реформасы енгізілген жылдан бастап барлық жеңілдік арқылы берілетін зейнетақылар қысқарып қалған. Заңнан да мүлде алынып тасталған И.Иманбайдың айтуынша: «Бізбен салыстырғанда көршілес Қырғызстанның өзінде мұндай зейнетақылар заңмен қарастырылған. Ал, зейнетақының көлемі жөнінде айтар болсақ, ол тіптен күлкілі. Мәселен, қазіргі таңдағы бастапқы зейнетақы көлемі адамның қажеттіліктеріне қажетті минимумның 40 пайызын ғана құрайды. Ал оның өзі кемінде 2-3 есеге кемітіліп есептелген. Тұрмысқа қажетті минимумның Қазақстандағы көрсеткіші 13717 теңге, оның 60 пайызы – тамаққа (8230) және 40 пайызы (5487) басқа қажеттіліктерге есептеген. Сонда 5487 теңгеге зейнеткерлер киінеді, тұрмыстық қажеттіліктегі тауарларды тұтынады және су, жарық сияқты коммуналдық салықтарды төлейді. Үкіметтің пікірінше, осы сома бәріне де жетеді. Сіз осыған сенесіз бе? Әрине жоқ. Ең төменгі көлемдегі зейнетақы алатындар саны 2006 жылы 66 мың адам болса, 2008 жылы – 324 мың болған. Бұл сандар жағдайдың жылдан жылға *нашарлап бара жатқандығын көрсетеді.* Егер билік айтқандай дамып жатсақ, төменгі зейнетақы алатын зейнеткерлер керісінше жылдан-жылға азаюы керек емес пе? Бірақ, жағдайдың басқаша өрбігенін айқын көріп отырмыз. Біздегі зейнетақының орташа көлемі – 114 АҚШ доллары. Ресейде – 175,8 доллар, Беларусьте – 160 доллар, Украинада – 220 долларды құрайды. Ал, зейнетақының халықаралық нормасы болса 178 долларды құрайды [8]. Енді Қазақстан халықаралық деңгейдегі зейнетақыға жетуі тиіс. Бұған, біздіңше, уақыт керек.

Статистика жөніндегі агенттіктің мәліметтеріне сүйенсек, 2005 жылы ауыл шаруашылығындағы ЖІӨ (ВВП)-дағы табыс 2004 жылмен салыстырғанда, 7,1%-дан 6,5%-ға дейін, ал 1990 жылмен салыстырғанда 5 есеге азайып кеткен. Егерде ауылдық жерде 40% халық тұратын болса, онда жағдай сын көтермейді деп айтуға болады. Қиыншылыққа шыдағандар тұрып жатыр. Ашынған жастардың көбі қалаға жақсы өмір сүру үшін келуде, ал оларды бұнда ешкім күтіп отырған жоқ. Бәріне бірдей жақсы жұмыс табылмайды, олардың үйін асырайтын, үй жалдап тұратын мүмкіндіктері де болмайды.

Ұзағырақ болса да, ресми деректерге жүгінсек, тек қана 2000-2002 жылдары елімізде 300-ге жуық елдімекен өзінен-өзі тарап кетті. Жергілікті әкімдіктердің деректері

бойынша, 2004 жылы тұрғын халқы жоқ, бірақ таратылмаған 136 елдімекен болған. Жалпы, 7 193 869 тұрғын тұратын 7660 ауылдық елдімекеннің 1062-сі – даму әлеуеті жоғары топқа, 5664-і – орташа, 776-сы – әлсіз топқа жатқызылған. 22 ауылдың экологиялық жағдайы өте нашар делінген. Мәселен, Атырау облысында радиациялық таралу деңгейі жоғары – 2, сапалы ауызсудың жоқтығына байланысты Қызылорда облысында – 14, Оңтүстік Қазақстан облысында – 1 елдімекен тілге тиек етілген.

Ал, Ұлттық халық санағының қорытынды деректеріне сүйенсек, республика халқының 46 пайызы ауылдық жерлерде өмір сүруде. Нақтырақ айтсақ, 365 700 азамат елдімекендерде түтін түтетіп отыр. Сондай-ақ, Ауыл шаруашылығы министрлігі 2009 жылдың шілде айында мынадай деректерді ұсынды. «2008 жылы республика бойынша 2004 жылмен салыстырғанда даму әлеуеті жоғары ауылдық елдімекендердің саны 1266 бірлікке артқан. Ал, даму әлеуеті төмені 492 бірлікке кеміген. 2009 жылдың 1 қаңтарында республика бойынша 7093 ауылдық елдімекен бар. Оның ішінде, 2473-і – жоғары, 4490-ы – орта, 103-і төменгі даму әлеуетіне жатады. 27 елдімекенде мүлде тұрғын жоқ». Тоғыз жылда нақ 867 ауылдың орны ойсырап қалды.

Ауылдық аймақтарды дамыту туралы дәл осы бағдарлама қабылданғанда қордаланып қалған түйінді мәселелерді шешу көзделген екен. Әсіресе, ауызсу құбырын тарту, қатқыл жол салу, электр қуатымен қамтамасыз ету, газдандыру, байланыс жүйесін реттеу, әлеуметтік инфрақұрылым: денсаулық сақтау, білім беру, қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық қызмет көрсету ісін жолға қою сынды мәселелер талқыға салынған болатын. Мәселен, 2003 жылы республикадағы ауылдардың 72 пайыздан астамында су құбыры тартылмаған. Анықтап айтқанда, 5543 елдімекенде таза ауызсу жоқ. Оның 4862-сі құдықтан, бұлақтан су алып ішкен. Қалғанында мұның өзі жоқ. Әсіресе, таза ауыз суға мұқтаждық көрген ауылдардың саны Ақтөбеде – 386, Шығыс Қазақстанда – 664, Батыс Қазақстанда – 426, Қостанайда – 667, Павлодарда – 451, Солтүстік Қазақстанда – 605-ке жеткен. Қажет десеңіз, сол жылдары республикада 265 ауыл жарықсыз, майшаммен отырған. 6290 елдімекенде мүлде денсаулық сақтау нысандары болмаған. 479 ауылдың мектебі талапқа мүлде сай емес. 735 ауылда тіпті білім ошағының өзі жоқ. Міне, бұл бағдарлама осы сарындас күрмеуі көп күрделі мәселелер таудай үйіліп тұрғанда қабылданған-ды. Әлі күнге еліміздің 116 ауылына электр энергиясы жетпегені, 6522-сіне газ құбыры тартылмағаны тағы бар екен [9]. Осының бәрі түптеп келгенде әлеуметтік саясаттағы орта тапты қалыптастыруға байланысты мәселелер болып табылады. Әсіресе орта тапты қалыптастырудағы олқылықтар мен орташа жалақыны есептеудегі кемшіліктер әттеген-ай дегізеді. Байлар мен кедейлер арасындағы олқылықтар артып келеді. Біреулердің айлығы, мысалы 500 мыңнан асса, екінші біреулерінікі – 25-30 мыңның ол жақ бұл жағында. Осыдан келіп, орташа жалақыны есептеудегі жалғандылық белгілі болып, халықты ашындырады. Дегенмен, жалпы алғанда, Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайы басқа елдермен салыстырғанда Президент Н.Ә.Назарбаев ұстанған саясатының нәтижесінде оң нәтижелерге қол жеткізіліп, дағдарысты жағдай біртіндеп еңсерілуде.

Қорытып айтқанда, қазір дағдарыстың екпіні түсіп, ел ептеп еңсесін тіктеп келеді. Әлеуметтік салаға бөлінетін қаржы көлемі де өсіп жатыр. Тұрғындардың өмір сүру қарқыны жақсаруда. Әйтсе де, бізге толассыз ағылған шетелдіктерге жалпақшешейлік жасап, Атымтай жомарттық танытуға әлі ертерек. Ұлттық мемлекет, іргесі берік қоғам орнатамыз десек, халық мүддесін алғашқы орынға жылжытуымыз керек.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әл ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Білім, 1998. – 98 б.

2. Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. №33-35 (25881). – 30 қаңтар. – 2010.
3. Қараңыз: Мұқанова Г. Олигархия... Конгломераттар... Қаржы-өнеркәсіп топтары... Мегахолдингтер... // Түркістан №5 (603) –2 ақпан. –2006. – б.5 – 8 б.
4. Райханұлы Н. Базарда – жұмыс күші. // Ақиқат. 2002.–№6. – 40 -96 б.
5. Әліпбай С. Кедей деп кімді айтамыз? Кімге көмек береміз? // Егемен Қазақстан. 16 қазан. –2002. –б.4. – 6 б.
6. Байдаулетова Қ. Қазақстандықтар кедейшіліктен әзірше құтылған жоқ. // Айқын №175 (175). 16 қараша. –2004. – б.4. –
7. Әлімова Е. Құлдырау көріністері. // Жас Алаш. –2 ақпан. – 2010.
8. Иманбай И. Биліктің саясаты... // Жас Алаш. – 29 қыркүйек. – 2009.
9. Сыздықова С.М. Қазақстан: адамның жеке басы мен еркіндігін қорғау саясаты. Монография. – Алматы, 2010. – б.76. – 211 б.

### Резюме

**С.М.Сыздықова**, магистрант 1 курса

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

#### **Актуальные проблемы социальной политики Казахстана в формировании среднего класса**

В статье рассматривается благосостояние населения в формировании среднего класса как основная проблема социальной политики. Вместе с тем, уделяется внимание поддержке среднего класса и развитию их социального положения в обществе. Автор всесторонне раскрывает актуальные проблемы социальной политики Казахстана и предлагает пути их решения.

**Ключевые слова:** средний класс, социальная политика, Казахстан, социальное положение

### Summary

**S.M.Syzdykova**, 1 undergraduate course

(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

#### **Actual problems of social policy in Kazakhstan in the formation of the middle class**

In the article welfare of population is examined in forming of middle class as a basic problem of social politics. At the same time, paid attention to support of middle class and development of their social position in society. An author all-round exposes the issues of the day of social politics of Kazakhstan and offers to the way of their decision.

**Keywords:** middle class, social policy, Kazakhstan, social status

ӘОЖ 371

М 83

**ШАҒЫН ЖИНАҚТАЛҒАН МЕКТЕПТЕРДЕ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН  
ЖЕТІЛДІРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

**Б.С.Қылышпай, магистр**  
*«Қазақ мектебінің даму мәселелері»  
зертханасының меңгерушісі*  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)

*Мұғалім! Бұл адамның ардақты аты,  
Білімділік бір биікке шығар саты,  
Ең алғаш басталды осы адамнан,  
Сүйеді сондықтан да жақын, жаты.  
Бар ғалым, барлық қоғам мұғалімдікі,  
Сыйлайды, мәңгі бақи беріп төрін.*

М.Мұқанов

**Аңдатпа:** Мақалада шағын жинақталған мектеп мәселесі көтерілген. Шағын жинақталған мектептерде білім беру сапасын жетілдірудің педагогикалық шарттары қарастырылған. Шағын жинақталған мектептер, негізінен, ауыл мектебі екені белгілі. Ауыл мектебі қазақтың ұлттық мектебінің негізгі құраушысы. Қазақ балаларының басым көпшілігі шағын жинақталған мектептерде оқып, тәрбие алады. Қазіргі уақытта шағын жинақталған мектептер мәселесі өзекті мәселе болып тұр. Осы уақытқа дейін шағын жинақталған мектептердің педагогикалық проблемалары бірқатар ғалымдардың зерттеулеріне арқау болған. Қазіргі таңда Қазақ мемлекеттік педагогикалық қыздар университетінде «Қазақ мектебінің даму мәселелері» зертханасы жұмыс атқарады.

**Түйін сөздер:** шағын жинақталған мектеп, педагогикалық шарттар, білім беру сапасы, білім беруді ізгілендіру, интеграциялау, интеграциялық оқыту.

Қазақстан бойынша барлық шағын жинақталған мектептер саны: - 4288, демек 56,6 пайызды құрайды; барлық ауыл мектептерінің саны – 4139, яғни 71,7 пайызды құрайды. Оның ішінде бастауыш мектеп: 955, оның- 933 ауыл мектептері, негізгі мектеп - 960, оның - 946 ауыл мектептері, орта мектеп - 2373, оның - 2260 ауыл мектептері [1].

Зертхананың бағыттарының бірі шағын жинақталған мектеп мәселелері. Зертхана қызметкерлері шағын жинақталған мектептермен тығыз байланыс орнатып, сол мектептер мәселелерімен айналысуда. Бір сыныпта бір мезгілде қатар оқытудың тиімді жолдарын іздестіру (Ж.Аймауытов, Ғ.Бегалиев, Ж.Қаржасбаев, М.Бүрлібаев, Ғ.Сүлейменов, А.Асқарбаева т.б.), осы тектес мектептерде сабақты ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері мен әдіс-тәсілдерін анықтау (Б.Құлманбетова, А.Асқарбаева, Г.М.Храпченков, Қ.Аймағанбетова), бір пән, бір тақырыптық сабақтардың тиімділігін дәлелдеу (З.Бейсенбаев, М.Сайпин, О.Сатқанов, т.б.) өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктерін анықтау (Г.Ф.Суворова, А.В.Алексеева) т.с.с. мәселелерді осы аталған ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып қарастырады.

«Білім беруді ізгілендіру тұлға мен әлеуметтік ортаның қатынасын оңтайлы, ұтымды құруға және оның неғұрлым ұтқыр дамуына қызмет етеді» [4.11 б]. Ол баланың оқуға ынта-ықыласын арттырып, тәрбиелік мақсаттағы ықпалды қабылдауға құлықтылығын ынталандыратын мазмұн мен баланың қызығушылығы мен ерекшеліктеріне қарай түрлене алатын икемді әдістердің тууына бағытталады. Себебі, негізінде, бала өзі тек қалайтын

және шамасы жеткен ұғымды ғана қабылдай алады және оны өзінің жеке ерекшелігінен өткізіп, лайығын ғана бойына сіңіреді. Сөйтіп оқытуды ізгілендіру баланың жеке психологиялық, тұлғалық сапаларын ескеру арқылы ғана жүзеге асатын педагогикалық парадигма болып табылады. Таңдап алынатын оқыту технологиясының тиімділігі ретінде баланың тұлғасын дамытудағы мәні және көңіл-күйінің оны қалауы танылады.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында «Білім беру – қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени және дене дамуы мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізудің мақсат ететін үздіксіз тәрбиелеу мен оқыту процесі» [1.5 б] деп атап көрсетілгендей, мектеп ең қажетті буын болып табылады.

Шағын жинақталған мектептердегі оқыту процесін ұйымдастыру мәселесі туралы қазақ тілінде жазылған ең алғашқы құралдардың бірі – Ж.Аймауытовтың «Комплекспен оқыту жолдары» [5] атты кітабы. Мұнда ол кешенді оқытудың қажеттігін, кешенді бағдарламалар, жұмыс жоспарлары, бір мұғалімнің әр түрлі жастағы балаларды бір мезгілде қосып оқыту жолдары, күнделікті сабақ жоспарларын жасау әдістері, сабақ кестелері сияқты мәселелерді таратып айтып, көрсетіп береді. Автор ұсынып отырған кешенді бағдарламалар оқытуды пәндік жүйеде құруды емес, кешенді, яғни әрбір саладағы білім мазмұнын тұтастай беруді көздейді. Тұтастай алғанда, «Комплекспен оқыту жолдары» өз кезеңі үшін аса пайдалы, қажетті әдістемелік құрал болды.

Шағын жинақталған мектептердің оқу процесіне байланысты әлі де шешілмеген, ғылыми жүйеге келтірілмеген педагогикалық проблемалар жеткілікті. Олардың ішіндегі ең маңыздысы шағын жинақталған мектептерде білім беру сапасын қазіргі заман талабына сай жетілдіру. Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасында 2011 жылдан бастап оқушылар саны 10 және одан көп барлық шағын жинақталған мектептер жаңа түрдегі компьютерлермен және кең жолақты Интернетке қол жеткізумен қамтамасыз етілетіндігі, қашықтықтан оқыту «e-learning» электрондық оқыту шеңберінде ұйымдастырылатындығы айтылғанымен, шағын жинақталған мектептердің көбі қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталмаған. Ұялы байланысы жоқ ауылдарда бар.

Жалпы мектептердегі үрдісті қолдану тиімсіз, себебі бала саны аз, бір бөлмеде 2 сынып оқиды. 1-ші сыныппен 3-ші сынып бірігеді, олардың жас ерекшелігі, тақырыптың алшақтығын ескерсек, әрине бір 45 минутта қажетті мағлұмат берудің өзі мұғалімге қиынға соғады. Сабақ құрылымы өзгереді, оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауына көп мүмкіндік беріледі, бұл мәселелерді тізбектей беруге болады. Осы себептер оқушылардың білім деңгейіне әсер етеді. Шағын жинақталған мектептердегі оқыту процесін ұйымдастыру жолдарын мұғалімдер қауымына таныту мәселесін көздеген ғалым-әдіскер – Ғ.Бегалиев. Ол өзінің «Бірнеше класты қатарынан оқыту туралы» атты көлемді мақаласында алдымен мұндай мектептерге тән өзіндік ерекшеліктерді ашып көрсетеді: «Бірнеше класты бір мұғалім оқытқанда оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жолы, әдістері өзгешерек. Бұл өзгешеліктер оқу материалының мазмұны я көлемі жөнінде емес. Бірнеше класты қатарынан оқытқанда да бағдарлама бойынша өтілетін материалдардың тәртібін бұзбай, қысқартпай, оқушыларға толық білім беру керек болады. Бірнеше класты қатарынан оқытудың айырмашылығы – сабақты ұйымдастыруда. ...Мұғалім оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстарын, оның мөлшері мен түрін, оған кететін уақытты және басқа класта мұғалім басшылығымен жүргізілетін жұмыстарды дәлдеп, анықтап алу керек». Ол мұғалімдердің назарын келесі маңызды нәрселерге аударып отыр: біріншіден, қосарланған сыныптар оқушылары бағдарламалық материалды толық игеріп, алған білімдері бағдарламалық талапқа сай болу жағын көздесе, екіншіден, мұндай мектептердегі сабақтың өзіне тән ерекшеліктері де бар екенін ескертеді, үшіншіден, бұл ерекшелік – шағын жинақталған мектептердегі сабақ оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмысы мен мұғалімнің басшылығы арқылы орындалатын жұмыстардан тұратындығын түсіндіреді. Ғалымның бұл пікірі күні бүгінге дейін мәнін жойған жоқ.

Оқыту үрдісін интеграциялау мәселесі шешімін таппаған. Ең үлкен қиындық интеграциялық курстарды, сабақтарды шағын жинақты мектептердің практикасына енгізу

жөнінде әлі күнге дейін белгілі бір жеке бағдарлама, ыңғайлы әдістемелік нұсқаулар жоқ, ал интеграция мәселесі бағдарламаға енбегенмен оқыту үрдісінде кеңінен қолданыс тауып келеді. Оқу жоспарындағы бір кемшілік көп пәнділік және оған берілетін сағаттардың аздығы (мысалы музыка, бейнелеу сабақтары). Осының салдарынан оқыту сапасының төмендеуі көрініс табады. Мұндай жағдайдан шығудың бір жолы – оқу пәндерін интеграциялау. Интеграциялау арқылы, яғни ірі пәндік курстар арқылы уақытты үнемдеуге, оқытуды ұтымды ұйымдастыруға болады.

Интеграциялық оқыту дегеніміз – жаңа педагогикалық ізденіс, жаңа бағыт. Өйткені орта мектепте пәндерді біріктіріп оқытудың жаңа тәсілдері, осы заманға лайықты озық тәжірибелері қолданылып келеді. Мұның бірі – бірнеше пәндердің бір пәнге бірігуі. Оқушының өз бетінше әртүрлі мәселелерді шешуге қабілетті, алған білімі мен біліктілігін жүйелей алатын жеке тұлға тәрбиелеуге мүмкіндік ашады. Интеграция оқушының оқудағы алғашқы қадамынан бастап әлемді тұтас деп тану, ондағы барлық нәрсе бір-бірімен тығыз байланысты деген көзқарас қалыптастыру мақсатын көздейді. Интеграциялау арқылы, яғни ірі пәндік курстар арқылы уақытты үнемдеуге, оқытуды ұтымды ұйымдастыруға болады. Қазіргі мектептерде интеграциялық оқытуды жүзеге асыру мақсатында педагогикалық технологиялардың бірнешеуі тәжірибеге енгізілуде. Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан оқытуды дамыту, модельдік жүйе арқылы оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологияларын әрбір сабақта тиімді пайдалану барысында пәнаралық байланыс арқылы үлкен жетістіктерге қол жеткізуге болатыны тәжірибе жүзінде дәлелденіп отыр.

«Қазақ мектебінің даму мәселелері» зертханасында ауылдық мектептерде жұмыс жасап жүрген ұстаздардың тәжірибесін жинақтап, реттеп, соның негізінде оқу-әдістемелік құралдар шығару қолға алынған. Шағын жинақталған мектептердегі оқу процесінің ерекшелігі, оқытудың әдіс-тәсілдерін, қалай сабақ беру керектігін әркім біле бермейді. Мұғалімдердің қолында осы күнге дейін нақты көмек бере алатындай қазақ тілінде жарық көрген бірде-бір әдістемелік құрал жоқ. Шағын жинақталған мектептер үшін тиімді оқу құрал-жабдықтары жетіспейді.

Зертхана қызметкерлері бүгінгі таңда педагогика жүйесінде кеңінен таралып, оқу үдерісіне еніп отырған жаңашыл оқыту технологияларын пайдалана отырып, осы аталған мектептерге тәжірибелі ұстаздармен бірлесе отырып көмекші құралдар шығаруды қолға алып отыр. Зертхананың ендігі міндеті оқыту технологияларын шағын комплектілі мектептердің өзіндік ерекшеліктеріне бейімдеп, іс-тәжірибе енгізу. Шағын жинақталған мектептердің болашағы зор, мүмкіншілігі мол. Ауыл мектептерінің жағдайын жақсартып, оқу тәрбие жұмыстарын жетілдіру де осы мәселелер жолға қойылса, жақсы жетістіктерге жетуге болады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамытуының басым бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы. 2012.
3. Аганина Қ.Ж. Қазақстанда білім беру процесін жетілдіру мәселесіне. // Білім әлемінде. В мире Образования, In the world of Education. – №5. – 2010. – 3-5 б.
4. Берулава Состояние и перспективы гуманизации образования. // Педагогика. – №1. – 1996. – 11б.
5. Аймауытов Ж. Комплекспен оқыту жолдары. – Қаз.баспа. 1929. – 122б.
6. Концепция развития малокомплектных школ в Республике Казахстан на 2010-2020 годы. – Астана, 2011.

### Резюме

**Б.С.Кылышпай**, магистр, заведующий лабораторией «Проблемы развития казахских школ»

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

#### **Педагогические условия совершенствования качества образования в малокомплектных школах**

В статье поднялся вопрос малокомплектной школы и рассматриваются педагогические условия усовершенствования качества образования в малокомплектные школы. Нехватка специалистов, отсутствие разносторонней профессиональной подготовки отражается на уровне образования учащихся малокомплектных школ.

**Ключевые слова:** малокомплектные школы, педагогические условия, качества образования, интеграция

### Summary

**B.S.Kylyshpay**, master, Head of the Laboratory "Problems of development of Kazakh schools" (с. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

#### **Pedagogical conditions of improvement of quality education in smallcomplete schools**

In the article a question rose that littlecomplete school, examined terms pedagogical improvement of quality of education in smallcomplet schools. The lack of specialists, lack of diversified training is reflected at the level of smallcomplet schools pupils education.

**Keywords:** smallcomplete schools, pedagogical conditions, the quality of education, integration

ӘОЖ 37.026.9:371.212:371.385.3

#### **ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ФИЗИКАЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТЕРДІ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ**

**С.Е.Маханбетова**, физика магистрі

(Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

**Г.Биғараева**, 147 гимназияның

физика пәнінің мұғалімі (Алматы қ.)

**Аңдатпа:** Мақалада қазіргі білім беру жүйесіндегі физикалық эксперименттерді жүргізудің негізгі әдістері қарастырылған. Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаев «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны» - деп атап өткендей, білімді, ақыл-ойды жетілдіру қазіргі кезде заман талабына айналды. Осы қағиданы бетке ұстай отырып, әрбір болашақ маман ертеңгі күннің нақты заманға сай, құзыретті тұлғасына айналу үшін аянбай тер төгіп, еліміздің «алтын ғасырындағы» білім алушыларға әлемдік деңгейде білім беруге ұмтылуы тиіс.

**Түйін сөздер:** эксперимент, газ, сұйық және қатты, молекула-кинетикалық теория, жылулық тепе-теңдік, жобалау, бақылау.

Физиканы оқыту үрдісіне демонстрациялық эксперименттерді енгізу теория мен практиканы байланыстырушы элемент ретінде қарастырылады. Оларды орындау оқушылардың эксперименттік және практикалық ебдейліктері мен дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар, оқушылардың танымдық қабілеттерін, әрі белсенділігі мен өз бетімен жұмыс істеу дағдысын дамытады. Алайда кез келген сабақты жүргізуде бұл мақсаттар орындала бермейді. Егер оқушылар мұғалімнің толық, нақты түсіндіруінен кейін, тек көрсетілген іс-қимылдарды қайталайтын болса, оларда қарапайым ебдейліктер мен дағдылар қалыптасады. Мысалы, зертханалық жұмысты өткізу

барысында оқушылар электр шамынан өтетін ток күшін есептейтін электр сызбасын мұғалім демонстрациялық үстелде көрсетіп бергендей жинайды, олар біршама икемдіктер мен дағдылар алады, бірақ жалпылама сипаттағы ебдейліктер қалыптаспайды және өздері әрекет етуге үйренбейді. Мұғалім зертханалық жұмысты өткізу әдістемесін мұқият талқылап, оқушыларға оны өз бетінше және ықыласпен орындауға мүмкіндік беруі керек, тек сонда ғана ол оқушылардың таным қабілеттерінің дамуына мүмкіндік туғыза алады.

Орта мектепте «Молекулалық физика» бөлімін оқытуда оның төменде келтірілгендей басты қағидалары болатындығы оқушыларға айтылуы керек:

а) молекула-кинетикалық теория бойынша анықталатын термодинамика негіздері: (жылулық тепе-теңдік, температура, абсолют температура, газ заңдары, газ тұрақтылары, термодинамиканың бірінші заңы);

ә) идеал газдың молекула-кинетикалық теориясының негізгі теңдеулері,  $T$  – молекуланың орташа кинетикалық энергиясының мөлшері;

б) газ, сұйық және қатты денелердің қасиеттерімен, олардың өзара фазалық ауысулары.

Оқушылар молекулалық физика курсына оқуға негізгі екі қағидамен танысады. Бұл бөлімді оқытудағы негізгі міндет, ол энергиялық ұғымдарға негізделген жылулық құбылыстармен (термодинамика) және молекула-кинетикалық тұрғыларда түсіндірілетін заттың құрылымымен (статика) таныстыру.

Мектеп бағдарламасы бойынша бұл тарау молекула-кинетикалық теорияның негізгі қағидалары мен молекула өлшемдері, оның массасы мен заттық мөлшері, броундық қозғалыстың физикасы мен молекулалардың өзара әсер күштері, идеал газдар мен молекулалардың жылдамдық квадратының орташа мәні және газдардың молекула-кинетикалық теориясының басты теңдеулерінің оқытылуын қамтиды.

Кез келген зат құрылымының молекула-кинетикалық теориясы негізгі үш қағидадан тұрады. Олар:

1. Зат бөлшектерден тұрады;
2. Бөлшектер бей-берекет қозғалады;
3. Олар өзара әсерлеседі.

Бұл қағидалардың барлығы да тәжірибе арқылы дәлелденген. Тараудың өн бойы зат бөлшектерінің өзара әсері арқылы зерттелгенмен де механиканың негізгі заңдылықтарын оқушылар есінде сақтауға тырысу қажет. Себебі, зат бөлшектерінің әрбір әсерлесу әрекеті механика заңдылығы. Бір денені механикалық қозғалысқа ендіру үшін күш жұмсалады ол тек белгілі бір дененің тарапынан болады деп механика заңдарында айтылған болса, соны еске түсіре отырып, зат бөлшектерінің өзара әсері де механика заңымен сипатталатынын, олардың қозғалысы да бөгде бөлшектердің соғу не тарту әсерлерімен орындалатынын оқушыларға түсіндіру қажет.

Негізгі оқулықта: *«Молекулалардың бар болуының шындығына толық көз жеткізу үшін олардың өлшемдерін анықтау қажет»* - деп басталған осы тараудағы материалдардан нәтижелі молекула-кинетикалық заңдылық үйрену оқушыларға қиынға соғады. Өлшемін анықтауға болатын зат әр уақытта бар болары шындық. Бұл сөйлемдегі: *«молекулалардың көлемдерін анықтау»*, олардың *«бар болуының»* айғағы екені сөзсіз белгілі. Молекулалардың бар жоғына көзі жетпей тұрған адам оның көлемін қалай өлшейді? Осындай келеңсіз сөйлемдермен оқушы жүрегін шаятын, ойын тұмшалайтын тұжырымдарды оқулықтардан аулақ әкету қажет секілді. Зәйтүн майының су бетіндегі қалыңдығы, вольфрам иненің ұшына орналасқан атомдардың орналасу көрінісі де көрнекілік бола алмайды. Көзге көрінбейтін микробөлшектердің өлшемін анықтау экспериментін мектеп көрнекілігіне ендірудің қажеті жоқ. Олардың өлшемін салыстырмалы түрде сапалық анықтаулармен көрсеткен дұрыс. Мысалы кеуек (пористый) цилиндрді пайдалана отырып газ диффузиясын көрнекілеу және т.с.с. эксперименттерді көрсетуге болады.

Оқушылар молекулалық физика курсына оқуда негізгі екі қағидамен танысады. Бұл бөлімді оқытудағы негізгі міндет, энергетикалық ұғымдарға негізделген жылулық құбылыстармен (термодинамика) және молекула-кинетикалық тұрғыдағы түсіндірілетін заттың құрылымымен (статистика) таныстыру.

Термодинамика дегеніміз жылулық құбылыстарды зерттейтін теория. *Термодинамикада заттың атом-молекулалық құрылымдары ескерілмейді.* Заттық құрылымы анықталған жүйенің *тепе-теңдік* күйдегі жалпы қасиеттері мен сол *күйлерге өту процестерін*ғана зерттейді. Не себепті *тепе-теңдік* күйдегі дейміз - деген сұраққа: кез келген заттың *тепе-теңдік* күйінде уақыт ұғымы болмайды, сол себепті термодинамика ұғымына уақыт кірмейді. *Теппе-теңдік* күйде тұрған заттарға уақыт өзгерісінің әсері болмайды – деп түсіндірген жөн.

Классикалық (қарапайым) термодинамиканы кейде термостатика деп те түсіндіріп кетуге болады. «Термодинамика» терминін 1854 ж. В.Томсон ендірген. Бұрын «Жылудың механикалық теориясы» деп аталған. Бұл бөлімге «Молекулалық физика» мамандары кезінде: «Термодинамика уақыттың не екенін білмейді» - деп анықтама берген көрінеді.

*Теппе-теңдік* күй деп оқшауланған жүйенің бір күйден екінші күйге өту уақыты аралығы өте ұзақ болуын айтады. Термодинамикалық *теппе-теңдік* күйдегі зат құрылысын молекула-кинетикалық теория негізінде зерттеу кезінде күй өзгерісінің уақыты салыстырмалы тұрақты болғандықтан оның шамасы ескерілмейді. Оқытушының міндеті – жылу құбылыстары мен процестері біріктірілген екі әдіспен (термодинамикалық, статистикалық) зат құрылысын зерттеу мүмкіндігін оқушыларға үйрету. Бұл екі әдіс те термодинамикалық жүйенің өзгерісін жан-жақты сипаттай алады. Сол себепті идеал газ, температура, энтропия, ішкі энергия және т.с.с. ұғымдарды түсіндіргенде термодинамикалық та, молекула-кинетикалық теория жүзінде де түсіндіре білу керек.

Оқушылар жадында молекула ұғымының қалыптасуы физика курсының 7-8, химия курсының 8-9 сыныптарынан басталған. Молекула көзге көрінбейтін бөлшек болғандықтан оның сырын жан-жақты аша отырып оқыту, оқытушының көрнекілікті жете пайдалануымен орындалады. Физиканы оқыту үрдісінде демонстрациялық эксперименттер–зертханалық жұмыстардың күрделі түрі, сондықтан да ол жоғарғы сыныптарда өтіледі. Мұнда оқушылардың әр тобы түрлі жұмыстар орындайды. Физикалық эксперимент жұмысы білімді жүйеге түсіруге, оқушылардың ебдейліктері мен дағдыларын жетілдіруге арналады.

Практикум жұмыстарын өткізуді ұйымдастыруда алдын ала, жұмыстың нұсқауы жазылған карточкалар, қажетті құрал-жабдықтар алдын-ала дайындалады. Физиканы оқыту үдерісі барысында демонстрациялық эксперименттер түрлерін үйлесімді қолданған дұрыс. Мұғалім оқушылардың өткізілген демонстрациялық эксперименттерге көп көңіл бөліп, оқу үдерісіндегі зерттеу сипатындағы көрнекілеулерді енгізіп, оларды көбінесе оқушылардың дұрыс қабылдауын қадағалайды. Оқушылар орындалған әрбір жұмыста олардың алған білімдерін тереңдетуге, нақтылауға және практикада қолдана білуге ұмтылады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ершина А.Қ., Сәндібаева Н.А. «Оқу экспериментін ұйымдастыру және зертханалық жұмыстар». – Алматы, 2010ж.
2. Мұқажанова М. «Физика және астрономия» журналы.Б.М.Ысқақов, А.А.Ағылұқов, Н.Б.Шамбулов. Физикадан есеп шығару мысалдары. /Алматы, Мектеп. – 1987.
3. Фирганг Е.В.Руководство к решению задач по курсу общей физики. М.:Высшая школа, 1998.
4. Сәндібаева Н.А. Развитие творческих способностей у школьников с помощью учебного эксперимента по физике. – Москва, 2009. – С. 408-411.

### Резюме

**С.Е.Маханбетова**, *магистр физики*

(г. Алматы, *Казахский государственный женский педагогический университет*)

**Г.Бигараева**, *преподаватель по физике гимназии №147 г. Алматы.*

### **Методика проведения физических экспериментов в современной системе образования**

В статье рассматриваются основные способы проведения физических экспериментов. Эксперимент по физике сложен. Физический эксперимент очень мощное методическое средство для выявления физических закономерностей.

**Ключевые слова:** эксперимент, газ, молекула-кинетическая теория, наблюдение

### Summary

**S.E.Mahanbetova**, *Master of Physics*

(c. *Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University*)

**G.Bigaraeva**, *teacher in physics gymnasiums №147 c. Almaty*

### **The methodology of physics experiments in the modern education system**

In the article examined basic methods of driving on physical experiments in the system education. The experiment in physics is complicated. The physical experiment is a very powerful methodological tool for identifying physical laws.

**Keywords:** experiment, a gas molecule-kinetic theory, observation

ӘОЖ 371

М 84

## **ШАҒЫН ЖИНАҚТАЛҒАН МЕКТЕПТЕРДЕГІ СЫНЫПАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС**

**К.Т.Медеубаева**, *п.ғ.к., «Қазақ мектебінің даму мәселелері» ғылыми зертханасының аға ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Мақалада шағын жинақталған мектептің ерекшелігі қарастырылады.. Шағын жинақталған мектептердегі сыныпаралық байланыстың маңыздылығы айтылады.

Қазақстан Республикасының барлық аймақтарының ауылдарының көбінде шағын жинақталған мектептері қазіргі уақытта ең өзекті әлеуметтік мәселелердің және білім беру саласының басты ерекшелігінің бірі болып отыр. «Қазақстан білім беру саласын дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» шағын жинақты мектептерді сапалық тұрғыда дамытуға мән беріліп отыр. Шағын жинақты мектептерді дамыту мақсатында ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасында қазіргі мектептердегі өзекті мәселелер анықталған.

**Түйін сөздер:** шағын жинақталған мектеп, сыныпаралық байланыс, интеграциялық оқыту.

Шағын жинақты мектеп қызметін жетілдіруде сапалы білім беруде инновациялық технологияларды қолдану арқылы біріктірілген сыныптарда мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқыту мәселесіне, яғни интеграцияға ерекше назар аударылып отыр. Қазіргі шағын жинақты мектептегі интеграциялық оқыту дегеніміз – жаңа педагогикалық ізденіс, жаңа бағыт. Өйткені орта мектепте пәндерді біріктіріп оқытудың жаңа тәсілдері, осы заманға лайықты озық тәжірибелері қолданылуда. Мұның бірі –

бірнеше пәндердің бір пәнге бірігуі. Бұл өзіндік көзқарасы бар, өз бетінше әртүрлі мәселелерді шешуге қабілетті, алған білімі мен біліктілігін жүйелей алатын жеке тұлға тәрбиелеуге мүмкіндік ашады. Оқушының бойында әлем, қоршаған орта жөнінде тұтас бейне қалыптастыру бұл оқыту мақсаты ретінде қарастырылады. Интеграция оқушының оқудағы алғашқы қадамынан бастап әлемді тұтас деп тану, ондағы барлық нәрсе бір-бірімен тығыз байланысты деген көзқарас қалыптастыру мақсатын көздейді.

Интеграциялық оқыту білімді бір бағытқа шоғырландырып, білім мазмұнын кеңейтуге мүмкіндік береді. Шағын жинақты мектептердегі пән мұғалімдерінің жетіспеушілігі мәселесін шешуге көмектеседі. ШЖМ мұғалімі өз уақытын үнемдеуге де мүмкіндік алады. Осы аталған мәселелерді ескере отырып, ШЖМ ана тілі пәнінен сыныпаралық байланысты жүзеге асыруға негізделген сабақ үлгісі ұсынылады.

### Әдебиеттік оқу, 4- сынып

#### Б.Момышұлы.

#### Ұшқан ұя

#### I. Әңгіме мәтіні бойынша жүргізілетін жұмыстар:

1. Оқушылар өз бетінше мәтінді түсініп оқып танысады.
2. Мәтін кейіпкерінің есімін табу үшін сөзжұмбақ шешкізу. Ерекше торкөзден әңгіме кейіпкерінің есімі шығады.

А	Р	Б	А	
		А	Н	А
	Қ	У		
С	У	Ы	Қ	
		Р	А	С
О	Л	Ж	А	
		А	Т	А
Н	А	Н		

#### Сөзжұмбақ сұрақтары:

- 1) Қазақ халқының көлігі
  - 2) Ардақты адам
  - 3) Айлакер
  - 4) «Ыстық» сөзінің антонимі
  - 5) «Шын» сөзінің синонимі
  - 6) Пайда, табыс сөздерімен мағыналас сөз
  - 7) Әкенің әкесі
  - 8) Ас атасы
3. Мәтінге арқау болған негізгі кейіпкер Бауыржан Момышұлының суреттерімен таныстыру.
4. Мұғалім мәтін бойынша сұрақ-жауап жүргізеді. «Ұшқан ұя» ұғымына түсінік беріледі.
5. Мәтіндегі бата-өлеңді оқытып, батаның қай түрі екендігі туралы түсінік жүргізіледі.
6. Бауыржан Момышұлы айтқан ақыл, нақыл сөздермен таныстырып, мән-мағынасына талдау жасату.

#### Бауыржан Момышұлының қанатты сөздері:

Шын дос сыртыңнан мақтайды.

Ақылды кісінің сөзі де, өзі де сүйкімді.

Терлеп еңбек етпегеннің тілегіне жеткенін көргенім жоқ.

Ежелден ер тілегі – ел тілегі. Адал ұл ер боп туса – ел тірегі.

Опасызда Отан жоқ.

Отанда опасызға орын жоқ.

Отаның үшін отқа түс – күймейсің.

Тәрбиелі – тәртіптің құлы.

Тәртіпті – елдің ұлы.

Белдескеннің белін сындыр,  
Тірескеннің тізесін бүктірі!

7. Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, дүниетанымдық көзқарасын, ой-өрісін дамыту және жаңа сабақты меңгеру деңгейін, есте сақтау қабілетін тексеру үшін мәтін бойынша тест тапсырмаларымен жұмыс жүргізіледі.

**Мәтін бойынша тест тапсырмалары:**

**1.«Ұшқан ұя» әңгімесінің авторын көрсетіңіз.**

- А) К.Ахметова
- В) Т.Тоқтаров
- С) Б.Момышұлы
- Д) Ө.Тұрманжанов
- Е) Х.Ерғалиев

**2. «Ұшқан ұя» әңгімесінің негізгі кейіпкерін белгілеңіз.**

- А) Төлеген
- В) Бауыржан
- С) Қабанбай
- Д) Бөгенбай
- Е) Ерасыл

**3. Б. Момышұлының әкесінің атын табыңыз.**

- А) Момыналы
- В) Қыдыралы
- С) Нұралы
- Д) Бекалы
- Е) Сералы

**4. Б.Момышұлының бабасының есімін көрсетіңіз.**

- А) Момыш
- В) Құрмаш
- С) Жұмаш
- Д) Нұрмаш
- Е) Имаш

**5. Б.Момышұлының әжесінің есімін белгілеңіз.**

- А) Ұлтумас
- В) Қызтумас
- С) Айтумас
- Д) Нұртумас
- Е) Күнтумас

**6. Б.Момышұлының анасының есімін табыңыз.**

- А) Айзада
- В) Күнзия
- С) Нұрзия
- Д) Балзия
- Е) Рәзия

**7. Б.Момышұлының әкесін жұрт қалай атағанын белгілеңіз.**

- А) Момыш
- В) Құрмаш
- С) Жұмаш
- Д) Нұрмаш
- Е) Имаш

**8. Б.Момышұлы өмірге келгенде кім бата бергенін табыңыз.**

- А) Момыш
- В) Құрмаш

- С) Имаш
- Д) Нұрмаш
- Е) Жұмаш

**9. Б.Момышұлы қай жылы дүниеге келгенін көрсетіңіз.**

- А) 1912 жылы
- В) 1910 жылы
- С) 1909 жылы
- Д) 1913 жылы
- Е) 1915 жылы

**Тест тапсырмаларының жауабы:** 1) С; 2) В); 3) А); 4) Е); 5) В); 6) Е); 7) А); 8) С); 9) В.

**8. Тұжырым жасау.** Мәтін бойынша оқушылар өз тұжырымын жасайды.

**Мен бүгінгі сабақтан:**

**Не білдім?** \_\_\_\_\_

**Не алдым?** \_\_\_\_\_

**Не үйрендім?** \_\_\_\_\_

### Әдебиеттік оқу, 2-сынып

#### Серікбай Оспанов

Серікбай Оспанов 1945 жылы 1 сәуірде Торғай (қазіргі Қостанай облысы) облысындағы Жангелдин ауданының «Шиелі» кеңшарында «Балдай» қонысында туған. Бірнеше жыр жинақтарының, аударма өлеңдердің, балаларға арналған тақпақтардың авторы.

#### Алматы қаласы

Жап-жасыл ағашы,  
Қып-қызыл алмасы  
Ақ басты тауы бар –  
Алматы қаласы.

Ақындар ағасы –  
Тұр Абай данасы  
Көшесі көрікті  
Алматы қаласы.

Кешкілік қарашы,  
Шамдарын санашы.  
Қызылды-жасылды,  
Алматы қаласы.

Қосылған әнге аты,  
Өшпейді мәңгі аты  
Жаннаты жерімнің –  
Алматы қаласы.

#### Өлең мәтіні бойынша жүргізілетін жұмыстар:

1. Мұғалім өлеңді мәнерлеп оқиды.
2. Оқушылар үшін түсінігі ауыр сөздермен жұмыс: жаннат –
4. Өлеңді оқушыларға бірнеше әдіспен оқыту: тұтастай оқыту; тізбек әдісімен оқыту; сұрақ-жауап әдісімен оқыту.

**Сұрақ-жауап әдісімен оқыту тапсырмасы.** (Өлеңнің әр тармағына, шумағына байланысты суреттер көрсетіледі).

➤ **Ақын Алматы қаласының табиғатын қай жолда көрсеткен?**

**Оқушы жауабы:** – Жап-жасыл ағашы,  
Қып-қызыл алмасы.  
Ақ басты тауы бар –  
Алматы қаласы.

➤ **Қазақ халқының ұлы ақын Абай туралы өлеңде не айтылған?**

**Оқушы жауабы:** – Ақындар ағасы –  
Тұр Абай данасы.

➤ **Кешкі Алматы көрінісі өлеңде қалай бейнеленген?**

**Оқушы жауабы:** – Кешкілік қарашы, Қызылды-жасылды  
Шамдарын санашы. Алматы қаласы.

➤ «Алматы – мәңгілік қала» деген ұғымды ақын қай жолдар арқылы берген?

**Оқушы жауабы:** – Қосылған әнге аты,  
Өшпейді мәңгі аты.  
Жаннаты жерімнің –  
Алматы қаласы!

5. Алматы қаласындағы Абай Құнанбаевтың, Алматы апортының суреті бойынша жұмыс. Суреттерге сәйкес келетін өлең шумақтары оқылады.

6. Оқушылардың өзіндік шығармашылық жұмысын ұйымдастыру: «Алматы – әдемі қала» тақырыбында әңгіме, шығарма, ойтолғау жазу. Тақтада Алматы қаласының көрікті орындарының суреті беріледі.

## 2-сынып пен 4-сыныптың әдебиеттік оқу пәні бойынша ортақ қорытынды түйін РЕФЛЕКСИЯ

2-СЫНЫП БОЙЫНША	4-СЫНЫП БОЙЫНША
1. Өлең мәтіні арқылы қай қаламен таныстық? 2. Қаланың қандай өзіндік ерекшеліктері бар екен? 3. «Алматы – әдемі қала» деген ұғымға қандай түсінік бере аласыздар? 4. Алматы қаласында қандай ұлы тұлғалардың ескерткіштері орнатылған?	1. Қалай ойлайсыздар, «Ұшқан ұя» деп нені айтады екен? 2. Әңгіме кейіпкері кім және ол өзінің ұшқан ұясынан кімдерді еске алады? 3. Сіздердің ойыңызша, Қазақстанның бас қаласының бірі Алматы Бауыржан Момышұлының ұшқан ұясы болып есептеле ме?
<b>Екі мәтінге ортақ тұжырым</b>	
Алматы қаласы – Қазақстанның бір бөлшегі. Қазақстан – біздің әрқайсымыздың Отанымыз, яғни түлеп ұшар ұямыз. Алматы қаласы да Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының да Отаны, ұясы. Әр адам өзінің отбасын, өскен жерін, Отанын ұшқан ұя деп есептеуі керек. Олай болса, С.Оспановтың «Алматы қаласы» өлеңі мен Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» әңгімесінің ортақ түйіні – туған отбасы, туған жер, атамекен – кімге болса да ыстық, ендеше «Отан от басынан басталады» деген ұлағатты сөз текке айтылмаған екен.	

Мақалада шағын жинақталған мектептің ерекшелігі қарастырылады. Шағын жинақталған мектептердегі сыныпаралық байланыстың маңыздылығы айтылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамытуының басым бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы 2012.
3. Аганина Қ.Ж. Қазақстанда білім беру процесін жетілдіру мәселесіне. // Білім әлемінде. В мире Образования, In the world of Education. – №5. – 2010. – 3-5 б.
4. Борулава. Состояние и перспективы гуманизации образования //Педагогика №1.1996, 11б.
5. Аймауытов Ж. Комплекспен оқыту жолдары. – Қаз.баспа. 1929. – 122б.
6. Концепция развития малокомплектных школ в Республике Казахстан на 2010-2020 годы. – Астана, 2011.

### Резюме

**К.Т.Медеубаева, к.п.н., научный сотрудник лабораторией «Проблемы развития казахских школ»**

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

### Межкласные связи в малокомплектных школах

В статье рассматривается особенность малокомплектной школы и вопрос малокомплектной школы и рассматриваются педагогические условия усовершенствования качества образования в малокомплектные школы. Нехватка специалистов, отсутствие разносторонней профессиональной подготовки отражается на уровне образования учащихся малокомплектных школ.

**Ключевые слова:** малокомплектные школы, педагогические условия, качества образования, интеграция

### Summary

**К.Т.Медеубаева**, *Candidate of Pedagogical sciences, researcher officer laboratory "Problems of development of Kazakh schools"*

*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### Communication between the classes in smallcomplete schools

In the article a feature is examined smallcomplete school. It is told importance of connection that littlecomplete schools. End question rose that littlecomplete school, examined terms pedagogical improvement of quality of education in smallcomplet schools. The lack of specialists, lack of diversified training is reflected at the level of smallcomplet schools pupils education.

**Keywords:** smallcomplete schools, pedagogical conditions, the quality of education, integration

ӘОЖ 37.026.9:371.212:371.385.3

## ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ БОЛАШАҚ ПӘН МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

**З.Қ. Сабырова**, *әлеуметтік және тәрбие істері жөніндегі проректор*

**Н.Ә.Сәндібаева**, *п.ғ.к., доцент м.а.*

*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Мақалада еліміздің жоғары оқу орындарында болашақ пән мұғалімдерінің жаңа технологияларды жүзеге асыруы, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, отандық экономика мен өндіріс салаларының жаңаша дамуымен байланысты жаратылыстану пәндерін оқытудың жаңа міндеттері қарастырылған. Білім мен ғылым негізінде болашаққа деген шынайы сенім мен үкілі үміт, өз халқына деген ізет-құрмет пен қадір-қасиет жатқанын Елбасы барлық сөйлеген сөздері мен Жолдауларында ерекше атап отырады. Ол тәрбие мен оқу-білімді егіз дүние ретінде қарастырып, тәрбие арқылы берілетін білімнің болашағы әрқашан баянды болатынын назарынан ешқашан тыс қалдырмады.

**Түйін сөздер:** тәрбие үдерісі, білім беру, кәсіби құзыреттілік, инновация, педагогикалық технологиялар, технологиялық-әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік.

«Қазақстан – 2030» Стратегиясында Елбасы: «Ел келешегі жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты»,– деп айрықша атап айтса, биылғы жылғы Қазақстан халқына Жолдауында: «Елді жаңғырту стратегиясын іске асырудың табыстылығы, ең алдымен, қазақстандықтардың біліміне, әлеуметтік және дене болмысы, көңіл күйлеріне байланысты», – деп, білім беру саласын дамытудың қаншалықты маңызды екендігіне жұртшылықтың назарын аударды.

Еуропадағы жоғары білім беруге байланысты біліктілікті мойындауы жөніндегі Лиссабон конвенциясы мен Болон процесіне Қазақстанның қатысуы еліміздегі білім беру жүйесінің сапасын қайта қарауды, қазіргі талаптарға сәйкестендіруді талап етеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Назарбаев университеті студенттеріне арнап оқыған «Қазақстан білім қоғамы жолында» дәрісінде «Бұл заман білекке сенетін емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Сол білімді әжетке жаратып, тұрмыс игілігіне

жарата білуімен бағаланады. Инемен құдық қазғандай, қиын да күрделі, орасан қажыр-қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл. Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны.» деумен қатар, «...Мұғалімдердің біліктілігін арттыруға және оларды материалдық ынталандыруға бөлек көңіл бөлу қажет» деп атап көрсеткен болатын. Бұл Елбасымыздың білімді және білікті жастарды тәрбиелеу мектеп қабырғасынан басталып, ондағы мамандардың біліктілігі мен шеберлігі заман талабы екенін айқындап, педагогикалық жоғары оқу орындарының жаңа тұрпаттағы мұғалімді, яғни шығармашыл, жаңашыл, кәсіби - педагогикалық күзіретті, ой деңгейі жоғары, білім беру және тәрбие салаларында жаңа процестерді жүзеге асыруға қабілетті маманды даярлау мәселесіне жаңа тұрғыдан келу қажеттігін нұсқауы болды.

Болашақ пән мұғалімінің кәсіби мәдениетінің мәнді бөлігі, оның кәсіптік қызметті жүзеге асыруға қабілеттілігі, сонымен бірге білім беруге даярлығының бейнесі болып табылатын құзыреттілігінің негізі жоғары оқу орнында қаланады. Мұғалімнің жаңа іс-әрекетті жүзеге асыру құзыреттілігі, жалпы кәсіби құзыреттілік сияқты, оның бүкіл кәсіптік өмірі барысында қалыптасады. Еліміздің жоғары оқу орындарында болашақ пән мұғалімдерінің жаңа технологияларды жүзеге асыруға кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру отандық экономика мен өндіріс салаларының жаңаша дамуымен байланысты болып, ол өз кезегінде жаратылыстану пәндерін оқытудың жаңа міндеттерін алға қояды.

Отандық білім беру жүйесін әлемдік деңгейге жеткізу, әлемдік білім кеңістігінен белгілі орын алу мақсатында әртүрлі кәсіптік бағдарламаларға негізделген жаңаша бағдарланған оқу орындарының пайда болуы болашақ мамандарды даярлау ісіне зор міндеттер қояды.

Бұл қазіргі жоғары оқу орындарында қоғам сұранысына сәйкес жүргізіліп жатқан тың өзгерістер жаңа құрылымдар мен тәсілдерді енгізуді, әлемдік стандарттарға сай мамандарды даярлау мақсатында жоғары мектеп оқытушыларының тәрбие берудегі іс-әрекетін ғылыми негізде жүзеге асыруын шарттайды. Еліміздің экономикалық дамуының қажеттіліктерін қанағаттандырып, экономика мен өндіріс салаларының дамуына сай жастарды заманға құзыретті тұлға ретінде қалыптастыру үшін жоғары оқу орындарының оқытушылары оқытумен тәрбие берудің жаңа технологияларын пайдалануы қажет.

Болашақ пән мұғалімдерінің мектептегі тәрбие үдерісінде жаңа технологияларды жүзеге асыру құзыреттілігі жүзеге асырылуы үшін педагогикалық инновацияларды пайдалану маңызды орын алды. «Инновация» ұғымы ХІХ ғасырдан бастап қолданысқа енген жаңа терминдердің бірі бола отырып, қазіргі білім саласының ең көп қолданылатын және мағынасы терең сөздерінің біріне айналды. Инновация педагогикалық технологияларды түрлендіре отырып, оқушы мен мұғалім үшін барлық жағынан өте қолайлы жағдайлар жасай отырып, оқыту үдерісін жобалаудың, ұйымдастырудың және өткізудің соңына дейін ойластырылған, әрі бірлесіп жүзеге асырылатын өзара іс-әрекеттер жиынтығына айналып отыр.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын меңгеріп қана қоймай сонымен бірге тәрбие беру саласында да білікті маман болу қажет. Себебі жастарға озық оймен бірге, тереңде саналы тәрбие беру керек. Қазақ ағартушысы Мағжан Жұмабаев «...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуге міндетті» деген. Бұл жас ұрпаққа ұлттық тәрбие және жоғары білім беру ең алдымен оқытушының даярлығына, оның іс-тәжірибесінің шыңдалуына байланысты екендігін көрсетеді. Қазіргі нарық экономиканың сұраныстарын қанағаттандыруға және экономиканың, өндіріс салаларының дамуына сай жастарды құзыретті тұлға ретінде қалыптастыру үшін мұғалімдер оқытудың қазіргі технологияларын пайдаланып, одан әрі заман талабына сай жетілдіруі қажет.

Жаңашыл мамандар әрқашан өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық үдерістерді талдап, заман өзгерісіне сай нақты шешімдер қабылдап, жүзеге асырып, білім,

ғылым, өндіріс арасындағы ықпалдастықтың бағытын ұстануы тиіс. Осыған байланысты жоғары оқу орнының қазіргі уақыттағы ең бір маңызды міндеті – кәсіби білікті, құзыретті мамандар даярлау. Болашақ пән мұғалімдерінің мектептегі тәрбие үдерісінде жаңа технологияларды жүзеге асыру құзыреттілігі – әрбір жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқару мақсатында теориялық және практикалық дайындығы мен қабілеттерінің бірлігі болып табылады. Атап айтқанда мектептегі тәрбие үдерісінде жаңа технологияларды жүзеге асыру құзыреттілігі маманның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесіне сай белгілі бір міндеттерді орындауға дайындығы, яғни оқушыларды тәрбиелеуде кәсіптік іс-әрекетті атқаруға теориялық білімі мен практикалық қабілеттерінің бірлігі негізіндегі даярлығы.

Болашақ пән мұғалімін кәсіптік даярлау мәселесіне байланысты зерттеу жұмыстарына талдау жасау болашақ пән мұғалімдерінің жаңа технологияларды жүзеге асыру бойынша кәсіптік құзыреттілігінің негізін дайындауға мүмкіндік береді. Болашақ пән мұғалімдерінің мектептегі тәрбие үдерісінде жаңа технологияларды жүзеге асыруға кәсіптік құзыреттілігі жобалаушылық, ұйымдастырушылық-жоспарлаушылық, технологиялық-әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік жаңа әдістерді меңгеру арқылы жүргізіледі. Оқу үдерісі барысында мектеп оқушылары жаңа нәтижеге жетіп, жаңа құралдарды меңгеруі, әлемдік ақпараттар кеңістігінде еркін жүзуі үшін дәстүрлі іс-әрекеттерді жаңаша ұйымдастыру болашақ мұғалімдердің жаңа технологияларды жүзеге асыруға кәсіптік құзыреттілігінің тиімді қалыптастырылуына және дамытылуына жол ашады.

Сондықтан болашақ пән мұғалімдерін даярлау барысында барлық оқу пәндері және қоғамдық жұмыстар деңгейінде білім алушыларда кәсіптік құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін студенттердің жаңашыл іс-әрекеттерін қалыптастыру мен дамытудың өзара байланысын тұрақтандырып, тәрбие беру барысында да студенттердің жаңа технологияларды жүзеге асыруға құзыреттілігін қалыптастыруды алға қою керек. Сонда ғана отаншыл, бәсекеге қабілетті, өзіндік тұлғалық ерекшеліктері қалыптасқан, жоғары кәсіби білімді маман даярлау ісін алдағы кезде де жаңа инновациялық бастамалар мен жаңалықтар, ұлттық құндылықтар негізінде жалғастыра отырып, еліміздің патриоттарын тәрбиелеуде сүбелі үлесіміз болары анық.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сәрсенбаев Т. Ұлттық сана-сезім мен ұлттық қадір-қасиет. – Алматы, 1990. – 116.
2. Алтай Ж, Қасабек А, Мұхамбетәлі Қ., – Алматы: «Жеті жарғы», 1999. – 146-147б.
3. Қожабекұлы Б. Тарихи таным: Ежелгі халықтар, тайпалар, рулар, жер жұтқан қалалар. – Алматы, «Ататек», 1994. – 24-31 б.
4. Жұмағұлов Н. Қазақ шежіресі. – Алматы: Қанағат, 1993. – 117-118 б.
5. Арғынбаев Қ. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы: «Атамұра», 2000.
6. Қазақстан тәрбиелік ой-пікірлер анотомиясы (XIII-XXғ.ғ.). – Алматы: «Рауан», 1994. 51-52 б.

### Резюме

**З.К.Сабырова, Проректор по социальным и воспитательным вопросам**

**Н.А.Сандибаева, к.п.н., и.о. доцента**

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### **Реализация компетентности с помощью новых технологий**

В статье рассматривается формирование профессиональной компетентности с помощью новых технологий будущих учителей. А также новые задачи преподавания предметов естествознания. Развитие системы образования обусловлено социально-экономическими и культурными изменениями в обществе. Компетентность реализуется через воспитательный процесс.

**Ключевые слова:** воспитание, обучение, компетентность, инновация, педагогические технологии.

### Summary

**Z.K.Sabyrova**, *Vice-Rector of Socio-Educational work*  
**N.A.Sandibayeva**, *Candidate of Pedagogical sciences, performing the duties of assistant professor.,*  
(*c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University*)

### Implementation competence with new technologies

In the article, forming of professional competence is examined by means of new technology of future teachers. And also new tasks of objects natural science. As well as the new challenges of teaching natural science subjects. The development of the education system due to socio-economic and cultural changes in society. Competence is realized through the educational process.

**Keywords:** education, training, competence, innovation, educational technology

ӘОЖ 371  
Б 83

## КОЛЛЕДЖ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Г.О.Бексұлтанова**, 2 курс  
магистранты (Алматы қ.,  
Қазақ мемлекеттік қыздар  
педагогикалық университеті)

**Аңдатпа:** Мақалада автор болашақ өнер мамандарының шығармашылық қабілетін пәнаралық байланыс негізінде дамыту мәселелеріне тоқталып, қазақ тілі мен география пәндерінің өзара үйлесімділігінің маңыздылығын атап өткен. Заманымыздың заңғар жазушысы, ғасыр ғұламасы атанған М.Әуезовтің: «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім», - деген сөзінің маңызы ешқашан жойылмақ емес, себебі кез келген мемлекет мәдениеті дамуының деңгейін, рухани мазмұнын, интеллектуалдық қуатын, өркендеу әлеуетін айқындайтын бірден-бір көрсеткіш – білім берудегі жүйелілік пен сапалылық.

**Түйін сөздер:** шығармашылық, шығармашылық қабілет, колледж оқушылары, пәнаралық байланыс, әдебиет, шығармашылық сабақтар.

Білім беру жүйесі Қазақстанның ұлттық даму саясатында белгіленген басымдылық қатарында өнер мамандарын даярлау мәселесі ерекше аталып келеді. Себебі, болашақ өнер мамандарының білім сапасын жақсарту – қоғам өміріне жаңашыл ой-пікірі қалыптасқан, өзіндік дарыны бар, жеке мүмкіндігін ашуға, кәсіби қабілеті мен таным деңгейін арттыруға бағытталған міндеттер шешімін табу болып табылады.

Бұл орайда оқытушы студенттердің дүниетанымын қалыптастыруға, өнер әлемін түсінуде жеке тұлғаны дұрыс бағытта жүргізілетін оқу-тәрбие іс-шараларын жаңашыл идеясымен қоса ойластыруы қажет. Оқытушы лекция, семинар сабақтарында беретін қосымша ақпараттық мәліметтері арқылы студенттердің шығармашылығын, жаңа мазмұнды зерттеу жұмыстарына ынтасын арттыруға әсерін тигізеді. Сондай-ақ, қосымша материалмен жұмыс істеу студенттерді өздері меңгерген теориялық тақырыптарды қорытындылауға бейімдеп, берілген тапсырмаларды орындауда іс-әрекеттік қабілетін арттыра түседі. Мұндай бағытта пайдаланылған ақпараттық материал студенттердің шығармашылық қабілетін арттыруға қызмет етіп, пәнаралық байланыс арқылы білім беру

үдерісінің сапасын жоғарылатады. Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Бұл орайда оқытушының негізгі міндеті – жинақталған ақпаратты баяндау емес, барлық студенттердің шығармашылық қабілетін жетілдіру.

«Шығармашылық» ұғымының жалпы теориясын зерттеген С.Л.Рубинштейн: «Оқушы шығармашылығының ерекшелігі - оның сапалы түрде мақсатты әрекет жасауымен анықталады» дей келе, «шығармашылық, шешімінің нәтижесі баланың өзі үшін жаңалық болса жеткілікті» екендігін айтады, яғни студенттің шығармашылық өнімді еңбегі оның жеке тәжірибесімен салыстырылады.

Білім беру үдерісінде ұйымдастырылған шығармашылық сабақтар негізінде студенттер білімді жете меңгереді, оны ой елегінен өткізеді, талқылайды және меңгерген тақырыптың ең күрделі бөліктерін белгілейді, сонымен бірге түрлі жаңа терминдерді игереді. Айталық, пікірталас әдісін енгізу, студенттерді білімді меңгерудің барлық кезеңдерінде белсенділік, шығармашылық танытуға дағдыландырады, сол арқылы қарым-қатынас мәдениетінің дамуына, өздік жұмыстарын өз бетінше орындауда көптеген мәселелердің шешімін табуға үйретеді, оларды ойлау, сыни көзқарас білдіруге, өз ойларын тыңғылықты жеткізуге дағдыландырады.

Оқытудың шығармашылық әрекеттік-тәжірибелік тәсілдеріне саналы түрде көшу білім беру үдерісінде ұйымдастырушылық-дидактикалық қайта құруларды ғана емес, болашақ мамандардың кәсіби шеберлігін жетілдіруді, нәтижелі оқу әрекетін қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды ескеріп, тәжірибе жүзінде іске асыру қажеттілігін талап етеді. Пәнаралық байланыс негізінде колледж оқушыларының шығармашылық даярлығын жетілдіру білім берудің құрамдас бөлігі, өйткені ол болашақ маманның шығармашылық, өндірістік-басқарушылық, ойлау қабілетінің мәдениеті мен ғылыми ізденіс жұмыстарын ұйымдастыру деңгейін жетілдіруге септігін тигізеді. Ол білім беру үдерісінің біріншілікін, жүйелігін көрсететін нәтижелі істер атқаруға, өнер туындыларының озық тәжірибесін зерделеуге, студенттердің жеке шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге, кәсіби іскерлігін дамыту және түрлі тәрбие жұмыстарын жүргізу арқылы оларды азамат, шығармашыл зиялы маман ретіндегі қасиеттерін қалыптастыруға бағдарлайды.

Колледж студенттерінің шығармашылық даярлығын жетілдірудің мақсаты білім беру сапасын қамтамасыз ету, білімді дамытудың негізгі жолы мамандарды кәсіби шығармашыл тұрғыда даярлау жүйесінің сапасын арттыру. Қазіргі кезде колледждерде кәсіби білікті мамандар даярлаудың жаңа тәсілдері ұсынылып, жаңа талапқа сай, шығармашыл жастарды даярлаудың үлгісі ұсынылып келеді. Жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытудың басты мақсаты – оның бойына ұлттық діл-болмысты, жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіру, әлемдік өркениеттің бағалы ой-пікірлерін насихаттау. Ал бұл орайда мемлекеттік тілдің алатын орны ерекше. Елге деген құрмет сезімін оятуда, мемлекетіміздің әлемдік деңгейдегі орнын танытып, көрсетуде, оқушыға эстетикалық тәрбие беруде қазақ тілінде шығармашылық қабілетті дамыту басты орын алады.

Мен жүргізетін қазақ тілі сабағында жеңілден күрделіге қарай бағыттау арқылы студенттің өз бетімен жұмыс жүргізуде ойын жүйелеуіне, айтар сөзінің орындылығы мен көркемдігіне көңіл бөліп отырамын. Студенттің өзіндік ой-тұжырымын еркін айтуға тәрбиелеп, өз кәсіби іскерлігін дұрыс ұйымдастыра білуімен тікелей қатысты. Үйретіп отырған тілдің сан қырлы ерекшелігін танытып, білім алушылардың тілін ұштап, ойын байытуға сабақтың қызықтылығы, тартымдылығы, қажеттілігі ерекше ықпал етеді.

Шығармашылық сабақтарда орынды қолданылған көптеген мәселелер төңірегінде сұрақтар студенттердің белсенді әрекетін туғызуға түрткі болып, өздігінен ой түйіндеуге әкеледі. Мұнда білім алушының танымдық дербестігін, шығармашылық дағдысын қалыптастыру үшін салыстыру, талдау, жинақтау нәтижесінде сан алуан әдістер жүзеге

асырылады. Ойлау тәсілі үшін дұрыс шешім қабылдауға бағыттауда туындайтын негізгі міндеттер мынадай:

- білімді шығармашылықпен меңгеру дағдыларына тәрбиелеу;
- білімді шығармашылықпен меңгеруге дағдыландыру және оқу проблемасын шешу шеберлігіне тәрбиелеу;
- шығармашылық әрекеттерін қалыптастыру;
- оқытудың ғылыми дәрежесін арттыру;
- студент тілін дамыту.

Студенттің өз бетімен жұмыс жүргізуі - шығармашылық қабілетті дамытудың басты жолы. Бұл ізденіс, ойлау әрекетімен тікелей байланысты. Ол үшін балаға берілетін білім сабақтастықты қажет етеді. Мысалы, еліктеуіш сөздер тақырыбына орай айналадағы естілген дыбысты, адамдардың, жануарлардың сыртқы пішінін әр түрлі еліктеу сөздер арқылы жаттықтыру, еліктеуіш сөз қатысқан мәтінді оқу, табиғат құбылысына бақылау жасату, еліктеуіш сөз қатысқан сипаттама мәтін құрату, көркем мәтіннен еліктеуіш сөздерді табу, студенттің тілін дамыту ғана емес, шығармашылықпен жұмыс жүргізуге де әсер етеді, яғни студент ізденеді, талаптанады, ойланады. Сонымен қатар қайталау сабағында ән-музыка, бейнелеу түрлерін көбірек пайдалану, студентке ұсынылған жаттығуда мәтін құрауға жиі көңіл бөлу де шығармашылық қабілетті арттырады. Жаттығулардың бір қатары студенттің танымдық белсенділігін дамытып, шығармашылық әрекетін қалыптастыруға негізделеді. Студент тақырыпты меңгергеннен кейін жаттығу арқылы ойын жүйелеп, жұмыс жүргізуде, тапсырманы орындауда ойлау қабілетін жетілдіре түседі. Ойлау мен сөйлеу қабілеті бір-бірімен тығыз байланысты. Студенттің ойын жүйелеуде әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады:

- жаңа материалды меңгеру;
- студентке бағыт беру, яғни түрткі сұрақ, реплика беру;
- студенттің өзін көбірек сөйлету;
- тақырыпты бекіту;
- игерілген білімді тиянақтау;
- көрнекіліктердің әсерлігін тиімді пайдалану.

Студенттің өз бетімен ізденісінде қай жаттығу ойды бекітіп, қай жаттығу шығармашылық бағытты көздейтінін оқытушы топтық жұмыс арқылы да жүзеге асыра алады. Оқытушы әрбір тақырыпты өткен сайын сөз өнерінің құдіретін студент жеткізе білуі тиіс [1].

Колледж студенттерінің шығармашылық қабілеті мен әлеуетін танытатын жұмыстардың біразын әдебиет сабағында мәтінмен жұмыс кезінде жүргізуге болады, әрі бұл пәнаралық байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Мәтінмен жұмыс үстінде ең қажетті деген қарым-қатынастық машықтар жүзеге асырылып, олар студенттің шығармашылық қабілетін жетілдіре түседі, яғни мәтін тақырыбын түсіну, ашу; ондағы негізгі ойды бөліп алу; шығармадағы кейіпкер, оқиға, құбылыс туралы өз пікірін тұжырымдау; өз ойын дұрыс жазу, айту студенттің байланыстырып сөйлеуін қалыптастырып, жетілдіруге, сөз қорын молайтуға, өзіндік көзқарасын орнықтыруға септігін тигізеді. Бұл - әрбір тақырып бойынша студенттің ойын жүйелеудегі басты құрал.

Әдебиет сабағы оқушының ойлау қабілеті ғана емес, шығармашылық ой-өрісін де кеңейтеді. Бұл орайда студентке пәндік материалды меңгертуде, оның интеллектуалдық танымын кеңейтуде тарих, география пәндерімен байланыстыра оқытудың маңызы зор. Әдебиетті географиямен тығыз байланыста оқыту әрі қызық, әрі қажеттілік, себебі қазақ әдебиеті пәнінде көне және жаңа заман топонимдері, географиялық ұғымдар көп кездеседі және ақын-жазушылар шығармашылығын өту барысында олардың туған, өскен, азамат, қаламгер ретінде қалыптасқан жерлеріне назар аудармай болмайды. Осыған байланысты қарапайым хронологиялық кестеден басталған жұмысты түрлентіп, студенттердің қызығушылық, танымдық деңгейлерін көтеруге болады.

Адам кез келген әрекетке күш жұмсау үшін оған ішкі немесе сыртқы түрткі болуы керек. Ішкі мотивацияны адамның өзі туындатады. Мысалы: жаңа нәрсені білуге ұмтылу, сыртқы дүниені, қоршаған ортаны танып-білуге талпыну. Сыртқы мотивация да балада оқу міндеттерін шешуге, яғни сыртқы ортаның әсеріне байланысты туындайды. Басқаша айтқанда, баланың оқуға өз ниет-қалауы болмаған жағдайда сол қалауды тудыру үшін мұғалімнің баланы ынталандыру, қызықтыру әрекеттеріне байланысты белгілі бір жұмыс түрлерін атқаруы. Ал қазақ тілі, әдебиеті сабақтарында мұндай қызығушылықты пәнаралық байланыс арқылы тудыруға болады, сондықтан бұл сабақтарда география деректерін қолданудың басты мақсаты:

- пәнге деген қызығушылықты арттыру;
- студенттің әдеби-географиялық сөздік қорын жүйелеу, молайту;
- танымдық біліктілік, яғни қазақ халқының материалдық, тұрмыстық, рухани-әдеби және мәдени байлығын әдебиет арқылы таныта білу;
- стильдік-талдау жұмыстары арқылы студенттің көркем тілін байыту;
- сөздік қорын молайтуда түсіндірме, аударма және кәсіби сөздіктерді пайдалануға төселдіру.

Келесі жұмыс – шығармадағы топонимдерді теріп жазып, олардың орналасу нүктесін анықтау, оның ақын-жазушы өмірімен байланысын ашу. Мысалы, жыраулар поэзиясындағы топонимдер: Еділ, Жайық, Арал, Баянауыл, Алатау, Сырдария, Қызылтау. Сондай-ақ М.Жұмабаевтың «Түркістанындағы» топонимдер мен антропонимдердің жазылуын меңгертіп, тілмен; тарихи тұлғалардың орнын еске түсіртіп, тарихпен; өмір сүрген аймақтарын көрсету арқылы географиямен пәнаралық байланыс орнатқызып, оқушының өз бетінше ізденуіне, яғни шығармашылық қабілетін жүзеге асыруына мүмкіндік беруге болады:

Бұл Тұран ежелден-ақ алаш жері,  
Тұрансыз тарқамаған алаш шері.  
Тұранның топырағында тыныштық тапқан  
Алаштың арыстаны – Абылай ері.

Оқушының әдебиет, география бойынша сөздік қорын, түсінігін молайту үшін сөздерге анықтамалар беріледі, суреттермен иллюстрациясы беріледі. Мысалы, жер кіндігі, жота, топан, жыра, көмбе, сардала т.б. сөздердің этнолексикалық сипатын қазіргі географиялық ұғыммен байланыстыра көрсету оқушылардың қызығушылығын тудырып, танымын кеңейтуге жәрдемдеседі:

Балқашты бауырына алған Тарбағатай,  
Жоталы, жер кіндігі – Памир, Алтай,  
Қазықұрт қасиетті тау болмаса,  
Топанда Нұқ кемесі тоқтар қалай?

Аталған тілдік бірліктердің біразы қазіргі кезде жиі қолданылмайтындықтан, оларды түсіндірме сөздік арқылы нақтылатуға болады.

Географиямен әдебиетті тығыз байланыстыратын тағы бір тұс – шығармадағы пейзажды суреттер. Оқушылар шығармадағы пейзажды анықтап, берілген сөздер арқылы мәтін құрайды. Мысалы, М. Жұмабаевтың «Түркістанындағы» дария, шөл, тау, сары құм, бұлақ сияқты сөздерге оқушылардың өздеріне анықтама бергізіп, мәтін құрату, суреттету немесе суретін салғызу да олардың шығармашылық әлеуетін көрсететін жұмыс түрі болып табылады, ал бұл лексикалық бірліктердің синонимдерін іздетіп, сөз тіркестерін құрату олардың сөз байлығын молайтуға ықпал етеді.

Студенттердің келесі қызығып жасайтын жұмыстары - гео-хронологиялық карта. Бұнда оқушы көршілес елдер мен Қазақстан картасын ала отырып, ақын-жазушы немесе тарихи кейіпкердің өмір жолын картаға түсіреді. Бұл жұмыста оқушы картадағы жер-су, өлкенің орналасу нүктесін көреді, кейіпкердің немесе қаламгердің әр нүктедегі қызметін шартты белгімен сызады, жұмыс мерзімін көрсетеді, шығармашылықпен ойлауын байытады, жалпы кейіпкердің өмір жолын көз алдына әкеледі. Мәселен, М.Жұмабаевтың

өмір деректерінде кездесетін аймақтарды, олардың орналасқан жерлерін белгілету арқылы оқушыларға топонимдердің, сан есімдердің жазылуын еске түсіртіп, дүниенің төрт торабының атауын меңгертуге мүмкіндік туады, яғни мұнда пәнаралық байланыс үш бірдей пәнді қамтиды [2].

Қазақ әдебиеті сабақтарында студенттердің назарын аударатын ендігі бір мәселе – ақын-жазушылар өміріндегі Омбы, Орынбор, Мәскеу, Түмен, Томск, Ташкент сияқты шетелдік қалалардың, ондағы оқу орындарының маңызы. Бұл орайда аталған қалалардың тек қазақ тарихы үшін ғана емес, дүниежүзілік мәдени орталық ретінде де зор маңызы бар екені үнемі ескеріліп отырса, студенттердің сол қалаларда оқуға талпынысын да тудыруы, яғни биік мақсаттарға жетелеуі де мүмкін. Жүйелі жүргізілген жұмыстар студенттің танымдық қабілетін дамытады, отансүйгіштік сезімін тәрбиелейді және алған білімдерін өмірде, кәсіби мамандығында қолдана алуға септігін тигізеді.

Жалпы алғанда, студенттердің іздену әлеуетін, шығармашылық қабілетін дамыту жұмыстарының түрлері тек осылармен ғана шектелмейді, әрі біз қазақ әдебиеті сабақтарында тек колледж студенттерінің жас ерекшелігіне сай берілетін түрлерін ғана атап өттік, сол себепті әр мұғалім өз мүмкіндіктеріне сай басқа да тапсырмаларды ұсынуына, жетілдіре қолдануына болады.

Ұстаз еңбегі – оқушы білімімен өлшенеді десек, ұстаз еңбегінің күрделілігі - әрбір оқушы жүрегіне жол таба білуінде. Әрбір баланың бойындағы қабілетті дамыту арқылы өзін, өмірді, әлемді танып білуге, қоғам алдындағы жауапкершілік қасиеттерін сезіндіре білуінде жатыр. Қорыта айтқанда, білім алушының бойында шығармашылықты дамытуда үздіксіз құлшыныс, оқуға, білім алуға деген ұмтылыс өрісі кеңейіп, күннен-күнге дами түсуі сөзсіз. Сонда ғана оның бойында білім нұры тасып, шығармашылық қабілеті жетіліп, курстан-курсақ көшкен сайын студенттің ішкі дүниесі, сыртқы ортамен байланысы дамып, студент дүниетанымы арта түсері анық.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әміров Р. «Қазақ тілі» оқулығына методикалық нұсқаулық. – Алматы: Рауан. – 1990.
2. Нұржанова Ж. Қазақ тілін оқыту әдістемелерінің түрлері - №9. – 2002.

### Резюме

**Г.О.Бексултанова**, магистрант 2 курса,

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

### **Проблемы усовершенствования творческой способности учащихся**

В данной статье автором затронуты проблемы значимости межпредметной связи уроков казахского языка и географии в целях развития и совершенствования творческих способностей будущих специалистов искусства.

**Ключевые слова:** творчество, способность, колледж, литература, связь, уроки

### Summary

**G.O.Beksultanova**, undergraduate 2 course,

(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

### **Problems of improvement of the creative ability of students**

In this article the author opens a problem of importance of intersubjectal relations between kazakh language and geography. The purpose of this article is developing and improving creative abilities of future art specialists.

**Keywords:** creativity, ability, college, literature, communications, lessons

УДК 371.037

С 30

## СПОСОБЫ ПОВЫШЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО МАСТЕРСТВА УЧИТЕЛЯ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

**Л.Б.Семенкова**, *старший преподаватель,*  
**Н.Т.Оразбекова**, *старший преподаватель*  
(г.Алматы, Казахский государственный  
женский педагогический университет)

